

АННЕТ БОР, БИРГИТ БРАУЭР, НАЙДЖЕЛ ГУЛД-ДЭВИС, НАРГИС ҚАСЕНОВА,  
ДЖОАННА ЛИЛЛИС, КЕЙТ МАЛЛИНСОН, ДЖЕЙМС НИКСИ, ДОСЫМ СӘТБАЕВ

---

# CHATHAM HOUSE БАЯНДАМАСЫ ҚАЗАҚСТАН: «БИЛІК ТРАНЗИТІНІҢ» СЫНАҒЫ



АННЕТ БОР, БИРГИТ БРАУЭР, НАЙДЖЕЛ ГУЛД-ДЭВИС, НАРГИС ҚАСЕНОВА,  
ДЖОАННА ЛИЛЛИС, КЕЙТ МАЛЛИНСОН, ДЖЕЙМС НИКСИ, ДОСЫМ СӘТБАЕВ

РЕСЕЙ ЖӘНЕ ЕУАЗИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ | ҚАРАША 2019

---

# CHATHAM HOUSE БАЯНДАМАСЫ

## ҚАЗАҚСТАН: «БИЛІК ТРАНЗИТИНІҢ» СЫНАҒЫ

Копирайт © Soros Foundation-Kazakhstan, 2020

«Қазақстан: «Билік транзитінің» сынағы» жұмысының аудармасы Chatham House Корольдік халықаралық қатынастар институтының келісімімен басылып шықты. Бұл жұмыс қазақ тіліне Сорос-Қазақстан қорының жеке жауапкершілігімен аударылды, Chatham House ресми аудармасы емес. Жоба мазмұнында авторлардың көзқарасы көрініс тапқан, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Барлық мәліметтер, фактілер мен қорытындылар үшін жауапкершілік авторлардың еншісінде.

**CHATHAM  
HOUSE**  
The Royal Institute of  
International Affairs

Chatham House — Корольдік халықаралық қатынастар институты,  
Лондонда орналасқан әлемдегі жетекші саяси сараптамалық институт.  
Біздің мақсатымыз — ел үкіметтері мен қоғамға қауіпсіз әрі тұрақты,  
гүлденген және әділетті әлем құруға көмектесу.

Chatham House Корольдік халықаралық қатынастар институты  
Сент-Джеймс алаңы, 10, Лондон, SW1Y 4LE  
Т: +44 (0) 20 7957 5700  
Ф: +44 (0) 20 7957 5710  
**[www.chathamhouse.org](http://www.chathamhouse.org)**

Қайырымдылық қорының нөмірі 208223

Мұқабадағы сурет: Мұқабадағы суретте Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың оң алақанының алтыннан жалатылған ізі бейнеленген. «Аялы алақан» композициясы қазір атауы Нұр-Сұлтан болып өзгерген ел астанасының қақ ортасында орналасқан Бәйтерек көру алаңында, әсем безендірілген тұғырға қойылған. Келген қонақтарға алақанға қолын қойып, тілек тілеу ұсынылады.  
Копирайт © Матеуш Атрошко

# МАЗМҰНЫ

|                                                            |     |
|------------------------------------------------------------|-----|
| ҚЫСҚАША ШОЛУ                                               | 4   |
| КІРІСПЕ                                                    | 13  |
| МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ                                        | 22  |
| СЯЯСИ ЭКОНОМИКА                                            | 35  |
| СЯЯСИ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ<br>БОСТАНДЫҚТАР<br>МЕН АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ | 49  |
| БІРДЕЙЛІК СЯЯСАТЫ                                          | 69  |
| ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАСҚА<br>ЕЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС           | 79  |
| РЕСЕЙМЕН ЖӘНЕ ҚЫТАЙМЕН<br>ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС                    | 96  |
| БАТЫСПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС                                     | 108 |
| ҰСЫНЫСТАР                                                  | 117 |
| Қосымша: фактілер мен сандар                               | 120 |
| Авторлар туралы                                            | 131 |
| Алғыс                                                      | 135 |

# ҚЫСҚАША ШОЛУ

**Алдын ала ойластырылған сценарий бойынша саяси биліктің жартылай ғана ауысуы нәтижесінде Қазақстан бейтаныс сүрлеуге түсті. Бұл жол модернизация мен реформаларға әкеле ме? Елді бұрынғы авторитарлық құрсаудан босата ала ма?**

Қазақстан өз тарихындағы бетбұрыс кезеңіне келді. Бір қарағанда, мемлекеттің негізін қалаған және ұзақ жыл басқарған Нұрсұлтан Назарбаевтың 2019 жылдың наурызында президенттіктен бас тартып, саяси биліктің ауысуын бастағаны Орталық Азиядағы ең бай елдің батыл эксперименті ретінде қабылданды. Дәл осындай деңгейдегі күрделі өзгеріс посткеңестік елдердің ешбірінде болмағандықтан, мұның салмағы да ауыр еді. Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері ел тізгінін берік ұстаған Назарбаев өз мұрасын бекітіп қана қоймай, Қазақстанның өзі белгілеген бағыттан аумайтынын қадағалап, сонымен қатар, күш алып келе жатқан ішкі және сыртқы қауіп-қатер жағдайында режим тұрақтылығын сақтауды көздеді. Бұл айтуға оңай болғанмен, жүзеге асыру қиын іс болып шықты.

Бұл бұлыңғыр эксперименттің немен аяқталатыны әлі де белгісіз болып тұр. Әсіресе, Назарбаев орнынан кеткеннен кейін небәрі жеті ай өткенде өзі тағайындаған мұрагері Қасым-Жомарт Тоқаевтың билігін шектейтін, «бәрін кері қайтарған» жарлық шыққаны соған бір дәлел. Беделіне осылай ашықтан-ашық нұқсан келтіріліп жатса, Тоқаев қашанға дейін заңды президент болып қала бермек? Әлде Назарбаевтың ел басқаруға қызы Дариға Назарбаеваны немесе жақын туысының бірін, не болмаса отбасынан тыс өзге бір мықты ойыншыны баптап-дайындап отырғаны рас па? Назарбаев пен Тоқаевтың «қазақ тандемы» тиімді әрекет ете ала ма? Әлде қазірдің өзінде сырт көз айтып жүргендей, екеуінің арасынан от шығып, жанжалдасуы мүмкін бе? Арнасынан асып, көшеге дейін шығып кеткен наразылықты ауыздықтап, осы қарсылықты одан әрі тұтатып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ел басшылығының қауқары жете ме? Ғайыптан тайып Назарбаев кенеттен саяси сахнадан мәңгілікке кететін жағдай бола қалса, елдегі билік транзиті қалай өрбімек? Назарбаев кеткеннен кейінгі ұзақмерзімді транзит жоспары қандай және ол тиімді ме?

Қазақстан жаңа жолға енді түскен кезде даярланған бұл баяндама екі мақсатты көздейді. Бірінші мақсат — Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға Батыстың назарын көбірек аудару. Елдің Орталық Азияда едәуір маңызды орын алатынын, бұған қоса үнемі Ресей мен Қытайдың назарында екенін ескерсек, Батыстың бұл елмен қарым-қатынасын жақсарту бағытындағы дипломатиялық әрекеттері, бөлген уақыты мен жұмылдырған ресурсы жеткіліксіз болуын қателік деуге болады. Бұл болжамда қателік бар дегенді білдірмейді, себебі олай санайтын болсақ, бұл жерде әу бастан-ақ нақты бір болжам болды деп пайымдау қажет болады. Ал негізінде, бұл Қазақстан болашақта да дәл қазіргідей іштей тұрақты, геосаясат тарапынан біршама елеусіз болса да, Батыстың жақын одақтасы болып қала береді деген салғырт топшылауға келіп тірелетін секілді. Шын мәнінде, келесі бірнеше жылда қалыптасар ел бағытының траекториясы әлеуетті стратегиялық мағынаға ие болмақ. Себебі рационал аргументтер мен экономикалық қисынға құлақ асуға дайын елде болып жатқан осындай жартылай транзиттің өзі Батысқа дүниежүзінде белең алып келе жатқан авторитаризм толқынымен күресуге берілген сирек мүмкіндіктің бірі болып тұр.

**Қазақстан өзінің тұрақтылығына, өркендеуі мен дамуына қауіп төндіріп тұрған қатерге төтеп бергісі келсе, одан да ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды қолға алуы керек.**

Баяндаманың екінші мақсаты — Қазақстан басшылығына шын ниетпен үндеу тастау. Зерттеу жүргізген сегіз автор Қазақстан басшылығының елдің алдына қойған мақсаттарына жете алмау қаупі бар екенін көрсетеді. Назарбаевтың жартылай болсын биліктен кетуі қаншалықты маңызды екеніне қарамастан, бұл қадам ол және оның мұрагері уәде еткен прогресс пен жаңғырудың кепілі бола алмайды.

Қазақстан өзінің тұрақтылығына, өркендеуі мен дамуына қауіп төндіріп тұрған сын-қатерлерге төтеп бергісі келсе, одан да ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды қолға алуы керек. Назарбаев президенттіктен кеткеннен кейінгі көшеге шыққан халықтың саны наразылық деңгейі биліктің ойлағанынан асып түскенін айқын көрсетті. Ел басшылығы халық пен билік арасындағы алшақтықты жойып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдай бастауы қажет.

Мемлекетті жарға жықпай, ел егемендігіне нұқсан келтіруге талпынған сыртқы күштердің қысымы мен геосаяси әрекеттеріне төтеп беріп, тәуелсіздігімізді қорғап жатқан Қазақстан билігіне жаңа тұлғалар, басқару жүйесінің әр сатысында қызмет ететін новаторлар мен реформаторлар және жаңа идеялар қажет. Бұл баяндама дәл осы «идеяларды» ұсынбақ.

## **НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

### **Сыртқы саясат**

#### **Мемлекеттік басқару**

Назарбаевтың билігі кезінде елеулі экономикалық реформалар жасалғаны рас болғанымен, саяси реформалар легі біршама артта қалғаны анық байқалады. Мәселен, Назарбаев тәуелсіз сот жүйесін қалыптастырған жоқ, парламентке айтарлықтай бақылау өкілеттігін де бермеді, тіпті, биліктің өзі құрмет тұтатын конституция да жасай алмады. Керісінше, өзінің билігін күшейту және өкілеттігін ұзарту мақсатында конституцияға қайта-қайта өзгеріс енгізді, соның салдарынан бүгінгідей жабық саяси жүйе қалыптасты. Бұл айналып келгенде институционал басқару жүйесі мен елдің дамуына тежеу болды.

Президент Тоқаев күрделі міндеттерді шешуі керек. Ол елдің мұң-мұқтажын тыңдайтын үкімет жасақтап, ұзақмерзімді экономикалық мәселелерді шешіп, елде қалыптасқан саяси жүйе мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдан туған халық наразылығын басуы қажет.

**Алдыңғы президент құрған жүйеде президент Тоқаев шын мәнінде қос биліктің екінші жартысы ғана болып қала бермек.**

Осы міндеттердің барлығын шектеулі билік жағдайында орындауы тиіс. Назарбаевтың өзі де, Тоқаевтың айналасындағылар да қанша жерден жоққа шығарғанына қарамастан, алдыңғы президент құрған жүйеде президент Тоқаев шын мәнінде қос биліктің екінші жартысы ғана болып қала бермек. Тоқаев өзінің беделін көтеріп, саяси салмағын арттыруға тырысып жатқанымен, тұңғыш президенттің қалыптасқан ықпалы басым болғаны соншалық, өз бетінше елде ауқымды саяси не экономикалық реформаларды жүзеге асыру мүмкін болмай тұр. Назарбаев саяси сахна төрінен толығымен кеткен кезде ғана, өзгерістер мүмкіндігі толығымен ашылады деуге болады. Алайда ол мүмкіндіктердің қандай болатыны қазіргі транзит уақытында қалыптасқан саяси жүйенің даму бағытына тікелей байланысты болады.

### **Саяси экономика**

Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері табиғи ресурстарының арқасында экономикасы қарқынды дамыған Қазақстан табысы ортадан жоғары елдер қатарына қосыла алды. Ол аймақтағы экономикасы бойынша көшбасшы елдердің бірі болып, посткеңестік кеңістікте шикізат экспорты жағынан алдыңғы қатарлы елге айналды. Бұл жетістіктерге жетпес бұрын географиялық, табиғи және тарихи кедергілерді еңсеруге тура келді. Дегенмен, посткеңестік жүйе мен осы жетістіктің көзі болған табиғи байлық жаңа проблемаларды тудырып, экономиканың дамуын бәсеңдетті. 2014 жылғы экономикалық дағдарыс мұнайдан түскен табыстың артында құрылымдық қателіктер жасырынып жатқанын анық аңғартты.

Олардың қатарында мемлекет меншігіндегі кәсіпорындар мен оның еншілес компанияларының ықпалының тым жоғары болуы, ашкөз мүддеден әлсіреген бақылау органдары (әсіресе қаржы секторы), қымбат әрі тиімсіз сауда келісімдері мен жемқорлықты атауға болады. Жоғары сапалы жұмыс орнын іздеген халық санының өсуі; технологияның қарқынды дамуы; энергетикалық нарықтағы өзгерістер; Қытай мен Ресейдің қысымы бұл мәселелерді шешуді қажет етеді. Қазақстанға жаңа реформалық серпін қажет.

### **Саяси және азаматтық бостандықтар мен адам құқықтары**

Үкімет саяси және азаматтық бостандықтарды қамтамасыз етпейді. Халықаралық келісімдерде және Конституция мен ел заңдарында көрсетілген міндеттемелерін де орындамайды. Әділ сайлау өткізбейді. Баспасөз еркіндігі мен сөз бостандығына «де-юре» және «де-факто» шектеулер бар. Бір қарағанда, билік саяси қарсылыққа төзуге дайын секілді. Бірақ, үкіметтің өзі рұқсат еткен шеңберде наразылығын білдіргендер, мейлі Интернетте болсын, мейлі көшеге шыққандар болсын, қуғындалады. Тіпті түрмеге қамауға дейін барады.

Жиналу бостандығын қолдану құқығы да заңмен шектеледі, соның салдарынан бейбіт митингіге шыққан наразы халық тұтқындалып, түрмеге қамалады. Азаматтық қоғам ұйымдары, кәсіподақтар мен діни бірлестіктер үшін қауымдастық бостандығы да шектелген. Сот жүйесі саяси мақсаттардың ырқына жығылған.

Батыс елдері үкіметтерінің Қазақстандағы адам құқықтарының бұзылуына қатысты көбіне үнсіз қалуы биліктің қолайына жағып тұр. Соған қарамастан, саяси биліктің ауысуы Қазақстандағы адам құқықтарының қорғалуын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр деуге болады. Президент Тоқаев бұл мәселе төңірегінде нақты қадамдар жасауға уәде берді. Бұл үкіметке халықтың мұң-мұқтажын инклюзив жолмен шешу үшін шектеуші заңдарды түзетіп, саяси және азаматтық еркіндіктерді қағаз жүзінде ғана емес, із жүзінде қолдануға мүмкіндік беретіндей жағдай жасауы керек. Бұл бастамаға халықаралық ойыншылар да ерекше септігін тигізе алады.

### **Бірдейлік саясаты**

Әртүрлі этникалық, діни және тілдік топтар арасында үстемдік үшін күрес жүріп жатқан уақытта биліктің ауысуы жағдайды шиеленістіріп жіберді. Тоқтаусыз жүріп жатқан ауыл халқының қалаға көшуі де жағдайға



өз әсерін тигізіп отыр. Көшіп келгендердің көбі әлі де әлеуметтік игіліктерге қол жеткізе алмай, қоғамнан шеттеп қалып жатыр. Олар мемлекетпен байланысты сезбегеннен кейін этникалық немесе рулық негізде топтасуды бірінші орынға қояды. Қоғамда орыс тілінің қолдану аясы тарылып бара жатқан уақытта мұндай топтасу үлгілерін таңдағандар саны да артары анық. Қоғамның кейбір тобында руға, жүзге бөлінетіндер, өз руын ел азаматы болудан жоғары қоятындар әлі де кездеседі.

Оған қоса, 70 жылдық кеңестік режим мен урбанизация әсерінен бұзылған діни сана-сезім формаларының орнына жаңа түрлері пайда болып, зайырлы және діни топтар арасында қақтығыстар туып отыр. Осындай шиеленістер кезінде ұлтшыл және популистік қозғалыстар белең алып келе жатыр. Этникалық қазақтардың осындай үрдістерге белсенді түрде араласуы елдің саяси не қоғамдық өміріне дәл солай қатты араласа бермейтін азшылықтар үшін оларды ығыстыру ретінде қабылданады. Азшылықтың саны азайған сайын бұл үрдіс те жалғаса бермек.

### Сыртқы факторлар

#### Орталық Азияның басқа елдерімен қарым-қатынас

Қазір Қазақстан өзін Орталық Азия мен Ресей арасындағы жай ғана көпір ретінде емес, Орталық Азияның ажырамас бөлігі ретінде көре бастады. Соның арқасында Орталық Азия елдері арасында елеулі ынтымақтастық пайда болды және ол артып келеді. Реформаларды сақтықпен жүргізіп жатқан Өзбекстан бұл үрдістің қозғаушы күшіне айналды. Көптеген фактордың тоғысуы осы өзгерістерге негіз болып отыр, атап айтқанда:

- Демографиялық және білім беру өзгерістері мен этно-ұлттық нарративтің өсуі нәтижесінде тәуелсіздік алғаннан бері қалыптасқан азаматтық негіздегі қазақстандық бірдейліктің орнын қазақ этникалық бірдейлігі басып келе жатыр.
- Қазақстанның Ресейден айқын түрде алшақтауы және оның саяси бағыт-бағдарынан шығуы.
- Ұлттық дамуды жетілдіру мақсатында географиялық байланыстарға ерекше көңіл бөлу.
- 2016 жылы елді ұзақ уақыт бойы басқарып келген Ислам Каримовтің қазасынан кейін Өзбекстанның экономикалық ырықтандыру және аймақтық ынтымақтастыққа қайтадан ашықтығы.
- Ресейдің экономикалық қиындықтары әсерінен туған шектеулерді ескере отырып, Орталық Азия елдері арасында аймақаралық саудасаттықтың артуы өзара тиімді екенін түсіне бастауы.

Қазақстан басшылығы Орталық Азияның басқа елдерімен саудасаттық артқанын құптағанымен, бұл елдермен сауда жасау Ресей, Қытай және Еуропа арасындағы сауда деңгейімен пара-пар тиімді емес екенін түсінеді. Осылайша, Орталық Азиядағы сауданы дамыту жоспары автоматты түрде екінші орынға ысырылады. Нәтижесінде Қазақстан өзінің сыртқы саясатына аса мән беріп, өзін аймақтық көшбасшы ретінде емес, көбіне жаһандық ойыншы ретінде әрекет етеді. Назарбаевтан кейінгі дәуірге аяқ басып жатқан Қазақстанның Орталық Азиядағы көршілес елдермен байланысы беки түсері анық.

**Қазір Қазақстан өзін Орталық Азия мен Ресей арасындағы жай ғана көпір ретінде емес, Орталық Азияның ажырамас бөлігі ретінде көре бастады.**



## Ресеймен және Қытаймен қарым-қатынас

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатында Ресей және Қытай арасындағы қарым-қатынасын басты бағыт ретінде анықтады. Дегенмен стратегиялық көршіліктің артында елдер арасында шиеленістер жатыр және сызат түсуі де мүмкін. Қазақстанның Ресей және Қытаймен арасындағы қарым-қатынасы үш деңгейде: екіжақты қатынастар, Еуразиядағы аймақтық динамика ауқымында және халықаралық саяси жүйе шеңберінде.

Екіжақты қатынастар деңгейіндегі үкіметтің басты проблемасына азшылықтардың жағдайы және оларды ұлт құру ісіндегі ішкі және сыртқы аспектілеріне кірістіру мәселесін жатқызуға болады. Демографиялық өзгерістерді есепке алмағанның өзінде, Қазақстандағы орысша сөйлейтін халыққа Мәскеу тарапынан ағылған «ақпараттық соғыс» ықпалын азайту өзекті мәселе болып қала бермек. Халықтың қарсылығы артып келе жатқанына қарамастан, Қытаймен экономикалық ынтымақтастық ауқымы әлі де кеңейе түседі. Атап айтқанда, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы этникалық қазақтардың қысым көруі Қазақстанда Қытайға қарсы наразылықтың өршуіне алып келіп, екіжақты қарым-қатынасты қиындатып жіберді.

Аймақтық деңгейде басты өзгерістер Ресей бастаған Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберінде және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында болып отыр. Бірінші жобаның дамуына Ресей мен Украина арасындағы текетірес және басқа мүше мемлекеттердің Ресей бұл одақта экономикалық емес, саяси мақсаттарды көздеді деген күмәні екі ел арасындағы байланысты тежеген еді. Екінші бастама халық наразылығын тудырғанымен, үкімет оны елемеуді жөн көрді.

Ең соңғы, халықаралық деңгейде авторитарлық мемлекеттерде Қазақстанда, Ресейде және Қытайда қалыптасқан көзқарастарға ұқсас үрдіс белең алып жатыр. Тек әр мемлекеттің жаһандық құрылымда өзін қалай ұстауында маңызды айырмашылықтар бар. Осы үш деңгейдегі өзгерістер Қазақстанда болып жатқан бұлыңғыр билік транзитіне ықпал етуі, немесе керісінше әсер етуі де мүмкін.

## Батыспен қарым-қатынас

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері Қазақстан Батыстың қолдауы мен мойындауын іздеді және мұны Ресейдің ықпалына қарама-қарсы геосаяси күш ретінде қарастырды. Батыстың назары уақыт өте өзгеріп отырды. Ол көбіне Қазақстанның қазба байлығына назар аударды және АҚШ пен одақтастарына керек әскери жүкті Ауғанстанға тасымалдау бағыты үшін қызықты. Қазақстан ЕО мен АҚШ екеуінің де Орталық Азиядағы негізгі серіктесі болып келді (қазір бұл орынды Өзбекстан басуы мүмкін), дегенмен бұл аймақ батыс басқарушыларының назарынан көбіне тыс қалып жатады. Қазақстан Батыс үкіметтері мен институттарының маңызды серіктесі екеніне қарамастан, демократиялық құндылықтарды сақтамауы, жемқорлық жайлаған ел болуы, адам құқықтарын бұзуы Қазақстанды бұл елдердің өздерімен тең дәрежелі мемлекет ретінде қарастырмайтынын көрсетеді. Бір жағынан, бұлайша төменнен бастау бұрын дипломат болған президент Тоқаевтың көтерілуіне жақсы мүмкіндік беріп жатыр. Наразылық білдірушілер мен белсенділерге жеңілдік жасаса, не болмаса заңсыз жолмен жымқырған ақшасын оффшордағы банктерге тыққан жемқорларды қатаң түрде жазалай бастаса, елдің халықаралық аренадағы беделі артып қана қоймай, ел ішінде де халықтың қолдауына ие болар еді.

## Ұсыныстар

### Батыс үкіметтері мен институттарына

- Батыс елдері мен институттары Қазақстанмен бұрынғыға қарағанда тығыз әрі белсенді түрде ынтымақтасуы керек. Олар Қазақстанның бұрынғы тұрақтылығына алданбауы қажет. Жүйедегі ақаулар артып келеді. Экономикалық қиындықтар мен транзит процестері осындай

ақауларды жарыққа шығарып, ушықтырып отыр. Ресей сияқты өзінің геосаяси ықпалын сақтап қалғысы келген державалар және Қытай сияқты күшейіп келе жатқан державалар пайда болған геосаяси вакуумды толтыруға құлықты екенін көрсетті. Батыс елдері Қазақстаннан қаншалықты шегінсе, Ресей мен Қытай соншалықты алға басып, ақыры ықпал ету үшін күресте бір-бірімен қақтығысып қалуы ықтимал. **Сол себепті Батыстың сыртқы саяси басымдықтарының ішінде Қазақстанға да айрықша назар аударылуы тиіс.**

- Билігі шектеулі екеніне қарамастан, президент Тоқаев маңызды серіктес ретінде қарастырылуы керек. Қазақстанның сәтті көпвекторлы сыртқы саясатының негізін қалаушылардың бірі ретінде ол осы вектордың бірі болған Батыс елдерінің астаналарында жылы көзқарасқа лайық. Бірақ бұл Қазақстан Батыстың толық қолдауына ие болады дегенді білдірмейді. **Мемлекеттік басқарудағы ішкі кем-кетікті шешуге итермелейтін орынды қысым Қазақстанда өзгерістер мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.**
- Батыстағы серіктестер бұл реформалардың пайдасы бірінші кезекте үкіметтің өзіне тиетінін, болашақта болуы мүмкін қиындықтардың алдын алатынын жеткізуі керек. Бұл реформа жөнді басқаруды талап еткенімен, бастан-аяқ бақылауда ұстап, тәуелсіз ой білдіруді шектемеуі керек.
- Батыс саясаткерлері **Кремльдің үгіт-насихат машинасына** алдын ала қарсы әрекет етуге тиіс, себебі ол Қазақстандағы орысша сөйлейтін телекөрсерменге батыстық құндылықтарды қаралап көрсетуге тырысып жатыр. Бұл онымен күресу үшін нақты, креатив және жан-жақты қоғамдық ақпарат стратегиясын пайдалану керектігін көрсетеді. Оның ішіне батыстың жаңалықтарына және ойын-сауық арналарына елде жұмыс істеу мүмкіндіктері берілуі тиіс.
- Жаһандық басқару жүйесі өзгеріп жатқанын ескере отырып, Батыс үкіметтері мен институттары **Қазақстанның Батыспен серіктес болғанын бағалауға ынтығасы, форматтары мен режимдері болатындай етіп саясаттарын өзгерткені жөн.** Ұлыбритания мен Еуропалық Одақ елдері Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктерін тек экономикалық қатынастармен шектелетін емес, жалпы мемлекеттік басқаруда хабары бар сыртқы істер қызметкерлерімен күшейтуі қажет. Сауда-саттықтан басқа, Батыс шенеуніктері Қазақстан басшылығына энергетикалық ауысуды жүзеге асыру жағынан көмек берсе болады, Мысалы, ЕО-ның байланыс бастамасы.

### Қазақстан үкіметіне

- Қазақстан басшылығы халық пен билік арасындағы алшақтықты азайту үшін **ашық және инклюзив мемлекеттік басқаруға көшуі тиіс**, елдің қажеттіктеріне көңіл бөліп, үкіметке деген сенімді қайта қалпына келтіруі қажет.
- Үкімет **саяси биліктің ауысуы мен билік бөлінісі жөнінде мақсаттарын ашық** білдіруі керек (әсіресе, Н.Назарбаевқа министрліктер мен Қауіпсіздік Кеңесіне кадр тағайындауда ерекше өкілеттік беретін 2019 жылы 21 қазанда қабылданған жарлыққа қатысты). Ресми түрде «Елбасы», «Нұр Отан» партиясының және, әсіресе, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы дәрежесіндегі «Тұңғыш президенттің» өзгеріссіз қалған билігі екіұштылық туғызып, жаңа президенттің реформаларды жүзеге асыру қабілетін әлсіретіп отыр.
- Президент Тоқаев неғұрлым **ашық саяси ахуалға себепші болатын** жағдай тудыруы керек. Бірауыздан мақұлдап заң шығаруды ғана білетін органның орнына парламенттік тепе-теңдік жүйесі енгізілсе,

саяси институттар мен мемлекеттік басқару ісінің тұрақтылығы анағұрлым артатын еді. Облыс пен үлкен қалаларда әкімдерді сайлау арқылы таңдау мүмкіндігі берілсе, ол да халық алдында есеп беру деңгейін арттырар еді.

- Қазақстан халқына «еститін үкіметті» құру туралы уәдесін орындауы үшін президент Тоқаев **Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі жай ғана диалог алаңы ғана емес, сонымен қатар реформалардың қозғаушы күшіне айналуын қадағалауы** керек. Ол үшін кеңестің ұсыныстары жылдам жүзеге асырылуы тиіс. Билік бұл платформаға бұрын қосылудан бас тартқан не қалыс қалған конструктив қоғамдық топтарды не тұлғаларды қатысуға шақыру арқылы оны мейлінше инклюзив қылуға тырысуы қажет.
- Үкімет **бейбіт наразылыққа шыққан халықты қамауды тоқтатып, жиналу бостандығын реттейтін қолданыстағы заңдарға өзгеріс енгізуі қажет.** Онда бейбіт жиналыстарға рұқсат алу талабының орнына жергілікті атқарушы органға ол туралы хабарлау талабын өзгерту қажет. Ел басшылығы «қарсы пікірін» ашық білдіретін белсенділерді қудалауды тоқтатып, халықпен нағыз диалог орнатуы керек. «Саяси тұтқын» болған азаматтардың істері қайта қаралып, сот шешімі саяси қажеттіктен тәуелсіз болуы тиіс.
- Үкімет сот және қылмыстық сот төрелігі жүйесінде жан-жақты реформа жүргізу арқылы **елдегі заң тәртібін күшейту үшін халық сенімін ақтайтын қадамдарға** баруы қажет. Президент Тоқаев бүкіл халыққа әділеттік орнатамын деген уәдесін орындаса, осындай реформалар сонау кеңестік жүйеден қалған әдеттерді жойып, есесіне «кінәсіздік презумпциясы» қағидасын дамытар еді.
- Үкімет **сыбайлас жемқорлықпен күресу бағытында нақты қадам жасауына тура келеді.** Жоғары лауазымды тұлғаларды соттаумен шектелмей, іс жүзінде мемлекеттік сектор, мемлекеттік қызмет, қылмыстық сот төрелігі мен сот жүйесі саласының барлық деңгейінде жемқорлыққа жол жоқ деген принцип орнатуы тиіс. Бұл реформалар өтпелі экономикалар өткерген ең тиімді халықаралық тәжірибе негізінде жасалғаны дұрыс. Посткеңестік елдердің арасында Грузияны үлгі етіп алуға болады.
- Әлемдегі ірі экономикалық ойыншыға айналу үшін Қазақстан **ауқымды қаржы және сауда реформаларын** қолға алуы керек. Ол реформалар жоқ дегенде реттеу мен басқаруды анағұрлым жетілдіру арқылы мемлекет меншігіндегі кәсіпорындарды реформалап, ондағы мемлекеттік активті біртіндеп сатуды; шағын және орта бизнеске билік тарапынан қолдау көрсетуді, соның ішінде рейдерлік тартып алудан қорғауды; мүдде қақтығысы дегенді атымен жоқ қылу үшін қаржы секторына ашықтық әкеліп, реформалауды; шағын шетелдік инвесторлар мен миноритар акционерлерге жүйелі түрде қолдау көрсетуді қамтуы қажет.
- Қазақ-өзбек шекарасында сауда-экономикалық ынтымақтастық шеңберіндегі халықаралық орталық салумен қатар, Қазақстан **бейресми төлемдер және басқа да тарифтен тыс кедергілер мәселесін шешетін болса, шекараның тиімділігі артып, әкелетін пайдасы өсер еді.** Елдің ішкі нарығы шектеулі екенін ескере отырып, Қазақстан өзінің индустрияландыру стратегиясын Өзбекстанмен байланыса отырып жүргізуі керек. Осылайша бір-бірін толықтырып отырып дамиды, әйтпесе көршілес елдер экономикасын ертараптандыру жолында бірдей саланы дамытып, өзара бәсекелес болады, мысалы, автокөлік өндірісі, ауыл шаруашылығы және электрондық жабдықтар жасау.
- Ел басшылығы Қазақстанның жетекші саяси сарапшылар тобы ұсынып отырған **бейресми немесе «жұмсақ» аймақшылдық**

**саясатын** жүргізе беруі тиіс. Интеграция мен ресми құрылымдарды құра бергенше, ымыраға келу және үнемі келіссөз жүргізу Қазақстанға да, басқа Орталық Азия елдеріне де осы аймақтағы ынтымақтастықты өз мүддесіне пайдалану немесе оған кедергі жасау үшін Ресейдің ықтимал әрекеттерінің алдын алуға көмектесер еді.

- Әртүрлі діни және рулық бірдейліктің басым болуы көбіне қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға жауап ретінде туады. Сондықтан үкімет **мықты орта таптың өсуіне және тиіс азаматтық бірдейліктің дамуына әкелетін** жағдай жасауға талпынуы керек. Қазақстандағы білім беру сапасын (зайырлы және діни) жақсартып, Қазақстан мәдениетін жақсырақ түсіну арқылы көне немесе агрессив бірдейлік үлгілерінің кең таралу қаупін сейілтуге болады.
- **Сыртқы ойыншылардың елдегі қоғамдық пікірді қалыптастыру және ақпаратқа манипуляция жасауын азайту үшін** көп еңбек ету керек. Осыны іске асыруда дәстүрлі немесе цифрлық болсын, тәуелсіз ақпарат құралдарына, әсіресе қазақша жазатын ақпарат көздеріне қолдау көрсетіп, олардың бәсекелестігін арттыру қажет. Кейде фейк жаңалықтар жеткізіп отыратын шетелдің бұқаралық ақпарат құралдары елде шамадан тыс ықпалды болуы мемлекет үшін азаматтық бірдейлікті дамыту ісіне кедергі жасап, қоғамның жіктеліп, бөлінуіне жеткізуі мүмкін.
- Үкімет **босқындарға пана беру жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындап**, қуғындаудан қашқан Қазақстан азаматтарын, соның ішінде Қытайдан қашқандарды күштеп қайтармауы қажет.
- Үкімет **ішкі қоғамдық пікір мен сыртқы саясат арасындағы байланыс өсіп келе жатқанын** ұғыуы керек, сыртқы саясатын түсіндіретін байланыс арналарын жетілдіріп, өзінің жоспары, әсіресе «Бір белдеу, бір жол» бастамасы бойынша қарыз алу сияқты істері бойынша ашықтық қағидасын сақтау арқылы жасаған істеріне деген халықтың сенімін арттыра алады.

### Қорытынды

Қазір Қазақстан дамудың шешуші кезеңіне аяқ басып отыр және осы сәтте посткеңестік кеңістіктегі күрделі өзгерістерді бастан кешіп жатқан немесе енді бастайтын елдер үшін үлгі болу мүмкіндігі бар. Қазақстанның әрі қарай дамуға әлеуеті жеткілікті: Ұлт қамын ойлаған шебер әрі тәжірибелі көшбасшылары; кемшіліктеріне қарамастан әлі де тұрақты өсіммен қамтамасыз етіп отырған, әлеуеті толық іске асырылмаған экономикасы; қысымға ұшырағанына, бөлшектенгеніне және еңсесі түскеніне қарамастан, әлі де белсенділік танытып жүрген азаматтық қоғамы реформа процестеріне көмегін беруге дайындығы; жас, қуатты әрі білімді халқы бар.

Қазақстан Батыс державаларының сыртқы саясатында басым бағыт болуы тиіс, ал Батыс елдің реформалары мен дамуына дұрыс қолдау жасау арқылы «оңай жеңіске» қол жеткізе алады. Бұл мүмкіндікті уыстан шығарып алуға болмайды. Қазақстанға ойы күмәнді, ұстанымы екіжүзді серіктес емес, қажет кезінде сын айта алатын шыншыл достар қажет. Осындай дос болу үшін Батыс Қазақстанға қатысты ұстанымына тағы бір назар аударып, қаржылық және дипломатиялық ресурстарының жұмсалуды қайта қарастыруы қажет. Ал Қазақстан өзіне сын көзбен қарап, кемшіліктерін мойындай білуі тиіс. Сын айтқан халқына да, жақтастарына да құлақ асуға құлықты болуы маңызды. Алдағы бес жылда осы айтылған ұсыныстар жарым-жартылай іске асқанның өзінде, Қазақстан посткеңестік дәуірде сәтті даму үлгісін көрсеткен елге айнала алады.

## 1-карта: Қазақстан



**Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін біршама өркендеп, сындарлы сыртқы саясат жүргізіп, айтарлықтай жетістікке жетті. Бірақ елдің саяси немесе институционалдық жаңғыруы мұндай деңгейде дамыады.**

<sup>1</sup> Орталық Азияның, әсіресе Қазақстанның әлеуеті жайлы ағиографиялық баяндамамен танысу үшін Коэн А. және Грант Дж. (2018) қараңыз, *Future Calling: Infrastructure Development in Central Asia* [Болашақтағы орын: Орталық Азияның инфрақұрылымдық дамуы], Вашингтон, Колумбия округі: Халықаралық салық және инвестициялық орталық (ITIC). Джонатан Айткеннің көп сынның астында қалған «Назарбаев және Қазақстанның жасампаздығы» атты жұмысы мүлдем басқа деңгейде. Айткен, Дж. (2009), *Nazarbayev and the Making of Kazakhstan* [Назарбаев және Қазақстанның жасампаздығы] қараңыз, Лондон, Блумсбери.

Жәй халық түгілі, халықаралық қатынастар саласында жұмыс істейтін немесе зерттеу жүргізетіндердің өзі әлемдегі аумағы жағынан тоғызыншы елге көп мән бере бермейді. Көбі Қазақстанды шалғайдағы, әлі де Кеңес тарихынан ұзамаған ел ретінде көреді, кейбірі, тіпті, тәуелсіз ел ретінде қалыптаса алмайды деп біледі. Ал кейбір ерекше қызығушылығы бар тараптар Қазақстанның стратегиялық әлеуетін тым көтермелеп, оның геосаяси және экономикалық маңызын да асыра бағалайды<sup>1</sup>. Chatham House ұйымының бұл баяндамасы Батыс және Қазақстан сарапшыларының зерттеуіне негізделді. Баяндаманың мақсаты — осындай асыра бағаланған қате ойды түзеп, елдің жағдайы мен болашағы туралы шынайы талдау ұсыну. «Қазақстан: «Билік транзитінің» сынағы» елдегі саясат пен қоғам жайлы салмақты көзқарасты ұсынып, қазір елеулі өзгерістерді бастан кешіп жатқан, Батыста аз зерттелген саяси жүйе туралы фактілер, талдаулармен қоса, өз бағасын ұсынып отыр. Баяндамада қолдауға да, сынауға да тұрарлық жайттардың қатар берілуі елдің заманауи жағдайдағы күрделі даму жолын айқын көрсетеді.

Қазақстан туралы сарапшылар мен әуесқойлардың саналуан ой-пікірде болуы көбіне бақылаушылардың ниетіне байланысты туындап отыр, олардың бәрі бірдей риясыз көзқараста болмағанын айта кету керек. Дегенмен, тәуелсіздік алған посткеңестік 28 жылда (және қазіргі ресми түрде мойындалған шекарасында болған бір ғасырлық тарихында) ел күе болған нағыз жетістіктері мен айқын кемшіліктердің жиынтығы осындай нәтижеге әкеліп отырғанын да мойындау керек.

Ел басқарып отырған элитаның көздеген мақсаты асқақ. Олар Қазақстанды бұрынғы Кеңес мемлекеті немесе Орталық Азиядағы ел, тіпті Шығыс пен Батыстың ортасындағы «көпір» ретінде де көрмейді. Олардың ойынша, Қазақстан мұндай анықтамалардан әлдеқайда асып кетіп, ел экономикасы мен қоғамы жаңғырған, жан-жақты әлемдік деңгейдегі ойыншыға айналуы керек. Бұлай болу үшін ел саяси жүйені жетілдіріп, мемлекеттік басқару саласын жақсартуы керек. Бұрынғысынан асып түсетін ауқымды әрі терең реформаларды қолға алмайынша, Қазақстанның экономикасы тоқырап, барлық жетістігінің зая кету қаупі бар.

### **Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жағдайға шолу**

Салыстырмалы түрде, жаңғыру мен тұрақтандыру жолында Қазақстан Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстан сияқты көршілес Орталық Азия елдеріне қарағанда анағұрлым озып кетті. Найджел Гулд-Дэвис 3-тарауда айтып өткендей, Балтық елдерін санамағанда, көптеген көрсеткіш бойынша Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің ішіндегі



алдыңғы қатарлы экономикалардың біріне жатады. Кейінгі жылдары болған жер туралы заңға және жұмысшылардың құқығы бұзылуына қарсы наразылықтар айтарлықтай жүйелі саяси әсер ете қоймады. Бір жағынан, ол мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған қуғындауды көрсетсе, екінші жағынан, Қырғызстандағы, Украинадағы, Грузия және тіпті, Ресейдегі үлкен бас көтерулерге куә болған үкімет өз еліндегі митингілерден сескеніп, кейбір мәселе бойынша кері шегінуге мәжбүр болды. «Түрлі-түсті» революция немесе Араб көктеміндегі көтерілістерге ұқсас жағдайлардың Қазақстанда жақын арада болу ықтималдығы әзірге төмен. 1991 жылдан, тәуелсіздік алмай тұрған уақыттан бері елді ұзақ уақыт басқарған Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылы наурызда президенттіктен кеткен кезде, саяси наразылықтың ауқымы мен ұзақтығы көптеген бақылаушының болжағанынан асып түсті.

Тұрақсыз 1990 жылдарды басынан өткерген Қазақстанның жағдайы 2000 жылдары мұнай бағасының өсуі және инновациялық реформаларының арқасында қарқынды дамып, орташа әлемдік көрсеткіштерден асып түскен еді<sup>2</sup>. 2008 жылғы жаһандық дағдарыстың соққысы ауыр тиіп, 2015 жылы ЖІӨ-нің жылдық өсімі одан бетер төмендеуінен қатты зиян шекті<sup>3</sup>. Соған қарамастан, оған дейінгі жиырма жылда Қазақстан едәуір прогреске қол жеткізуі арқасында әлі де Орталық Азияда экономикалық көшбасшы ролінде қалып отыр. Кейінгі жылдардағы елдің бірқалыпты болмаса да, жалпы жоғары бағытталған экономикалық өсімі арасында тоқтап тұрған жекешелендіру процесінде айқын көрінеді. Үкімет кеңестік үлгідегі кейбір экономика саласын нарық үлгілеріне сәтті көшірген еді. Мемлекет өз меншігіндегі шамамен 800-ге жуық кәсіпорынның (көбіне шағын) көп бөлігін сатып жіберді. Дегенмен барынша маңызды секторлар мен компанияларды бақылауында ұстап қалуға тырысты. Ырықтандыруға сұраныс өсіп келе жатыр, себебі көршілес Өзбекстанның реформа жолына түсуі жағымды өзгерістер әкелмек. Алтыншы тараудағы Аннет Бордың зерттеуі бойынша, бұл жағдай екі ел арасында жақсы бәсекелестік тудыратын катализатор болар еді. Қазақстан басшылығы жекеменшік секторды дамыту және тиімді нарық құру бойынша қадам жасап жатыр. Бұл екіжақты не болмаса аймақтық экономикалық ынтымақтастық барысында ықтимал өсімнің арқасында пайда болар мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалануға көмектесер еді.

Қазақстанның көлемі жағынан болмаса да, құрылымы жағынан Ресейге ұқсастығы айқын көрінеді. Екі ел де — экономикалық құрылымы ұқсас, адам басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі шамалас және тәуелді сайлаулар арқылы элитаға билікті ұстап тұруға мүмкіндік беретін бірдей саяси жүйе қалыптасқан аймақтағы алпауыттар. Екі елде де билік тізгінін «мықты» басшы ұстап тұр немесе осыған дейін ұстап келді. Екеуі де өздері қол жеткізген мақсаттардан артық нәрсені көздеді. Осы екеуі, атап айтқанда, Назарбаев пен Путин, бір-бірінің ел басқарғанын жақсы қабылдады деп есептеледі, бірақ екі елдің де халқының көбі бұл туралы керісінше ойлайды. Сонымен қатар, екі елде де Қытай, АҚШ сияқты елдерге қарағанда салыстырмалы түрде экономика құлдырап барады. Бұл бір жағынан Назарбаев пен Путиннің экономикалық реформаларға қарағанда саяси реформасы кенже қалып, халықпен әлеуметтік келісім жасасқанының нәтижесі болып отыр. Билік халықтың әл-ауқатын жақсартуға уәдесі үшін ел орталықтанған билікке көнуі керек еді, қазір бұл келісімнің іргесі шайқала бастады. Екеуі де кеңестік тәрбиенің, мәдениеті мен саяси жүйесінің өнімі екені бәріне айқын.

Ресей мен Қазақстан арасында бірден байқалатын ерекшелік те бар: ел алдында тұрған аса биік емес мақсаттарға жету жолында Назарбаев Путин сияқты сыртқы дұшпандарын көбейткен жоқ. 2014 жылы Ресейдің Қырым аннексиясынан кейін болған дағдарыс кезінде Назарбаев Украинаның аумақтың тұтастығын қолдайтынын білдірді, дегенмен Путинге де ашық сын айтқан жоқ. Назарбаев елдегі ішкі жағдайды әртүрлі қаржы-өнеркәсіптік және этникалық топ арасында тепе-теңдік сақтау арқылы басқарды<sup>4</sup>, сыртқы қысымға төтеп беру үшін де сондай тәсілді пайдаланды. Оның мақтаулы «көпвекторлы сыртқы саясаты»

<sup>2</sup> Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ әлемдік ЖІӨ деңгейін 2011 жылы басып озып, 2013 жылы \$13,891 мөлшерінде шарықтау шегіне жетті, салыстырар болсақ, бұл кезде әлемдік деңгей \$10,764 еді. 2016 жылы Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ әлемдік деңгейден қайта төмендеп, \$7,715 дейін азайды, кейін 2018 жылы \$9,331-ға дейін артты. Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'GDP per capita (current US\$) — Kazakhstan, World' [Жан басына шаққандағы ЖІӨ (ағымдағы бағалармен) — Қазақстан, әлем], <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.CD?end=2018&locations=KZ-1W&start=2000> (алынған күні: 11.09. 2019).

<sup>3</sup> Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'GDP growth (annual %) — Kazakhstan', [ЖІӨ өсімі (жылдық пайыз) — Қазақстан], <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.KD.ZG?locations=KZ> (алынған күні: 01.11.2019).

<sup>4</sup> Қазақстанда 100-ден астам этникалық топ өмір сүреді. Назарбаевқа Елбасы — «Ұлт көшбасшысы» мәртебесін берудегі басты себеп ретінде осы этносаралық бейбітшілікті сақтап қалуы көлтіріледі.



<sup>5</sup> Досым Сәтбаев жазған бесінші тарауға қараңыз. Жуырда жасалған сауалнамада қазақстандықтардың 72%-ы Владимир Путинді қолдайтынын айтты.

<sup>6</sup> Laruelle, M. (2018), 'Kazakhstan's Nationhood: Politics and Society on the Move', [Қазақстан мемлекеттілігі: қозғалыстағы саясат және қоғам], Еуразия, Ресей және Шығыс Еуропа зерттеулер орталығында (CERES) берілген дәріс, Джорджтаун университеті, 8.02.2018, <https://voicesoncentralasia.org/kazakhstans-nationhood-politics-and-society-on-the-move/> (алынған күні: 11.09.20019)

<sup>7</sup> Бесінші тарауды қараңыз.

өте тиімді болып шықты. Әлбетте, геосаяси тұрғыдан Қазақстанның қимылдау еркіндігі шектеулі, дегенмен Назарбаев президент болған кезінде бұл шектеулерді қиынсынған жоқ немесе мойынсұна қабылдады. Оның сыртқы саясаты сындарлы болды: мысалы, Қазақстан Грузия секілді Еуропалық Одаққа я НАТО-ға мүше болуды көздемеді. Қазақстанның Батыс елдеріне қарағанда көбіне Қытай тарапымен жасасқан кейбір сауда және инвестициялық келісімшартын Ресей жақтырмаса да, Кремль бұған төзіп, тым өрескел әрекеттер жасаудан сақ болды.

### Құбылмалы уақыт

Президент ауысқандықтан, қазірге дейін қалыптасып қалған билік динамикасы жарамсыз болып қалуы мүмкін. Назарбаевтың қолданып, іске асырып жүрген стратегиясы мен саясаты оның ізбасары, Қасым-Жомарт Тоқаевқа да дәл сондай нәтиже беретініне еш кепілдік жоқ. Жаңа президент ізашары белгілеп қойған ізбен жүру үшін таңдалғаны анық. Қазіргі Қазақстан әлі де оның ой-толғамымен қалыптасқан Назарбаевтың жеке мемлекеті болып отыр. Екінші тараудағы Кейт Маллинсонның зерттеуі бойынша, Тоқаев дәл осындай үстемдікке ешқашан жете алмайтын тәрізді. Қазақстандағы кез келген саяси ауысуға Ресей мен Қытай өз мүддесіне (көбінесе бақылауында болу және қолжетімділік) қайшы келмеуіне алаңдаушылықпен қарайды, әзірше бұл жағдай олардың ойлағанымен сәйкес өтіп жатыр. Бүкіл посткеңес уағында Қазақстанның АҚШ-пен, Еуропа және Батыс елдерімен байланысы дәл қазіргідей әлсіз болмаған еді. Осылайша Қазақстан дәл қазір жолайрыққа келіп, Батыстың көмегіне сондай зәру болып отыр.

Ресейдің дәстүрлі түрде ықпал ету тетіктері де өзгеріп жатыр. Кейінгі жылдары Қазақстанда жүргізіліп жатқан «орыссыздандыру» саясаты қарама-қайшы нәтижеге алып келді. 2025 жылға дейін елдің жазбаша тілі латын қарпіне көшуге жоспарланып, оған қоса, көптеген белгі-маңдайша мен үкімет постері латын әріптерімен әлдеқашан шыға бастағанына қарамастан, бизнес пен үкіметте қолданылатын басты тіл ретінде орыс тілі жақын болашақта жетекші орнынан түспейтін тәрізді. Бір ғасыр Мәскеудің қоластында болғандықтан, көптеген қазақстандық өзге елдің ықпалына түскенше Ресейдің ықпалында болуды жөн санайды<sup>5</sup>. Мұндай ойдағылардың дені — алдыңғы буын өкілдері. Ал кеңестік ноктаны тағып көрмеген жас буында мұндай тарихи байланыс болмаған соң, олар өзгеше ойлай бастады. Өскелең ұрпақ арасында өзін Ресейден кем санау сезімі үлкендерге қарағанда аз кездеседі. Бұл Батыс демократиясын қалайтындардың саны көп екенін білдірмейді: Марлен Ларюэльдің жүргізген зерттеуінде Қазақстан жастары арасында Батыстың саяси және әлеуметтік үлгісі аса жетілген деп санамайтынын анықтады<sup>6</sup> (Finprom зерттеу агенттігінің мәліметі бойынша, 2018 жылы елден 40 000-нан астам адам көшіп кетті, алайда көшіп кеткендердің елге қайта оралғаны да көп)<sup>7</sup>. Әсіресе Батыстың либерал саясаты қайтадан жаңғырып, ал Қазақстанның өз реформалары іске аспай қалса, мұндай көзқарастар өзгеруі мүмкін.

Әзірше, кеңес дәуірінің елесімен қоштасып жатқанын Қытайдың аймақтағы экономикалық қатысуы мен саяси ықпалы артып келе жатқанынан анық байқауға болады. Бұған Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына байланысты жобалары айқын дәлел. Ол — Қытай, Орталық Азия, Еуропа және (қосылып жатқан) өзге де аймақтар арасында көлік және сауда байланыстарын арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарлама.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасындағы Қазақстан туралы айтар болсақ, бақылаушылар арасында оны даттағандар да, мақтағандар да болды. Кейбіреулер, әсіресе Назарбаевтың өзі үшін «Бір белдеу, бір жол» бастамасы — XXI ғасырда жаңғыруға жол ашатын жоба, оның 2021 жылға қарай Қазақстанның өндіріс және инфрақұрылым салаларындағы

бірлескен жобалардың құнын \$26 миллиардқа дейін жеткізетіндей әлеуеті бар<sup>8</sup>. Осы ойды ұстанушылардың айтуынша, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы Кеңес дәуірі кезінде елге бұйырмаған өркендеуге жеткізетін құрал іспеттес болмақ.

Екінші тараптың ойынша, «Бір белдеу, бір жолға» аса сақтықпен қарау керек. Бұл бастама аясында Қазақстанның тым қымбатқа түскен жобаларға берілген несиелерді төлей алмай, қарыз тұзағына түсу қаупі бар және бұл Қытайдың «аймақты бағындыру» жоспарының бір сатысы болады деген күдік тудырып жатыр. 1990 жылдары серіктес ретінде қытайлық емес, Батыс мұнай компаниялары таңдалған еді, себебі Қазақстан өзінің ресурстарға бай қорындағы көмірсутек өндіру үшін ноу-хауды тек батыс фирмалары ғана меңгерген деген ойда болды. Бұл үрдіс қазір түбегейлі өзгерді. Шынайы не ықтимал қауіптерге қарамастан, үкімет Қытайдың мемлекеттік кәсіпорындарымен бірлесіп көлік-инфрақұрылым саласындағы көптеген жоба бойынша келісімдер жасасып жатыр (бәрі оңай болды деуге болмайды).

Бұл баяндама «Бір белдеу, бір жол» бастамасының Қазақстанға тигізер кейбір әсеріне тоқталып өтпек, ол жөнінде алтыншы және жетінші тараулардан оқи аласыздар. Жұмыс авторлары бұл мәселені толығымен зерттеуді мақсат еткен жоқ.

### Авторитарлық мұра

Қазақстан қатаң режимдегі диктаторлық орнаған ел болмаса да, мемлекеттік жүйесінің қараңғы тұстары бар екені анық. Бұл туралы Джоанна Лиллис елдегі саяси, азаматтық және адам құқықтарын қорғау жағдайына шолу жасаған төртінші тарауда ашық көрсетті (төртінші тарауды қараңыз). Көптеген авторитар ел сияқты режим ақпарат көздерін уысында ұстап, бұл салада қатаң шаралар қолданып жатыр. «Бұрын үлкенді-кішілі қалаларда қолжетімді болған интернет қазіргі кезде шектелді». Билік кешкі уақытта интернетті жиі бұғаттап келді, бұл жағдай елдің наразылығына әкеліп, қызу талқылау тудырды. Бұл әсіресе 2019 жылғы саяси митингілер кезінде ерекше көзге түсті<sup>9</sup>. Қазіргі қуғындаудың деңгейі бұрынғымен салыстыруға келмейді. Мысалы, 2000 жылдардың басы мен ортасындағы түсініксіз жағдайдағы кісі өлімдерін айтсақ болады. Қазіргі кезде мемлекеттің мәжбүрлеу күшін ашық қолдануы азайды. Сөйтсе де, саяси құқықтар мен еркіндіктердің көпшілігі мүлдем сақталмайды. Ақпараттың қолжетімді болуымен қоса, саяси плюрализмді, медиа бостандығын, жиналу бостандығын, азаматтық қоғамның қысымынсыз, қорқыту-үркітусіз немесе ресми келісімсіз әрекет ету бостандығын, биліктегі «Нұр Отан» партиясы мен «мақұлданған» саяси ұйымдардан басқа кәсіподақтар мен саяси партиялар үшін қауымдастық бостандығын осы қатарға қосуға болады. Сонымен қатар, өзге бостандықтарға қол сұғылмай, халық заманауи қымбат заттарды кез келген жерден демесек те, Алматы мен Нұр-Сұлтаннан таба алады.

Автократиялық режимдерге тән ортақ белгі ретінде үлкен жобалар бастау немесе ескерткіштер тұрғызу секілді істерді айтатын болсақ, Қазақстан да Назарбаев билігі кезінде бұл әдеттен тыс қалмады. Мұндай көзбояушылық сипатындағы жетістіктердің елге әкелген пайдасы да шамалы болды. Осындай бастамалардың көбі мағынасы үшін емес, тек беделді көтеру үшін өткізілгені баршаға мәлім. Осындай істердің қатарына ЭКСПО-2017, «Астана» халықаралық қаржы орталығы (пайдасын әлі толық көрсетпеді), елдің 2022 жылғы Қысқы

<sup>8</sup> ҚазАқпарат (2016), 'Kazakhstan, China to create 50 joint enterprises' [Қазақстан мен Қытай бірлескен 50 кәсіпорын ашады], 21.09.2016, [https://www.inform.kz/en/kazakhstan-china-to-create-50-joint-enterprises\\_a2951403](https://www.inform.kz/en/kazakhstan-china-to-create-50-joint-enterprises_a2951403) (алынған күні: 31.10.2019).

<sup>9</sup> Жақында үкімет халықты «Ұлттық қауіпсіздік сертификатын» орнатуға шақырған еді. Ол арқылы тіпті шифрленген ақпаратқа да толық қол жеткізуге болады. Бұл шара ел ішінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін емес, керісінше, елді бақылауды қатайту үшін жасалды деген көп күмән туды (ал дүниежүзілік деңгейде сынға ұшырады). Ақыры үкімет бұл шешімінен айнып, кері қайтарды.

**Шынайы не ықтимал қауіптерге қарамастан, үкімет Қытайдың мемлекеттік кәсіпорындарымен бірлесіп көлік-инфрақұрылым саласындағы көптеген жоба бойынша келісімдер жасасып жатыр.**

Олимпиада ойындарын өткізуге деген сәтсіз талпынысы, 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі дәрежесін алуы, Сирия бойынша келіссөздерді Астанада өткізуі және 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ету сияқты мысалдарды қосуға болады. Жазық далада жаңадан салынып, енді атауын өзгерткен ел астанасы Нұр-Сұлтандағы жердің тартылыс күшіне бағынбай, көкке ұмсынған зәулім сәулет туындыларын айтпасақ та болады.

Батыс өкілдеріне осындай даңққұмарлыққа, ысырап болған жобаларға мазақтай қарау оңай шығар, дегенмен оның негізінде нақты және теңдессіз амбиция жатқанын ескерген жөн. Орталық Азия елдерінің ішінде, тіпті бұрынғы КСРО елдері арасында Ресейден басқа ешкім дәл осындай асқақ ойларды жүзеге асыра алмайтын шығар. Сын айтуға лайық тұсы — бұл жобаларға жұмсалған ресурсты бұқара халықтың көкейкесті мәселелерін шешуге жұмсауға болар еді.

Уақыт өте келе анағұрлым рационал, жағдайға байланысты әрекет ететін саясат орнайды, оған қазіргі билік жүйесінің төменгі сатыларына ақырын келіп жатқан жаңа буын өкілдері себепші болмақ. Жастар Қазақстан қоғамы мен экономикасын жарқын болашаққа жетелей алады деген үміт бар, себебі олар бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі өз қатарластарына қарағанда ішкі және ресейлік үгіт-насихаттың ықпалына көп түсе қоймаған. Шетелде білім алуға мыңдаған студент жіберіп үлгерген мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасының түлектері қазірдің өзінде мемлекеттік басқару жүйесіне кіріп жатыр, ал жастар билікті өз қолына алған кезде бұл бағдарламаның толық әсері де айқын көрінетін болады. Жаңа буын мен қалыптасып келе жатқан орта тап билікті алуға дайын екенін сезіп, ал саяси элита ол билікті беруге әлі дайын болмаса, биліктің ауысуы бәрі қалаған бейбіт түрде өтпейтін болады. Дәл қазір біз осындай шиеленістің куәсі болып тұрмыз.

**Жаңа буын мен қалыптасып келе жатқан орта тап билікті алуға дайын екенін сезіп, ал саяси элита ол билікті беруге әлі дайын болмаса, биліктің ауысуы бәрі қалаған бейбіт түрде өтпейді.**

#### **Транзиттен төнетін қауіптер**

2019 жылдың наурызына дейін елдегі саяси жүйенің ең ерекше белгісі тәуелсіздік алған кезден бері Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке-дара басқаруы болды. Бұл — кез келген басшы үшін, тіпті посткеңестік елдердің стандарты бойынша да ұзақ мерзім. Тәуелсіздік алған кезден бергі көршілес елдердегі әріптестерінің барлығы дерлік қайтыс болды немесе биліктен кетті. Назарбаевтың режимі Ислам Каримовтікіндей (Өзбекстан) қатаң немесе Сапармұрат Ниязовтікіндей (Түркіменстан) эксцентристік болмаса да, президенттің ұстанған позициясының заңдылығы күмәнді болды, әсіресе сайлау процестері кезіндегі заңбұзушылықтарды ескеру керек.

Дегенмен бұл толық көрініс емес. Назарбаев шын мәнінде халықтың қошеметіне бөленген еді. Жергілікті бақылаушылардың айтуынша, өзі қатысқан барлық сайлауды («Қосымша: фактілер мен сандарды» қараңыз) демократиялық талаптарға сай өткізген күннің өзінде де, жеңіске жететін жағдайда еді. Оны қолдаушылардың саны ылғи да көп болатын, бәлкім бұрынғы сайлаулардағыдай 95 пайыз не одан көп алмаса да, әділ сайлауда «небәрі» 70 пайыз алып жеңіске жетер ме еді?! Оның қолдауының шынайы деңгейі қандай болса да, Назарбаевтың жеке басына табынушылық бұрын да болғаны, қазірдің өзінде бар екені анық.

Оның 66 жастағы Тоқаевты<sup>10</sup> өзінің ізбасары ретінде тағайындауы болашаққа деген сенімсіздікті жойған жоқ немесе ішкі жаңғыру мен шетелдік инвестицияларды ынталандыра алмады. Билік басындағылар елді жаңғыртып, реформалауды қалайтынын мәлім етті. Әзірше, бұл ойды бұрынғы заманның саясаткерлерімен және вертикал билік жүйесімен жүзеге асыруға тура келеді. Жоғарыда айтып кеткендей, билік жүйесіне жастардың көптеп ағылып келуінің ұзақ мерзімде әсер ету әлеуетіне қарамастан, бұл қарама-қайшылықтың шешімі әлі табылар емес.

Билікті бір орталыққа шоғырландыру дегеніміз азаматтық қоғам мен саяси оппозиция шын мәнінде фикция екенін білдіреді. Олар биліктің ырқына көніп, рұқсат етілген аумақтан шықпай, көзбояушылық үшін қолдануға келіссе ғана әрекет ете алады. Қазақстанда нағыз, жоғары дәрежелі оппозициялық тұлға жоқ, бірақ елде еркін ойлайтын белгілі сарапшылар бар, осы жұмысты жазған авторлардың екеуі — сондай тұлғалар.

Режимге төніп тұрған тағы бір қауіп бар. 2016 жылдан бері жартылай қалпына келгеніне қарамастан (үшінші тарауды қараңыз), шикізат ресурстарын экспорттауға тәуелді Қазақстан экономикасының болашағы енді сондай жарқын болудан қалды<sup>11</sup>. 2014 жылы теңгенің бағамы құлап, құнсызданды. Мұнай секторына тәуелділік көптеген проблеманың қайнар көзі болып тұр. Ендігәрі оны мұнайдың қымбат бағасымен бүркеп, жабуға келмейді. Brent маркалы мұнайдың қазіргі бағасы шамамен барреліне \$60 көлемінде. Банк секторы әлсіз күйде. Жекешелендірудің нәтижесі де, жоғарыда айтып кеткендей, әрқилы. Себебі бұл процесс кезінде реформаторлар қарсылыққа тап болды, оған бір жағынан жұмыс орындарының қысқартылуы да себеп болды. Оған қоса, Қытай экономикасының өсу қарқыны бәсеңдеп, Ресей экономикасы тоқырауға ұшырады, нәтижесінде бұлар Қазақстанның өсімі мен сауда-саттық саласына кері әсерін тигізді. Ел экономикасына кері ықпал етіп отырған факторлар да көп, олардың қатарына жемқорлықтың кесірі, дүниежүзіндегі шикізат ресурстары бағасының төмендеуі, Ресейге салынған халықаралық санкция әсерінен болған құлдырауды жатқызуға болады. Экономикалық реформалар болатынын жариялау оңай болғанымен, оны жүзеге асыру қиынға соғып жатыр. Әу баста Назарбаевтың идеясы болып, бірақ жүзеге асыруға Путин кіріскен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елге елеулі экономикалық пайда әкелген жоқ, сол себепті халық Ресейге (одақтың сөзсіз көшбасшысы)<sup>12</sup> және Қазақстан үкіметіне ашу-ызасын білдірді. Бұл ұлшылдық сана-сезімнің өсуіне әкеліп, биліктің Ресеймен конструктив түрдегі жақындасу ұмтылысын шектеді. Қазіргі кезде режим Мәскеуге қарайламай-ақ Бейжіңмен тікелей істес болмақшы.

Қазақстан шектеулі болса да, мемлекеттік басқару саласын реформалаған еді, бірақ бұл процесс көбіне технократтық бағытта жүргізіліп, басқару сатысының жоғарғы деңгейлерін көп қамтымады. Мемлекеттік басқару жүйесінің жоғарғы әкімшілік деңгейінде ауыс-түйіс жиі болса да, жалпы жүйе сол қалпы өзгеріссіз қалып отырды. Басқарушы қызметте жүрген әйелдердің саны аз. Мемлекеттік жоғары лауазымды қызметке алынатын дарынды кадрлар тобы да санаулы. Себебі тамыр-таныстық орныққан жүйеде бұл орындар ерекше бизнес мүдделерге сай ғана үлестіріліп, кейде бақталас топтарды тепе-теңдікте ұстаудың жолы ретінде қарастырылады. Басты шешімдер мен стратегиялар ең жақын адамдар арасында ғана қабылданады, қазірдің өзінде Назарбаевтың мүддесі ескерілуі тиіс. Саяси жүйені ырықтандыру жұмысы әлі көзге көрінерліктей жүргізілмеді. Реформалаудың да қауіптері бар болғанымен, Назарбаев барынша жеке басын қауіпсіз етіп алды. Оған «құрметті сенатор» және мемлекеттің Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы мәртебесі беріліп, маңызды министрлерді тағайындауға мүмкіндік беретін құзіреттілікке ие болды. Қайткенмен де, осындай бір адамға бағындырылған жүйеде, өзге бір мықты көшбасшы шыға қалса да, бір күні екеуі қақтығысқа түсуі мүмкін.

<sup>10</sup> Тоқаев тағайындалған кезде 65 жаста болды.

<sup>11</sup> Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, елдің нақты ЖІӨ 2015 жылы 1,1 пайызға, ал 2016 жылы 1,2 пайызға өсті және 2017 мен 2018 жылдары қатарынан 4,1 пайызға өскен еді. Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'GDP growth (annual %) — Kazakhstan', [ЖІӨ өсімі (жылдық пайыз) — Қазақстан].

<sup>12</sup> ЕАЭО-қа кіретін бес елді қосқандағы ЖІӨ-нің 86,9 пайызы — Ресейдің үлесі. Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'GDP (current US\$) — Russian Federation, Armenia, Belarus, Kazakhstan, Kyrgyz Republic' [ЖІӨ (ағымдағы бағалармен) — Ресей Федерациясы, Армения, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.CD?end=2018&locations=RU-AM-BY-KZ-KG&start=1988> (алынған күні: 11.09.2019)].

<sup>13</sup> Осы баяндамада айтылып кеткендей, кейінгі 20 жылда батыстың бірнеше кеңесші фирмасы жалданған еді. Олар елдің жаңғыру жоспарын құруға көмектеседі деген болжам болған, алайда іс жүзінде осы әрекеттер тек «демократия тапшылығын» жасырудың амалы еді. Осы фирмалардың бірі Tony Blair Associates болуы, шын мәнінде, ел басшылығы қалаған мақсатқа қарама-қарсы әсерге, яғни Қазақстандағы адам құқықтары мәселесіне байланысты қоғамдық назарды көбірек аударуға әкелді.

<sup>14</sup> Дүниежүзілік сауда ұйымы (2019), Қазақстанның сауда профилі, [https://www.wto.org/english/res\\_e/statis\\_e/daily\\_update\\_e/trade\\_profiles/KZ\\_e.pdf](https://www.wto.org/english/res_e/statis_e/daily_update_e/trade_profiles/KZ_e.pdf) (алынған күні: 01.11.2019).

Қазақстанмен көршілес Орталық Азиядағы елдердің барлығында дерлік саяси биліктің ауысу тәжірибесі бар, алайда ол тәжірибе Тоқаев (немесе басқа бір көшбасшы) жаңа президент ретінде ел билігін толық қолға алып, өз бетінше билік жүргізген күннің өзінде елді қай бағытқа жетелейтіні жақсы көрсеткіш бола бермеуі мүмкін.

Қырғызстаннан басқа Орталық Азия елдерінің саяси жүйесі тіпті Қазақстанмен салыстырғанда да ашық емес және әр билік ауысуы ерекше жағдайда өрбиді. Қазақстанның болашағына деген сенімсіздік инвесторлардың қызығушылығына кері әсерін тигізумен ғана шектелмеді, бұл таққа билігі жоқ үміткердің отырғызылуына араласқысы келмеген, бірақ осы елге шын мәнінде елеулі экономикалық не саяси реформалар арқылы көмектескісі келгендерді райынан қайтарып отыр<sup>13</sup>. Президенттік биліктің ауысуы — әрдайым көпшіліктің қызығушылығын тудырып, жіті назарда болатын мәселе, бірақ елде жаңа саяси конфигурацияның болу-болмауы одан да маңызды. Бұл тақырып баяндаманың екінші тарауында қарастырылған.

### **Батыс не себепті Қазақстанды жолайрықта тастамауы керек?**

1991 жылдан бері Батыстың Қазақстандағы ең басты мүддесі пайда табу еді. Пайданы елдің салыстырмалы түрде табысы аз ішкі нарығына кіруден гөрі, оның табиғи ресурстарын, әсіресе мұнай, онымен қоса уран, басқа да бағалы металдар, астық пен фосфаттарды өндіру және импорттау арқылы алуды көздеді. Негізі оны жеке қарасақ, бұл жаман нәрсе емес. Батыс компаниялары кезінде тәуекелге бел буып, Қазақстанның экономикалық табыстарына үлесін қосқан еді. ЕО — Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі, ол елдің жалпы сыртқы саудасының 40 пайыз үлесін иеленіп отыр<sup>14</sup>. Дегенмен кейбір «алақол» батыс инвесторының әрекеті кесірінен Қазақстан басшылығы мен халқы Батысқа күдікпен қарайтын болды. Бұл шетелдіктер демократия туралы сөйлеуге шебер келгенімен, іс жүзінде бау үшін режиммен ауыз жаласуға дайын деген екіжүзді стандарттар туралы сенімді күшейтіп жіберді.

Батыс саясаткерлерінің де Қазақстанға қатысты ұстанымдары біркелкі болмады. 11 қыркүйектегі лаңкестік шабуылдан кейін Батыстың жалпы Орталық Азияға қатысты жаңа көзқарасы қалыптасып, Қазақстан Ауғанстаннан алыс болғандықтан, ол басты назарға әлі ілікпейтін болды. Ал 2014 жылы Батыс әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуы Батыс елдері үкіметі назарын бұл аймақтан одан сайын алыстатып жіберді. Себебі қауіпсіздікке қатер тигізетіндей террористік қауіп сөйілгендей көрінген еді. Қазақстанда болған лаңкестік шабуылдар көбіне елдің қауіпсіздік күштерін нысанаға алып, сирек әрі уақыт аралығы да ұзақ болды. Әлбетте, зайырлы үкімет лаңкестік қауіпті тым әсірелеп жіберіп, осылайша оны бақылауды қатайтуға сылтау ретінде қолданды (Кейбіреулер бұның артында елдегі жағдайды ушықтырғысы келген Мәскеу тұр десе, өзгелері адам сенгісіз «түрлі-түсті революция» ұйымдастырып жатыр деп Батысқа кінә тағып отыр). АҚШ пен Пәкістан арасындағы қарым-қатынастың нашарлап кетуінен кейін, АҚШ осы аймақтағы стратегиялық плацдарм ретінде қолдану мақсатында Қазақстанға назар аударады, оған тіпті Еуропада болған кейбір лаңкестік шабуылға Орталық Азия елдері азаматтарының қатысы бар болғаны да кедергі болмайды деген болжам 2017 жылы жасалған еді, бірақ ол жүзеге аспады.

Ресей сияқты ревизионистік державалар және Қытай сияқты өсіп келе жатқан алпауыт елдер геосаяси вакуум пайда болса, оны толтыруға дайын тұрады. Батыс елдері Орталық Азия елдерінен қаншалықты шегінсе, өзге ойыншылар соншалықты алға басып, ақыры бір-бірімен

**Еуразиялық экономикалық одақ елге елеулі экономикалық пайда әкелген жоқ, сол себепті Ресейге және Қазақстан үкіметіне бағытталған халықтың ашуын туғызды.**



қақтығысып қалуы ықтимал. Бұл жерде Қытай мен Ресей туралы сөз қозғасақ, қайсының қаупі жоғары екенін нақты айту қиын. Ресейдің шетелдердегі әрекеттерінен Украинада, Сирияда және тағы басқа елдерде ондаған мың адам қаза тапты. Ал Қытай болса, «бұлшықетін бұлтыңдатып», айбар көрсетіп жатыр. Мысалы, Оңтүстік Қытай теңізінде кейбір арандату әрекетіне барған. Дегенмен Ресейге қарағанда Қытай ел аумағынан тысқары жақта адам өліміне алып келетін экспансиялық авантюраларға бармады<sup>15</sup>. Екінші жағынан, Қытайдың ішкі саясаты, әсіресе ұйғырларға, тіпті этникалық қазақтарға<sup>16</sup> да бағытталған әрекеттерінің өзі күрделі мәселеге айналды. Бұл жағдайға байланысты Қазақстан халқының үрейін оңай сейілтуге келмейді. Қазақ ұлтшылдары, ресейлік БАҚ және Қытай компаниялары мен кәсіпкерлерінің Қазақстанда жерді жалға алу не сатып алу арқылы елге көбірек кіре бастағаны Қытай экспансиясы туралы алаңдауды күшейтіп отыр<sup>17</sup>. Бұл дегеніміз, Бейжіңге Қазақстанның Қытайға деген сенімін арттыру оңайға соқпайтынын көрсетеді. Дегенмен, пайдаланғысы келсе, бұл жағдай Батысқа жақсы мүмкіндік беріп отыр.

Батыстың адам құқықтары мәселесі және Қазақстан үкіметімен серіктестік орнату (және минералды ресурстарды өндіру құқығын алу) арасында тепе-теңдік ұстау әрекеттері әрдайым адам құқықтары мәселесінің кенже қалуына әкелді. Бұл үрдіс жақын арада әлі де жалғаса беретін тәрізді, себебі мысалға дін бостандығына қатысты заңдар одан бетер қатаң болып келеді. Ол туралы төртінші тарауда жазылған. Дәл осындай мәселелер болған жағдайда, әлемнің басқа елдерінде халықтың ашуын туғызып, үкіметтер ауысып жатқанын ескерсек, бәлкім Батысқа әлгі тепе-теңдікті орташа және ұзақ мерзімде түзеуге тұра келетін сияқты.

Қазіргі кезде Батысты алаңдатып отырған мәселелер жеткілікті, осындай жағдайда ол басқа елдермен салыстырғанда тұрақтылыққа төндіретін қаупі аз елге баса назар аударып, ресурсын жұмсайды деп күтуге болмайды. Дей тұрғанмен, Батыс Қазақстанның арқасында байлыққа кенелуді ғана ойлап, елдегі басқа проблемаларды елемей жүруінің де қаупі бар. Бұл қауіптер осы баяндамада ашық жазылып, жақын болашақта Қазақстанда болатын үлкен саяси шайқалудың келешегі қарастырылады. Дегенмен «шұғыл тиранияға» байланысты батыс саясаткерлері бұл ескертуге құлақ асуы екіталай; ал дәл қазіргі уақытта осылай құлақ аспау — үлкен саяси қателік.

## Стазис пе, реформа ма, әлде революция ма?

2012 жылы Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясын жариялап, содан бері Қазақстанды 2050 жылға қарай әлемдегі ең ірі 30 экономика қатарына қосу мақсаты үкіметтің ресми саясатына айналды<sup>18</sup>. (Қазақстан 2011 жылы номинал ЖІӨ-нің көлемі жағынан әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына кірген еді, алайда 4 жылдың ішінде бұл тізімнен шығып кетті)<sup>19</sup>. 2015 жылы үкімет «100 нақты қадам» деген институционал реформалар жоспарын жариялады, ол елдің даму мақсаттарын қол жеткізуге септігін тигізу үшін жасалды<sup>20</sup>. Дегенмен оны жүзеге асыру болсын, жоспардың өзі болсын, сөз жүзінде мақтауға тұрарлық деңгейде болғанымен, негізі аса амбициялы болмады, әсіресе саяси реформаларға қатысты бөлігінде көп байқалды және бұл жоспар шала-шарпы ғана орындалды.

Қазақстан — басқару тұрғысынан өте қиын ел, билікті ешқашан толығымен қолына ала алмауы мүмкін жаңа технократ-президент отырғандықтан, қазір тіптен қиын. Бірақ барлығы қарқынды өзгеріп жатыр. 2019 жылдың маусым айында Арыс қаласында оқ-дәрі сақталған қоймаларда болған жарылыстан кейін Тоқаев бірнеше сағат ішінде оқиға болған жерге ұшып барып, эвакуацияланған адамдармен кездесті. Қазақстанда президенттің дәл осылай әрекет етуі бұрын-соңды болмаған еді. Көп ұзамай, әлеуметтік желілерде бірнеше адам «Тоқаев біздің президент» деген жазба жариялай бастады<sup>21</sup>.

<sup>15</sup> Бобо Лоға Ресей мен Қытайдың әрекетінен қаза болған адамдардың салыстырмалы санын бергеніне алғыс білдіремін.

<sup>16</sup> Шыңжаңда 1 миллионнан астам этникалық қазақ өмір сүреді. Көп адам шекара асып, Қазақстан үкіметінен қолдау мен пана іздеп елден қашты.

<sup>17</sup> Жер туралы заңға ұсынылған өзгерістер бойынша шетелдіктер (бұл жағдайда қытайлар) жерді 25 жылға жалға алу құқығына ие болатын еді, бірақ 2016 жылғы халықтың жаппай қарсылық көрсетуінен кейін ол кері қайтарылды.

<sup>18</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2012), 'Strategy "Kazakhstan-2050": new political course of the established state', «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Халыққа жолдау, 14.12.2012, [http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses\\_of\\_president/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state](http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state) (алынған күні: 11.09.2019).

<sup>19</sup> Халықаралық валюта қоры (2019), «Әлемдік экономиканың даму перспективалары» деректер базасы, қазан 2019, <https://www.imf.org/external/pubs/ft/weo/2019/02/weodata/index.aspx> (алынған күні: 01.11.2019).

<sup>20</sup> Оның мақсаты шамамен құқық жүйесін дамытуға, мемлекеттік қызметтің кәсіби шеберлігін арттыруға, экономикалық өсімді ынталандыруға, ұлттық бірдейлікті күшейтуге және ашықтықты арттыруға бағытталғаны жазылған. Қазақстан Республикасының Сидней қаласындағы Бас Консуллығын (2015) қараңыз, 'The 100 concrete steps set out by President Nursultan Nazarbayev to implement the five institutional reforms' [Ұлт жоспары — Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам], 20.05.2015, <http://mfa.gov.kz/en/sydney/content-view/100-konkretnyh-sagov-sovremennoe-gosudarstvo-dla-vseh> (алынған күні: 25.10.2019).

<sup>21</sup> Бұл пікірлердің растығын анықтау қиын екенін ескеріңіз. Мемлекетті жақтаушы тролльдер болады.



<sup>22</sup> Фарши Дж. (2016), 'Kazakhstan unrest highlights reform conundrum' [Қазақстандағы төртіпсіздіктер реформа мәселесін айқындап отыр], Financial Times, 06.06.2016, <https://www.ft.com/content/34e688d4-2bbf-11e6-bf8d-26294ad519fc>.

<sup>23</sup> Салливан Ч. Дж. (2018), 'Kazakhstan at a Crossroads' [Жол айрықтағы Қазақстан], Asia Policy, 13.2, сәуір 2018, 131–34-бет. Салливан Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ Жапонияға көмектескендей, ешкім Қазақстанды экономикалық алпауыт қылуды көздемейтінін айтады. Әсіресе, Қытайдың аймаққа қатысты ойы айқындалмай, әлдене деу қиын.

Бұл баяндаманың бағалауы бойынша, қолайсыз жағдайларға қарамастан, Қазақстанның осындай жетістіктерге қол жеткізуі өте жақсы көрсеткіш. Ол топографиялық қиындықтар (ауылшаруашылық жерінің небәрі 10 пайызы егіс даласы)<sup>22</sup>, Кеңес кезеңінен қалған қоршаған ортаның қатты ластануы, теңіз порттарынан алыс қашықтықта орналасуы, авторитаризмнің саяси мұрасы және сыртқы күштердің қатты мән бермеуі сияқты мәселелермен бетпе-бет келді<sup>23</sup>. Қазақстан саяси жарамды реформалардың шегіне жақындап қалды, сол себепті осындай қиындықтарға тап болып отыр. «Әуелі экономика, сосын саясат» деген ұстаным ескіріп бітті. Қазақстан басшылығы үшін ең жаман деген сценарийдің бір қызығы, кейінгі оқиғалар көрсеткендей, реформалардың қарқыны жеткілікті болмауы мен «қауіпті» саяси ырықтандыру тоғысатын болса, билік басындағы өзгерістер жылдамырақ жүруі мүмкін, тіпті, оны қаламаса да.

Кейде «ұлт атасы» деп атайтын Назарбаевтың ұзақ жылғы билігінің аяқталуына аз қалды. Қазір Қазақстан өз тарихындағы шешуші және эмоционалдық тұрғыдан шиеленіскен кезеңге аяқ басқалы тұр. Дәл қазіргі қалыпта ел алға жүре бере алмайды, артқа қайту үшін де уақыт керек және ол үшін жеңіл-желпі саяси реформа жеткіліксіз болары анық.

### Осы баяндама жөнінде

Бұл баяндама тыңғылықты жұмыс болғанымен, түпкілікті зерттеу емес. Жеті негізгі тарау (осы кіріспемен қоса) Қазақстанның аумағын, көпқырлы екенін, орны мен тарихын ескере отырып, оның дамуы мен прогресіне жан-жақты баға бермек. Ол мемлекеттік басқару, саяси экономика, саяси және азаматтық бостандықтар мен адам құқықтары, қоғам және бірдейлік, Орталық Азия елдерімен қарым-қатынас, Ресей және Қытаймен қарым-қатынас, Батыспен қарым-қатынас тақырыптарын қамтиды. Жұмыс авторларының алтауы — Батыс елдерінің өкілі, екеуі қазақстандық, әрқайсы өзінің жеке тарауына жауапкершілік алады. Дегенмен барлық автор қысқаша шолуды және баяндамадағы салиқалы саяси кеңестерді келісіп, бірігіп жазды. Біз бейтарап болуға ұмтылсақ та, үндемей отыра алмадық.

**Қазақстан саяси жарамды реформалардың шегіне жақындап қалды. «Алдымен экономика, сосын саясат» деген ұстаным ескіріп бітті.**

# 02

## МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

## КЕЙТ МАЛЛИНСОН

**Қазақстанның ресми саяси жүйесі көбіне сыртқы көрініс қана, ал шынайы билік «жасырын конституция» бойынша әрекет етеді. Халық наразылығының өсуі реформалау талабының артқанын көрсетеді.**

<sup>24</sup> 2018 жылы маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев BBC-ге берген сұхбатында Назарбаев келесі президент сайлауына қатыспайды деп есептейтінін айтқан еді. 2019 жылы маусымда Тоқаев 2016 жылдан бері биліктің ауысуы туралы ішінара талқылаулар болғанын мойындады. BBC (2018), 'Tokayev: 'I don't think Kazakh president will run in 2020'' [Тоқаев: «Президент Назарбаев 2020 жылы президент сайлауына қатысатынына сенбеймін»] қараңыз, 20.06.2018, <https://www.bbc.co.uk/news/av/world-asia-44546885/tokayev-i-don-t-think-kazakh-president-will-run-in-2020> (алынған күні: 22.09.2019). Tengrinews (2019) қараңыз, '3,5 года тому назад он мне сказал — Токаев о решении Назарбаева' [Тоқаев Назарбаевтың шешімі туралы 3,5 жыл бұрын білгенін айтты], 17.06.2019, [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/35-goda-nazad-mne-tokaev-reshenii-nazarbaeva-371525/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/35-goda-nazad-mne-tokaev-reshenii-nazarbaeva-371525/) (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>25</sup> 2019 жылы ақпан айында Назарбаев биліктен кетуіне төрт апта қалғанда үкіметті таратып жіберді.

<sup>26</sup> Kazakhstan Today (2002), 'Конституция РК «не исчерпала своей возможности» — глава государства' [Мемлекет басшысы — Конституцияның «әлеті толық пайдаланылмай отыр»], 29.08.2002, <http://nomad.su/?a=3-2002-08300014> (алынған күні: 22.08.2019).

Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев саяси транзитке дайындалып жатқаны туралы көптеген белгі болғанына қарамастан,<sup>24</sup> оның 2019 жылы наурызда ақыры өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауы көптеген бақылаушы үшін күтпеген жаңалық болды. Осылайша, ол Орталық Азия басшыларының ішінен ең бірінші болып президенттіктен өз еркімен кетті. Назарбаев президенттік билікті бұрын дипломат және премьер-министр болған Қасым-Жомарт Тоқаевқа табыс етті. Бұл биліктің ауысуын шартты түрде 2019 жылы 9 маусымда өткізілген сайлау нәтижесі бекітті.

Дегенмен Тоқаевтың қолында қаншалықты саяси билік бар екенін нақты айту қиын. Бұл лауазыммен бірге ол әлсіз президенттік билікті де қоса алды. Оның әрекет ету ауқымы алдыңғы президентпен едәуір шектеліп қалған. Бұрынғы мемлекет басшысы биліктен кетпес бұрын заңдарды өзгертті (төменгі жақты қараңыз) және ең соңғысы 2019 жылы қазан айында Назарбаевқа елді сахна сыртынан басқаруға мүмкіндік беретін Қауіпсіздік Кеңесі туралы жарлығын шығарды. Жаңа президентке қойылған шектеулер, билік бөлінісі кезіне тән қарама-қайшылықтар мен ықтимал қақтығыстар Қазақстанның тұрақтылығын, саяси бағыт-бағдары мен реформалардың келешегін айқындау барысында маңызды рөл атқармақ.

20 жылдай уақыт бойы Назарбаев билікте отырып, биліктен кеткен кездегі өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көптеген шара қабылдады<sup>25</sup>. Бұл шараларға Конституцияға өзгертулер<sup>26</sup> енгізу (1-қосымшаға қараңыз) және оның билігіне қарсы шыққандарды толығымен жою кірді. Президенттіктен кетуге бірнеше ай қалғанда Назарбаев министрлерді ауыстырып, халық наразылығын сейілтуге бағытталған әлеуметтік саясатты жүргізуге бұйрық берді. Бұл қадамдармен биліктің ауысуын бастау үшін қауіпсіз жағдай қамтамасыз ету көзделген еді. Назарбаев тірі тұрғанда, қандай да бір алапат жағдай ғана болмаса, өз бетінше саяси басқару тетіктерін уысынан шығармайтыны анық болса да, Қазақстанның саяси экономикасын қалыптастырған тұлғадан басқа біреу билікке келеді деп елестету қиын еді.

### Автократия мұрасы

Жаңа президенттің сайлануы Қазақстан үшін түбегейлі бетбұрыс болып, елдің мемлекеттік басқаруын шолуға және оның институттары дамудың келесі сатысына қалай дайындалып жатқанын бағалауға қолайлы меже болды. Назарбаев кезіндегі Қазақстан экономикалық моделі артта қалған кеңес республикасынан керемет жаһандық ойыншыға, табиғи ресурстар саласына елеулі

<sup>27</sup> Азаттық Радиосы (2019), 'Алмазбек Атамбаев заключен под стражу до 26 августа' [Алмазбек Атамбаев 26 тамызға дейін қамауға алынды], 9.08.2019, <https://rus.azattyk.org/a/30100875.html> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>28</sup> Мысалы, Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілдігіне (2019) қараңыз, 'Address of the Head of State Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan', [Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына үндеуі], 19.03.2019, <http://kazakhstanun.com/address-of-the-head-of-state-nursultan-nazarbayev-to-the-people-of-kazakhstan/> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>29</sup> Шатц Э. (2005), 'Reconceptualizing clans: kinship networks and statehood in Kazakhstan' [Кландарды қайта қарау: Қазақстандағы отбасылық байланыстар және мемлекеттілік], Nationalities Papers, 33(2): 231–254 бет, ЦОИ: 10.1080/00905990500088594 (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>30</sup> 'Конституция Республики Казахстан от 28 января 1993 года' [1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы], [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1010212#pos=1;-110](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1010212#pos=1;-110) (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>31</sup> Габдулин Б.А.(2010), 'Роль президента Н.А.Назарбаева в укреплении института президентства и демократизации общества на современном этапе' [Қазіргі кезеңде президенттік институтты және қоғамның демократияландыруды күшейтудегі президент Н.Назарбаевтың рөлі], Articlekz, <https://articlekz.com/article/7623> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>32</sup> Канапьянов Т. (2018), 'Role and place of the parliament of Kazakhstan in the system of checks and balances' [Қазақстан парламентінің тепе-теңдік және тежемелік жүйесіндегі рөлі мен орны], Коммунистік және пост-коммунистік зерттеулер, 51(1): 81–87 бет, ЦОИ: 0.1016/j.postcomstud.2018.01.007 (алынған күні: 22.08.2019).

шетелдік инвестиция тартқан елге айналды. Дегенмен Назарбаевтың «Алдымен экономика, сосын саясат» ұстанымы бойынша, ол билік құрған кезде саяси реформалар шетке қарай ысырылып қала берді.

Елдің тұрақты дамуына серпін беретін қажет институттар, оның ішінде тәуелсіз сот жүйесі, іске қабілетті Парламент және сенім тудыратын Конституция дұрыс құрылмады<sup>27</sup>.

Көлеңкелі және бейресми неопатримониал басқару жүйесі саяси экономияға әлі де әсер етіп тұрғанымен, Назарбаев дәуірінде қалыптасқан бұл жағдайға халықтың шыдамы таусылып барады. 2019 жылы маусымда болған президент сайлауына байланысты наразылықтың ауқымы, талаптары және демографиясы Қазақстан басшылығы алдында тұрған бірнеше жылға жетерлік міндеттердің ауқымын айқын көрсетті. Ел билігінің алдында тұрған ең маңызды мәселенің бірі — ашық әрі инклюзив институционалдық басқару жүйесін енгізу, осылайша халық пен билік арасындағы алшақтықты жақындату.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Назарбаев кеңес кезеңінің институттарын таратып, орнына демократиялық басқару, заманауи саяси институттар және нарықтық экономикаға көшіруге уәде берген еді<sup>28</sup>. Кеңес өкіметі орнағанға дейін Қазақстанның жазбаша Конституциясы болмады<sup>29</sup> және КСРО ыдыраған соң ел басшылығы Батысқа бет бұрып, демократиялық конституциялық үлгі бағытын таңдаған еді. 1993 жылы үкімет жаңа Конституция қабылдап<sup>30</sup>, Қазақстанды «демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік» ел деп жариялап, билікті атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтарына бөлді.

Конституция бойынша бұл үш тармақ өзара тепе-теңдікте деп жазылғанымен, іс жүзінде бұл жүйе президентке өзінің атқарушы билігін күшейтуге мүмкіндік берді. Режим бұл қадамға посткеңестік өтпелі кезеңнің қиындықтарын еңсеру үшін және экономикалық тоқырау мен үлкен әрі көпэтносты мемлекеттің бірлігіне төнген қауіптерге төтеп беру үшін деген сылтаумен барған еді. Назарбаев өзінің президенттік кезінде тек қана мықты билік елдегі тұрақтылықтың кепілі болып, этносаралық жанжалдарға, діни экстремизмге және әлеуметтік тәртіпсіздікке жол бермейді деп айтып келді<sup>31</sup>. Дегенмен оның дәл әлеуметтік шиеленіс толқыны көтеріліп келе жатқан кезде орнынан кетуі шын мәнінде олай емес екенін көрсетеді.

### Ұзақ жоспарланған ауысу

1995 жылы бір жағынан 1993 жылғы Конституцияның кейбір тұсының айқын болмауы себебінен және парламент үкімет пен президент саясатын жүзеге асыруына кедергі жасағандықтан елде парламенттік дағдарыс болды, сол себепті референдум жарияланып, жаңа Конституция қабылданды<sup>32</sup>. Осы нұсқа француз конституциясын негізге алып, екі палаталы парламент құрып, билік тармақтарының атаулы бөлінісін сақтап қалды. Дегенмен осы жолы президенттің қолына парламентті өз бетінше тарату құқығы секілді өкілеттіктер кеңейтіліп берілді.

**2017 наурызында Қазақстанда конституциялық өзгерістер енгізілді. Ол бойынша қатаң әрі нақты түрде билік тармақтарын бөліп, қағаз жүзінде президенттің рөлін азайту арқылы демократияны күшейту көзделген еді.**

## 1-ҚОСЫМША: НАЗАРБАЕВТЫҢ БИЛІГІН НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Тәуелсіздік алған уақыттан бері Конституцияға енгізілген көптеген өзгеріс президент Назарбаевтың билігі мен жағдайын нығайтты. 1995 жылы сәуір айындағы ұлттық референдум президенттің өкілеттік мерзімін 1999 жылға дейін ұзартты<sup>34</sup>. 1998 жылы қазанда парламент президенттің өкілетін 5 жылдан 7 жылға ұзартты және президент үшін 65 жас болып белгіленген шектік жас мөлшерін алып тастады<sup>35</sup>. 2007 жылы мамырда президент өкілеті қайтадан 5 жыл болып қайтарылды, бірақ екі мерзім ғана президент болу шектеуі Назарбаев үшін алынып тасталды.

Осы өзгерістермен қоса, тағы бірнеше конституциялық әрекет жасалды. 2000 жылы жаңа заң шығып, кейін 2010 жылы өзгертілген, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» және «Ұлт көшбасшысы» деген ұғымдар енгізіліп, осылайша Назарбаевқа Қазақстан халқына, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік құрылыстың, елдің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелері бойынша тиіс мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар міндетті түрде қарауға жататын бастамалар жасау секілді өмір бойғы өкілеттік берді<sup>36</sup>. 2007, 2010 және 2017 жылы жасалған заңнамалық және конституциялық өзгертулердің әрқайсысы Назарбаевқа шексіз сайлану, құқықтық иммунитет және отбасы мүшелерінің мүлкіне қол сұқпау құқығын берді.

Одан кейін, 2018 жылғы конституциялық өзгерістерде бұрын кеңес беруші, кеңесуші орган болған Қауіпсіздік Кеңесіне енді конституциялық орган мәртебесі берілді. Осылайша, бұл орган қабылдаған барлық шешім міндеттейтін заңды күші болады, яғни бұл президенттің баламасына айналды. Іс жүзінде, бұл Назарбаевтың көзі тірі кезіндегі президенттік биліктің қосарлануына әкелген механизмге айналды<sup>37</sup>. Оған қоса, заңға сәйкес Назарбаевқа Қауіпсіздік Кеңесіне өмір бойы төраға болу мәртебесі берілді.

<sup>33</sup> Исаакс Р. (2010), 'Informal politics and the uncertain context of transition: revisiting early stage non-democratic development in Kazakhstan' [Бейресми саясат пен өтпелі кезеңнің бұлыңғыр жағдайы: Қазақстанның демократиялық емес дамуының алғашқы кезеңін қарастыру], Демократияландыру, 17(1): 1–25 бет, ЦОИ:10.1080/13510340903453773 (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>34</sup> Азаттық Радиосы (2011) 'Конституция дополнена термином «Елбасы», который может править без выборов' [Конституция еш сайлаусыз билік құруға хақы бар «елбасымен» толықты], 15.01.2011, [http://rus.azattyq.org/content/referendum\\_nursultan\\_nazarbayev\\_power\\_prolongation/2276376.html](http://rus.azattyq.org/content/referendum_nursultan_nazarbayev_power_prolongation/2276376.html) (алынған күні: 06.11.2019).

<sup>35</sup> Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы (1999), 'Kazakhstan, Presidential Election, 10 January 1999: Final Report' [Қазақстан, президент сайлауы, 10 қаңтар 1999 ж.: қорытынды баяндамасы], 05.02.1999 <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/14771> (алынған күні: 06.11.2019).

<sup>36</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2000), Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы 2000 ж. 20 шілдедегі № 83-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitutional\\_laws/kazakhstan-respublikasynyn-tungyshh-prezidenti-elbasy-turaly](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitutional_laws/kazakhstan-respublikasynyn-tungyshh-prezidenti-elbasy-turaly) (алынған күні: 07.11.2019).

<sup>37</sup> 'Қазақстан Республикасының Заңы: Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы' [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37270187#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37270187#activate_doc=2) (алынған күні: 22.08.2019).

Содан бері Конституцияға бірнеше рет өзгеріс енгізілді (1-қосымшаны қараңыз), бұл ресми демократиялық институттарды күшейтуге ешқандай өзгеріс әкелген жоқ<sup>33</sup>. Жүзеге асырылған саяси реформалар мен конституциялық өзгерістердің бір-ақ мақсаты болды, ол — Назарбаев билікте отырған кезде жеке билігін күшейту және президенттіктен кеткен соң болашақтағы жағдайын қауіпсіз ету.

Қазіргі жүйе Назарбаевқа сахна сыртынан басқаруға мүмкіндік беріп отыр, бұл әсіресе Қауіпсіздік Кеңесіндегі (сыртқы және ішкі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтар беретін конституциялық орган), «Нұр Отан» билік партиясындағы және Конституциялық Кеңестегі лауазымдары арқылы іске асырылады. Атап айтқанда, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде Назарбаев қауіпсіздік құрылымдары арқылы жалпы саяси жүйені өз қолында ұстай алады. Оған қоса, Сингапурдің негізін қалаған тұлға, биліктен кеткен кезде «тәлімгер министр» болған марқұм

<sup>38</sup> Regnum.ru (2019), 'Назарбаев о двоевласти: «Есть один президент, и он главный», [Назарбаев қос билік туралы: «Бір ғана президент бар және ол басты адам»], 16.05.2019, <https://regnum.ru/news/2629530.html> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>39</sup> Fergana News (2018), 'Журналисты уточнили норму упоминания Ислама Каримова на узбекистанском ТВ' [Журналистер өзбек телевидениесінде Ислам Каримовты атау нормаларын нақтылап алды], 24.08.2018, <https://www.fergananews.com/news/32240> (алынған күні: 22.08.2019).

Ли Куан Юдің үлгісіне ұқсас, ол да биліктің ауқымды бейресми жүйесінде елеулі кеңесші рөлі арқылы үстем болып қала бермек. Назарбаевтың осы кеңесші рөліндегі ықпалы оның елдің маңызды экономикалық секторлары мен мемлекеттік институттарын тікелей және жанама бақылауында ұстауына байланысты болады. Бұл жағдай Назарбаевқа бизнес топтары, сонымен қатар Ресей мен Қытай сияқты елдің маңызды халықаралық серіктестері арасындағы таптырмас төреші болуға мүмкіндік беріп отыр.

Осының бәрі бұл биліктің ауысуы жеңіл болмайтынын білдіреді. Назарбаев пен Тоқаев арасындағы бәсекелестік елді тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Назарбаев қос билік орнады дегенді жоққа шығарды,<sup>38</sup> Тоқаев пен оның кеңесшілері де солай мәлімдеді. Расында, жаңа президент өзінің ресми лауазымын пайдалана отырып, «Тоқаев брендин» және командасын құрып жатыр. Орталық Азияның барлық елінде болған билік ауысуынан кейінгі шиеленістердің ұқсастығын ескере отырып, мұндай екі басшылыққа бөліну жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігіне қатысты алаңдаушылық тудырады. Қазақта «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген сөз бар.

### Жаңа президенттің билігін шектейтін шаралар

Назарбаевтың биліктің ауысуына дайындығының тағы бір белгісі болды. 2017 жылдың наурызында Қазақстанда конституциялық өзгерістер енгізілді. Ол бойынша қатаң әрі нақты түрде билік тармақтарын бөліп, қағаз жүзінде президенттің рөлін азайту арқылы демократияны күшейту көзделген еді. Өзгертулердің арқасында заң шығарушы тармақтың өкілеттігі артып, есесіне сол кезде президенттің өкілеттігі азайды, осылайша Назарбаев өзінен кейін президент болған кез келгеннің билігін шектегісі келетінін көрсетті. Үкімет енді негізгі бастамалары жөнінде парламентке және президентке есеп беруге міндеттеліп, теориялық тұрғыдан парламент министрлерді, оның ішінде премьер-министрді тағайындап не қызметінен алуға көбірек өкілеттікке ие болған еді. Президент бұдан бұлай заңнамалық жарлықтар шығарып немесе парламенттің үкімет мүшелеріне сенімсіздік білдіру шешімін жоя алмайды. Дегенмен бәсекеге қабілетті партиялық жүйе орнамай, бұл жүйедегі өзгерістер парламенттің президентке тежеме ретінде айтарлықтай әсері болмайды.

2017 жылғы конституциялық түзетулер көршілес Өзбекстандағы оқиғалардан кейін көп ұзамай енгізіліп, билікті тапсыру бойынша жоспарлаудың маңызын айқын көрсеткендей болды.

2016 жылы қыркүйекте кеңестік кезеңнен бері елді басқарған президент Ислам Каримов қызметте жүріп қайтыс болды. Кейінгі саяси ауыс-түйістер барысында Каримовке жақын адамдар жоғары жақтан ығыстырылды, ал оның мұрасы мен тәртіптерінен ішінара бас тартылды, бұл Назарбаевты алаңдатпай қоймады. Өзбекстан бұқаралық ақпарат құралдарында оның атын эфирде бірнеше рет айтуға немесе оның билігі туралы оң пікір білдіруге тыйым салынған кезде Каримовтың жеке басына табынуды тоқтатудың әрекеттері анық байқалды<sup>39</sup>. Оған адал болғандар биліктен қуылып, орнына келген Шавкат Мирзиёев өз адамдарын қоя бастады (дәл осындай жағдай Назарбаев үшін қарғыс алғанмен тең болар еді). Каримовтың жаназасынан бірнеше күннен соң және бұл сілкіністің ауқымы қандай болатыны нақты белгілі болғанға дейін Назарбаев өзінің бұрын премьер-министрі болған ықпалды Кәрім Мәсімовті Қазақстанның қуатты қауіпсіздік қызметінің (ҰҚК) басшысы етіп тағайындай отырып, өз басының жағдайын нығайтуға кірісті. Билік ауысқан өтпелі кезеңде арнайы қауіпсіздік қызметтерінің адалдығын қамтамасыз ету мақсатында бірнеше жоғары лауазымды шенеунік қамауға алынды.



## «Жасырын Конституция»

Қазақстанның Конституциясы ресми түрде биліктің тармақтарына бөлінгенімен, ол көбіне сыртқы көрініс қана. Бұл саяси биліктің ауысуы қалай өрбитінін болжауды одан сайын қиындатып жіберді, өйткені оның Назарбаев ізбасарларына тиімді түзетулер енгізе алатын осал тұсы бар. Өкініштісі, Назарбаев билігін нығайтуға бағытталған көптеген талпыныс жасаған сайын, сол енгізілген конституциялық өзгерістерге деген сенімді азайта берді.

Дегенмен Қазақстанның қалай басқарылатынын анықтайтын басқа «жасырын Конституция» бар, ел басшылығындағы билікті осы заң қамтамасыз етіп отыр<sup>40</sup>. Бұл көлеңкелі шешім қабылдау процесі бейресми түрде жасалады. Бұрын Назарбаев жіті қадағалап құрған вертикаль билік жүйесінің шыңында отырып еді (әлі де сонда отыр). Ол әртүрлі мүдделі топ арасындағы тепе-теңдіктен және тежемелерден тұратын жақсы ойластырылған жүйесі арқылы басқарып келді. Отбасы мүшелері мен оған жақын элиталық тұлғалар арасында рентаның бөлінуіне ықпал ете отырып, Назарбаев қазақстандық институттарға тәуелді емес, керісінше, бейресми жүйе арқылы әрекет етіп, өзіне ғана адал болатын адамдардан буфер құрды. Бұл қалыптасқан жүйенің салдарынан ел толыққанды дамымай, жүйе жаһандық бәсекеге қабілетті нарықтық экономикаға айналуға кедергі келтірді.

Қазақстанның саяси экономиясы Назарбаевтың отбасы мүшелері мен оған жақын адамдардың төңірегінде шоғырланған. Кәдімгі корпорациялық құрылым секілді, бұл жүйе де жоғарыдан төмен қарай басқарылады. Рента адамның иерархиядағы орналасқан орнына сәйкес есептеледі, бұл ретте Назарбаевпен етене жақын араласатындары ғана ең көп пайда көретін болды. Ең құнды экономикалық активтер, әдетте, оның отбасына немесе президенттің сенімді жақтастарына меншікке берілді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Назарбаев осындай көмекшілер мен «қазынашыларға» сенім артып, қолдаушы жүйені басқарып отырды. Бұл жүйедегі әрбір адамды өз мақсатына пайдаланып, ешкім өз ісінен басқа жағдайды толық көріп-білмейтіндей қолданылды.

Кейінгі 20 жылда әртүрлі отбасылық синдикат қалыптасып үлгерді, олардың негізінде бірнеше басты тұлға жатыр: Назарбаевтың үлкен қызы Дарига Назарбаева; күйеубаласы Тимур Құлыбаев (Назарбаевтың екінші қызы Динараға үйленген) және немере інісі Қайрат Сатыбалды. Бұл үш адам, жұбайлары, балалары және оларға жақын болғандар ел экономикасының үлкен бөлігіне ықпал етіп отыр.

Бұл бейресми жүйе тұрақты емес. Кейінгі 20 жыл ішінде ол түбегейлі өзгеріске ұшырап, әртүрлі тұлға жоғары көтеріліп, аты шықты, не болмаса төмен түсіп, жоғалып жатты. Бұл жерде екі оқиғаның маңызы зор. Біреуі — Құлыбаевтың ілгерілеуі. Бірнеше жылға созылған фракциялық күрестерден кейін үкімет 1998 жылы мұнай секторындағы жекешелендіру науқанын тоқтатты. Бұл шешімнің арқасында Құлыбаев маңызды мұнай және газ кәсіпорындарын иемденіп, бақылауына алды, нәтижесінде мұнай индустриясындағы буын алмасты (Назарбаевтың үш қызы да энергетика секторында мүдделері болып, күйеулері арқылы бәсекелесті). Келесі оқиға мынау: 2010 жылы Назарбаевтың сенімді адамы Владимир Ни қайтыс болды, осылайша президент айналасында вакуум пайда болды.

Бәсекелесуші мүдделі топтар, оның ішінде Назарбаевтың алыс-жақын туыстары да көп жағдайда сауда не саяси мәселелер бойынша қақтығысып жатты. Мысалы, Құлыбаевтың жоғары дәрежеге көтерілуі оңай болды деуге келмейді. Берілген дәрежеден сәл асып кетіп, билеуші отбасына пайданың үлесі берілмесе, игіліктер мен бәріне рұқсаты болу дәрежесі бірден тартып алынатын, не болмаса басы қоғамдық жанжалға қалатын еді. Дей тұрғанмен, дәрежесінен айырылып, аластатылған тұлғаларға кейде Назарбаевтың қасына жақындауға рұқсат берілетін, ол үшін бірінші «қатесі» үшін айыппұл төлеу керек және/немесе президент жүйедегі тепе-теңдікті өзгертуді ұйғарған болса ғана рұқсат.

<sup>40</sup> Исаакс Р. (2009), *Between Informal and Formal Politics: Neopatrimonialism and Party Development in Post-Soviet Kazakhstan* [Бейресми және ресми саясат арасында: неопатримониализм мен посткеңестік Қазақстандағы партиялық даму], докторлық диссертация, Оксфорд: Оксфорд Брукс университеті.



<sup>41</sup> BBC Hard Talk [Қиын әңгіме] (2018), Chairman of the Senate of Kazakhstan, Kassym-Zhomart Tokayev [Қазақстанның Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев], 21.06.2018, [https://archive.org/details/BBCNEWS\\_20180620\\_233000-HARDtalk/start/120/end/180](https://archive.org/details/BBCNEWS_20180620_233000-HARDtalk/start/120/end/180) (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>42</sup> Тынан Д. (2012), 'Kazakhstan: Top-Notch PR Firms Help Brighten Astana's Image' [Қазақстан: алдыңғы қатарлы пиар компаниялар Астананың беделін жақсартуға көмектесіп жатыр], Eurasianet, 18.01.2012, <https://eurasianet.org/kazakhstan-top-notch-pr-firms-help-brighten-astanas-image> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>43</sup> Оликер О. и Шлапак Д. А. (2005), U.S. Interests in Central Asia. Policy Priorities and Military Roles [АҚШ-тың Орталық Азиядағы мүдделері. Саяси басымдықтары мен әскери рөлдері], Санта-Моника: RAND Corporation, [https://www.rand.org/content/dam/rand/pubs/monographs/2005/RAND\\_MG338.pdf](https://www.rand.org/content/dam/rand/pubs/monographs/2005/RAND_MG338.pdf) (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>44</sup> Tengrinews (2019), 'Тоқаев об отчете наблюдателей ОБСЕ: Знаю эту кухню' [Тоқаев ЕҚЫҰ бақылаушыларының баяндамасы жайлы: мұның бәрін білемін], 10.06.2019 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokayev-ob-otchete-nablyudateley-obse-znayu-etu-kuhnyu-371041/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokayev-ob-otchete-nablyudateley-obse-znayu-etu-kuhnyu-371041/) (алынған күні: 22.08.2019).

Кейінгі бірнеше жыл ішінде саяси биліктің ауысу мәселесі өзекті болған сайын Назарбаевпен жақын қарым-қатынаста болғысы келетін бәсекелескен фракциялар мен тұлғалар арасындағы шиеленіс те арта түсті. Элита арасында болашақта не болатыны және қолдау жүйесінің игілігі енді қалай бөлінетіні туралы белгісіздік болды. Назарбаев бұл жүйені реттеуді қашанға дейін жалғастыратыны маңызды мәселеге айналды. Өйткені ол биліктің бір бөлігін өзінің ізбасарына табыс етті және ол мүдделі топтар арасында ендігері делдал бола алмайтын болса, жағдай қалай өзгертетінін ескеру керек. Назарбаев ақыры саяси аренадан кететін болса, үлкен экономикалық күштердің қақтығысы болатыны анық.

## Екіжүзді басқару үлгілері

Қазақстан әртүрлі аудиторияға әртүрлі басқару үлгісін көрсетеді. Мәселен, «тұрақтылық пен демократия арасындағы нәзік тепе-теңдікті ұстап тұрғанымен» мақтанып, Еуро-Атлантикалық серіктестеріне демократиялық қағидаларды ұстанатынын көрсетеді<sup>41</sup>. Билік экономика, саясат және қауіпсіздік салаларындағы басты серіктестері Ресей мен Қытайға авторитар басқарудың тиімділігін мойындайтынын көрсетіп жатыр. Үкіметтің табысты көпвекторлы сыртқы саясаты және Батыстың серіктесі ретінде қауіпсіздік саласындағы жетістіктері, оның ішінде 2017–2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде тұрақты емес мүшесі болуы және Сирия бойынша бейбіт келіссөздері, «Астана процесін» өткізуі Батыстың құндылық нормаларынан алшақтап бара жатқан шындықты бүркемелейді.

Режим халықаралық жүйемен қарым-қатынасы арқылы ел ішінде және халықаралық деңгейде өзінің заңдылығын қамтамасыз етті. Геосаяси тұрғыдан даулы аймақта орналасқан Қазақстан сындарлы сыртқы саясат жүргізді, энергия ресурстарына инвестиция тартуға болатын ел ретінде маңызды болды. Осының арқасында елдің шын мәнінде қалай әрекет ететінін көрсетпейтін өзгеше сыртқы келбеті қалыптасты. Нәтижесінде, Батыс саясаткерлерінде Қазақстан туралы қате түсінік қалыптасып, саяси жүйенің нағыз кемшіліктері олардың назарынан тыс қалып жатыр. Республика өзін прогрессив, асқақ мақсаттарға ұмтылған ел ретінде танытып отыр және ел беделін бақылауда ұстау үшін халықаралық PR компаниялар және ақпарат құралдарын барған сайын жоғары деңгейде қолданып отыр<sup>42</sup>.

Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін демократиялық деңгейі айтарлықтай ілгерілеуіне қарамастан, батыс үкіметтері мен институттарының Қазақстанның ресми жүйесін дамытуда рөлі шамалы болды. Бейресми мемлекеттік басқарудың маңызын да жөнді түсіне алмаған тәрізді<sup>43</sup>. Қазақстан өзінің егемендігін нығайтып, саяси егемендікке қол жеткізіп, зәру болған инвестиция тартуға көмектескен Батыстың қолдауын қуана қабылдаған еді. Дегенмен Батыс серіктестерінің демократиялық талаптары елдің алаңдаушылығын туғызған еді<sup>44</sup>. Осындай ойлар қазір Қазақстан халқының кейбір бөлігінде таралып жатыр, олар Батысты үлгі тұтпайды, тіпті ресейлік БАҚ-тың үгіт-насихатына иланып, Батыс елдеріне күдікпен қарай бастады.

Freedom House құқық қорғау ұйымы Қазақстанды авторитарлық саяси жүйе орнаған, әлсіз екі палаталы парламенті бар елдер қатарына жатқызады<sup>45</sup>. Ресми түрде Конституцияда президент премьер-министрді тек парламенттің келісімімен ғана тағайындайды делінген (бірақ заң

**Кейінгі бірнеше жыл ішінде елдің көңілінен шықпаған және халықпен талқыламай, жоғарыдан төмен қарай жіберілген бастамалар жұрттың ашуын тудырып, саяси наразылық білдіруіне алып келді.**

шығарушы орган президент ұсынған премьер-министрді қабылдамаған кезі болған емес)<sup>46</sup>. Осы уақытқа дейін премьер-министр мен атқарушы биліктегілер әрдайым тұңғыш президентке жақын адамдардан тұрып, оның айтқанынан шықпайтындар еді. Назарбаев бұл адамдарға керісінше өз бақылауын орнатып, саяси «музыкалық орындықтар» ойыны іспеттес оларды жиі орнынан алып немесе ауыстырып отырды. Осылайша, оның билігіне қауіп төндіретіндей ешкім саяси бедел мен салмақ жинап үлгермеді. Нәтижесінде, саяси шешімдер тек қысқа мерзімге ғана қабылданып отырды. Қазіргі белгілерге қарасақ, қос билік кезінде де мұндай жағдай өзгермейтін тәрізді.

## Бейресми басқару Қазақстанның әлеуетін тежеп тұр

2000 жылдары энергия тасымалдаушылардың бағасы шарықтап тұрған кезде Қазақстанның ЖІӨ-сі екі таңбалы санға жетті,<sup>47</sup> Назарбаевтың «әуелі экономика» саясаты халыққа қолайлы болды. Президент өзінің көбіне саясаттан алыс сайлаушыларының арасында шынымен де танымал болды. Қазақстан осындай қиын өңірде орналасса да, тұрақсыздыққа жол бермеді және көршілес елдерге қарағанда өмір сүру деңгейінің жоғары болуы сияқты табыстар Назарбаевтың қолдауын нығайтты.

Дегенмен 2014 жылы мұнай бағасының құлдырауы мен Украинадағы дағдарысқа байланысты Ресейге салынған санкциялар салдарынан ел экономикасының өсімі баяулады, бұл басқару саласындағы көптеген мәселенің бетін ашты. Оларға ресми институттардың әлсіздігі мен тиімсіздігі, сыбайлас жемқорлық, азаматтық қоғам аясының тарылуы және азаматтардың саяси процестерге аз қатысуы жатады. Кейбір мәселе кеңес заманынан бері шешімін таппай келе жатса, енді біразы елдің қазіргі жүйесінде пайда болды. Бұның барлығы елдегі тұрақты әрі инклюзив экономикалық өсімге кедергі болып, сонымен қатар Қазақстанның еркін нарық, адам құқықтарын құрметтеу және құқық қағидаларына негізделген ашық қоғам құруына жол бермеді. Бұл шағымдарды наразы халық қорықпай, ашық айта бастады.

Бейресми жүйе мен әлсіз институттар сыбайлас жемқорлықпен қатар жүреді. Қазақстанда қолдау жүйесі заңдылық пен жемқорлық, жекеменшік пен мемлекеттік, ресми және бейресми және саяси, экономикалық мәселелердің арасын шайып жібереді. Сыбайлас жемқорлық және заңның үстемдігі жөнді атқарылмауы экономиканың өсімін тежейді. Осының кесірінен мемлекет халықты сапалы жұмыспен, денсаулық сақтау және білім беру ісімен дұрыстап қамтамасыз ете алмайды. Мемлекеттік құрылымдардың қоғамның осал бөліктеріне жете алмауы мұсылмандық басқару не қауымдық құрылымдардың көбеюіне әкеледі (Бесінші тарауды қараңыз)<sup>48</sup>.

Сонымен қатар, постназарбаев жағдайындағы мәртебесіне алаңдаған элита Қазақстаннан тыс жерлерде байлығын заңдастыру үшін Батыс институттарын пайдалануға тырысып жатыр.

Нәтижесінде, елден капиталдың кетуі артты, тәуелсіздік алғаннан бері елден шығарылған қаражаттың көлемі 140 млрд долларға жетті<sup>49</sup>. Global Financial Integrity атты АҚШ-тың сараптамалық агенттігі Қазақстанды заңсыз қаржы ағындарының көлемі бойынша әлемде 18-орынға қойды<sup>50</sup>.

Әлеуметтік-экономикалық наразылықтың артуына байланысты алаңдай бастаған режим 2015 жылы сәуірде мерзімінен бұрын президент сайлауын, 2016 жылы наурызда парламент сайлауын өткізуге итермеледі. Дәл осы фактор да Назарбаевтың 2019 жылы президенттіктен кетуіне себепші болуы мүмкін<sup>51</sup>. Ол 2015 жылғы сайлауалды бағдарламасында басқару мәселесіндегі олқылықтарды шешуді өзінің саяси мақсаттарының бірі ретінде айтқан еді. Қайта сайланғаннан кейін (шамамен 98% дауыс жинаған) Назарбаев президенттің өкілеттігін қысқартып, үкімет пен парламентке кішкене еркіндік берді. «100 нақты қадам» реформалар бағдарламасын

<sup>46</sup> Freedom House (2018), 'Nations in Transit: Kazakhstan' [Өтпелі кезеңдегі елдер: Қазақстан], <https://freedomhouse.org/report/nations-transit/2018/kazakhstan> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>46</sup> 44-1-бап.

<sup>47</sup> Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'GDP growth (annual %) — Kazakhstan', [ЖІӨ өсімі (жылдық пайыз) — Қазақстан], <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.KD.ZG?locations=KZ> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>48</sup> Сейдахметова Б. (2018), 'Fighting patriarchy in Kazakhstan: problems and perspectives' [Қазақстандағы патриархатпен күресу: мәселесі мен келешегі], [openDemocracy](https://www.opendemocracy.net/en/odr/fighting-patriarchy-in-kazakhstan/), 19.06.2018, <https://www.opendemocracy.net/en/odr/fighting-patriarchy-in-kazakhstan/> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>49</sup> MK.ru (2015), Отток капитала из Казахстана в офшоры составил 140 млрд. долларов [Қазақстаннан офшорларға ағылған капиталдың көлемі 140 млрд АҚШ доллары көлеміне жетті], 21.05.2015, <https://mk-kz.kz/articles/2015/05/21/ottok-kapitala-iz-kazakhstana-v-ofshory-sostavil-140-mlrd-dollarov.html> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>50</sup> Global Financial Integrity (2019), Illicit Financial Flows to and from 148 Developing Countries: 2006–2015 [148 дамушы елдің заңсыз кіргізілген және шығарылған қаржы ағындары: 2006–2015], <https://www.gfintegrity.org/wp-content/uploads/2019/01/GFI-2019-IFF-Update-Report-1.29.18.pdf> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>51</sup> Автор бұл ақпаратты 2019 жылы наурызда Астанада жүргізген сұхбаттары барысында алды.

<sup>52</sup> Қазақстан Республикасының Сидней қаласындағы Бас Консулдығы (2015), 'The 100 concrete steps set out by President Nursultan Nazarbayev to implement the five institutional reforms' [Ұлт жоспары — Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам], 20.05.2015, <http://mf.gov.kz/en/sydney/content-view/100-konkretnyh-sagov-sovremennoe-gosudarstvo-dla-vseh> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>53</sup> Халықаралық валюта қоры (2018), 'Kazakhstan: Staff Concluding Statement of the 2018 Article IV Mission' [Қазақстан: IV бапқа сәйкес ХВҚ қызметкерлерінің 2018 жылғы миссиясының аяқталуы бойынша қорытынды мәлімдеме], 28.06.2018, <https://www.imf.org/en/News/Articles/2018/06/28/ms062818-kazakhstan-staff-concludingstatement-of-the-2018-article-iv-mission> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>54</sup> МК.ру (2019), 'Мемы о переименовании Астаны в Нурсултан заполнили соцсети' [Астананың атауын Нұр-Сұлтанға өзгерту туралы мемдер әлеуметтік желіде тарап кетті], 20.03.2019, <https://www.mk.ru/social/2019/03/20/memy-o-pereimenovanii-astany-v-nursultan-zapolnili-socseti.html> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>55</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2012), 'Strategy "Kazakhstan-2050": new political course of the established state', «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Халыққа жолдау, 14.12.2012, [http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses\\_of\\_president/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state](http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state) (алынған күні: 28.10.2019).

жариялады, оның мақсаты кәсіби мемлекеттік аппарат құру; мемлекеттік қызметтің полиция және сот жұмысын оңтайландыру, ашықтық пен халық алдында есеп беруді арттыру; заң үстемдігіне қолдауды арттыру болды<sup>52</sup>.

Билік бұл бағдарлама барысы, қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы мүлдем дерлік ақпарат жарияламады, дегенмен сот жүйесінде кейбір тұстары жақсарғаны байқалды<sup>53</sup>. Бағдарламаны жүзеге асыруға саяси инерция және басшылықтың ауысуы кедергі келтірді, әсіресе соңғысы жаңа бюрократияның пайда болуына және Қазақстандағы шешім қабылдау процесіне керексіз сақтыққа әкелді.

Оған қоса, ел басшылығы 2013–2020 жылдарға арналған жергілікті өзін-өзі басқару стратегиясының екінші кезеңін жүзеге асырып жатыр. Ол бойынша жергілікті билік органдарына кең әкімшілік және қаржылық өкілеттік беру қарастырылған. Қоғамның бюджет және басқа да талқылауларға қатысуын кеңейтуге деген ұмтылысы мақтауға тұрарлық, бірақ үкімет азаматтық қоғам мүшелеріне қоғамдық кеңестерге кіруге мүмкіндік жасаудың орнына, өз адамдарын қоюға тырысуы осы маңызды шараға кері әсерін тигізді.

### Элита мен бұқара халық арасындағы алшақтықтың артуы

Кейінгі бірнеше жыл ішінде елдің көңілінен шықпаған және халықпен талқыламай, жоғарыдан төмен қарай жіберілген бастамалар жұрттың ашуын тудырып, саяси наразылық білдіруіне алып келді.

Даулы шешімдердің қатарына ел астанасының атауын Нұр-Сұлтан деп өзгерту (бұрынғы Астана);<sup>54</sup> зейнетақы қорларын біріктіру; қазақ тілін кириллицадан латын қарпіне ауыстыру шешімі және жер реформалары кіреді. Бұрын сенімді ақтамаған министрлерді әрдайым жаңа қызметтерге тағайындай беру де халықтың ызасын келтірді. Назарбаев Қазақстанды 2050 жылға қарай ең дамыған 30 елдің қатарына қосу<sup>55</sup> сияқты тым асқақ мақсаттар қойып, асыра сілтеп жіберді деген сезім халықтың оған деген сенімін азайтып, көңілін қалдырды.

ЭКСПО-2017 көрмесі сияқты беделді жобаларға қыруар қаржы ресурсы жұмсалды, олар халыққа айтарлықтай пайда әкелмеді және көбіне әрдайым сыбайлас жемқорлық жанжалымен аяқталды. 2018 жылы Дубай халықаралық қаржы орталығына (DIFC) ұқсас жаһандық қаржы хабы ретінде ойластырылған Астана халықаралық қаржы орталығын (AIFC) құру — жүзеге асыруға қиын жобалардың бір мысалы ғана. AIFC заңнамасы жалпы құқық қағидаларына жартылай негізделген. Қазақстан DIFC үлгісін таңдауды ұйғарды, ол бойынша жаңа және ерекше заңдар шығарылады. «Абу-Даби Глобал Маркет» (ADGM) қаржы орталығының үлгісін таңдамады, онда ағылшын заңы ғана қолданылады. Дегенмен AIFC заңнамасын құру барысында жалпы құқық пен азаматтық құқық нормалары мен қағидаларының біріктіруі ретсіздікке әкелді. Қазақстандық заңгерлермен болған жеке әңгімелесу кезінде олар үкімет оқшаулы бір жерде ғана заң үстемдігін орнатқанша, сот жүйесіндегі кемшіліктерді бүкіл ел бойынша жөндеу керек еді деген шағым білдірді. Сондықтан елде қосарланған құқық жүйесі ғана емес, өзінің құқықтық жүйесі гибриді болғандықтан, тиімді жұмыс істей алмайды деп алаңдататын AIFC де бар.

Әлеуметтік желілерде жиі жарияланып тұратын пікірлерде ел азаматтары үкіметті сән-салтанатты конференциялар ұйымдастырып, лауазымды тұлғалардың барып-қайту шығындарын өтеуге бюджет қаражатын жұмсағаны үшін сынға алып жүр. Конституцияны өзгерту туралы ұсыныстар елдің ызасын тудырып жатыр. Орта таптағы сайлаушылар реформа мен басқару жөніндегі биліктің сөзіне күмәнмен қарайтын болды.

Экономикалық қиындықтар да халық наразылығын одан сайын күшейтіп жатыр. Қашаған мұнай кен орнындағы өндірістің басталуы мен 2018 жылы мұнай бағасының бірнеше рет күрт өсуі нәтижесінде ресми ЖІӨ

өсімі қалпына келуі елдегі қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайды және нақты жалақыға 2015 жылғы теңгенің құнсыздануының әлі де сезілетін әсерін білдірмей жіберді. Кейінгі бірнеше жыл ішінде зорлық-зомбылық қолданылған бірқатар жанжалдың лап ете түсуі және жұмысшылар мен тұрғындардың наразылығы көбейгені үкіметті алаңдатып отыр. Олар қолдау жүйесіндегі шиеленіскен жағдайға тура келді, өйткені элита мүшелері арасында сарқылып жатқан мемлекеттік ресурстар үшін бәсеке күшейді. 2015 және 2018 жылдар арасында жемқорлыққа қарсы күрес күшейді. Ішінара болсын әділеттік орнатудың нәтижесінде қазіргі және бұрынғы министрлерді тұтқынға алу оқиғалары көбейді. Мемлекеттік бақылау да артып келеді. ҰҚК-нің рөлі одан сайын кеңейіп, азаматтық қоғамды бақылау мен қадағалау күшейтілді. Осылайша либералды басқару бағытында даму мүмкіндігі шектелді.

2019 жылы маусымдағы президент сайлауына «Нұр Отан» партиясы атынан Тоқаев ұсынылған соң, үлкенді-кішілі қалалардағы мыңдаған наразы халық көшеге шықты. Бұл кейінгі жылдардағы ең үлкен наразылық білдіру оқиғасы болды<sup>56</sup>. Сайлауға дейін және одан кейін болған наразылықтар кезінде республиканың жазалаушы құқық қорғау күштеріне қарамастан, халық теңдессіз батылдық көрсетті. Бұл наразылықтар Араб көктемі не болмаса жуырда болған Гонконг, Чили не Боливияда болған үкіметке қарсы наразылықтың ауқымына жетпесе де, жасы, жынысы және әлеуметтік жағдайы бойынша әртүрлі демографиядан болып, елдегі наразылық деңгейін ашық көрсетті. Назарбаев саяси аренадан кетуі мүмкін деген белгіден кейін, Қазақстан саяси жолайрыққа таяды, осы кезде халық саяси келешегін талап етуге берілген бірегей мүмкіндік келгенін сезді.

## Қазақстан 2.0

Назарбаев Қауіпсіздік Кеңесіне және «Нұр Отан» партиясының саяси кеңесіне өзінің сенімді адамдарын қойды. Оның келешектегі билігін сақтап қалуы осы билік орталықтары мен қауіпсіздік органдарындағы жақтастарының адалдығына байланысты. Дегенмен қос билік құрылымының енгізілуі теорияда оңай болғанымен, іс жүзінде қиын болмақ. Орталық Азиядағы тәуелсіз посткеңес республикаларының тарихына қарасақ, онда басында адал болып көрінген избасарлар уақыт өтіп, нағыз билікті қолына алған сәтте өзі шыққан жүйеге қарсы болған талай мысал бар. Сонымен қатар, Қазақстан басқа Орталық Азиядағы бірде-бір ел жасамаған экспериментті бастап, саяси тандем арқылы биліктің ауысуын жасады, бұл тіптен қиын сынақ болары анық. Назарбаев өзінің бұрыннан қалыптасқан «Елбасы» имиджін нығайтуға ұмтылатыны бәріне түсінікті. Дегенмен Орталық Азия қоғамдары ішкі проблемаларды шешу үшін неғұрлым ресми өкілеттігі бар адамның айналасына топтасуға бейім екенін талай рет дәлелдеді. Қазақстан жағдайында ондай адам Тоқаев болмақ. Дегенмен мұндай жағдай іске асу үшін Тоқаев өзін көрсетуі керек, ал мұндай қадам Назарбаевпен немесе оның жақтастарымен текетіреске әкелуі мүмкін.

Көршілес Қырғызстан мен Түркіменстандағы оқиғалардан тағылымды сабақ алуға болады. 2017 жылы Қырғыз елінің президенті Алмазбек Атамбаев қайта сайлану мүмкіндігі шектелгендіктен, Сооронбай Жээнбековті өзінің избасары ретінде таңдады. Мемлекеттің әкімшілік ресурстарының арқасында Жээнбеков 2017 жылы қазанда өткен президент сайлауында (аз ғана басымдықпен) жеңіске жетті. Дегенмен Атамбаев биліктен толығымен кеткісі келмеді, бұл Жээнбековті бұрынғы ізашарынан тиіспеу құқығын алып тастап, оны және бұрынғы әкімшіліктің басты мүшелерін тұтқындауға итермеледі<sup>57</sup>.

Сол сияқты, Сапармұрат Ниязов қайтыс болғаннан кейін Түркіменстандағы биліктің ауысуын бақылау әрекеті сол кездегі элитаны сақтап қалуға апармады. Керісінше, Ниязовтың тағайындаған избасары Гурбангулы Бердімұхамедов ескі гвардияны «тазалауға» кірісіп, бұрынғы президентке адал генералдарды алып тастап, орнына өзінің туған-туыстарын қойды.

<sup>56</sup> BBC (2019), В Казахстане большинство голосов набирает Токаев. На улицах беспорядки, задержаны более 500 человек [Қазақстанда Тоқаев көп дауыспен жеңіске жетті. Көшеде тәртіпсіздіктер болып, 500-ден астам адам қамауға алынды], 09.06.2019, <https://www.bbc.com/russian/news-48572464> (алынған күні: 22.08.2019).

<sup>57</sup> Азаттық Радиосы (2019), Алмазбек Атамбаев заключен под стражу до 26 августа [Алмазбек Атамбаев 26 тамызға дейін қамауға алынды].



## 2019 жылы қазанда енгізілген кадр тағайындау мәселесі бойынша кеңес беруші өкілеттіктер Назарбаевтың Қауіпсіздік Кеңесіндегі ықпалын күшейтті.

Болашақта туыстары мен жақындарының басына дәл осындай күн тумас үшін Назарбаев Каспий теңізінің арғы бетіндегі билікті әкеден балаға беретін Әзербайжан үлгісін қабылдауы мүмкін еді. Бұл сценарий бойынша, уақыт келгенде Тоқаев билікті бұрын премьер-министрдің орынбасары болып, қазір Сенат төрағасы болған (Конституция бойынша мемлекет басшысы бола алатын келесі тұлға) Дариға Назарбаеваға тапсыруға тиіс болады. Дегенмен Қазақстан халқының кейбір бөлігіне, билікке Назарбаевтан кейін енді оның отбасы мүшесінің келуі мүлдем жағымсыз болар еді. Назарбаев басқарып отырған Қауіпсіздік Кеңесі билік ауысу сценарийінде басты ойыншы болады, себебі президент тағайындауында ішкі мәліметтерге ие болатыны анық. Теория жүзінде, бұл билік басындағы отбасына технократтық президенттерді қалауы бойынша ауыстырып отыруға, ал басты билік институттарын Қауіпсіздік Кеңесі арқылы бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Бұл рөлге Дариға Назарбаева, не болмаса қатты танымал отбасы мүшесі лайық үміткердің бірі болуы мүмкін.

2019 жылы қазанда енгізілген кадр тағайындау мәселесі бойынша кеңес беруші өкілеттіктер Назарбаевтың Қауіпсіздік Кеңесіндегі ықпалын күшейтті. Бұл кезеңде Назарбаев қайтыс болған немесе орнынан кеткен жағдайда Кеңес төрағалығы қалай ауысатыны туралы рәсімдер әлі қарастырылмаған. Қауіпсіздік Кеңесі туралы заң оған осы органда өмір бойы төрағалық ету мәртебесін берген. Бұл Қазақстанның саяси жүйесінде Назарбаевтың болашақ рөлі қандай болады деген алаңдаушылық бар. Мәселен, ол әрекет қабілеттігінен айырылар болса, оның өкілеттіктері не болмақ деген мәселе қазіргі Конституцияда әлі де нақты шешіліп жазылмаған. Назарбаевтың кейбір өкілеттігі «Тұңғыш Президент» ретінде беріліп, онымен бірге кетеді десек, кейбір бақылау жөніндегі өкілеттік оған Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде берілді. Сондықтан теориялық тұрғыдан бұл өкілеттіктер келесі төрағаға да берілуі тиіс.

Қазақстан Орталық Азиядағы экономикасы ең дамыған ел саналады. Орасан зор табиғи ресурстары мен білімді халқы бар елден көп нәтиже күтілген еді, бірақ Назарбаевтың басқаруы ондай нәтижеге жөнді жете алмады. Оған бірден-бір себеп режимнің қажетті институттарды қалыптастыра алмауынан болды. Жаңа президент кезінде де жағдай оңалады деп күтуге болмайды.

Президенттің міндетін атқарушы ретінде Тоқаевтың бірінші қабылдаған шешімі Қазақстан астанасының атауын бұрынғы президенттің құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгерту болды. Бұл шешім бірден халықтың наразылығын тудырып, Тоқаев бар болғаны Назарбаевтың айтқанынан шықпайтын құрал деген күдікті растады. Маусым айында сайлауда жеңіске жеткеніне қарамастан, Тоқаев Қазақстанның саяси экономикасында әлі де екінші орында қалып, Назарбаев бекіткен стратегиялық бағытын жалғастыруға уәде етті. Дей тұрғанмен, ол аз да болсын өзінің беделін жақсартуға жұмыс істеп, алдыңғы президенттен өзгешелігін көрсетуге тырысты. Саяси элита арасында биліктегі жақтастарын жинау үшін мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, Тоқаев технократтық құзыреттілікті көрсете отырып және популистік саясат жүргізу арқылы халықтың арасында өз билігінің заңдылығын нығайтуға тырысатын сияқты.

Тоқаев жасақтаған үкіметінің шілдеде өткен алғашқы кеңейтілген отырысынан бері жаңа президент бірқатар саяси мәселенің егжей-тегжейін жақсы түсінгенін көрсетті. Осы кездесулерде сөйлеген сөзін



теледидардан көрсетіп, ол тиімді және білікті басшы деген көзқарас қалыптастырды. Ол министрлерге нақты мәселелер бойынша орынды сұрақ қоя алатынын көрсетті. Бұл бұрын министрлерге жиі ашулы сөгіс беретін, ауызекі тілде қолданылатын қарапайым сөздер айтатын Назарбаевтың жұмыс істеу мәнеріне мүлдем ұқсамады. Оған қоса, Тоқаев халыққа түсінікті нақты технократтық шараларды қабылдауға көңіл бөліп жүр. Ол қырқүйекте Қазақстан халқына жасаған жолдауында ірі мемлекеттік бағдарламаларды тілге тиек етпей-ақ, халықтың өмір сүру сапасын, мемлекеттік басқару және әлеуметтік мәселелер бойынша қабылданатын нақты шаралар жайлы айтып өтті. Оған шағын бизнес үшін салық демалысын жариялау және әлеуметтік осал топтар үшін жеңілдіктер кірді. Қазан айында мас күйінде көлік жүргізгені үшін берілетін жазаны күшейтті, даулы тау-шаңғы курортының құрылысын тоқтатты және қалалық жылумен қамтамасыз ету жүйесі көмірден газға ауысатынын жариялады. Осылайша, тұрғындардың көкейінде жүрген қоршаған ортаны ластау секілді үлкен мәселе шешілетінін айтты. Оның айтқан сөздерінде Назарбаевтың отбасы мүдделеріне қайшы келетін тұстары да болды.

Бұл саяси мәлімдемелер Тоқаевқа бұрынғы президенттен сәл алшақтауға мүмкіндік берді. Ол Назарбаев пен оның жақтастары қабылдаған кейбір шешімді қатты сынады және Нұр-Сұлтан қаласының жобалауында кемшіліктер кеткенін айтып өтті. Ал елорданың дамуына Назарбаевтың тікелей қатысқанын ескерсек, бұл шынымен де батыл қадам болды.

Сонымен қатар, Тоқаев қазақ тілінің кириллицадан латын қарпіне көшу мәселесіне тоқталып, таңдалған әліпби нұсқасын қайта қарастыру керек екенін айтты. Бұл да — Назарбаев ұсынған бастаманың бірі.

Оған қоса, Тоқаев мемлекеттік қызметкерлер арасында қолдау жинау үшін бірнеше қадам жасады. Ол жаңа Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру үшін едәуір саяси капитал жұмылдырды. Бұл кеңес, ресми мәліметтер бойынша, сайлаудан кейінгі наразылықтан кейін туындаған қоғамдық шиеленісті басу үшін құрылды. Оған тәуелсіз азаматтық қоғам өкілдері кірді; кеңес президенттің жанындағы тәуелсіз саяси орган ретінде әрекет етпек. Тоқаев немесе оның қоластындағы лауазымды қызметкерлер кеңестің әртүрлі мүшесімен апта сайын кездесіп отырады. Президенттің тағы бір шешімі бойынша, мемлекеттік қызмет саласында жаңа көшбасшыларды қалыптастыру үшін жеделдетілген курстарға жылдың соңына қарай 300 адамды іріктеп алу керек.

Тоқаевтың бұл қадамдары оны білікті және ниеті түзу деп санайтын жұртшылықтың белгілі бір сенімін оятқандай болды. Дегенмен осындай жеңістердің ауқымы салыстырмалы түрде мардымсыз және саны тым сирек болды. Сондықтан бұл элитаның немесе жалпы халықтың арасында адал қолдаушылар қалыптастыруға әлі жеткіліксіз. Оның әкімшілік саясатқа көп көңіл бөлгені, танымалдығына қарамастан, стратегиялық мәселелер бойынша салыстырмалы түрде әлсіз екенін көрсетеді. Олардың қатарында ірі инвестициялық шешімдер қабылдау және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі экономикалық активтерді басқару сияқты мәселелерді айтуға болады. Оның мәлімдемелері көбіне Назарбаевтың және қазіргі кезде көбіне Дариға Назарбаеваның кең таралатын көпшілік алдында сөйлеуінің көлеңкесінде қалып отыр.

**Артынан жіті бақылап тұрған Назарбаевтың сұлбасы кетпейінше, Тоқаев шын мәнінде маңызды құрылымдық және институционал экономикалық реформаларды іске асыруы екіталай.**

Артынан жіті бақылап тұрған Назарбаевтың сұлбасы кетпейінше, Тоқаев шын мәнінде маңызды құрылымдық және институционал экономикалық реформаларды іске асыруы екіталай. Себебі бұл көптеген ықпалды адамның қаржы негіздеріне қауіп төндіріп, бұл активтерді қалай иемденгені туралы тексерістерге итермелеуі мүмкін.

Басқарудың осы факторларына және географиялық, геосаяси мәселелерге байланысты биліктің жөнді ауысуын қамтамасыз ету күрделі болмақ. 2019 жылдың ортасында наразылық білдірген халықтың талабы өткен жылдарға қарағанда әртүрлі болды. Олар негізінен Қазақстандағы саяси жүйенің сипатына және бұрыннан бері шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты болды. Тоқаев бюджет қызметкерлерінің жалақысын арттыру және мемлекеттік жеңілдіктер ауқымын кеңейтуді қамтитын популистік шаралар қабылдайтынын жариялаған еді. Дегенмен бұл шығындар бойынша міндеттемелер салық ауыртпалығын күшейтеді және жүйелік қатеден туған шағымдарды саяси және қаржылық тұрғыдан шешу қиын болатыны анық.

Қазан айында Назарбаевпен тағайындаулар жөнінде кейбір келіспеушілік болғандықтан, ол өз әкімшілігін Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасымен (яғни, Назарбаевтың өзімен) бірқатар жоғары лауазымды тағайындауды келісуге міндеттейтін жарлыққа қол қойды. Бұл жарлықта бас прокурор, Ұлттық банк төрағасы және ҰҚК басшысы, оған қоса министрлер және қала мен облыс әкімдері секілді лауазымдарды қамтиды. Сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министріні тағайындау бұл жарлықта қарастырылмаған. Осындай жарлықтың жариялануы билік ауысуының динамикасы әлі де дамып келе жатқанын көрсетеді және Назарбаев Тоқаевтың тәуелсіз әрекет етуінен сескенетінін аңғартты. Назарбаевпен кеңесу талабы міндетті болмағанымен, Тоқаев бұрынғы президентті елемейтіндей саяси капиталы әлі қалыптасқан жоқ.

Бұл Жарлық 2018 жылы онсыз да елеулі өкілеттікке ие болған Қауіпсіздік Кеңесінің мәртебесін тағы көтерді (Президент әкімшілігінің есебінен), оған кез келген мемлекеттік мекемеге бұйрық беру құқығы да кіреді. Осылайша бұл орган кеңес кезеңіндегі саяси бюро немесе Қытай Коммунистік партиясы саяси бюросының тұрақты комитеті секілді басқару кеңесіне айналуы ықтимал. Тағы бір ескеретін жайт, Қауіпсіздік Кеңесінде Назарбаевқа жақын не туыстық байланыстағы жандар, атап айтқанда, Қалмұханбет Қасымов (Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы) және Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев секілді адамдары көп.

2019 жылы шілдеде Ұлттық қоғамдық сенім кеңес құрылды, Тоқаев осылайша елге құрылымдық реформалардың қажеттігін түсінгенін көрсетеді. Сайлау жүйесін өзгерту, бәлкім бір мандатты сайлау округтерін енгізу және партияларды тіркеудің талаптарын жеңілдету қоғамдық наразылықтың жалынын өшірмей тұрған «оттегіден» айырып, саяси жүйені институционалдық түрде нығайтуы мүмкін. Егер бұрынғыға қарағанда парламенттің саяси салмағы расымен де артатын болса (2017 жылғы конституциялық түзетулерде көзделгендей), ол Назарбаевтың тағы бір кепілдігі болып, Тоқаевты бақылауда ұстайтын құралы бола алады; дегенмен, ол дәл солай Тоқаевтың шешімдерін заңдастыру құралына да айнала алады. Тоқаев ескі кадрлардан тұратын қазіргі парламент өсіп келе жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістерге және бұқара халықтың талаптарына жауап беруге жарамсыз екенін біледі. Сол себепті жаңа президент дәстүрлі халықпен байланысу арналарын қолданбай, оны айналып өтуге тырысады. Ол үшін әлеуметтік желілерде аккаунттар ашып, министрлерді де осылай істеуге шақырды, сонымен қатар азаматтарға шағым беруге мүмкіндік беретін онлайн-платформалар енгізді.

Алдағы парламент сайлауы Қазақстанның мемлекеттік басқаруы қандай бағытқа қарай дамидынын көрсетеді. Сайлау ресми деректер бойынша 2021 жылы өткізілуі керек, бірақ оппозициялық күштерді шатастыру үшін ертерек өткізілуі мүмкін. Билік басындағылар плюрализмге ұқсас көрініс

жасау үшін рұқсат етілген оппозициялық кандидаттарды қатыстыруы ықтимал. Дегенмен шынымен тәуелсіз партиялар тіркеуден өтетін болса, бұл халықтың ашуын сәл де болса басар еді. Назарбаевтың билігі біртіндеп әлсіреп бара жатқанын және оларды өзгелермен ауыстыруға болмайтынын білетін элита өкілдері бұрынғы президент қоғамдық өмірге араласуын ақырындап азайтқан сайын, олар заң шығарушы органды өздерінің биліктегі дәрежесін нығайту үшін пайдалана бастауы мүмкін. Атап айтқанда, осы сайлау кейінгі кезде саяси белсенділік танытып жүрген елбасының үлкен қызы Дариға Назарбаеваға жаңа платформа болуы мүмкін. Оның заң шығарушы билік тармағының күшін атқарушы биліктен арттыру бойынша бастама көтеруі және Қазақстан халқы Ассамблеясындағы жаңа белсенділікті ынталандыруға тырысуы оған жалпыұлттық қолдау базасын бере алар еді.

Дей тұрғанмен, парламент сайлауы әділ және мейлінше плюралистік бола қоймас. Халықтан шыққан ең белсенді қозғалыс «Оян, Қазақстан» Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жиналыстарына қатысуға шақырылмады. Жаңа партиялар тіркелу үшін кемінде 40 000 белсенді мүшені табуы керек деген сияқты әкімшілік кедергілерге тап болады, оның ішінде 17 аймақтан кем дегенде 600 мүшесі болуы міндеттеледі. Қазіргі таңда небәрі алты саяси партия тіркеуден өтіп, сайлауға қатысуға рұқсаты бар. Олардың барлығы да билікпен келісілген ұйымдар.

Тоқаевқа ерік берсе, ол Конституцияға және үкіметке деген сенімді қайта қалпына келтіре алады, ол үшін аздап болса да, шын өзгерістер жасалуы керек. Конституция Қазақстан қоғамын басқаратын институттарды құрып, өкілеттіктер беріп, бақылауда ұстайды. Осылайша, қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуде тығыз байланысты. Бейресми «жасырын Конституцияға» сүйенбей, керісінше, ресми Конституцияға көбірек көңіл бөліп, заң үстемдігін орнатып және сыбайлас жемқорлықты азайту үшін елеулі қадамдар жасалатын болса, Тоқаев тиімді басқарушы, ел қамқоршысы ретінде тарихта қалмақ. Дегенмен Тоқаевтың шын жүзін Назарбаев біржола кеткен кезде ғана көреміз.

# 03

## САЯСИ ЭКОНОМИКА

## НАЙДЖЕЛ ГУЛД-ДЭВИС

**Қазақстан экономикасы басқа посткеңестік табиғи ресурстарды өндіруші елдердің экономикасынан едәуір асып түсті, бірақ алдағы сын-қатерлерді еңсеру үшін оны әртараптандырып, реформалау қажет.**

<sup>58</sup> Климаттың Ресей экономикасына тигізетін ықпалы, Хилл Ф. және Гэдди К. Дж. (2003) қараңыз, *The Siberian Curse: How Communist Planners Left Russia Out in the Cold* [Сібір қарғысы: коммунист жоспарлаушылары Ресейді қалай суыққа тастады], Вашингтон, Колумбия округі: Брукингс.

<sup>59</sup> Жан-жақты талдауды қараңыз, Арвис Ж.-Ф., Рабалланд Дж. және Марто Ж.-Ф. (2010), *The Cost of Being Land-locked: Logistics Costs and Supply Chain Reliability* [Теңізге шығу жолы болмаудан туған шығындар: логистикалық шығындар мен жеткізу тізбегінің сенімділігі], Вашингтон, Колумбия округі: Дүниежүзілік банк.

Экономика тек қана экономикалық мәселелерден құралмайды. Байлық қалай жасалып, қалай үлестірілетіні және қандай мүддеге қызмет ететіні — мұның бәрінің де ылғи жүйелі маңызы бар. Посткеңестік елдерден осыны анық көруге болады. Кейінгі 30 жылда аймақта командалық экономикалық жүйеден нарықтық қатынастарға әртүрлі формада және дәрежеде ауысу болып, бұр процесс әр елдің экономикалық көрсеткіштерін ғана емес, сонымен бірге биліктің қалай жұмыс істейтінін, мемлекет пен қоғамның арақатынасын және әр елдің сыртқы әлеммен қарым-қатынасын қалыптастырды.

Қазақстан да бұл үдерістен қалыс қалмады. Оның экономикалық жетістіктері мен перспективасының елдің ішкі бірлігі мен тұрақтылығы үшін ауыр зардаптары бар, олар сыртқы саясатты таңдауға ықпал етеді, қазіргі уақытта болып жатқан билік ауысуындағы ставкаларды анықтауға көмектеседі. Қысқаша айтқанда, саяси экономия Қазақстанның дамуы мен келешегінің барлық аспектісімен тығыз байланысты.

Бұл тарау тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның экономикасы қандай жағдайда дамығанын сипаттап, мемлекеттің бастапқыда қандай қиындықтарға тап болғанын айтып өтуден басталады. Сосын Қазақстан осы қиындықтарға қарамастан, жөнді саясат таңдау арқылы өзге елдерден озып шыққаны жазылған. Кейін бұл жетістіктер немен шектелгені және тамыр жайып, белең алып келе жатқан мәселелер талқыланады. Ең соңында алдағы қиындықтар туралы және оларды еңсеру үшін қажет болатын реформалар төңірегінде талдау берілген. Автор қорытындылай келе, Қазақстанға осыған дейін сәтті болып келген экономикалық үлгіден өзгеше әрекет етуді ұсынады, өйткені бұрынғы үлгілер енді жұмыс істемейді.

### Қарғыстар мен мұралар

Қазақстанның экономикалық дамуы мен болашақтағы перспективаларына баға беру кезінде оның жолында болған орасан зор географиялық, табиғи және өткеннен мұраға қалған қиындығын да ескеру қажет. Оларды келесідей топтауға болады:

- География: күрт континенталды климат елдің экономикасына «Сібір қарғысы» болып тиіп отыр, ол тіпті ауыртпалығы жағынан Ресейден де көп артық шығынға әкеліп жатыр<sup>58</sup>. Әлемдегі ең суық екінші астана болған Нұр-Сұлтанның (бұрынғы Астана) құрылысы Қазақстанның әлемдегі «жан басына шаққандағы температурасы» төмен ғана емес, тіпті одан әрі түсе беретін сирек елдердің қатарында екенін көрсетеді. Теңіз сауда бағыттарына табиғи жолмен шыға алатын елдерге қарағанда, Қазақстан теңізге шығу жолы жоқ ел болғандықтан<sup>59</sup>,

шығыны әрдайым көбірек болып, ЖІӨ-сі баяу өсуге мәжбүр. География табиғи мәселе болғанымен, саясатқа да әсерін тигізеді. Қазақстанның екі алпауыт көршісі — Ресей мен Қытай ұлыдержавалық жоспарлар құрып жатыр, олар Қазақстан жүргізіп жатқан сыртқы экономикалық саясатқа ықпалын тигізбей қоймайды. Кейінгі кезге дейін елге ең қатты батқан мәселелер кеңестік кезеңнен бері мұраға қалған Ресеймен тығыз байланысы себебінен туындап келді. Оларға валюта саясатын басқару, сауда келісімдері мен көмірсутектерді экспорттау (одан түскен пайда Қазақстан экономикасы үшін маңызы зор) жатады<sup>60</sup>. Ресейдің геосаяси мүдделері, мақсаттары мен күшейіп келе жатқан белсенді әрекеттері көрші елмен қарым-қатынасты қиындатып отыр. Сонымен қатар, Қытайдың да күшеюі Қазақстанның алдына шешілуі тиіс өте өзекті мәселелер қояды.

● **Табиғи ресурстар:** Дүниежүзілік тәжірибеге жүгінсек, табиғи ресурстардың байлығы бір елдің бағы да, соры да болуы мүмкін. Табиғи ресурстардың экспортына байланып қалған экономика ел элитасы арасында оларды өз меншігіне алу, не рента алу үшін талас-тартыстар жиі болатын басқару моделіне апарады. Ол ЖІӨ өсімін азайтып, сыбайлас жемқорлық деңгейін арттырады, институттар дамуын тежейді, заң үстемдігін әлсіз қылып, билік халыққа есеп бермейтін жағдай тудырады<sup>61</sup>.

● **Мұра:** Қазақстанға мұраға қалған заң жүйесі, институттар мен бюрократиялық мәдениеттің барлығы жоспарлы экономиканы басқаруға арналған еді, олар нарықтық экономикаға жарамсыз болды. Оған қоса, кеңес дәуіріндегі индустрияландыру мен жоспарлаудың кесірінен елде экономикалық «қиғаштық» пен тиімсіздікке жеткізген еді. Олардың салдарын жою өте қиын болып шықты.

Суық климат пен жер шалғайлығы, табиғи байлықтарға қатысты күтпеген кедергілері және мұраға қалған дұрыс жұмыс істемейтін институттар тәуелсіздігін жаңадан алған Қазақстанды қолында әлсіз картасы бар ойыншы ретінде көрсетті. Бақылаушылар елді экономикалық даму барысында «орындалмаған уәделері» мен «жіберіп алған мүмкіндіктері» үшін сынға алып жүрді және бұл сәтсіздіктерге элитаның ашкөздігі, жемқорлығы және тәртіптің жоқтығы себеп болғанын айтты<sup>62</sup>. Дегенмен барынша терең салыстырмалы талдау бойынша, Қазақстанның көптеген қиындығы, кемінде жартылай тарихи және жүйелі факторларға негізделгені болжап көрсетілген. Бұл факторлар елдің толық түрде тиімді және динамикалық нарықтық экономикаға өтуге кедергі жасап отырған элиталардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын қалыптастырды.

Қазақстан Әзербайжан, Ресей, Түркіменстан және Өзбекстан сияқты өзге де табиғи ресурстар көп өндіретін елдерге ұқсайды. Олар Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері жасаған саяси таңдаулары қаншалықты сәтті не сәтсіз болғанын дәл салыстырып айтуға болатын ең жақсы көрсеткіш болмақ. Ұқсас елдермен Қазақстанды салыстыру арқылы оның сәтсіздіктері мен қателігі анықталады. Бірақ бұл оның таңдаған жолын бір шолып, бағалау үшін нақты негіз береді. Оған қоса, бұл болашақта жүзеге асырылуы мүмкін шешімдерді қалыптастыруға көмектеседі.

<sup>60</sup> Осы мәселелердің соңғысы Ресейдегі Новороссийск теңіз порты арқылы Батыс нарығына Каспий құбыр консорциумының (КҚК) мұнай транзитін және Қарашығанақ конденсат кен орнынан Орынборға газ тасымалдауды қамтиты (бұл негізгі табыс көзі болмаса да, кен орнындағы өндіріс деңгейін ұстап тұру үшін маңызды).

<sup>61</sup> Мысалы, Росс М. Л. (2013) қараңыз, *The Oil Curse: How Petroleum Wealth Shapes the Development of Nations* [Мұнай қарғысы: мұнай байлығы ел дамуын қалай қалыптастырады], Принстон: Принстон университетінің баспасы.

<sup>62</sup> Мысалы, Олкотт М. Б. (2002) қараңыз, *Kazakhstan: Unfulfilled Promise* [Қазақстан: орындалмаған уәделер], Вашингтон, Колумбия округі: Халықаралық бейбітшілік жөніндегі Карнеги қоры.

<sup>63</sup> ЭЫДҰ (2017), *OECD Investment Policy Reviews: Kazakhstan 2017* [ЭЫДҰ инвестициялық саясатына шолу: Қазақстан 2017], Париж: ЭЫДҰ Пабблишинг, 5-бет, Париж: ЭЫДҰ, [https://read.oecd-ilibrary.org/finance-and-investment/oecd-investment-policy-reviews-kazakhstan-2017\\_9789264269606-en#page1](https://read.oecd-ilibrary.org/finance-and-investment/oecd-investment-policy-reviews-kazakhstan-2017_9789264269606-en#page1) (алынған күні: 22.08.2019)

**Суық климат пен жер шалғайлығы, табиғи байлықтарға қатысты күтпеген кедергілері және мұраға қалған жөнді жұмыс істемейтін институттар тәуелсіздігін жаңадан алған Қазақстан бастапқыда тап болған қиындықтар еді.**



<sup>64</sup> Дүниежүзілік банк (2017), The Economy is Rising: It is Still All About Oil, [Экономика өсіп келеді: барлығы әлі де мұнайға тәуелді], Қазақстандағы экономикалық жағдайға шолу (2017 жылдың күзі), Вашингтон, Колумбия округі: Дүниежүзілік банк тобы, 14-бет, <http://documents.worldbank.org/curated/en/563451512743145143/KazakhstanThe-economy-is-rising-it-is-still-all-about-oil-country-economic-update-Fall-2017> (алынған күні: 06.11.2019). Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ) есептеуі бойынша Қазақстанның «көп өлшемді кедейлік» деңгейі 1,1%-ға тең. БҰҰ ДБ (2016) қараңыз, Human Development Report 2016 [Адам дамуы туралы 2016 жылғы есебі], 6-кесте, 218 бет, <http://www.hdr.undp.org/en/content/human-development-report-2016-human-development-everyone> (алынған күні: 06.11.2019).

<sup>65</sup> БҰҰ ДБ (2018), Human Development Indices and Indicators: 2018 Statistical Update [Адам дамуы индексі мен индикаторы: 2018 жылғы статистикалық жаңартулар], Нью-Йорк: БҰҰ ДБ, 1-кесте, 22-бет, <http://www.hdr.undp.org/en/2018-update/download> (алынған күні: 14.10.2019).

<sup>66</sup> БҰҰ ДБ (2018), Human Development Indices and Indicators: 2018 Statistical Update [Адам дамуы индексі мен индикаторы: 2018 жылғы статистикалық жаңартулар], Нью-Йорк: БҰҰ ДБ, 4-кесте, 34-бет, (алынған күні: 22.08.2019). Сондай-ақ, Азия даму банкі (2018) қараңыз, Kazakhstan: Country Gender Assessment [Қазақстан: Елдік гендерлік бағалау], Мандалуйонг: Азия даму банкі <https://www.adb.org/sites/default/files/institutional-document/479136/kazakhstan-country-gender-assessment.pdf> (алынған күні: 22.08.2019); және БҰҰ ДБ (2018), Briefing note for countries on the 2018 Statistical Update: Kazakhstan, [2018 жылғы статистикалық жаңарту туралы елдерге арналған ақпараттық жазба: Қазақстан], Нью-Йорк: БҰҰ ДБ, [http://hdr.undp.org/sites/all/themes/hdr\\_theme/country-notes/KAZ.pdf](http://hdr.undp.org/sites/all/themes/hdr_theme/country-notes/KAZ.pdf) (алынған күні: 22.08.2019). Тең құқықтық мәртебеге қарамастан жалғасып жатқан экономикалық мүмкіндіктер бойынша нақты гендерлік теңсіздік туралы, ЭЫДҰ (2019) қараңыз, Social Institutions and Gender Index 2019: Kazakhstan [Әлеуметтік институттар және гендерлік индекс 2019: Қазақстан], Париж: ЭЫДҰ, <https://www.genderindex.org/wp-content/uploads/files/datasheets/2019/KZ.pdf> (алынған күні: 22.08.2019).

## Үмітті артығымен ақтаған Қазақстан

Балтық елдерін санамағанда, Қазақстан — бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің ішіндегі жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша ең жоғары деңгейге жеткен ел. 1-кестеде Қазақстан және аймақтағы өзге де табиғи ресурстардың ірі өндіруші елдері салыстырылып көрсетілген. Түркіменстанды (мәліметтердің сенімсіздігіне байланысты) қоспағанда, Қазақстан 1991 жылдан бері жан басына шаққандағы ЖІӨ ең үлкен абсолют және пайыз өсіміне қол жеткізген ел болып саналады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ үш еседен аса артқан Қазақстан табысы ортадан жоғары елдер қатарына қосыла алды. Оның 2000 мен 2011 жылдар арасындағы өсу қарқыны әлемдік деңгейден асып түскен еді<sup>63</sup>.

Жалпы өсім инклюзивті болды. Қазақстандағы кедейлік деңгейі 6,5%-ға дейін төмендеді<sup>64</sup>. Ел БҰҰ Адам дамуы индексі бойынша 189 елдің ішінен 58-орынға ие болып, осылайша «адам әлеуетінің дамуы өте жоғары» елдер қатарына қосылды. Посткеңестік елдердің арасында тек Балтық елдері, Беларусь және Ресей жоғары орындарға ие<sup>65</sup>. БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰ ДБ) дерегі бойынша, Қазақстан гендерлік даму индексі бірден жоғары әлемдегі санаулы елдердің бірі саналады, яғни әйелдер орташа есеппен алғанда адами әлеуеттің дамуы бойынша ерлерге қарағанда біршама жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Бірақ бұл олардың барлық экономикалық мүмкіндікке тең дәрежеде қол жеткізе алатынын білдірмейді<sup>66</sup>.

## 1-кесте. Табиғи ресурстарды өндіруші негізгі посткеңестік елдердің жан басына шаққандағы ЖІӨ (СҚТ, АҚШ долл.)

| ЕЛ           | 1991  | 2018   | Өзгеріс | % өзгеріс |
|--------------|-------|--------|---------|-----------|
| Қазақстан    | 7,744 | 27,831 | 20,087  | 259       |
| Ресей        | 7,846 | 27,147 | 19,301  | 246       |
| Өзбекстан    | 2,019 | 7,020  | 5,001   | 247       |
| Әзербайжан   | 5,765 | 18,012 | 12,247  | 212       |
| Түркіменстан | 5,174 | 19,270 | 14,096  | 272       |

Ескерту: Сатып алу қабілетінің төпе-теңдігі (СҚТ) — негізгі мұнай экспорттаушылардың айырбас бағамының өзгеруіне және олардың дамушы нарықтар мәртебесіне байланысты қолданылатын мәліметтер. Түркіменстанның көрсеткіштері күмән келтіреді, себебі деректерді растау қиын болып отыр. Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) (2019) қараңыз, 'Turkmenistan overview' [Түркіменстанды шолу], <https://www.ebrd.com/where-we-are/turkmenistan/overview.html> (алынған күні: 22.08.2019).

Дереккөз: көрсеткіштер Дүниежүзілік банктің ашық деректері негізінде есептелген, Дүниежүзілік банк, (2019), 'GDP per capita, PPP (current international \$) — Kazakhstan, Russian Federation, Uzbekistan, Azerbaijan, Turkmenistan' [Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚТ (қазіргі халықаралық доллар) — Қазақстан, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркіменстан], <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.PP.CD?end=2018&locations=KZ-RU-UZ-AZ-TM&start=1991&view=chart> (алынған күні: 14.10.2019).

Бұндай өсімнің сыры неде? Өзге посткоммунистік елдер сияқты нарықтық экономикаға көшуде қол жеткізген табыстар экономикадағы «қиғаштықтар» мен тиімсіз орталық жоспарлаудан босатты. Табиғи ресурстарды өндіруші басқа ірі төрт посткеңестік ел ішінде 1991 жылдан кейінгі өтпелі кезеңде Ресей ғана көбірек прогреске қол жеткізді (2-кестені қараңыз). Қазақстанның реформалау қарқыны тәуелсіздіктің бірінші онжылдығында ерекше қарқынмен жүргізілді. Ол өзімен шамалас елдер арасында өтпелі кезеңнен ең жылдам өтіп қана қоймай, сонымен қатар Балтық елдері мен Грузияны санамағанда, посткеңестік елдер ішінен реформалау деңгейі бойынша бәрінен асып түсті.

## 2-кесте. Табиғи ресурстарды экспорттаушы посткеңестік елдердің өтпелі кезеңдегі жиынтық көрсеткіштері, Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ)

| ЕЛ           | 1991 | 1999 | 2014* | % өзгеріс 1991–99 | % өзгеріс 1999–2014 |
|--------------|------|------|-------|-------------------|---------------------|
| Қазақстан    | 7,0  | 16,6 | 19,7  | 137               | 18,7                |
| Ресей        | 6,0  | 18,3 | 18,4  | 205               | 0,5                 |
| Өзбекстан    | 6,0  | 16,0 | 17,4  | 167               | 8,8                 |
| Әзербайжан   | 6,0  | 13,4 | 13,8  | 123               | 3,0                 |
| Түркіменстан | 6,0  | 10,1 | 10,6  | 68                | 5,0                 |

\*Кейінгі мәліметтер

Дереккөз: ЕҚДБ «өтпелі кезең индикаторлары» негізінде есептелді. ЕҚДБ әр елдің 1989 жыл мен 2014 жылдар аралығындағы жыл сайынғы өтпелі кезең индикаторларын бағалады. ЕҚДБ (2019) қараңыз, 'Forecasts, macro data, transition indicators' [Болжамдар, макро деректер, өтпелі кезең көрсеткіштері], <https://www.ebrd.com/what-we-do/economic-research-and-data/data/forecasts-macro-data-transition-indicators.html> (алынған күні: 22.08.2019). 2017 жылы ЕҚДБ «ауысу қасиеттері» деген жаңа жинағын енгізді. Олар мәні бойынша көбіне жалпы сипатта болып, саяси және әлеуметтік көрсеткішті қамтыды, бірақ бұрынғы көрсеткіштермен тікелей салыстыруға келе бермеді. Дегенмен осы жерде көрсетілген табиғи ресурстарды өндіруші бес посткеңестік елдің рейтингі бірдей. Осы тарауға қатысты басты айырмашылығы, ол мына жаңа көрсеткіш бойынша, Қазақстанның нәтижелері рейтингте екінші келе жатқан Әзербайжанға қарағанда салыстырмалы түрде жақсырақ болды. Ауысу қасиеттері туралы толығырақ Беннетт В. (2016) қараңыз, 'EBRD updates transition concept' [ЕҚДБ ауысу концептісін жаңартып жатыр], ЕҚДБ, 02.11.2016, <https://www.ebrd.com/news/2016/ebrd-updates-transition-concept-.html> (алынған күні: 22.08.2019). Елдің соңғы көрсеткіштерін ЕҚДБ (2019) қараңыз, 'Transition Report 2018–19' [2018–19 жж. өтпелі кезеңі бойынша есеп], <https://2018.tr-ebrd.com/reform/> (алынған күні: 22.08.2019).

Қазақстан тәуелсіздігінің екінші онжылдығында жеткен керемет көрсеткіштері көбіне мұнай экспортының арқасында болды. Бұл 1999 жылдан 2008 жылға дейін мұнай бағасы бес есе өсіп кеткендіктен ғана емес, сонымен қатар 1995–2015 жылдар аралығында мұнай өндірісінің көлемі төрт есе өскені де өз үлесін қосты. Қазақстанның мұнай өндірісінің шамамен 60%-ы оның «супер алып» үш кен орны — Теңізде, Қарашығанақта және Қашағанда өндіріледі. Бұл жобалар орасан зор техникалық және геологиялық қиындықтарды еңсерді, оның ішінде Қашағанды ерекше атап өту керек. Каспий теңізінде қыста көпжылдық мұздарға байланысты мұнай мұнарасын қою мүмкін болмаған соң, ол жерде жасанды аралдар салуға тура келді. Кен орындарына байланысты ерекше қиындықтарды шешу үшін жаңа технологиялар дамытылды. 2000–2018 жылдар аралығында Қазақстанның мұнай өндірісі жылына орташа есеппен 2,7% өсіп отырды, осылайша посткеңестік елдердегі ең жоғарғы өсу қарқыны болып, ал өсім көрсеткіші бойынша әлемдік тізімде тоғызыншы орында тұрды<sup>67</sup>. Қашаған — кейінгі 50 жыл ішінде ашылған ең ірі кен орындарының бірі. Ол жерде тұрақты өндіріс 2016 жылы басталды. Бұл кен орнының ашылуы жағдайды түбегейлі өзгертіп, Қазақстанның алдағы онжылдықтардағы өндіріс көлемін едәуір ұлғайтпақ. 2019 жылы маусымда Қашағандағы мұнай өндіру көлемі тәулігіне 400 мың баррельге жетіп, тәулігіне ең көп дегенде 450 мың баррельге (күніне 61,400 тонна) жетеді деген болжам бар. Осы кен орны 2017 жылы Қазақстандағы мұнай өндірісінің көлемі кенет 10,8% артуына себепші болды, бұл әлемдегі өндірушілер арасындағы ең жоғары өсу қарқынын көрсетті<sup>68</sup>.

Қазақстанның мұнай қоры табиғаттың берген сыйы болса, ал одан пайда түсіру, жер қойнауынан шығару және нарыққа жеткізу саясаттың нәтижесі болды. Қазақстандағы өндірістің өсуі көбіне тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Халықаралық мұнай компанияларын (ХОК) шақырып, оларға елдегі ең ірі үш кен орнына тартымды шарттармен инвестиция салуға ұсыныс жасау сияқты қабылданған шешімдердің нәтижесі деуге болады. Осы қарым-қатынастардың негізінде өнімді бөлу туралы келісімшарттар (ӨБК) жатыр. Бұл ӨБК-де жобаларды

<sup>67</sup> BP (2019), BP Statistical Review of World Energy 2019 [BP 2019 жылғы әлемдік энергетиканың статистикалық шолуы], 68-басылым, Лондон: BP, өсіресе 16-бет, <https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2019-full-report.pdf> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>68</sup> Қазақстанның тау-кен өндірісі жөнінен 2017 жылғы күрт өсуі жаңа өндірістің қосылғанын көрсетіп отыр. Әрине, Конго Республикасында, Ливияда және Йеменде одан да жоғары көрсеткіштер тіркелді, бірақ олардың барлығы қақтығыспен байланысты, бұрын болған, үлкен қысқартуларды белгілі бір дәрежеде қалпына келтіру арқылы қол жеткізді.

<sup>69</sup> Самұрық-Қазына (2017), Kazakhstan: Economic and Sector Dynamics 2017 [Қазақстан: 2017 жылғы экономикалық және салалық динамика], Астана: Самұрық-Қазына [https://www.sk.kz/upload/iblock/68a/68af5cb26899f47572cf176a556564\\_2d.pdf](https://www.sk.kz/upload/iblock/68a/68af5cb26899f47572cf176a556564_2d.pdf) (алынған күні: 23.08.2019). Дүниежүзілік банктің (2017) қараңыз, The Economy is Rising [Экономика өсуде], 3-кесте, 9-бет. Мұнай бағасының құбылмалы болуын ескере отырып, бұл сандар жылдар бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, 2013 жылы мұнайдан түскен табыс жалпы кіріс көлемінің 45%-ына тең болса, 2017 жылы ол небәрі 27%-ға тең болды. Дегенмен экономиканың осы секторға деген тәуелдігі айқын көрінеді.

<sup>70</sup> Салық-бюджет мәселесі және оны шешу жөніндегі шаралар туралы ақпаратты Халықаралық валюта қорынан (2017) да қараңыз, Republic of Kazakhstan: Selected Issues [Қазақстан Республикасы: таңдаулы мәселелер], 17/109 елдік есеп, Вашингтон, Колумбия округі: Халықаралық валюта қоры, <https://www.imf.org/en/Publications/CR/Issues/2017/05/09/Republic-of-Kazakhstan-Selected-Issues-44885> (алынған күні: 23.08.2019); және Дүниежүзілік банк тобы (2017), Kazakhstan: Enhancing the Fiscal Framework to Support Economic Transformation [Қазақстан: экономикалық қайта құруды қолдау мақсатында өз салық-бюджет жүйесін жетілдіру], Вашингтон, Колумбия округі: Дүниежүзілік банк тобы, <http://documents.worldbank.org/curated/en/406131511790097777/pdf/121677REPLACEMENT-PUBLIC-KAZPFR-ENG-A4-complete.pdf> (алынған күні: 23.08.2019)

ұлттық заңнамалық өзгерістер немесе нормативтік актілер арқылы елеулі өзгерістерден қорғайтын тұрақтандыру туралы ережелері болды. Бұл Қазақстанның басқа посткеңестік елдерге қарағанда жан басына шаққанда неғұрлым жоғары тікелей шетелдік инвестицияларды (ТШИ) тартудағы табысын түсіндіруге көмектеседі: осы ТШИ-дің 75%-дан астамы экономиканың өндіруші секторына келіп түсті.

Ең маңыздысы, ӨБК-лар өз күшін әлі жоғалтпады. Мысалы, Ресейде мемлекеттік компаниялар бірқатар ірі жобаның бақылау пакетін өз қолына алған еді. Ал Қазақстан ӨБК тұрақтандырған үш жобаның жұмыс істеу шарттарын түбегейлі қайта қарауға бармады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай компаниясы (ҚМГ) дауларды реттеу туралы келісім аясында 2012 жылы Қарашығанақ консорциумына кірген кезде, ол бар болғаны 10% акция пакетін сатып алды. Осындай салыстырмалы келісімшарттың бұзылмауын қамтамасыз ету жоба акционерлеріне өзіне таяуда одан әрі ірі инвестициялар құю туралы міндеттемелерді алуға сенімділік берді. Олардың қатарына 2016 жылы бекітілген құны 37 миллиард доллар болатын Теңіз кен орнының Болашақ кеңейту жобасы; Қарашығанақ кен орнының келесі кезеңін игеру; қазіргі уақытта 50 миллиард доллар бөлінгенін ескере отырып, әлемдегі ең қымбат энергетикалық жоба болып саналатын Қашағанға әлі де құйылып жатқан инвестицияларды қосуға болады.

Қазақстанның мықты экономикалық көрсеткіштері екінші мыңжылдыққа аяқ басқаннан бері тек бір секторда қатты ауытқып, дәлірек айтқанда, негізгі иелері шетелдіктер болатын үш үлкен мұнай өндіру жобасына тікелей тәуелді болды. Мұнай мен газ өндірісінің үлесі Қазақстанның ЖІӨ 17%-ын құрап, экспорттың шамамен 60%-ына тең болды<sup>69</sup>.

Қаржылық тұрғыда, Қазақстан өзінің мұнай байлықтарын жауапты басқарды, әсіресе 2000–2008 жылдары мұнай өндірісінде серпіліс болған кезде бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы біршама тұрақталып, мұнай кірістерінің бір бөлігін үнемдеу үшін Ұлттық қор құрылды. 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысы салдарын жеңілдету үшін ЖІӨ-нің шамамен 15 пайызына тең салық-бюджет ынталандыру шарасы қолға алынды. Бұл қадамның арқасында Қазақстан Ресей сияқты рецессияға түспеді.

Дегенмен осы дағдарыс, одан кейін 2014 жылға мұнай бағасының құлдырауы (кіріс көлемі 70 пайыз кеміді) Қазақстанның бюджеттік жағдайын әлсіретіп, бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығын 2017 жылы ЖІӨ-нің шамамен 12,7 пайызға дейін арттыруға алып келді. Мемлекеттік қаржының ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оларды шоғырландыру талап етіледі<sup>70</sup>.

Қорытындылай келе, Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы онжылдығында КСРО-ның ыдырауы мен жүйелік ауысу салдарын еңсеріп, жоспарлы экономикасының басым бөлігін бұзып, халықаралық мұнай компанияларымен маңызды келісімдерге қол жеткізді. Бұл екінші онжылдықтағы мықты экономикалық көрсеткіштерді көрсетті. Қазақстан басқа посткеңестік елдерге қарағанда бастапқы қиындықтарды жақсы еңсерді.

## Прогрестің шектеулері

Ел тәуелсіздігінің үшінші он жылдығына аяқ басқанда саяси экономия саласында жаңа мәселелер жинала бастады. Қазақстан болашақ қиындықтарға лайықты төтеп бергісі келсе, бұл мәселелерді шешуге тиіс. Осы мәселелер біраз алаңдатып отыр.

Біріншіден, мұнай өндірісі көлемін арттыру көзделгендіктен, мұнай және газ секторындағы ахуал өзгере бастады. Мемлекеттің осы үш «супер алып» жобамен қарым-қатынасы мықты болғанымен, ақырындап өзгеріп жатыр. Бәлкім, жоба іске асырыла бастаған кезде «келісімшарттары ескіріп кетті» деген таныс сценарий бойынша қабылдаушы елдің үкіметі шетелдік инвесторлармен капиталды көп қажет ететін ұзақмерзімді

жобалар бойынша келісімшарттарын қайта қарауға әрекет ете бастауы мүмкін. Жоғарыда айтылғандай, бұған дейін Қазақстан сындарлы түрде инвесторлар мен серіктестерді меншік құрылымында түбегейлі өзгерістер жасауға мәжбүрлейтін әрекеттерге бармаған еді. Дегенмен ХМК елдегі қызметтерінің кейбір аспектісі бойынша қиындықтар сезе бастады. Олар кейбір болмашы мәселе төңірегінде шешім қабылдау немесе рұқсат алу үшін билік тарапынан келтірілетін кедергілер мен қарсылықтар артып жатқанын айтып отыр. Бұл жобаның іске асырылу қарқынын тежейді және баяулатады.

Сонымен қатар, біраз уақыттан бері ел үкіметі де, өңірлік басшылық та ірі жобалардан артылған немесе күтілетін міндеттемелер ауқымын кеңейтуге тырысып жатыр. Мұнай-газ саласындағы салықтар мен қоршаған ортаны ластағаны үшін алымдар мөлшері тым жоғары және әлі көтеріліп жатыр, сонымен қатар олар көбіне ірі жобаларға ғана шамадан тыс қолданылады<sup>71</sup>. Қаралып жатқан нормативтік актілердің жобаларында шетелдік инвесторлар кейде өз елдерінің үкіметі араласқаннан кейін ғана қарсы тұра алатын жағымсыз тосын сыйлар болуы мүмкін. 2018 жылы маусымда күшіне енген Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі бұның айқын дәлелі бола алады. Бастапқы жобаларында ірі инвесторларға жағымсыз тұстары болған еді. Дегенмен бірлескен корпоратив және дипломатиялық әрекеттер көздегеніне жетіп, бұл тұстары жеңілдетілді. Соңында қабылданған нұсқа нормативтік-құқықтық базаны, әсіресе тау-кен секторындағы жағдайды жақсартуға ықпал етті<sup>72</sup>.

Билік жергілікті қамту үлесі және жұмыс күшін қолдану туралы талаптар, ішкі нарықтағы міндеттемелер және басқа да реттеу нормаларын енгізіп отыр. Осылайша, мемлекет үш ірі мұнай жобасын елдің энергетикалық сектор шеңберінен шығатын барынша кең жаңғырудың драйвері қылуға ынталы екені анық көрінеді. Бұл қадамның артында кейде саяси байланыстары бар жеке коммерциялық мүдделер тұруы да мүмкін. Осы үш жобадан басқа мұнай секторындағы жағдай да күрделі. 2012 жылы Қазақстан ендігі уақытта жаңа ӨБК-ге қол қоймайтынын анық көрсетті және бұл шешім ықтимал жобаларға қатысуы мүмкін ірі инвесторлардың елден кетуіне алып келді. Олардың ішінде 7 жыл бойы нәтижесіз келіссөз жүргізіп келген норвегиялық Statoil компаниясы да 2013 жылы Қазақстаннан кеткен еді.

Елдегі тағы бір сала алаңдатып отыр. Ол — күрделі мәселесі көп пайдалы қазбалар өндіріс секторы. Әсіресе тау-кен өндірісін айтып өту керек. Қазақстан — әлемдегі ең ірі уран өндіруші ел және әртүрлі металдың, оның ішінде алтын, темір, хром, мыс, мырыш, ванадий және тағы басқа сирек металдардың орасан зор қоры бар мемлекет. Дегенмен 1991 жылдан бері жаңа барлау жұмыстары мүлдем жүргізілмеді деуге болады. Бірен-саран шахта ғана ашылып, басқа секторлармен салыстырғанда шетелдік инвестициялар көлемі де аз болды. Нәтижесінде, барланған қордың 15%-ға жетпейтін бөлігі ғана игеріліп жатыр. Қазіргі жобалар қоры сарқылып жатыр, олардың орнын басатын жаңа кеніштер іске қосылмады. Сонымен қатар, басқа секторларда байқалған үрдіске ұқсас, қорғансыз шағын шетелдік компаниялар нарыққа шығу кезінде қиындықтарға тап болып отыр; нарыққа шыға алған күннің өзінде бюрократияның жағымсыз әсерін көруі мүмкін, кейбір жағдайда тіпті елден ығыстырылуы мүмкін.

Үшіншіден, Қазақстан өзінің жалпы экономикасын жаңғырту үшін жасаған қадамдары жеткіліксіз болды. Қазақстанның экономикалық географиясы ел экономикасын әртараптандырып, табиғи ресурстардың экспортына деген тәуелділіктен айырылу бағытында жасалған үлкен қиындықтар тудырып отыр. Қазақстан сияқты елдерде бәсекеге қабілетті, өнімдігі жоғары жаңа секторларды құру өте қиын болады, себебі халық тығыздығы төмен және ірі экспорттық нарықтардан қашық орналасқан<sup>73</sup>. Қырғиқабақ соғыстан кейін қалыптасқан әлемде Орталық Азияның геосаяси ядросы деген («хартланд») Халфорд Маккиндердің

<sup>71</sup> Экологиялық салықтар мен айыппұлдар туралы ЭЫДҰ-да жазылған (2019), Multi-dimensional Review of Kazakhstan — Volume 2: In-depth Analysis and Recommendations [Қазақстанның кешенді шолуы, 2-том: терең талдаулар мен ұсыныстар], [https://www.oecd-ilibrary.org/development/multi-dimensional-review-ofkazakhstan\\_9789264269200-en](https://www.oecd-ilibrary.org/development/multi-dimensional-review-ofkazakhstan_9789264269200-en) (алынған күні: 23.08.2019). 2017 жылы Салық кодексіне енгізілген өзгерістер нәтижесінде «мұнай-газ өнеркәсібі шығарылған эмиссияның бірдей мөлшеріне жылу электр станцияларына қарағанда 67 есе көп төлейтін болады».

<sup>72</sup> ЭЫДҰ (2018), Reform of the Mining Sector in Kazakhstan: Investment, Sustainability, Competitiveness [Қазақстанның тау-кен өндірісіндегі реформалары: инвестициялар, тұрақтылық, бәсекеге қабілеттілік], Париж: жаһандық қарым-қатынас: Еуразиялық бәсекеге қабілеттілік бағдарламасы, [http://www.oecd.org/eurasia/countries/Kazakhstan\\_Mining\\_report\\_ENG.pdf](http://www.oecd.org/eurasia/countries/Kazakhstan_Mining_report_ENG.pdf) (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>73</sup> Халықтың төмен тығыздығы және экспорт нарығынан қашық орналасуының экономиканы әртараптандыруға және дамытуға тигізетін ықпалы туралы қараңыз, ЭЫДҰ (2015), 'Understanding the Krasnoyarsk Agglomeration' [Краснояр агломерациясын түсіну], ЭЫДҰ-да (2015), OECD Territorial Reviews: The Krasnoyarsk Agglomeration, Russian Federation [ЭЫДҰ Аумақтық шолулар: Краснояр агломерациясы, Ресей Федерациясы, Париж: ЭЫДҰ Пабблишинг, 25–84-беттер.

<sup>74</sup> Маккиндердің тұжырымдамасын және оның қазіргі кездегі өзектілігі туралы талқылауды қараңыз, Мегоран Н. және Шарапова С. (ред.) (2014), Central Asian International Relations: The Legacies of Halford Mackinder [Халықаралық қатынастардағы Орталық Азия: Халфорд Маккиндердің мұрасы], Оксфорд: Оксфорд университетінің баспасы.

<sup>75</sup> Халықаралық валюта қоры (2017), Republic of Kazakhstan: Selected Issues [Қазақстан Республикасы: таңдаулы мәселелер], 51–57-беттер; Дүниежүзілік банк тобы (2017), Kazakhstan: Enhancing the Fiscal Framework [Қазақстан: экономикалық қайта құруды қолдау мақсатында өз салық-бюджет жүйесін жетілдіру], 11–13-беттер.



<sup>76</sup> Шваб К. (ред.) (2019), The Global Competitiveness Report [Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндама], Женева: Дүниежүзілік экономикалық форум, [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_TheGlobalCompetitivenessReport2019.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_TheGlobalCompetitivenessReport2019.pdf) (алынған күні: 06.11.2019)

<sup>77</sup> Дүниежүзілік банк тобы (2018), A New Growth Model for Building a Secure Middle Class. Kazakhstan Systematic Country Diagnostic [Тұрақты орта тапты құрудың жаңа өсу үлгісі. Қазақстанның жүйелі елдік диагностикасы], Вашингтон, Колумбия округі: Дүниежүзілік банк тобы, 8-бет, <https://elibrary.worldbank.org/doi/abs/10.1596/29792> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>78</sup> Transparency International (2019), 'Corruption Perceptions Index 2018' [2018 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі], <https://www.transparency.org/cpi2018>, (алынған күні: 27.10.2019).

<sup>79</sup> Қазақстан 21-процентильде орналасқан, ал табысы ортадан жоғары елдердің орташа көрсеткіші 48-ге тең. Дүниежүзілік банкті (2019) қараңыз, 'Worldwide Governance Indicators' [Әлем елдеріндегі басқару көрсеткіштері], <http://info.worldbank.org/governance/wgi/#reports> (алынған күні: 23.08.2019). Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша елдердің рейтингін Transparency International (2019) ұйымынан қараңыз, 2018 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі.

<sup>80</sup> Дүниежүзілік банк, The Economy is Rising [Экономика өсуде], ЭЫДҰ зерттеуіне негізделген, 15-бет. МК туралы талқылау үшін ЭЫДҰ (2018) қараңыз, Reforming Kazakhstan: Progress, Challenges and Opportunities [Қазақстанды реформалау: прогресс, мәселелер және мүмкіндіктер], Париж: ЭЫДҰ, 70–76-беттер, <https://www.oecd.org/eurasia/countries/OECD-Eurasia-Reforming-Kazakhstan-EN.pdf> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>81</sup> Дүниежүзілік банк тобы (2017), Kazakhstan: Enhancing the Fiscal Framework [Қазақстан: салық-бюджет жүйесін жетілдіру], 74-бет.

эдвардиялық тұжырымдамасы үлкен, мүмкін тым үлкен назар аудартты<sup>74</sup>. Экономикалық тұрғыдан алғанда, аймақтың өмірлік маңызды ядроға емес, керісінше, алыстағы шеткері аймаққа айналу қаупі бар.

Өртараптандыру мен жаңғыру қадамдарының жетістігі шамалы болды. Теңгенің айтарлықтай құнсыздануына қарамастан, кейінгі 10 жыл ішінде мұнайға қатысы жоқ экспорт көлемінің өсімі мардымсыз болды. Өсу үрдісі баяулады, әсіресе мұнайға қатысы жоқ салаларда, тіпті экономиканың мұнай секторына тәуелділігі одан бетер артып кетті<sup>75</sup>. Нарық жағдайы бойынша әртүрлі көрсеткіш сол беті артта қалып отыр. Қазақстанның инновациялар, бизнестің даму дәрежесі, қаржы нарығының дамуы, жергілікті жеткізушілердің сапасы және құн жасау тізбегінің кеңдігі бойынша рейтингі төмен<sup>76</sup>. Дүниежүзілік банк атап өткендей, «экономикалық күрделілік көрсеткіштері төмендеуге көшті, осылайша ел ...ресурстарға негізделген сектор және өзге секторлар да көп емес, азырақ құн қосылып отыр дегенді білдіреді»<sup>77</sup>. Transparency International халықаралық ұйымы шығарған Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне Қазақстан 180 елдің ішінде 124-орында тұр<sup>78</sup>. Әлбетте, бұл тікелей бәсекелесуші елдерге қарағанда жақсы орын болғанымен, жалпы алғанда — нашар көрсеткіш. Қазақстан жемқорлықты бақылау деңгейі бойынша бүкіл елдердің тізімінде бесінші бағанның ең астында, бұл табысы ортадан жоғары елдердің орташа көрсеткішінен әлдеқайда төмен<sup>79</sup>.

Елдің ұланғайыр байтақтығы жаһандық тәжірибеге ұқсас мәселелер тудырды: экономикалық тиімсіздік, нарықтық экономикаға негізделудің орнына шешімнің саясатқа жалтақтап қабылдануы, инсайдерлік мүдделер мен сыбайлас жемқорлық. Олардың салдары мемлекеттік қаржыға да тиіп жатыр. Қазақстанның тәуелсіз қарызы ЖІӨ-нің 20%-ына тең болғанымен, мемлекеттік кәсіпорындардың сыртқы қарызы одан асып түсіп, ЖІӨ-нің 29%-ына жетті<sup>80</sup>. Бұл міндеттеменің көбі шетелдік валютада алынып деноминацияланды, сондықтан фискалдық тәуекел көзіне айналуы мүмкін<sup>81</sup>. Мемлекет активтерді ресми иеленумен ғана шектелмей, экономикаға айтарлықтай деңгейде қатысып отыр. Оған қоса, кең таралған субсидиялар мен бағаларды бақылауға араласуы экономикалық ынталандырулардың тиімсіздігі мен бұрмалануына алып келді. Елеулі салық жеңілдіктері мен одан босату, қаржыландырылған несие беру және жасырын қарыздық кепілдіктер беру ірі мемлекеттік компанияларға шамадан тыс артықшылық беріп отыр.

Мемлекеттің осындай асыра араласу рөлі кесірінен жекеменшік сектор дамымай қалды. Шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) секторы көптеген табысты өтпелі экономиканың қозғаушы күші болса, Қазақстанда оның үлесі ЖІӨ-нің бестен бір бөлігіне ғана тең. Көптеген ШОК әдейі өздерінің өсуін шектеп, шағын кәсіпорын ретінде қалып отыр. Олар тым табысты болып кетсе, қуатты мүдделердің жаман пиғылды назарын өзіне аудартып, ал олар әкімшілік және сот құрылымдарындағы байланысын пайдаланып, бизнесті заңсыз тартып алуы (рейдерлік) мүмкін.

Мемлекеттік кәсіпорындар үстемдік құрып отырған кезде мемлекеттік институттар әлі де әлсіз күйде қалып отыр. Әкімшілік рәсімдер мен заң үстемдігі бейтарап қолданылудың орнына, ішінара дәрежесі бар мүдделі топтардың пайдасына тым жиі пайдаланылып кетті. Отандық, тіпті шетелдік компаниялар сот жүйесі өздерінің заңды мүддесін қорғайтынына сенбейді. Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан шамалас елдерге қарағанда (Ресейді санамағанда) өтпелі кезеңнің көрсеткіштері жоғары болғанымен, 1999 жылдан бері жағдайы ең аз жақсарған ел болды. Шын мәнінде, бұл өтпелі кезеңдегі жетістіктерге көбіне тәуелсіздікті енді алған бастапқы қиын кездерде қол жеткізген еді; содан бері прогресс айтарлықтай тоқтап қалды (2-кестені қараңыз). Құрылымдық реформаларды қайта бастау жоспары болған еді, мысалы, «ҚазМұнайГаз» сияқты ірі мемлекеттік компанияларда миноритарлық



## Отандық, тіпті шетелдік компаниялар да сот жүйесі өздерінің заңды мүддесін қорғайтынына сенбейді.

акция пакеттерін орналастыру арқылы жүзеге асыру ісі бірнеше рет кейінге қалдырылды<sup>82</sup>. Дегенмен 2018 жылғы қарашада әлемдегі ең ірі уран өндіруші «Қазатомөнеркәсіп» акцияларының 15%-ын орналастыру бұл әрекеттерден ерекше болды.

Елдің өтпелі кезеңдегі күрделі мәселелері банк секторында айқын көрінді. 2017 жылы елдің екі ірі банкі бірігіп, бірқатар шоғырландыру раунды проблемалық банктерге бірнеше рет ірі қаржылық көмек көрсетумен аяқталғанына қарамастан, сектор әлсіз және саяси байланыстарға тым тәуелді болып қала береді<sup>83</sup>. 2017 жылдың өзінде үкімет банктерге 3 триллион теңге (9,1 млрд АҚШ доллары) көмек ретінде қаражат бөлген еді, бұл көлемі 11 триллион теңгеден астам (33,7 млрд АҚШ доллары) мемлекеттік бюджеттің төрттен бір бөлігіне тең. Бұл қаражат Ұлттық қордан алынған. Ал оның негізгі мақсаты — мұнай және газдан түскен табыстың бір бөлігін үнемдеп, мұнай бағасы құлдыраған кезде қолдану.

Бұл мәселенің қаншалықты асқынып кеткеніне Цеснабанктің қиын жағдайы мысал болды: 2018 жылы қыркүйекте оған 1,3 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржылай көмек көрсетілсе, кейін банк 2019 жылдың ақпанында тағы да қосымша 3,4 млрд АҚШ доллары көлемінде екінші транш алды. Соңғы көмек көрсетілгенге дейін банк бұрын Назарбаевтың әкімшілігін басқарған Әділбек Жақсыбековтің бақылауында болған еді<sup>84</sup>.

Жаһандық қаржы дағдарысынан бері 10 жыл өтті, қазіргі уақытта ұлттық табыс жылына 3 пайыздан астам өсіп келе жатыр. Осы кезде мұндай мәселелерді әлі де сол дағдарыстың «салдарына» жаба беруге болмайды. Керісінше, олар «байланысы» бар тұлғаларды ғана несиелейтін жүйелі үрдістерді, оған себеп болған «мемлекет — мемлекеттік кәсіпорын — мемлекеттік банк» тамыры терең кеткен және жасырын болған қатынастарын, одан туындайтын моральдық залалды көрсетеді. Іс жүзінде, банк саласындағы сәтсіздіктер қайталанып отыруы мұның жүйелі сипатқа ие болғанын көрсетеді, ал беріліп жатқан көмек мұнайдан түскен табыстың бір бөлігін ең үлкен банктердің және олардың ең ірі клиенттерінің кірісіне айналдырып жатыр. Сонымен қатар, ШОК-тарға қаржы саласында жөнді қызмет көрсетілмейді, бұл әсіресе Нұр-Сұлтан мен Алматыдан басқа жерлерде көп байқалады.

Қазақстанның экономикалық өсуі мен жаңғыруы жолында тағы бір кедергі бар, ол — елдің сауда келісімдеріне қатысты төмен көрсеткіштері. Дүниежүзілік банк дайындаған «Бизнесті жүргізу» рейтингінде Қазақстанның сыртқы саудасына баға беріліп, елдің жалпы рейтингінде ол ең әлсіз көрсеткіш болды. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан 190 елдің ішінен 102-орын алды. Осылайша, керемет көрсеткіштерін төмен түсіріп алып, ол жалпы рейтингте 28-орынды қанағат тұтты<sup>85</sup>. Кедендік рәсімдеу, құжаттама толтыру мен шекаралық тексерістің барлығы әлі де өте баяу жүргізіледі. Жоғарыда аталып өткендей, Қазақстанның теңізге шығу жолы жоқ ел болуы халықаралық тауар нарығына қол жеткізуде көптеген қиындық туындатады. Реттеуші жүйенің «жұмсақ инфрақұрылымы» саласында айтарлықтай реформа жасалмай, жаңа «құрғақ порттардың», жақсы көлік байланысы мен басқа да нысандарды салудың пайдасы аз болады.

Жалпы алғанда, Қазақстанның саяси экономиясында қызметтердің жөнді істемеуі ұзақмерзімді тиімділігіне кері әсерін тигізу қаупі бар. Ең қызығы, елдің ең үлкен жетістіктері қалыптасқан жүйенің арқасында емес, керісінше, оған қарамастан жасалды. Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған мұнай кен орындары — айтарлықтай техникалық және геологиялық қиындықтарды еңсерген әлемдік деңгейдегі кәсіпорындар.

<sup>82</sup> Денина К. (2019), 'Kazakhstan delays flotation of national oil champion as IPO market stalls — sources' [Қазақстан елдегі ең ірі мұнай компаниясының акцияларын шығаруды тоқтатып қойды, себебі IPO нарығы уақытша тоқтап қалды — дереккөз], Reuters, 08.02.2019, <https://www.reuters.com/article/kazmunaygaz-ipo/kazakhstan-delays-flotationof-national-oil-champion-as-ipo-market-stalls-sources-idUSL5N1ZZ5CF> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>83</sup> Жақында болған ерекше оқиға туралы Патручич М., Лавров В. және Лозовский И. (2017) қараңыз, 'Kazakhstan's Secret Billionaires' [Қазақстанның құпия миллиардерлері], Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлықты жариялау жөніндегі жоба (OCCRP) 05.11.2017, <https://www.occrp.org/en/paradisepapers/kazakhstan-secret-billionaires> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>84</sup> Жақсыбеков 2018 жылдың 10 қыркүйегінде Цеснабанктің бас директоры болып тағайындалды, дәл сол күні ол президент әкімшілігінің басшысы қызметінен алынды. Оған дейін билікте жоғары қызметтерде болған еді, оның ішінде Астана (қазір Нұр-Сұлтан) әкімі және қорғаныс министрі лауазымдары бар. Қазақстан 2.0 (2018) қараңыз, 'The back story of Dzhaksybekov's resignation' [Жақсыбековтің қызметтен кету оқиғасының басы], 21.09.2018, [https://kz.expert/en/news/analitika/1011\\_the\\_backstory\\_of\\_dzhaksybekovs\\_resignation](https://kz.expert/en/news/analitika/1011_the_backstory_of_dzhaksybekovs_resignation) (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>85</sup> Дүниежүзілік банк (2019), Doing Business 2019: Training for Reform [Бизнесті жүргізу 2019 жыл: Реформаға дайындалу] 2-том, <http://documents.worldbank.org/curated/en/975621541012231575/Doing-Business-2019-Training-for-Reform> (алынған күні: 23.08.2019).

Бірақ оларды басқару және меңгеру ісіне және акциялардың көп бөлігіне иелік ететін де Батыс компаниялары болғандықтан, осындай жетістіктерге жетіп отыр. Онымен қоса, заңнамалық тұрақтылық пен саяси және бюрократиялық ықпалға қатты түспеуі де септігін тигізді. Шын мәнінде, олар Қазақстан жүйесіндегі анклавтар іспеттес болды және осы жүйеде өзгелер тап болатын көптеген реттеуші және институционалдық қиындық көрмеді. Қысымның артуына қарамастан, бұл жобалар экономиканың басқа салаларына қарағанда біршама өзгеше жұмыс істейді.

Бұл жалғыз мысал емес. Мәселен, ХХІ ғасырға лайық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін жоғары білім беру жүйесінің флагманы — Нұр-Сұлтандағы Назарбаев университеті құрылды. Ол Білім және ғылым министрлігі тарапынан әдеттегі қадағалаудан босатылды, ал оның профессор-оқытушылар құрамы негізінен шетелдік мамандардан тұрады. 2018 жылғы шілдеде ашылған «Астана» халықаралық қаржы орталығын (AIFC) кейінгі мысалы ретінде айтуға болады. Ол Орталық Азия аймағының қаржы орталығы ретінде ойластырылған еді. AIFC ағылшын құқығы негізінде тәуелсіз сот жүйесі мен юрисдикция, халықаралық арбитраж орталығын және жаңа қор биржасын құрды.

Бұл бастамалар сөзсіз маңызды болғанымен, әртүрлі сектордағы мұндай озық орталықтар, шын мәнінде, жалпы жүйенің шектеулерін тікелей болмаса да мойындау екені анық. Негізі осындай ерекше құқықты анклавтар құра бергенше, бүкіл елді басқарып және қадағалап отыратын институттарды реформалаған ең ұтымды шешім болар еді. Бұл жылдам әрі шұғыл түрде жасалуы керек, себебі алдағы уақытта жаңа қауіптер күтіп тұр.

### Төніп тұрған қауіптер

Қазақстанның алдында төрт экономикалық қауіп тұр: екеуі ішкі, қалған екеуі сыртқы. Бұл биліктің саяси экономияның әлсіз жақтарына бет бұруын бұрынғыдан бетер маңызды етеді.

Біріншісі — демографиялық қауіп. Болжам бойынша, 10 жыл бұрын бала туудың күрт өсуі нәтижесінде 2020 жылдан бастап 2040 жылға дейін Қазақстан халқының саны 15% артуы мүмкін<sup>86</sup>. Бұл өсім дұрыс қолданылатын болса, жұмыс күшінің көбеюі экономикалық дамуға жаңа серпін бере алады. Дегенмен бұған жеткілікті және лайық жұмыс орындары құрылмаса, наразылық пен әлеуметтік шиеленіс күшейеді. Сондықтан Қазақстан бірінші кезекте көп еңбекті қажет ететін, қосылған

## Дүниежүзілік банк дайындаған «Бизнесті жүргізу» рейтингінде Қазақстанның сыртқы саудасына баға беріліп, елдің жалпы рейтингінде ол ең әлсіз көрсеткіш болды.

құны жоғары секторларды көбірек дамытқаны орынды болады. Ол мұнай-газ өнеркәсібіне көп сенім арта бермеуі керек.

Екіншісі — технологиялық қауіп. Келер онжылдықта жасанды интеллектінің, роботтардың және басқа да цифрлық технологиялардың пайда болуының барлық ел үшін экономикалық салдары ауыр болатынын ескеру керек. Өмірді өзгертіп жіберетін технологиялық инновациялар мен жаппай жұмыссыздықтың теріс әсеріне дайын болудың ең жақсы жолы — халыққа білім беру, осылайша, адам капиталына инвестиция салу.

Үшінші қауіп жаһандық энергия нарықтарынан келеді. Қазақстан әлі күнге дейін бір затқа, яғни мұнай бағасына қатты тәуелді. АҚШ-тың әлемдегі «тұрақтандырушы өндіруші» ретінде маңызы артып келеді, сол себепті өткен онжылдықта болған жоғары мұнай бағасы алдағы уақытта

төмен болатын тәрізді. Жаңа жаһандық рецессия мұнай бағасын одан әрі төмен түсіре алады. Бұл Қазақстан экономикасы мен бюджетінің өсуіне теріс әсер тигізуі мүмкін. Болашақта дүниежүзі көмірсутектен кейінгі әлемге көшеді, көмірсутектерді экспорттайтын барлық ел үшін оның салдары орасан зор болмақ. Астанадағы «Болашақтың энергиясы» атты балама қуат көздері тақырыбына арналған ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыру ірі мұнай өндіруші ел үшін мақтауға тұрарлық және көреген бастама болды. Дегенмен бұл сценарийге дайын болу үшін әлі талай жұмыс атқарылу керек екені анық. Қазіргі уақытта Қазақстан энергия сыйымдылығы бойынша әлемдегі ең жоғарғы орындарда, соған қатысты өзекті проблемасын шешу үшін елге «жасыл өсім» стратегиясы қажет болады.

Төртінші қауіпті Қазақстанның алпауыт көршілерінен сезуге болады. Ресей экономикасы қазіргі кезде қиын жағдайда, ал Батыс елдері салған санкциялар күшейіп келеді. Осының салдары Қазақстанға да қатты тиіп жатыр. Рубльдің құнсыздануы ресейлік тауарларды салыстырмалы түрде арзан қылып, жергілікті өндірушілерге соққы болды. Бұл мұнайға тәуелді валютаны бақылауда ұстауды қиындатып жіберді. Нәтижесінде, кейінгі жылдары теңге әлемдегі ең құбылмалы валюталар қатарына кірді. Құбылмалы валютаның бірнеше теріс әсері бар. Ол инфляцияны күшейтіп, ішкі инвестицияларға кедергі жасап, валюталық тәуекелді одан әрі ушықтырып жібереді; доллармен несие алған ел азаматтары мен компанияларының жағдайын қиындатып, ұлттық валютаға деген сенімді азайтады<sup>87</sup>.

Ресейдің аймақтағы экономикалық байланыстарды ұлғайтуға бағытталған қадамдары да қиындық туғызып отыр. 2015 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аясында Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан мен Ресей арасында өзара тиімді ортақ нарық құрылған деп айтылғанымен, іс жүзінде бұл жобаға саяси белгісіздіктің кері әсері тиіп отыр. Ресей жер көлеміне байланысты ЕАЭО-да басымдыққа ие. Мәскеу өзге мүше мемлекеттермен сауда және реттеуші тәжірибесін шарттарында үйлестіруді көздейді және интеграцияны одан әрі тереңдету үшін ортақ валюта енгізуге шақырып отыр. Дегенмен бұл қадам мүше мемлекеттердің егемендігін әлсіретеді. Ресейдің кейбір әрекеті мүше мемлекеттердің мүддесіне нұқсан келтірді, мысалы, украиналық тауар транзитіне шектеу қоюы және Батыс азық-түлік өнімдерін импорттауға тыйым салуы бар. 2014 жылы Назарбаев ЕАЭО елдің егемендігіне қатер төндіретін болса, Қазақстан бұл одақтан шығып кетеді деп ескертуге де барған еді. 2015 жылы Қазақстан Ресейге қарағанда анағұрлым либерал шарттар бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кірді, бұл ЕАЭО-дағы ішкі саудасында жаңа қиындық туғызды<sup>88</sup>.

Ресей бұрынғыдай Қазақстанның жеке елдер арасындағы ең ірі сауда серіктесі болып саналады (2018 жылы Италия мен Қытайдан алда болғанымен, арасы қысқарды)<sup>89</sup>. Сонымен қатар, Ресей — энергия экспорты үшін өте маңызды, ұзақмерзімді транзит бағыты. Осы уақытқа дейін Қазақстан Ресеймен қарым-қатынасында аса шеберлік танытып келді. Дегенмен экономикалық жағдайы нашарлаған және Батыспен қарым-қатынасы (қайтадан санкциялар салуын қосқанда) шиеленіскен Ресей барынша дағдарыс тудырғыш, агрессив және күтпеген қадамдарға баратын болса, екі ел арасындағы жақсы қарым-қатынасты ұстау қиынға түсері анық.

Қытайдың өрлеуі — көп мүмкіндік ұсынып, сонымен қатар қауіптер де тудырып отырған ауқымды процесс. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы туралы ҚХР төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы Астанада сөйлеген сөзінде ең алғаш рет жария еткен болатын. Ол инфрақұрылымды дамытуға ұсынған қаржыландыру ауқымы бойынша басқа елдердің мүмкіндіктерімен салыстыруға келмейді. Сонымен қатар, Еуропаға транзиттік жүкті тасымалдауға байланысты қызметтерден елге табыс келмек. Жақсы жағдайда, тиімді ішкі реформалар жүргізілген

<sup>87</sup> Мысалы, 2015 жылғы тамыздан бастап 2016 жылғы қаңтарға дейін теңгенің долларға шаққандағы бағамы екі есеге жуық құлаған соң, тұтыну тауарларының бағасы 2016 жылы 14,4% өсті.

<sup>88</sup> Бұл мәселелер осы жұмыста керемет талқыланып жазылған: Драгнева Р. және Вольчук К. (2017), The Eurasian Economic Union: Deals, Rules and the Exercise of Power [Еуразиялық экономикалық одақ: келімшарттар, ережелер мен билікті жүргізу], Зерттеу жұмысы, Лондон: Корольдік халықаралық қатынастар институты, <https://www.chathamhouse.org/sites/default/files/publications/research/2017-05-02-eurasian-economicunion-dragneva-wolczuk.pdf> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>89</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (2019), Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2014-2018, Нұр-Сұлтан: 2019.

болса, «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қосылу Қазақстанның негізгі нарықтардан оқшау болуын жеңілдетіп, экономикалық дамуды ынталандыратын еді.

Ең нашар жағдайда, бұл бастама үлкен қиындықтарға тап болатын еді. Оларға бұрын айтылған кедендік және шекаралық тәжірибелер бен континенталды құрлықтық бағыттар экономикасындағы белгісіздік жағдайын айтсақ болады. Оған қоса, Қытайдың әлдеқайда арзан тауарлары Қазақстан экономикасын әртараптандыруға кедергі келтіріп, ал экономикалық байланыстар одан әрі тығыз жақындаса, Қытайдың Қазақстандағы ықпалы жағымсыз деңгейге дейін күшеюі мүмкін. Қазірдің өзінде Қытайдың өсіп келе жатқан инвестицияларына, әсіресе қытайлық компаниялар Қазақстанға жұмыс күшін әкелген кезде халық алаңдаушылықпен қарады. 2016 жылы жер реформаларына қарсы елде сирек демонстрациялар өтті. Бұл реформалар жерді қытайларға жалға береді деген қорқыныштан туындады. Бұл үкіметті реформаларды кейінге қалдыруға мәжбүрледі, ал ұлттық экономика министрі қызметінен кетті<sup>90</sup>.

Жалпы айтқанда, демографиялық үрдістер жаңа жұмыс орындарына қажеттілік тудырады. Технологияларға бейімделу үшін жоғары сапалы білім беру жүйесі және новаторлар мен кәсіпкерлер өркендей алатын нарықтық орта қажет. Білім беру саласына да (ЖІӨ-нің 3%-нан аз) және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарға (ЖІӨ-нің 0,17%-ы ғана) бөлінген қаражат мөлшері халықаралық стандарттар бойынша төмен деңгейде. Жаһандық нарықтағы белгісіздік жағдайына жауап беру елде экономикалық және институционалдық тұрақтылықты және мұнай экспортына тәуелдіктің аз болуын талап етеді. Алып көршілермен қарым-қатынас түзу болу үшін елдің экономикасы күшті және тиімді болуы қажет.

Қазақстанның қазіргі жүйесі осы мақсаттарға жетуге дайын емес. Статус-кво сақталатын болса, Қазақстан бірнеше маңызды мұнай жобасына тәуелді болып, бәлкім олардан мейлінше бәрін сығып алуға тырысуы мүмкін. Рентаға құныққан мемлекеттік қызметтегі не олармен байланысты адамдардың жағдайы бұрынғы мызғымас күйінде қалып, ал мемлекеттік сектордың жекеменшік сектордан басымдығы әлі де сақталмақ. Экономикалық өсім, жұмыс орындары мен тұрақтылық зардап шегеді. Ресурстар қарғысы елді өз уысынан шығармай қоюы мүмкін.

Бұл кезде ең жақсы шешім өсіп келе жатқан мұнай өндірісінен түскен кірісті пайдалану арқылы оларды кейінге қалдыра бермей, керісінше, құрылымдық реформалар жүргізуге және институттар мен адами капиталдың сапасын арттыруға жұмсау керек. Қазақстан экономикадағы мемлекеттің рөлін азайта алатын болса, өзінің институттарын реформалап, сыбайлас жемқорлықты ауыздықтай алса, өмір сүру деңгейін арттырып қана қоймай, болашақ үрдістерге, халықаралық нарықтармен және агрессив көршілермен байланыстарға қатысты сын-қатерлерге неғұрлым тұрақты және жақсы дайын болар еді.

Тіпті ең жақсы сценарий болған жағдайдың өзінде реформа оңай жүргізілмейді. Себебі ондай кезде ашкөз мүдделі топтарға пайда түсіріп отырған жағдайды бұзуға тура келеді. Қазақстан жағдайында кейбір саяси өзгерісті енгізу ерекше қиындыққа тап болуы мүмкін. Жекешелендірудің мақсаты нарықтық ынталандыруға тиімді жауап бере алатын жекеменшік иелерін қалыптастыру еді. Бірақ кез келген жекешелендіру процесінде сатылымға қойылған компаниялардың үлесіне негізгі үміткерлер жартылай немесе толығымен мемлекетке тиесілі я болмаса саяси элитамен байланысты жартылай мемлекеттік компаниялар болуы мүмкін. Шетелдік қатысушылар рұқсат етілген болса, көбіне ресейлік не қытайлық фирмалардың қатысуы ықтимал. Бұрынғы 1990 жылдардағы өткізілген жекешелендірудің нәтижесінде пайда болған биліктегі олигархиялық шоғырдың ызасын күшейтпей,



мемлекеттік активтерді шынайы жекеменшік қолға беру басшылық үшін нағыз сынақ болады<sup>91</sup>.

Осындай құрылымдық реформалаудың келешегі қандай? Бір қызығы, аймақтағы көшбасшы болған елден күтуге болатын өркөкіректікті Қазақстан көп көрсетпейді. Назарбаев өзінің басшылығы кезінде қалыптасқан жүйенің осы аспектілерін жиі сынға алған еді. Кейбір кезде елдегі созылмалы сипатқа ие болған мәселелердің, әсіресе банк жүйесіндегі жағдайдың шешімі табылмай жүргеніне жария түрде көңілі толмайтынын, қатаң сынайтынын айтқан еді. Оның 2019 жылы қаңтарда банк секторындағы сәтсіздіктерге қатысты айтқан пікірі қайран қалдырды: «Сендер үкімет емес, министр емес, бар болғаны қорқақсыңдар!»<sup>92</sup> Оған қоса, Назарбаев бұл мәселені шешу үшін батыл реформалар жасауды айтты, атап айтқанда, 2015 жылы мамырда өзінің «100 нақты қадам» бағдарламасында ұсынды. Халықаралық институттардың айтуынша, Қазақстанның технократтық сарапшылары реформалардың қиындықтар ауқымына қатысты да, өзгерістерге қарсыласып жатқан ашкөз мүдделердің күшіне қатысты да ашық әрі шынайы бола алады. Жаңа президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қандай көшбасшылық стилін таңдайтынын айту әлі қиын. Бірақ ол алдыңғы президент сияқты қазіргі жағдайға наразылығын ашық білдіре бастаса, оны өзгерту үшін қандай қадамдар жасайтыны қызығушылық тудырады.

Қазақстан жаһандық индекстерде және негізгі көрсеткіштеріндегі өз позициясына мұқият қарайды және халықаралық институттармен белсенді диалог жүргізеді<sup>93</sup>. ДСҰ-ға қабылдануы ел үшін маңызды қадам болды. Ұйым аясында алған міндеттемесін толық орындаған кезде сауда және инвестиция, әсіресе қызмет көрсету секторындағы кедергілер айтарлықтай азаюы керек<sup>94</sup>. Оған қоса, Қазақстан ЭЫДҰ-ға кіруге және 2050 жылға қарай әлемдегі ең дамыған 30 экономиканың бірі болуға ұмтылады. Халықаралық рейтингтерге және стандарттарға сай болуға деген ашықтық пен ұмтылыс — құптарлық іс. Дегенмен Қазақстан ол стандарттарға, оның негізінде тұрған нормалар мен құндылықтарға қағаз жүзінде ғана сәйкес болып қоймай, іс жүзінде де сай келуі керек. Қазақстанның негізгі мақсаты елдің рейтингтегі позициясын көтеруге ұмтылу ғана емес, керісінше, тиіс көрсеткіштермен өлшенетін базалық жүйелік сипаттамаларды жақсарту болуы тиіс. Заңдар мен ережелерді жүйелі түрде орындау оларды ресми қабылдаумен бірдей маңызды.

Сонымен қатар, көптеген реформа нарыққа серпін беруге емес, мемлекетті дамытуға бағытталған. Олар жаңа инвестициялық жобалар жасайды, алайда бұл жобалар мемлекеттің рөлін арттырып, шешуі керек болған мәселелерді одан сайын көбейтіп жіберді. Халықаралық ұйымның ардагер елдерінің бір басшысы атап өткендей, мемлекет үшін ең бастысы өзі тудырған мәселелерді шешуге тырыспау емес, «жолда тұрмау».

Басқа салаларда да мемлекеттік бастамалар өзі шешуі керек болған мәселелерді қайта тудырып отыр. Жоғарыдан төмен қарай орындау талаптары мен бұйрықтары, шенеуніктер арасында межелеген нәтижеге жету үшін немесе жетуге тырысып жатқаны көрінісін жасау үшін «атойлау» тәсілін қолдануға итермелейді. Жылдам нәтиже көрсетуге ынталандыру ақыр аяғында оңай жолдар мен жылдам шешімдерді табуға, әсіресе импортталған дайын технологиялар немесе физикалық ресурстар арқылы қол жеткізуге итермелейді. Ал оның орнына аз көрінетін, бірақ маңызды жұмыстар жасаса, онда тиімді жүйелер мен институттарды құруға болар еді.

Мысалы, ауыл шаруашылығын алайық. Қазақстанда ет өндірісін дамыту үшін Солтүстік Америкадан ірі қара әкелінді. Ал осы малға күтім көрсететін ветеринарлық қызмет, жем-шөп беру, көлікпен қамтамасыз ету және тиіс басқару жүйелері сияқты инфрақұрылым жасалмады. Осының салдарынан бұндай қадамдар, әрине, сәтсіздікке ұшырайды. Аграрлық секторда мемлекеттің белсенді қолдауына қарамастан,

<sup>91</sup> 1990 жж. жекешелендіру туралы Пейруз С. қараңыз. (2012), 'The Kazakh neopatrimonial regime: balancing uncertainties among the "Family", oligarchs and technocrats' [Қазақстандық неопатримониал режимі: «отбасы», олигархтар мен технократтар арасындағы белгісіздіктер тепе-теңдігі], *Demokratizatsiya*, 20(4): 345–370-беттер.

<sup>92</sup> Nur.kz (2019), Назарбаев — правительству: Вы просто трусы [Назарбаев үкіметке: сендер бар болғаны қорқақсыңдар], 30.01.2019, <https://www.nur.kz/1775877-nazarbaevpravitelstvu-vy-prosto-trusy.html>, (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>93</sup> 2017 жылы Қазақстан Дүние-жүзілік банктің бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде бір орын төмен түскеннен кейін, ел делегациясы оның себебін анықтау үшін Вашингтонға барғаны туралы хабарланған еді.

<sup>94</sup> ЭЫДҰ (2017), *OECD Investment Policy Reviews* [ЭЫДҰ инвестициялық саясатына шолу], 6-тарау.



қазақстандық бидай өнімділігі халықаралық стандарттармен салыстырғанда төмен және сапасы жағынан әлі де нашар<sup>95</sup>. Осында да Қазақстанның басты мақсаты экономикалық саясаттың басқа салаларындағы сияқты жаңа стратегияларды, бастамалар мен мақсаттарды құру емес, керісінше, оларды неғұрлым жүйелі және тиімді орындау болуға тиіс.

### Қорытынды

Қазақстанның географиялық және жүйелік мұрасының қиындықтарын ескере отырып, оған қоса өзге де табиғи ресурстарды өндіруші посткеңестік елдермен салыстырғанда, Қазақстан қойған мақсаттарын «орындамаған» елдердің қатарында емес, керісінше, «артығымен орындағандардың» арасында деуге болады. Бұл сәттілік сөзсіз жететін нәрсе емес, ол — таңдалған саяси шешімдердің нәтижесі, ол өзге посткеңестік елдердегідей мүлдем басқа болуы мүмкін еді. Тәуелсіздік алған Қазақстан бастапқыда тап болған қиындықтарды жақсы еңсере білді.

Дегенмен жалпы көріністің артында түйткілді мәселелер өсіп келе жатқаны көрінбей қалды. Тәуелсіздік орнаған бірінші онжылдықта Қазақстан өзге посткеңестік елдерге қарағанда реформалау қарқыны бойынша оқ бойы алға озып кетсе, екінші онжылдықта ең баяуы болды. 2000 жылдары экономикалық өсім артқан сайын реформалау бәсеңдей берді. Бұл өсім, ең біріншіден, мұнай және газдан түскен пайдаға, әсіресе шетелдік компаниялар басқаратын үш ірі жобаға арқа сүйеді. Осы жобалардың жақсы көрсеткіштерге жетудің сыры бизнес жүргізуге қолайлы жергілікті жағдай жасалуы болмады, ӨБК-мен қорғалатын ерекше дәреже берілгені үшін осылай болды. Қалған энергетикалық және тау-кен секторларының жағдайы мүлдем басқа еді. Бұл осы жүйенің ережелері үлкен табиғи әлеуетті іске асыруға қаншалықты кедергі келтіретінін айқын көрсетеді.

ЖІӨ-нің қарқынды өсу жылдары жаңа саяси-экономикалық дисфункциялар жинала берді. Мемлекеттің экономикадағы рөлі сол қалпы өте үлкен болып тұр. Экономиканы реттейтін мемлекеттік институттар тым әлсіз, біржақты және пайдакүнем мүддемен тығыз байланысқан. Бұл, әсіресе, қаржы секторынан көп байқалады. Сауда саласын басқару қымбатқа түсіп, жемқорлық жайлап және тиімсіз әрекет етеді. Бұрын керемет жетістіктер жасаған жүйе қазіргі сәтте дамуы керек, сонда ғана Қазақстан демографиялық және технологиялық қауіптерге; жаһандық энергия нарықтарындағы өзгерістерден туған сын-қатерлерге; күшейіп келе жатқан Қытайдан және әлсіреп бара жатса да, геосаяси тұрғыда белсенді Ресейден төнген қос қауіпке төтеп бере алады.

Жайбарақат жата беретін кез емес. «Өзге елдермен қатарлас» болу деген ұстаным енді жетістіктерге апармайды. Жалпы алғанда, ел басшылығы бұны мойындап және халықаралық институттармен тығыз ынтымақтастық орнатып, осылайша әлемдегі ең дамыған елдер қатарына қосылу мақсатына жету үшін жұмыс істеп жатқан тәрізді. Осы жерде мынадай бір қауіп бар: ашкөз мүдделері бар топтар реформаларды техникалық шаралармен шектеуге және айтарлықтай өзгерістерге жол бермеуге тырысады<sup>96</sup>. Әртүрлі және бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы дамыту үшін барынша терең құрылымдық реформалар қолға алынбайынша, салыстырмалы көрсеткіштердің төмендеуін мұнай өндірісінің өсуімен бүркемелеуі мүмкін. Ең жаман сценарий болған жағдайда, бұған дейін Қазақстанға болжанғаннан аз мөлшерде әсер етіп келген «ресурстар қарғысы» енді елді уысынан шығармай қоюы мүмкін.

Қазақстан тәуелсіздігі орнаған бірінші онжылдықта өзіне де, өзгелерге де батыл саяси шешімдер арқылы ел мен халқына игіліктер әкелуге болатынын көрсеткен еді. Қазір үшінші онжылдықты артқа тастайтын

уақыт жақындағанда ел қайтадан осындай батыл қадамдарға баруы керек. Қазақстан басшылығына тәуелсіздік алғалы жиналып қалған посткеңестік мұраға қарсы шығып, реформалардың жаңа кезеңі туралы ойланғаны жөн болар еді. Бұл оңай болмасы анық, алайда бұрынғы жетістіктер де өздігінен пайда болған жоқ. Қазақстанның келешегі үшін бұл реформалардың маңызы зор. Осы тараудың басында айтылып кеткендей, Қазақстанның экономикалық таңдаулары оның саяси болашағын қалыптастырады.

<sup>96</sup> ЭЫДҰ (2018), *Reforming Kazakhstan* [Қазақстанды реформалау] керемет шолу жасаған.

Автор Билл Томпсонға, Майк Гиффордқа, аты-жөні көрсетілмеген пікір білдірушілерге және басқа тараулардың авторларына құнды пікір жинағы үшін алғыс білдіреді; сонымен бірге пайдалы талқылау жүргізіп, Қазақстанда сұхбаттасқан адамдарға ризашылығын білдіреді.

# 04

## САЯСИ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БОСТАНДЫҚТАР МЕН АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

ДЖОАННА  
ЛИЛЛИС

**Батыс елдері өз мүддесіне байланысты көбіне Қазақстандағы саяси және азаматтық құқықтардың бұзылуын қаперіне іле бермейді. Тоқаев толеранттық деңгейін арттыруға уәде берді, алайда биліктің ырықтандыру туралы сөздері қаншалықты шындыққа жанасатынын дәлелдеу үшін көп жұмыс атқару керек.**

<sup>97</sup> БҰҰ (1948), Universal Declaration of Human Rights [Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы], <https://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/>, (сұрату күні: 13.08.2019).

<sup>98</sup> БҰҰ (1966), International Covenant on Civil and Political Rights, Human Rights Office of the High Commissioner [Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті, Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы], <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/ccpr.aspx>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>99</sup> Толық мәтінін қараңыз, Қазақстан Республикасының Нидерланд Корольдігіндегі Елшілігі (мерзімі көрсетілмеген), Қазақстан Республикасының Конституциясы, <http://mfa.gov.kz/en/hague/content-view/the-constitution-of-the-republic-of-kazakhstan>.

<sup>100</sup> Симмонс А. М. (2019), 'Kazakhstan's Newly Elected Leader Calls Himself a "Reformer"' [Жаңа сайланған Қазақстан басшысы өзін «реформатор» деп атады], Wall Street Journal, 13.06.2019, <https://www.wsj.com/articles/kazakhstans-newly-elected-leader-calls-himself-a-reformer-11560452047>, (алынған күні: 13.08.2019).

Кеңес Одағы ыдырап, тәуелсіздік алған Қазақстан басқа посткеңестік елдер тәрізді біраз уақыт батыс үлгісі бойынша демократияны құру туралы ойлаған еді, бірақ Назарбаев басқарған 28 жыл ішінде ел біртіндеп авторитаризмге бет бұрды. Назарбаев билікте болған кезде режимнің авторитаризмге қарай бет бұруы оның адам құқықтарына деген көзқарасында да көрініс тапты. Саяси және азаматтық бостандықтар көп жағдайда тапталып келді және ол наурызда президенттіктен кеткеннен бері мұндай жағдайлар әлі жалғасып келеді.

Баяндаманың көлемі адам құқықтарын қорғауға қатысты мәселелерді кеңінен қамтуға жеткіліксіз болғандықтан, бұл тарау саяси және азаматтық бостандықтардың жай-күйін ғана қарастырады. Қазір Қазақстанда саяси биліктің ауысуы жүріп жатқан кезде бұл бостандықтар сақталмайтыны анық көріне бастады. Осы тарау мемлекет адам құқықтарына қатысты қандай міндеттемелерін орындамағаны жайлы нақты тоқталып өтеді. Қазақстан өзі қол қойған халықаралық келісімдерді бұзып отыр. Атап айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы (АҚЖОД)<sup>97</sup> және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісінде (АСҚХП)<sup>98</sup>, сонымен қатар Қазақстанның өз Конституциясында және заңдарында бұл міндеттемелерді орындауы керек екені жазылған еді<sup>99</sup>.

Назарбаевтың биліктен кетуі Қазақстандағы адам құқықтарының қорғалу жағдайын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр деуге болады. Жаңа әкімшіліктің кейбір белгісіне қарағанда, олар бұл мүмкіндікті жіберіп алмайтын сияқты, әрине, ол үшін бұл биліктің мүддесіне сай келуі керек. Жаңа президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзін реформатор ретінде ұсынып отыр;<sup>100</sup> ол азаматтық қоғаммен диалог (тәрізді) орнатуға шақырды;<sup>101</sup> наразылық білдіру құқығын реттейтін қатаң шектеулерге толы заңды либерал қылуға уәде берді;<sup>102</sup> кейбір бейбіт шеру ұйымдастыруға рұқсат етті<sup>103</sup>. «Қазақ көктемі» әлі толық тумаса да, өзгерістердің лебі қазірдің өзінде сезіліп жатыр. Бұл жағымды өзгерістердің ұсынары көп. Халықаралық ойыншылар бұл сәтті пайдаланып, елді реформалау бағытына түсуге ықпал етуі тиіс.

Назарбаевтың кезінде үкімет демократиялық құндылықтар мен адам құқықтарын қорғауды ресми түрде қолдағанымен, іс жүзінде саяси және азаматтық бостандықтарды басып-жаншыды. Режим өз билігіне қарсы шыққандарға ғана емес, тіпті Қазақстан қандай болуы керек және адамдар қалай ойлауы керек деген жоспарына қарсылық білдіргендерді де төзбейтін жағдайға жеткізген еді.

Мемлекет жүргізген саясатқа шамалы болсын қарсылық білдіруді режим өзінің өмір сүруіне тиген қауіп ретінде қабылдайтын болды. Бұл Назарбаевтың халық арасындағы шынайы қолдауы туралы сенімсіздігін көрсетіп отыр. Мұндай мәселені мойындау бұрын да, қазір де қиын болып тұр. Себебі бұл Назарбаев қалың елдің түгелдей дерлік қолдауына ие деген аңызды жоққа шығаруына әкелер еді. Осы аңыз режимнің заңдылығын күшейтуге арналған ресми идеологияның іргетасы. Нәтижесінде, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерге назар аударылмай, шешілмей келе жатыр. Бұл халықтың ыза-сынын тудырып, наразылықтарға алып келді, әсіресе Назарбаев президенттіктен кеткеннен кейін олардың қарқыны да арта түсті. Билік осындай наразылықтарды көбіне басып тастаумен не қамауға алумен шешіп келді.

Билігі шектелгеніне қарамастан, Тоқаевтың бұл шырғалаң шеңберді бұзуға мүмкіндігі бар. Ол үшін мемлекеттің қатаң бақылауын сәл әлсіретіп, өзі басқарып отырған халықпен нағыз диалог орнатып, саясатты да билік тәжірибесінде реформалауы тиіс. Президент «Әртүрлі көзқарас — бір ұлт» деген қағидатын маусымда өзінің ұлықтау рәсімі кезінде жария еткен еді<sup>104</sup>. Дегенмен ырықтандыру туралы уәдені сөзбен айтқан жеңіл болғанымен, іспен дәлелдеу қиын болмақ. Назарбаевтың қолында көп билік шоғырланған, оған қоса қазанда шыққан жарлық оның ауқымын тағы да кеңейтіп жіберді. Жарлық бойынша, оған Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде жоғарғы саяси қызметтерге және құқық қорғау құрылымдарына кадр тағайындау кезінде кеңес беруші рөлі берілген, яғни оны veto құқығы ретінде қабылдауға болады<sup>105</sup>. Қауіпсіздік аппаратының шешім қабылдаудағы рөлінің осылай кеңеюі сезік туғызып, алдыңғы президент пен оның айналасындағы «қырғилар» реформаларға қарсылық көрсетеді деген алаңдаушылықты күшейтіп отыр. Соған қарамастан, Тоқаев сияқты, белгілі бір жағдайда Назарбаевты қоса алғандағы прагматикалық саясаткерлер демократиялық ырықтандыру мен адам құқықтарын нығайту жөніндегі шаралар режимнің мүдделеріне сәйкес келеді деп шешуі мүмкін. Демек, наразылық көріністеріне рұқсат беру және оны өз бақылауында ұстау қабілетіне сенімді болуы керек.

Қазақстандағы адам құқықтарының бұзылу жағдайы нашар болғанына қарамастан, елде бұл мәселе бойынша жұмыс істеу үшін қандай да бір іргетас бар. Ел азаматтары кейбір көршілес мемлекетке қарағанда үлкен саяси және азаматтық бостандықтарға ие (бұл салыстыру осы баяндаманың шеңберінен шығады). Көп адам Назарбаевты құрметтейді, ал кейбіреулері тіпті ардақтайды (Бірінші тарауды қараңыз). Көбі ол ізбасар ретінде Тоқаевты таңдағанын құптады. Көбі әлеуметтік тұрақтылық сақталуы және елдің әл-ауқатын салыстырмалы өсіріп, жақсарту үшін саяси және азаматтық бостандықтардың шектелуіне келісіп, сөзсіз жасалған әлеуметтік келісімді қабылдады. Бұл бөтуаға келіскендердің көбі мемлекет тарапынан зәбір көрмей, еркін өмір сүріп жатыр.

**Елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалға халықтың ашынуы күшейіп, наразылығын ашық әрі қатты білдіргісі келген халық Интернетке де, көшеге де жиі шыға бастады. Бұл әлеуметтік келісім бұзылуға шақ қалғанын көрсетеді.**

<sup>101</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), Выступление Касым-Жомарта Токаева на официальной церемонии вступления в должность избранного Президента Республики Казахстан [Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімдері сөйлеген сөзі], 12.06.2019, [http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/vystuplenie-kasym-zhomarta-tokaeva-na-ofitsialnoi-ceremonii-vstupleniya-v-dolzhnost-izbrannogo-prezidenta-respubliki-kazahstana](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-kasym-zhomarta-tokaeva-na-ofitsialnoi-ceremonii-vstupleniya-v-dolzhnost-izbrannogo-prezidenta-respubliki-kazahstana), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>102</sup> Азаттық Радиосы (2019), Токаев обещает новый закон о митингах. Скепсис активистов [Тоқаев шеруге рұқсат беретін жаңа заң қабылдауға уәде берді. Белсенділер сенбейді], 17.06.2019, <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-tokayev-protests-law/30003748.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>103</sup> Азаттық Радиосы (2019), Два разных митинга за политические перемены [Саяси өзгерістер үшін өткен екі түрлі митинг], 30.06.2019, <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-rallies-in-almaty-and-nur-sultan/30028339.html>, (алынған күні: 13.06.2019).

<sup>104</sup> Муканов Б. және Масанов Ю. (2019), В Нур-Султане прошла инаугурация президента Касым-Жомарта Токаева [Нұр-Сұлтанда президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімі өтті], Informburo, 12.06.2019, <https://informburo.kz/novosti/inauguraciya-prezidenta-kasym-zhomarta-tokaeva-novostdopolnyaetsya.html>, (алынған күні: 23.09.2019).

<sup>105</sup> Reuters (2019), 'Kazakhstan's Nazarbayev to confirm ministers, governors: decree' [Қазақстандағы министрлер мен әкімдерді Назарбаев бекітетін болды: жарлық], 21.10.2019, <https://www.reuters.com/article/us-kazakhstan-nazarbayev/kazakhstans-nazarbayev-to-confirm-ministers-governors-decree-idUSKBN1X0112>, (алынған күні: 29.10.2019).

**Қазақстан елдің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға көптеген көршілес елге қарағанда әлдеқайда мұқият қарады. Бұл кедейлік деңгейінің айтарлықтай төмендеуінен бастап, тәуелсіздік алғаннан бері өмір сүру ұзақтығының күрт артуына дейінгі көптеген елеулі нәтиже берді.**

<sup>106</sup> Human Rights Watch (2019), 'Kazakhstan: UN Review Should Press for Reforms' [Қазақстан: БҰҰ-ның шолуы реформалардың қажеттігін талап ету керек], 04.11.2019, <https://www.hrw.org/news/2019/11/04/kazakhstan-un-review-should-press-reforms>, (алынған күні: 04.11.2021)

<sup>107</sup> БҰҰ (2016), 'Human Rights Committee reviews the report of Kazakhstan' [Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Қазақстанның баяндамасын шолуы], Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы 23.06.2016, <http://www.ohchr.org/en/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=20166&LangID=E>, <http://kazakhstanhumanrights.com/>, (алынған күні: 13.08.2019)

<sup>108</sup> Лиллис Дж. (2011), 'Kazakhstan: Astana's Rights Record in the Spotlight' [Қазақстан. Басты назарда: адам құқықтарына қатысты Астананың позициясы], Eurasianet, 11.03.2011, <https://eurasianet.org/kazakhstan-astanas-rights-record-in-the-spotlight>, (алынған күні: 13.08.2019)..

Дегенмен елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалға халықтың ашынуы күшейіп, наразылығын ашық әрі қатты білдіргісі келген халық интернетке де, көшеге де жиі шыға бастады. Бұл әлеуметтік келісім бұзылуға шақ қалғанын көрсетеді. Саяси биліктің ауысуы халықтың қайнап жатқан наразылығының қақпағын ашқандай болды. Тоқаев енді ғана билік басына келген кезде бейбіт шеруге шыққан мыңдаған адамды қамауға алу халықты одан сайын ашындырды. Назарбаевтың кезінде бұл әлеуметтік келісімді қабылдамаған және ой-пікірін білдіргенде белгіленген межеден асып кеткен адамдар түрлі жолмен жазаланып отырды. Билік мұндай кезде қорқыту мен үркіту, түрмеге қамау мен кей жағдайда күш қолдануға дейін барды. Дәл осы шырғалаң шеңберді Тоқаев бұзуы керек.

Назарбаев президент болған кезде, әкімшілік қоғамдық өмірдің барлық саласын шырғауықтай шырғап алды: саясаттан бастап баспасөзге дейін, азаматтық қоғамнан бастап, діни бірлестіктер мен кәсіподақтарға дейін қамтыды. Қазақстандағы халықтың наразылығын тудырып отырған себептермен күрескенше, ұйымдасқан оппозицияны саяси сахнадан құрту билік үшін оңай болды. Сондықтан режим бұрын да, қазір де көп уақыты мен энергиясын реформа жақтаушыларын қудалауға кетіріп жүр. Бұл әкімшілік энергияны наразылықты басып-жаншуға емес, керісінше халықтың мұң-мұқтажын шешуге жұмсаса, оның игілігін бұқара халық қана емес, билік басындағылар да көрер еді. Осылайша, адам құқықтары мәселесін шешу арқылы елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен экономикалық бәсекелестік күшейетін еді. Өзге көзқарасқа төзімсіздік үкіметтің халық алдындағы есептілігіне және парасатты саяси шешімдер жасауға кедергі болып, оның қайіпті салдарын болашақта көруіміз мүмкін. Қарашада Human Rights Watch халықаралық ұйымының мәлімдемесі бойынша, Тоқаев қазіргі уақытқа дейін «Қазақстанды БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі нормаларына жақындата алмады»<sup>106</sup>. Тоқаев халықты тыңдай білетін және ашық әрі конструктив диалогқа шыға алатын «естітін мемлекет» құру жөніндегі уәдесін орындай ма, жоқ па, оны уақыт көрсетеді.

Қазақстан үкіметі адам құқықтары «дамумен, атап айтқанда, экономикалық өсумен, саяси және әлеуметтік дамумен тығыз байланысты» деп есептейді<sup>107</sup>. 2011 жылы БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің отырысында министрдің айтуынша, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыс орындарын ашу және кедейлікті азайту сияқты «біздің азаматтарымыздың лайық және сапалы өмірге негізгі құқықтарына тікелей қатысты» салаларды жақсарту бойынша Қазақстан елеулі және мақтауға тұрарлық күш-жігер жұмсап отыр<sup>108</sup>.

Бұл рас, дегенмен де Қазақстан «негізгі адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру бағытында қажырлы жұмыс істеп жатыр» деп айту қатты күмән тудырады, себебі елде іргелі саяси және азаматтық бостандықтар шектелген.

Қазақстан елдің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға көптеген көршілес елге қарағанда әлдеқайда мұқият қарады. Бұл кедейлік деңгейінің айтарлықтай төмендеуінен бастап, тәуелсіздік алғаннан бері өмір сүру ұзақтығының күрт артуына дейінгі көптеген елеулі нәтиже берді<sup>109</sup>. Қазақстан халықтың 32%-ына тең этникалық



азшылықтардың құқығын жоғары деңгейде қорғап келеді. Елде кемсітушілікке қарсы заңдар бар; аз ұлттардың ана тілінде білім алуына рұқсат берілген; ең үлкен этникалық азшылықтың тілі — орыс тілін ресми түрде қолдану құқығы заңда бекітілген.

Халықаралық қауымдастықпен адам құқықтары жөніндегі диалогтарда үкімет кемшілігі көп саяси және азаматтық бостандықтарды сақтау мәселесі емес, керісінше, жетістіктері бар азшылықтардың құқықтарын қорғау және даму мақсаттарын орындауға ұмтылысы тақырыбына көбірек назар аударуға тырысады. Олар азаматтық құқықтардың бұзылу жағдайлары бар екенін мойындайды, бірақ бұл жүйелі түрде бұзылатынын жоққа шығарып отыр. Бірақ көптеген іргелі құқық де-юре қамтамасыз етілгенімен, іс жүзінде сақталмайды.

Батыс державалары Қазақстанды осындай тұрақсыз аймақтағы сенімді одақтас ретінде көреді. Сол себепті елдегі жағдайға қатысты көбіне үнсіз қалады, бұл биліктің жазасыздық сезімін одан сайын күшейтіп жібереді. Өзінің имиджіне алаңдаған үкімет сынға жауап ретінде демократия жолына енді ғана аяқ басып келе жатқан «жас» ел туралы балама ой-пікір түзуге, қоғаммен байланыс стратегиясын қалыптастыруға көмектесу үшін әлемдегі ең танымал лоббистік фирмаларды тартты<sup>110</sup>. Осылайша, елдегі саяси және азаматтық құқықтардың қорғалу жағдайын жақсартудың орнына, үкімет жоққа шығару, назарды басқаға бұру әдістері мен кері ой-пікір қалыптастыруды жөн көрді.

## Саяси бостандықтар

Қазақстанда демократияның аты ғана бар: елде сайлаулар, шын мәнінде, режимнің саяси таңдауын заңдастыру, оның билікте мәңгі қалуы үшін жасалған рәсімдеу әрекеттері арқылы демократиялық көрініс беруге арналған микро басқарылатын плебисциттер ғана. 2019 жылғы маусымдағы президент сайлауы да осы формула бойынша өткізілді. Дегенмен осы жолы оны заңдастыру үшін үлкен қадам жасалды, яғни 14 жыл ішінде алғаш рет оппозициялық саясат тәжірибесі бар кандидат Әміржан Қосанов бюллетеньге енгізілді<sup>111</sup>. Осы сайлауда режим ұсынған үміткер Қасым-Жомарт Тоқаев 71%-бен жеңіске жетіп, заңды түрде президент болып сайланды.

Назарбаев билікте отырған кезінде сайлауда жинаған дауыстары 2015 жылы таңғаларлық 98%-ке жетті. Ұйымдасқан саяси оппозиция іс жүзінде толығымен жойылды: соттар тыйым салды; қалғаны режимнің қысымы мен партиялық қақтығыстардың салдарынан құрыды немесе оппозиция басшылығына үкіметшіл күштер келді<sup>112</sup>. Парламент сайлауы үкіметтің жақтастары арасында ғана өтіп, саяси пікірталастарға батпайтын азусыз іс-шараға айналды. 2007 жылдан кейін оппозициялық партиялар парламентке мүлдем кірмей қалды. Ол кездегі сайлаудың нәтижесінде биліктегі «Нұр Отан» ғана қалған бірпартиялы заң шығарушы орган құрылды. 2012 және 2016 жылдардағы сайлау нәтижесінде билікпен келісілген екі қозғалыс («Ақ жол» және Қазақстан коммунистік халықтық партиясы) аз орын алып, көнгіш заң шығарушы орган туралы демократиялық көрініс жасады. Келесі сайлау 2021 өткізілуі тиіс, алайда мерзімінен бұрын болуы мүмкін. Ол кезде саяси өтпелі кезеңдегі стратегияның бір бөлшегі ретінде парламенттегі плюрализм артуы мүмкін. Дегенмен режим партиялардың құрылуына араласып, олардың қызметін бақылауды жалғастырса, саяси процесс әлі де жоғарыдан төмен қарай бағытталған және демократиядан жұрдай болып қалады, әрі постназарбаев жағдайындағы Қазақстан үшін аса қажет болған парламенттік плюрализмді қамтамасыз ете алмайды<sup>113</sup>.

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) бақылаушылары Қазақстанда өткен сайлауларды ешқашан еркін әрі әділ деп санамаған. Тоқаев ЕҚЫҰ-ның 2019 жылғы маусымдағы президент сайлауында «іргелі құқықтар сақталмады» және «демократиялық стандарттар құрметтелмейді» деген тұжырымдарын жоққа шығарды<sup>114</sup>. Кейін ол америкалық БАҚ-та жарияланған авторлық мақалада

<sup>109</sup> Дүниежүзілік банк (2019), Қазақстан, <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan>, (алынған күні: 13.08.2019); және БҰҰ ДБ (2018), 'Human Development Indices and Indicators: 2018 Statistical Update' [Адам дамуы индексі мен индикаторы: 2018 жылғы статистикалық жаңартулар], [http://hdr.undp.org/sites/all/themes/hdr\\_theme/country-notes/KAZ.pdf](http://hdr.undp.org/sites/all/themes/hdr_theme/country-notes/KAZ.pdf), (алынған күні: 19.09.2019).

<sup>110</sup> Готев Г. (2017), 'Kazakhstan, a fledgling democracy bent on "stability"' [Қазақстан, «тұрақтылыққа» бет бұрған жас демократия], Euractiv, 03.11.2017, <https://www.euractiv.com/section/central-asia/news/kazakhstan-fledgling-democracy-bent-on-stability/>, (алынған күні: 13.08.2019)

<sup>111</sup> France 24/AFP (2019), 'Nazarbayev protégé wins Kazakhstan elections marred by protests' [Назарбаевтың протектесі Қазақстандағы сайлауда жеңіске жетіп, арты жағымсыз наразылыққа ұласты], 10.06.2019, <https://www.france24.com/en/20190610-kazakhstanpresidential-election-tokayev-nazarbayev-protesters-arrested>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>112</sup> Лиллис Дж. (2011), 'Democracy, Kazakh-Style' [Қазақша стильдегі демократия], Eurasianet, 05.07.2011, <https://eurasianet.org/democracy-kazakh-style>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>113</sup> О Бичейн Д. және Кевлихан Р. (2017), 'Menus of Manipulation: Authoritarian Continuities in Central Asian Elections' [Манипуляциялар мәзірі: Орталық Азиядағы сайлаулардағы авторитарлық сабақтастық], Demokratizatsiya: The Journal of Post-Soviet Democratization, 25(4): 407–34-беттер, <https://muse.jhu.edu/article/675781>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>114</sup> Вааль Т. және Гордеева М. (2019), 'Nazarbayev's handpicked successor Tokayev elected Kazakhstan president' [Назарбаев бекіткен ізбасары Тоқаев Қазақстан президенті болып сайланды], Reuters, 10.06.2019, <https://www.reuters.com/article/us-kazakhstan-election/nazarbayevs-handpicked-successor-tokayev-elected-kazakhstan-president-idUSKCN1TB0JA>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>115</sup> Тоқаев Қ. (2019), 'Kazakhstan will continue championing dialogue and cooperation' [Қазақстан диалог пен ынтымақтастықты одан әрі жалғастыра береді], The Hill, 20.09.2019, <https://thehill.com/blogs/congress-blog/foreignpolicy/462222-kazakhstan-will-continue-championing-dialogue-and-> (алынған күні: 23.09.2019).

<sup>116</sup> Tengrinews (2013), Назарбаев пригласил британских журналистов остаться в Казахстане и поговорить с людьми [Назарбаев британдық журналистерді Қазақстанда қалып, адамдармен сөйлесуге шақырды], 01.07.2013, [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-priglasil-britanskih-journalistovostatsya-237171/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-priglasil-britanskih-journalistovostatsya-237171/) (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>117</sup> Бисенов Н. (2019), 'Former Kazakh strongman backs successor in presidential election' [Бұрынғы күштік құрылым қызметкері президент сайлауында мұрагерді қолдады], Nikkei Asian Review, 23.04.2019, <https://asia.nikkei.com/Politics/Formal-Kazakh-strongman-backs-successor-in-presidential-election> (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>118</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2013), Обращение Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева по итогам выборов акимов городов районного значения, сельских округов, поселков и сел, не входящих в состав сельского округа [Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың аудандық маңызы бар қалалар, селолық округтер, селолық округтердің құрамына кірмейтін поселкелер мен селолар әкімдері сайлауының қорытындысы бойынша Үндеyi,] 10.08.2013, [http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/obrashchenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nanazarbaeva-po-itogam-vyborov-akimovgorodov-raionnogo-znacheniya-selskih-okrugov-poselkov-i-sel-ne-vhodyashchih-v-sostav-selskogo-okruga](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/obrashchenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nanazarbaeva-po-itogam-vyborov-akimovgorodov-raionnogo-znacheniya-selskih-okrugov-poselkov-i-sel-ne-vhodyashchih-v-sostav-selskogo-okruga) (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>119</sup> ОБСЕ (2003), Existing Commitments for Democratic Elections in OSCE Participating States [ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлау өткізу жөніндегі қолданыстағы міндеттемелер], Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАКБ), <https://www.osce.org/odihr/elections/13957?download=true> (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>120</sup> Абдурасулов А. (2017), 'Kazakhstan constitution: Will changes bring democracy?' [Қазақстан Конституциясы: өзгерістер демократия әкеле ме?], BBC жаңалықтары, 06.03.2017, <https://www.bbc.com/news/worldasia-39177708> (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>121</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), 'President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address, September 2, 2019' [Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2 қыркүйек, 2019 ж.], [http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses\\_of\\_president/president-of-kazakhstankassym-jomart-tokayevs-state-of-the-nation-address-september-2-2019](http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/president-of-kazakhstankassym-jomart-tokayevs-state-of-the-nation-address-september-2-2019) (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>122</sup> Лиллис Дж. (2019), 'Kazakhstan: Waking up to reform' [Қазақстан: реформаларға оянды], Eurasianet, 11.06.2019, <https://eurasianet.org/kazakhstan-waking-up-to-reform> (алынған күні: 23.09.2019).

<sup>123</sup> Шекарасыз тілшілер (2019), '2019 World Press

«биліктің бейбіт жолмен ауысуы және бәсекелі сайлау» Қазақстанда «демократияның тамыр жайғанын» көрсетті деп мәлімдеді<sup>115</sup>. Осындай жоққа шығару режимі бұрын Назарбаевтың жиі қолданатын әдісімен жақсы ұштасады. Ол Қазақстанда демократиялық жетістіктерінің дәлелі ретінде ұйымдастырылған «потемкіндік» саяси үдерістерге меңзеп, сыннан қашатын еді.

Бірде Назарбаев «Бізде президент сайлаулары ашық, еркін және баламалы болып өтеді; парламентте үш саяси партияның өкілдері бар; елде оппозиция әрекет етеді» деп айтқан еді<sup>116</sup>. Бұрынғы президент батыстық үлгідегі демократияға қатысты күдіктерін ашық айтатын, осылайша ол Қазақстанда көзі тірісінде ондай үлгіні қабылдауға, ынталандыруға немесе рұқсат етуге еш ниеті жоқ деген ойға жетелейді. 2019 жылы ол «Батысқа еліктеп, демократия құрғысы келетін адамдарға» күдікпен қарайтыны туралы айтты<sup>117</sup>.

Халықтың жергілікті өзін-өзі басқаруында шектеулер бар. Ірі қалалар мен облыстардың әкімдерін президент тағайындайды. Ал шағын қалалар мен ауылдардың әкімдері арасында «Нұр Отан» басымдыққа ие, жергілікті кеңестер сайлайды<sup>118</sup>.

Билік басындағы элитаның саяси процесті монополиялауы және режимге жағымды кандидаттар үшін дауыс беруде азаматтар рөлінің азаюы АҚЖОД (21-бап), АСҚХП (25-бап), сондай-ақ Қазақстан Конституциясында (3-бап) және сайлау туралы заңда (1, 3, 8-баптар) бекітілген мемлекетті басқаруға, қоғамдық өмірге және еркін сайлауларға ерікті түрде қатысу құқығын бұзады. Үкімет ЕЫҚҰ-ның Копенгаген құжатында жазылған «шынайы демократиялық сайлауларды өткізу, жалпы жағдай бойынша еркін, әділетті, ашық, және заң үстемдігі арқылы есепті болатын адам құқықтарын қорғау» міндеттемелерін орындамады<sup>119</sup>.

2017 жылы Назарбаев өзінің кететін уақытына дайындап, президенттің кейбір өкілеттігін үкіметке және парламентке бөліп берді<sup>120</sup>. Дегенмен бұл қағаз жүзіндегі реформалар күшіне ену үшін шынайы өзгерістер болуы керек, атап айтқанда, президентті есеп беруге шақыра алатын плюралистік парламентті сайлау керек. Тоқаев мұны түсініп отыр: ол халыққа алғашқы жолдауында «мықты президент, беделді парламент, есепті үкімет» тұжырымдамасын жария етті, дегенмен ол «бұл мақсатқа әлі де жетпедік, бірақ осы бағытқа қарай қарқынды қозғалу керек» деді<sup>121</sup>. Сонымен қатар, ол «саяси өзгерістер болады» деп уәде берді, бірақ кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын айтты, себебі «елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпайынша, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес». Ол көппартиялық жүйені, саяси бәсекелестікті және ой-пікірдің саналуандығын дамытуға мақсат қойып отыр, бұл саяси жүйенің ұзақмерзімді тұрақтылығы үшін маңызды болмақ. Шешім қабылдайтын жауапты адамдар реформаның қажеттігін түсінетіні анық, дегенмен осы билік ауысуы кезінде сақтықпен қабылданған әкімшілік шаралар азаматтардың есеп беру және басқаруға қатысуы туралы талаптарына сәйкес жауап бермеуі мүмкін. Тәуелсіз саяси белсенділікке арналған кеңістікте кішкене болсын кеңею белгілері бар: 2019 жылғы сәуірде құрылған Оуан, Qazaqstan («Оян, Қазақстан») қозғалысы жүргізген демократиялық реформалар үшін науқаны билік тарапынан тұтастай алғанда кедергісіз өтті, дегенмен белсенділердің

айтуынша, қозғалыстың кейбір мүшесі бақылауда болған, қудаланған және наразылықтарды бақылап жүрген кезінде ұсталған<sup>122</sup>.

Билік басындағы элита демократиялық реформаларды өз мүддесіне қайшы келеді деп ойлауы мүмкін. Дегенмен саяси бостандықты талап еткен халықтың сұрауы артып келеді. Қазақстан басшылығы бұл талаптарды орындай бастауы керек, әйтпесе халық арасында наразылық өршіп кетуі мүмкін. Қазақстан постназарбаевтық болашаққа қарай жылжи бастады, осы уақытта плюралистік саясат саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жаңа идеяларды да тудыруы мүмкін. Саяси бостандықтардың шектелуі саяси пікірталастарды басып тастайды, пікірталас жоқ жерде креатив саяси шешімдер де қабылданбай қалады. Ал жаңа идеяларды жай ғана құптамай қоюдың орнына, тіпті мүлдем бас тартатын болса, онда топтық ойлау басым түсіп, саяси шешім қабылдау тоқырауға ұшырайды.

## СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ

### Аузына қақпақ қойылған БАҚ

Кезінде авторитар режимнің шектеулеріне қарамастан тіршілігі біршама қайнап тұрған БАҚ қазір жоқтың қасы. Тәуелсіз ақпарат көздері жиі жабылып жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдары режимді жақсы жағынан көрсететін үгіт-насихатқа тұнып тұр, белгілі бір межеден аспай, аздаған сыни көзқарас білдіруге рұқсат етілген. Ел азаматтары кейбір отандық және шетелдік тәуелсіз ақпарат көздері мен әлеуметтік желіге шыға алады. Қатты сын айтқан журналистер мен басылымдардың үстінен түрлі қылмыстық іс қозғалып, кейде қорқытып-үркіту мен күш қолдануға дейін барады. Қазақстан — әлемдегі баспасөз бостандығы жөнінен ең нашар елдердің бірі. «Шекарасыз тілшілер» ұйымының мәліметі бойынша, ол 180 елден тұратын тізімде 158-орында тұр<sup>123</sup>. Үкімет бұл рейтингті «субъектив» деп жоққа шығарып отыр<sup>124</sup>.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы жекеменшік басылымдар қаулап кетіп, елде қысқа уақытқа болсын баспасөз сан алуандылығы орнады. Дегенмен 1990 жылдардың ортасына қарай қатты сын айтқан журналистер қысым көре бастады,<sup>125</sup> ол кезде саяси шиеленіс өзінің шарықтау шегіне жетіп, Назарбаев 1995 жылы парламентті таратып жіберген еді<sup>126</sup>. 2000 жылдар Назарбаевқа бірқатар саяси қиындық алып келді: реформаторлық бағыт ұстанған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы құрылды, мұнай-газ саласындағы келісімшарттардың жариялануы «Қазақгейт»<sup>127</sup> жанжалына алып келді. 2002 жылы «Республика» газетінің редакция ғимаратына иттің басы ілінген еді, одан кейін кеңсесіне өрт қойылды<sup>128</sup>. Журналист, құқық қорғаушы Сергей Дуванов соққыға жығылып, пышақталды, кейін зорлау ісі бойынша түрмеге қамалды; көпшілік арасында бұл айыптау ісі қолдан жасалды деген күдік туғызды<sup>129</sup>.

Режимнің тәуелсіз басылымдарға деген күдігі 2003–2005 жылдары посткеңестік республикалардағы авторитар басшыларды биліктен құлатқан «түрлі-түсті революциялардан» кейін одан сайын күшейе түсті. Себебі аймақта тақта қалған авторитар басшылар осындай жағдай өз басына келгенін қаламады. Тағы бір бетбұрыс 2012 жылы басталды, ол кезде 36 басылымның (соның ішінде

Freedom Index' [2019 жылғы дүниежүзілік баспасөз еркіндігі индексі], <https://rsf.org/en/ranking#>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>124</sup> Tengrinews (2019), В Казахстане нет критической ситуации со свободой слова — Абаев [Қазақстанда сөз бостандығы мүшкіл халде емес — Абаев], 25.06.2019, [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakhstan-kriticheskoy-situatsii-svobodoy-slova-abaev-372239/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-kriticheskoy-situatsii-svobodoy-slova-abaev-372239/), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>125</sup> Human Rights Watch (1999), 'Kazakhstan's Post-Soviet Political Process, 1992–1997' [Қазақстандағы посткеңестік саяси процесс, 1992–1997 жж.], <https://www.hrw.org/reports/1999/kazakhstan/Kaz1099b-02.htm>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>126</sup> Reuters (1995), 'Kazakh parliament ended' [Қазақстан парламенті таратылды], 12.03.1995, <https://www.nytimes.com/1995/03/12/world/kazakh-parliament-ended.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>127</sup> Стоджилл Р. (2006), 'Oil, Cash and Corruption' [Мұнай, ақша және сыбайлас жемқорлық], New York Times, 05.11.2006, <https://www.nytimes.com/2006/11/05/business/yourmoney/05giffen.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>128</sup> Блуа А. (2002), 'Kazakhstan: Nonstate Media Under Fire' [Қазақстан: мемлекеттік емес БАҚ нысанаға алынды], Азат Еуропа/Азаттық радиосы, 29.05.2002, <https://www.rferl.org/a/1099837.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>129</sup> Шекарасыз тілшілер (2003), 'Sergei Duvanov sentenced, on appeal, to three and a half years in prison — Reporters without Borders denounces what it considers a parody of justice' [Сергей Дуванов апелляциялық сот шешімімен 3,5 жылға бас бостандығынан айырылды. — «Шекарасыз тілшілер» сот үкімін сынап, бұл әділ сотқа пародия болды деп есептейді], 11.03.2003, <https://rsf.org/en/news/sergei-duvanov-sentenced-appeal-three-and-half-years-prison-reporterswithout-borders-denounces-what>, (алынған күні: 13.08.2019). Тағы да қараңыз, Вайнс М. (2002), 'Critic of Kazakh Leader Is Ailing in 6th Day of Hunger Strike' [Қазақстан басшысын сынаған адам 6 күн бойы аштық жариялап отыр], New York Times, 07.11.2002, <https://www.nytimes.com/2002/11/07/world/critic-of-kazakh-leader-is-ailing-in-6th-day-of-hunger-strike.html?mtref=www.google.com&gwh=052069E2A5E852B52663F97253FDF65A&gwt=pay&assetType=REGIWALL>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>130</sup> Шекарасыз тілшілер (2012), 'Main opposition media silenced in space of a month' [Негізгі оппозициялық БАҚ-ты бір ай ішінде «үнін өшірді»], 28.12.2012, <https://rsf.org/en/news/main-opposition-media-silencedspace-month>, (алынған күні: 13.08.2019). Тағы қараңыз, ЕҚЫҰ жанындағы АҚШ өкілдігі (2012), 'Statement on Kazakhstan' [Қазақстан туралы мәлімдеме], 13.12.2012, [https://osce.usmission.gov/dec1312\\_kazakhstan/](https://osce.usmission.gov/dec1312_kazakhstan/), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>131</sup> Хантер М. (2016), 'Operation Manul' [«Манул» операциясы], Электронды шекара қоры, 04.08.2016, [www.eff.org/wp/operation-manul](http://www.eff.org/wp/operation-manul), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>132</sup> Журналистерді қорғау комитеті (2016), 'Kazakhstan court sentences journalist to jail over reports on bank' [Қазақстан соты журналисті банк туралы репортажы үшін түрмеге қамады], 23.05.2016, <https://cpj.org/2016/05/kazakhstan-court-sentences-journalist-to-jail-over.php>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>133</sup> Азат Еуропа/Азаттық радиосы (2018), 'Fugitive Kazakh Banker, Nazarbaev Foe Sentenced To Life In Prison' [Қазақстандық қашқын банкир, Назарбаевтың жауы өмір бойы түрмеге қамау жазасына кесілді], 27.11.2018, <https://www.rferl.org/a/fugitive-kazakh-banker-nazarbaev-foe-sentenced-to-life-in-prison/29623588.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>134</sup> Адам құқығы жөніндегі халықаралық серіктестігі (2018), 'Kazakhstan: State vilifies opposition movement and its alleged supporters as "extremists"' [Қазақстан: мемлекет оппозициялық қозғалысқа және оның ықтимал жақтастарына «экстремизм» үшін айып тағылды], 03.04.2018, <https://www.iphronline.org/kazakhstan-state-vilifiesopposition-movement-alleged-supporters-extremists.html>, (алынған күні: 13.08.2019).



<sup>135</sup> Азаттық радиосы (2019), Активистке Акмарал Керімбаевой ограничили свободу «за участие» в запрещенном движении [Белсенді Акмарал Керімбаеваның бостандығы «тыйым салынған» қозғалысқа қатысқаны» үшін шектелді], 28.10.2019, <https://rus.azattyq.org/a/30239929.html>, (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>136</sup> Лиллис Дж. (2015), 'Kazakhstan: Court Closes Embattled Magazine' [Қазақстан: сот қуғындалған журналды жапты], Eurasianet, 22.10.2015, <https://eurasianet.org/kazakhstan-court-closes-embattled-magazine>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>137</sup> АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігі мен Консулдығы (2016), 'Statement on the Conviction of Kazakhstan Union of Journalists President Seitkazy Matayev' [Қазақстан Журналистер одағының президенті Сейітқазы Матаевтың сотталуы туралы мәлімдемесі], 06.10.2016, <https://kz.usembassy.gov/statement-conviction-kazakhstan-union-journalists-president-seitkazy-matayev/>, (алынған күні: 13.08.2019). Тағы қараңыз, Reuters (2016), 'Father and son jailed for embezzlement in Kazakhstan media trial' [Қазақстандық басылымға қатысты сотта әкесі мен баласы қаржы жымқырғаны үшін түрмеге қамалды], 03.10.2016, <https://www.reuters.com/article/us-kazakhstan-press/father-and-son-jailed-for-embezzlement-in-kazakhstan-media-trial-idUSKCN1231HZ?il=0>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>138</sup> Шекарасыз тілшілер (2017), 'Opposition newspaper editor freed, but banned from journalism' [Оппозициялық газеттің редакторы бостандыққа шықты, алайда журналистік қызметпен айналысуға тыйым салынды], 07.09.2017, <https://rsf.org/en/news/opposition-newspaper-editor-freed-banned-journalism>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>139</sup> АЕ/АР (2019), 'Current Time Reporter Fined In Kazakhstan, Vows To Appeal' [Қазақстанда айыппұл салынған «Настоящее время» тілшісі апелляциялық шағым беруге уәде етті], 02.04.2019, <https://www.rferl.org/a/current-time-reporter-fined-in-kazakhstan-vows-to-appeal/29856950.html>, (сұпаты күні: 13.08.2019).

<sup>140</sup> Шекарасыз тілшілер (2019), 'Kazakh reporters arrested while covering protests' [Қазақстандық журналистер наразылық туралы хабар таратқан кезде қамауға алынды], 28.03.2019, <https://rsf.org/en/news/kazakh-reporters-arrested-while-covering-protests>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>141</sup> АЕ/АР (2019), 'Kazakhstan Targets Protesters, RFE/RL, And Other Media On Election Day' [Қазақстан наразылық білдірушілерді құдалап жатыр, сайлау күніндегі АЕ/АР және басқа БАҚ], 09.06.2019, <https://pressroom.rferl.org/a/kazakhstan-targets-protesters-rferl-other-media-on-election-day/29989767.html>, (алынған күні: 13.08.2019). Тағы қараңыз, Азаттық Радиосы (2019), Воспрепятствование работе журналистов, «не замеченное» министрами [Журналистердің қызметіне жасалған кедергілерді министрлер «байқамады»], 09.07.2019, <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-abayev-turgumbayev-men-in-black/30045126.html>, (алынған күні: 31.10.2019).

<sup>142</sup> АЕ/АР (2019), 'Women Attack Journalists At Kazakh Press Conference' [Қазақстанда баспасөз конференциясында журналистерге бір топ әйел шабуыл жасады], 22.07.2019, <https://www.rferl.org/a/gang-of-women-attack-journalists-at-press-conference-in-kazakhstan/30068865.html>, (алынған күні: 13.08.2019)

<sup>143</sup> Adilsoz (2019), Заявление Международного фонда защиты свободы слова «Әділ сөз» о недопустимости эскалации насилия в отношении журналистов [«Сөз бостандығын қорғайтын халықаралық «Әділ сөз» қорының журналистерге күш көрсету оқиғаларының жиілеп кетуінің жөнсіздігі туралы мәлімдемесі»], 23.07.2019, <http://www.adilsoz.kz/news/show/id/3015>, (алынған күні: 13.08.2019).

«Республика») қызметіне тыйым салынды. Оларға Батыс Қазақстанда адам өліміне әкелген жаппай тәртіпсіздікке шақырды деген айыптар тағылды. Халықаралық қауым қанша рет алаңдаушылық білдірсе де, билік оған құлақ аспады<sup>130</sup>. Мемлекеттік қызметкерлердің өзара электрондық хаттары жарияланған соң режим «Республика» редакциясымен байланысы бар елден қуылған адамдарды халықаралық соттар арқылы қуғындауға кірісті. Биліктің адамдары оларға «жағымсыз» айла-тәсілдер қолданып, компьютерлерге жасырын бағдарламалар орнату арқылы режимнің қарсыластарын аңдып отыр деген күдік тудырды<sup>131</sup>. Бұрын «Республика» басылымында жұмыс істеген журналист жалған ақпарат жариялағаны үшін сотталған еді<sup>132</sup>.

Бұл «Республикаға» қарсы іс-шаралар әкімшіліктің және биліктің басты жауы, Францияны паналап отырған олигарх Мұхтар Әблязовтың арасындағы ауқымды текетірестің бір бөлігі ғана болды. Қазақстандағы соттар Әблязовты ақша жымқырудан бастап, кісі өлтіруге дейінгі көптеген қылмыстық іс бойынша айыпты деп таныды.

Ол бұл айыптаулардың бәрін жоққа шығарып, саяси астары бар деп сипаттады<sup>133</sup>. Билік Әблязовты (ол ашық түрде Қазақстандағы режимді ауыстырғысы келеді) немесе оның ҚДТ қозғалысын қолдайды деп есептейтін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде пікір қалдырушы адамдарды сот тәртібімен жүйелі түрде құдалай бастады. 2018 жылы қозғалыстың экстремистік сипаты бар деп жариялап, оған Қазақстанда тыйым салынды; осының арқасында қозғалыстың жақтаушыларын заң негізінде құдалауға жол ашылып, оларды жиі қамауға алып, соттап, басқа да заңды жазалар тағайындап отырды<sup>134</sup>. 2019 жылы оншақты адам осындай қуғын-сүргінге ұшырады<sup>135</sup>.

Билік Әблязовпен байланысы болмаған басылымдарды да сыни пікір жариялағаны үшін жауып тастады, ал журналистерді жалған айыптар бойынша түрмеге қамады<sup>136</sup>. Журналистерге, азаматтық қоғам белсенділері мен кәсіподақ өкілдеріне өзінің кәсіби қызметімен айналысуға тыйым салу<sup>137</sup> — режимнің сыни пікір білдірушілердің аузын жабу үшін қолданатын тағы бір тактикасы<sup>138</sup>.

Биліктің қазіргі ауысуы кезіндегі жағдай Назарбаевтың билігі кезінде БАҚ-қа қысым көрсету саяси шиеленіс кезеңдерімен қатар жүретін сценарийді қайталайды. 2019 жылы наурызда ел билігі «Азат Еуропа/Азаттық радиосы» (АЕ/АР) халықаралық жаңалықтар ұйымының екі тілшісін құдалау үшін ерекше қадам жасады. Сәния Тойкен мен Светлана Глушкова екеуі наразылықтар туралы хабар таратып жүрген жерінен ұсталып, олар мойындамаған бірнеше айып тағылды: полицияға бағынбау (Тойкен); ұрып-соғу (Глушкова)<sup>139</sup>. Сонымен қатар, 2019 жылғы бейбіт шерулер жайлы хабар таратып жатқан тілшілерді қамауға алуы;<sup>140</sup> бейнежазба жасауға кедергі келтірген арандатушылардың әрекеттері;<sup>141</sup> баспасөз конференциясы кезінде тілшілерге жасалған шабуылдар сияқты оқиғаларды қосуға болады<sup>142</sup>. Шілдеде «Әділ сөз» баспасөз бостандығын қорғау қоры «журналистерге күш көрсету оқиғаларының жиілеп кеткеніне» алаңдаушылық білдірді<sup>143</sup>. Негізі өзге Орталық Азия елдеріне қарағанда, үкімет шетелдік журналистерді елдегі оқиғалар жайлы хабар тарату үшін шектеусіз аккредитация жасайды. Дегенмен маусымдағы президент сайлауы жайлы

ақпарат таратуға келген «АЕ/АР-ның» жеті тілшісіне аккредитация берілмеді<sup>144</sup>.

Баспасөз еркіндігі мен сөз бостандығын шектеу адамның көзқарасын және ой-пікірін еркін білдіру құқығын бұзады, ол АҚЖОД (19-бап), АСҚХП (19-бап), сондай-ақ Қазақстан Конституциясында (20-бап) және бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда (2-бап) бекітілген<sup>145</sup>. Үкімет баспасөз бостандығы шектелгенін мойындамады. 2018 жылы ақпарат министрі Дәурен Абаев елдегі сөз бостандығы 10 балдық жүйемен есептегенде 7–8 деп бағалады және ұмтылатын меже бар екенін айтты<sup>146</sup>.

## ЦИФРЛЫҚ КЕЛІСПЕУШІЛІК

Үкімет цифрлық азаматтық бостандықтарды шектеп отыр. Интернет қолданушылары белгіленген межеден асып кетіп, келіспейтін пікірін білдіре қалса, үкімет оларды қудалауға көшеді. 2017 жылы Amnesty International халықаралық құқық қорғау ұйымы режим «Интернет пен әлеуметтік желілердегі өзгеше ойлауды түгін қалдырмай басып тастаудың күрделі және агрессиялық тәсілдерін барынша қолданады» деп қорытындылады<sup>147</sup>. Amnesty International, бұған қоса, «ашық айтылған пікірлер соттарда айыптау дәлелдеріне айналуға» деп жазды<sup>148</sup>. 2018 жылғы бір зерттеуінде 6 ай ішінде адамдар әлеуметтік желілерде сын жазғаны үшін заңмен қудаланған 30-дан астам жағдай тіркелген<sup>149</sup>. Көбі Әблязовқа немесе ҚДТ-ға өз қолдауын білдірген еді, ал бұл биліктің назарына бірден ілігеді.

Әлеуметтік желілердегі пікірталастар көбіне қайнап жатады, алайда ел билігі онлайн өзгеше ойлауға белгілі бір шекке дейін ғана төзеді. Режимге қарсы айтылған сын-пікірлер шыдамның шегінен асып кетсе болды, билік барлық күш-құралдарын қолданудан аянбайды. Оларға әлеуметтік желі қолданушыларын қудалау мен соттаудан бастап<sup>150</sup> сайттарды, хат алмасу қосымшалары мен желілерін бұғаттауға<sup>151</sup> дейінгі шаралар кіреді. Прокурорлар сайттар мен байланыс желілерін сот қаулысын алмай, өз бетінше бұғаттауға не жабуға өкілеттігі бар<sup>152</sup>. Осындай бұғаттаулар жиі қолданылады,<sup>153</sup> көбіне экстремистік не порнографиялық мазмұны болғандықтан сайттар жабылып жатады. Дегенмен кейде саяси әсерлі материалдар халық назарына жетпеу үшін де қолданылады. Шенеуніктер ҚДТ заң жүзінде тыйым салынғанын сылтауратып, интернет байланысы үзілу жағдайларын ақтап жатыр<sup>154</sup>. 2019 жылғы наразылықтар кезінде байланысты шектеу тактикаларына сайттарды, әлеуметтік желі арналарын және хат алмасу қосымшаларын бұғаттау және наразылық болып жатқан аймақтарда 3G/4G мобильді желісін бұғаттау шаралары кірді<sup>155</sup>. 2019 жылы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті интернет-провайдерлерге пайдаланушылардың шифрленген байланыстарын бақылауға алуға мүмкіндік беретін қауіпсіздік сертификаттарының қолданысын сынап көрді. Бұл сертификатты, сыншылардың пайымдауынша, түбінде жаппай бақылау құралы ретінде пайдалануға болады<sup>156</sup>. Ел билігінің айтуынша, болашақта қауіп төнсе, «ұлттық қауіпсіздікті» қамтамасыз ету үшін осы сертификат қайтадан қолданылуы мүмкін<sup>157</sup>.

## Төртінші билік

<sup>144</sup> AE/AP (2019), 'Seven RFE/RL Journalists Denied Accreditation To Cover Kazakh Presidential Vote' [Президент сайлауы туралы ақпарат таратуға келген «АЕ/АР-ның» жеті тілшісіне аккредитация берілмеді], 08.06.2019, <https://www.rferl.org/a/seven-rfe-rl-journalists-denied-accreditation-for-kazakh-presidential-vote/29988536.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>145</sup> 'Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года № 451-І О средствах массовой информации' [Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 ж. 23 шілдедегі №451-І Заңы], [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1013966](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013966), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>146</sup> Вааль Т. (2018), «Вас же никто по рукам не бьет», — Абаев о свободе слова в Казахстане [«Сіздерге ешкім жұдырық ала жүгірмейді» — Абаев Қазақстандағы сөз бостандығы жайлы], Власть, 03.04.2018, <https://vlast.kz/novosti/27458-vas-ze-nikto-po-rukam-ne-bet-abaev-o-svobode-slova-v-kazahstane.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>147</sup> Amnesty International (2017), 'Kazakhstan: Social media crackdown suffocates freedom of expression online' [Қазақстан: әлеуметтік желілердің шектелуі Интернетте өз пікірін білдіру еркіндігін тұншықтырады], 09.02.2017, <https://www.amnesty.org/en/press-releases/2017/02/kazakhstan-social-media-crackdown-suffocates-freedom-of-expression-online/>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>148</sup> Сонда.

<sup>149</sup> Savchenko, I. and Savchenko, K. (2018), 'Коллективная жалоба: Молчи! Иначе будешь обвинен в "экстремизме"' [Ұжымдық шағым: Үндеме! Әйтпесе, сені «экстремизм» үшін айыптайды], Открытый Диалог, 05.11.2018, <https://ru.odfoundation.eu/a/8950kollektivnaya-zhaloba-molchi-inache-budesh-obvinen-v-ekstremizme>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>150</sup> Human Rights Watch (2016), 'Kazakhstan: Prison Time for Facebook Posts' [Қазақстан: Facebook-те жазған посттары үшін түрмеге қамалу], 22.01.2016, <https://www.hrw.org/news/2016/01/22/kazakhstan-prison-time-facebook-posts>, (сұрату күні: 13.08.2019). Тағы қараңыз, Лиллис Дж. (2018), 'Kazakhstan: Political Facebook posts land man with 4-year jail term' [Қазақстан: Facebook-те саяси пост жариялаған адам 4 жылға түрмеге қамалды], Eurasianet, 01.12.2018, <https://eurasianet.org/kazakhstan-political-facebook-posts-land-man-with-4-year-jailterm>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>151</sup> Нетблоск (2018), 'Internet and streaming services blocked in Kazakhstan on election day' [Қазақстанда сайлау күні Интернет және стриминг қызметтері бұғатталды], 09.06.2019, <https://netblocks.org/reports/internet-andstreaming-services-blocked-in-kazakhstan-on-election-day-dAmQP7y9>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>152</sup> Freedom House (2018), Қазақстан, Freedom on the Net 2018, <https://freedomhouse.org/report/freedom-net/2018/kazakhstan> (алынған күні: 13.08.2019). Куменов А. (2018) тағы қараңыз, 'Kazakhstan's security agencies given formal permission to block internet' [Қазақстанның қауіпсіздік органдары Интернетті бұғаттауға ресми рұқсат алды], Eurasianet, 30.10.2018, <https://eurasianet.org/kazakhstan-security-agencies-given-formal-permission-toblock-internet>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>153</sup> Муканов Б. (2018), Девять тысяч сайтов заблокировали в Казахстане в 2017 году — Абаев [Абаев: 2017 жылы Қазақстанда тоғыз мың сайт бұғатталды], Informburo, 16.02.2018, <https://informburo.kz/novosti/devyat-tysyach-saytov-zablokirovali-v-kazahstane-v-2017-godu-abaev.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>154</sup> Куменов А. (2018), 'Kazakhstan Closes Spigot to Opposition Leader's Information Channels' [Қазақстан оппозиция көшбасшысының ақпараттық арналарының шүмегін жауып тастады], Eurasianet, 21.03.2018, <https://eurasianet.org/s/kazakhstancloses-spigot-to-opposition-leaders-information-channels>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>155</sup> Шекарасыз тілшілер (2019), 'Heavy Internet censorship in Kazakhstan' [Қазақстандағы қатаң



интернет цензура], 09.05.2019, <https://rsf.org/en/news/heavy-internet-censorship-kazakhstan>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>156</sup> Кумар М. (2019), 'Kazakhstan Begins Intercepting HTTPS Internet Traffic Of All Citizens Forcefully' [Қазақстан барлық азаматтарының HTTPS интернет-трафигін күштеп алып отыратын болды], Хакер жаңалықтары, 19.07.2019, <https://thehackernews.com/2019/07/kazakhstan-https-security-certificate.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>157</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (2019), В отношении сертификата безопасности [Қауіпсіздік сертификаты жайлы], 06.08.2019, <http://knb.gov.kz/ru/news/v-otnoshenii-sertifikata-bezopasnosti>, (сұрату күні: 13.08.2019).

<sup>158</sup> Freedom House (2005), Қазақстан, <https://freedomhouse.org/report/nations-transit/2005/kazakhstan>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>159</sup> Сонда.

<sup>160</sup> Лиллис Дж. (2010), 'A Modest "Leader of the Nation"' [Қарапайым «Елбасы»], Eurasianet, 16 June 2010, <https://eurasianet.org/a-modest-leader-of-the-nation>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>161</sup> Human Rights Watch (2018), 'Kazakhstan: Criminal Probe of Media Outlets' [Қазақстан: БАҚ-қа қарсы қылмыстық іс], 06.04.2018, <https://www.hrw.org/news/2018/04/06/kazakhstan-criminal-probe-media-outlets>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>162</sup> Журналистерді қорғау комитеті (2016), 'Kazakhstan court sentences journalist to jail over reports on bank' [Қазақстандық сот журналисті банк туралы репортаждары үшін түрмеге қамады].

<sup>163</sup> The Economist (2018), 'Citizens of Kazakhstan are just one click away from jail' [Қазақстан азаматтары түрмеге бір клиппен түсе алады], 20.10.2018, <https://www.economist.com/asia/2018/10/20/citizens-of-kazakhstan-are-just-one-click-away-from-jail>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>164</sup> Куменов А. (2018), 'Kazakhstan's security agencies given formal permission to block internet' [Қазақстанның қауіпсіздік органдары Интернетті бұғаттауға ресми рұқсат алды], Eurasianet, 30.10.2018, <https://eurasianet.org/kazakhstan-security-agencies-given-formal-permission-to-block-internet>, (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>165</sup> Путц К. (2018), 'With Media Law Amendments, Kazakhstan Deals a Blow to Press Freedom' [БАҚ туралы заңға өзгертулер енгізген Қазақстан баспасөз бостандығына соққы жасады], The Diplomat, 03.01.2018, <https://thediplomat.com/2018/01/with-media-law-amendments-kazakhstan-deals-a-blow-to-press-freedom/>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>166</sup> Informburo.kz (2019), Госзаказ в СМИ победил доходы от рекламы [БАҚ-тағы мемлекеттік тапсырыс жарнамадан түскен табыстан асып түсті], 14.08.2019, <https://informburo.kz/stati/goskazak-v-smi-pobedil-dohody-ot-reklamy.html>, (алынған күні: 15.11.2019).

<sup>167</sup> Лиллис Дж. (2016), 'Kazakhstan: Mud-Slinging at Protesters Highlights Apparent Media Double Standards' [Қазақстан: наразылық білдірушілермен лас жолмен күресу БАҚ-тағы екіжүзді стандарттарды айқындады], Eurasianet, 01.06.2016, <https://eurasianet.org/s/kazakhstan-mud-slinging-at-protesters-highlights-apparent-media-double-standards>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>168</sup> Nur.kz (2016), Сколько иностранные фонды тратят на подготовку активистов в Казахстане [Шетелдік қорлар Қазақстандағы белсенділерді дайындауға қанша қаражат жұмсап жатыр], 11.07.2016, <https://www.nur.kz/1184969-skolko-inostrannye-fondy-tratyat-na-p.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>169</sup> Лиллис Дж. (2012), 'Kazakhstan: State TV Slurs Opposition Leader Ahead of Appeal Hearing' [Қазақстан: мемлекеттік телевизия апелляциялық соттың істі тыңдауы алдында оппозиция басшысын қаралай бастады], Eurasianet, 16.11.2012, <https://eurasianet.org/kazakhstan-state-tv-slurs-opposition-leader-ahead-of-appeal-hearing>, (алынған күні: 13.08.2019). Nur.kz (2018) тағы қараңыз, В Сети появилось видео «роскошной жизни» возможного сообщника Аблязова [Желіде Әблязовтың ықтимал сыбайласының «сән-салтанатты» өмірі көрсетілген бейнежазба пайда болды], 04.02.2018, <https://www.nur.kz/1715034-v-seti-poavilos-video-roskosnoj-zizni-voznogosoobsnika-ablazova.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

Үкімет баспасөзді құқықтық құралдар арқылы бақылауды күшейтті, соның салдарынан бұқаралық ақпарат құралдарының биліктің тәуелсіз бақылаушысы қызметін орындау қабілеті шектелді. 2004 жылы заңнамаға өзгертулер енгізіліп, «Ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін» деген нақты емес анықтама негізінде бұқаралық ақпарат құралдарын жабу өкілеттігі кеңейді<sup>158</sup>. 2006 жылы Үкімет бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеуден бас тартуға мүмкіндік беретін кең өкілеттік алды<sup>159</sup>. 2010 жылы Назарбаевтың жеке басын қорлау бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған қылмысқа айналды<sup>160</sup>. Жала жабу да қылмыстық іс болды<sup>161</sup>. 2015 жылы «көрінеу жалған ақпарат тарату» 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеп соғатын қылмысқа айналды<sup>162</sup>; расталмаған хабар таратқаны үшін де сотталу қаупі бар және сотталып та жатыр (ал кей азаматтар өсек таратқаны үшін де сотқа тартылуы мүмкін)<sup>163</sup>. Төтенше жағдай кезінде тарайтын хабарламалардың мазмұны да үкіметтің қолында және ол кезде жаңалықтарды жарияламас бұрын немесе таратпай тұрып үкімет мақұлдауы керек<sup>164</sup>. 2018 жылы журналистер банк және коммерциялық деректерді жариялауға рұқсат алуы керек еді, бұл сыбайлас жемқорлық жасады деген күдіктілерге карт-бланш беріп, жемқорлық жайлы осындай деректерді жариялауға veto қоя алатын болды<sup>165</sup>.

Үкімет БАҚ-ты тәуелсіз бақылау тетігі ретінде емес, қоғамдық пікірді қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. 2005 жылдан 2015 жылға дейін жекелеген БАҚ ұйымдарына үкіметтің бағытын қолдайтын материалдарды жариялау үшін мемлекеттік тапсырысқа жұмсалған сома шамамен бес есе өсті; 2018 жылға қарай жыл сайынғы субсидия 140 миллион АҚШ долларына жетті<sup>166</sup>. Бұл БАҚ-тың мемлекетке тәуелділігі тым артып кетіп, бұдан былай бақылаушы қызметі мен мүдде қайшылығы туғанын білдіреді. Үкіметтің сойылын соққан БАҚ қаралау құралына айналды: бейбіт наразылыққа шыққандарды зұлым қылып көрсету;<sup>167</sup> демократиялық құндылықтарды дамыту бағытында әрекет ететін топтарға күмән келтіру;<sup>168</sup> және режимнің жауларын жамандау үшін қолданатын болды<sup>169</sup>.

Бірен-саран тәуелсіз ақпарат көзі қиын жағдайда қалды, олар сыни пікір айтуға мүмкіндік беретін шеңбер аясында ғана әрекет етуі керек еді. Өзіндік цензура кеңінен таралды, ал тыйым салынған тақырыптардың болуы сөз бостандығы мен ақпаратқа қол жеткізу арқылы белсенді қоғамдық пікірталас құруға кедергі жасады.

## Жиналу бостандығы

Назарбаевтың кезінде билік біртіндеп бейбіт шерулерге мүлдем төзбейтін жағдайға жетті. Олар мұндай шерулерді халықтың пікірін білдіру алаңы деп емес, керісінше, халықтың адалдықтан айнуы (тіпті сатқындығы) және төңкеріс пен аласапыранның алғышарты деп қабылдады<sup>170</sup>. Назарбаев президенттіктен кеткелі бері бейбіт наразылыққа шыққан мыңдаған адам ұсталды, тіпті Тоқаевтың өзі мойындағандай,<sup>171</sup> шерудің қасында көшеде жайбарақат серуендеп келе жатқан адамдар да ілігіп кетті<sup>172</sup>.

Тоқаев жиналу бостандығына қатысты шектеулерді жұмсартуға құлықты екенін аңғартты. Маусымда билік 9 жылда алғаш рет заңды оппозициялық митингілерге рұқсат берді, егер шеру Әблязовпен байланысты болмаса және жиналу еркіндігін пайдалану құқығы ресми белгіленген шектеу шеңберінен шықпаса, билік белгілі бір қысыммен кейбір шеруге шыдауға дайын екенін топшылауға болады<sup>173</sup>.

Бейбіт наразылық құқығын басуды ақтау үшін көпшілік жиналыстарды реттейтін заң қолданылады. Ол бойынша мемлекет ұйымдастырушылардан жергілікті атқарушы органнан шараны өткізуге рұқсат алуды талап ететін. Мұндай рұқсатсыз өтетін кез келген жиналыс (ал ондай рұқсат алу 2019 жылдың жазына дейін мүлдем мүмкін емес болды) априори заңсыз болып саналды, қатысушылары қамалу керек болды.

Ұсталғандарға айыппұл не 15 тәулік әкімшілік қамауға алу жазасы берілетін. Кейбір жағдайда одан да ауыр айыптар тағылып, ұзақ мерзімге сотталған кездер болды. Өзгеше пікір білдірушілерді қудалауда режим ештеңеден тайынбады. Наразылығын білдіруге жалғыз адамдық бейбіт пикетке шыққандарды;<sup>174</sup> бар болғаны бос парақ ұстаған адамды;<sup>175</sup> және мүлдем наразылық білдірмеген, бірақ тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында ұсталған азаматтарды қамауға алу жағдайлары да белгілі<sup>176</sup>.

Бейбіт жиындар еркіндігін шектеу АҚЖОД (20-бап), АСҚХП (21-бап) және Қазақстан Конституциясында (32-бап) бекітілген құқықтарды бұзады.

Бейбіт наразылыққа шыққандарды және жай өтіп бара жатқан адамдарды ұстау АҚЖОД (20-бап), АСҚХП (9-бап) және Қазақстан Конституциясында (16-бап) бекітілген еркіндік құқығын және Заңсыз тұтқындаудан қорғау құқығын бұзады.

Үкімет бейбіт шеруге жиналу құқығының бұзылуын жоққа шығарады: 2016 жылы ол БҰҰ-ға «бейбіт жиналыстар туралы ереже азаматтарға қоғамдық жиналыстарға еш кедергісіз қатысуға мүмкіндік береді» деп хабарлады<sup>177</sup>. Одан бір ай бұрын ғана жер реформаларына қарсы митингілерде 1000-нан астам адам қамауға алынған еді.

2015 жылы Қазақстан БҰҰ-ның арнайы баяндамашысы Майна Киаиді шақырды, мақсаты елдегі бейбіт жиындар мен қауымдастықтарға құқықты қамтамасыз ету жағдайын зерттеу болды. Бұл зерттеу нәтижелері Қазақстан үшін жағымды болмайтынын біле тұрып осы қадамға барған үкімет құрмет-қошеметке лайық. Киаидің баяндамасы «бейбіт жиналысты құқық ретінде емес, керісінше дәреже не игілік» ретінде қарастырылатын көпшілік жиналыстарға

<sup>170</sup> Ukraina.ru (2016), Назарбаев не позволит превратить Казахстан во вторую Украину [Назарбаев Қазақстанды екінші Украинаға айналдыруға жол бермейді], 06.05.2016, <http://ukraina.ru/news/20160506/1016300686.html>, (алынған күні: 13.08.2019). Khabar.kz (2016) тағы қараңыз, Совещание по актуальным вопросам текущей повестки дня под председательством главы государства [Мемлекет басшысы төрағалығымен өткен қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша жиналыс], 05.05.2016, <https://khabar.kz/ru/aktualno/item/54585-soveshchanie-po-aktualnym-voprosam-tekushchej-povestki-dnya-podrukovodstvom-glavy-gosudarstva>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>171</sup> Даркеев Б. (2019), Президент Тоқаев высказался о недавних митингах [ Президент Тоқаев жақында болған митингілер жайлы пікірін білдірді], KTKTV, 14.06.2019, <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2019/06/14/122085/>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>172</sup> Троценко П. (2019), "I Was Just Passing By!": A Second Day Of Detentions In Almaty' [«Мен жай ғана өтіп бара жатырмын!»: Алматыда қамауға алудың екінші күні], АЕ/АР, 10.06.2019, <https://www.rferl.org/a/kazakhstan-almaty-dozens-ofpeople-detained/29991569.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>173</sup> Khabar 24 TV (2019), Санкционированные митинги прошли в двух городах Казахстана [Қазақстанның екі қаласында рұқсат етілген екі митинг өтті], 30.06.2019, <https://www.youtube.com/watch?v=gRT5twd-N0>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>174</sup> Лиллис Дж. (2014), 'Kazakhstan: Arrest of Children Sparks One-Woman Protest' [Қазақстан: балалардың қамауға алынуы бір әйелдің наразылығын тудырды], Eurasianet, 09.03.2014, <https://eurasianet.org/kazakhstan-arrest-of-children-sparks-onewoman-protest>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>175</sup> The Economist (2019), 'Police in Kazakhstan inadvertently become conceptual artists' [Қазақстан полициясы абайсызда концептуалист-суретшілеріне айналды], 16.05.2019, <https://www.economist.com/asia/2019/05/16/police-inkazakhstan-inadvertently-become-conceptual-artists>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>176</sup> Жанаргүл Бокаева, баспасөз конференциясы, Алматы, 23.05.2016.

<sup>177</sup> БҰҰ (2016), 'Human Rights Committee reviews the report of Kazakhstan' [Адам құқықтары жөніндегі комитеттің Қазақстанның баяндамасын шолуы], 23.06.2016, <https://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=20166&LangID=E>, (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>178</sup> БҰҰ-ның бұрынғы Арнайы баяндамашысы (2015), 'Country Visit: Kazakhstan (A/HRC/29/25/Add.2)' [Қазақстанға сапар шегу (A/HRC/29/25/Add.2)], <http://freeassembly.net/reports/kazakhstan/>, (алынған күні: 13.08.2019)

<sup>179</sup> Amnesty International (2013), 'Kazakhstan: No accountability for entrenched torture' [Қазақстан: тамыры терең бойлаған азаптаулар үшін ешкім жауапкершілікке тартылған жоқ], 11.07.2013, [www.amnesty.org/en/news/kazakhstan-no-accountability-entrenched-torture-2013-07-11](http://www.amnesty.org/en/news/kazakhstan-no-accountability-entrenched-torture-2013-07-11), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>180</sup> БҰҰ жаңалықтары (2016), 'UN torture prevention body urges Kazakhstan to enhance prisoner rehabilitation' [БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы органы Қазақстанды қамалған адамдарды оңалту жұмыстарын жақсартуға шақырды], 03.10.2016, <https://news.un.org/en/story/2016/10/541702-un-torture-prevention-body-urges-kazakhstan-enhance-prisoner-rehabilitation>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>181</sup> Nur.kz (2013), В Жезказгане сотрудников колонии осудили за «распятие» заключенного [Жезказганда колония қызметкерлері тұтқынды қабырғаға керіп қойғаны үшін айыпталды], 29.08.2013, <https://www.nur.kz/279167-v-zhezkazgane-sotrudnikov-kolonii-osudili-za-raspyatie-zaklyuchennogo.html>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>182</sup> Today.kz (2016), 'Я довольна приговором — изнасилованная тюремщиком в Алматы Наталья Слекишина [Мен сот үкіміне ризамын — Наталья Слекишина, Алматыдағы түрме бақылаушысы зорлаған әйел], 30 September 2016, <http://today.kz/news/proisshestiya/2016-09-30/726974-ya-dovolna-prigovorom-iznasilovannaya-tyuremschikom-v-almaty-natalyaslekishina/>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>183</sup> Риклтон К. (2019), 'Kazakhstan: Tokayev remarks on torture may signal new policy direction' [Қазақстан: Тоқаевтың азаптаулар туралы сөздері жаңа саяси бағыт туралы белгі беруі мүмкін], Eurasianet, 01.08.2019, <https://eurasianet.org/kazakhstan-tokayev-remarks-on-torture-may-signal-new-policy-direction>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>184</sup> OHCHR (2014), 'Committee against Torture considers the report of Kazakhstan' [Азаптауға қарсы комитеттің Қазақстан бойынша баяндаманы шолуы], 18.11.2014 <http://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=15309&LangID=E>, (алынған күні: 19.09.2019).

<sup>185</sup> Лиллис Дж. (2016), 'Kazakhstan: Zhanaozen Wounds Heal, but Sense of Injustice Remains' [Қазақстан: Жаңаөзен жарасы жазылып келеді, алайда әділетсіздік әлі сезіледі], Eurasianet, 14.12.2016, <https://eurasianet.org/s/kazakhstan-zhanaozen-wounds-heal-but-sense-of-injustice-remains>, (алынған күні: 13.08.2019).

қатысты асыра шектеуші көзқарас «бұл құқықтың мәнін жояды» деп жазды. Ол ойын былай жалғастырды: «Саясат, тәжірибе және қабылдау желісі саяси әрекеттерге қатысуы қиын, қатысқандарға жақтырмай қарайтын және кейде қауіпті болатын орта құруға ықпал етеді». Өзгеше пікір білдіру қылмысқа айналып, маңызды саяси ой білдіру мемлекеттің тұрақтылығына төнген қауіп ретінде көрсетіледі»<sup>178</sup>.

## 2-ҚОСЫМША

**2013 жылы Amnesty International Қазақстандағы қамау орындарында адам азаптауды «тамыры терең бойлаған» практика деп таныды<sup>179</sup>. Үкімет азаптаулар, қатыгез қарым-қатынас және зорлық-зомбылық қолдану АҚЖОД (5-бап), АСҚХП (7-бап) және Қазақстан Конституциясында (17-бап) тыйым салынғанын және оған «мүлдем төзбеушілік» тәсілін ұстанатынын мәлімдейді. Үкімет азаптау оқиғаларын жоюға тиісті шаралар қолданып жатыр: 2013 жылы азаптауға қарсы Ұлттық алдын алу тетігі құрылды; 2015 жылы азаптау туралы шағымдарды қылмыстық іс ретінде тергеу заңмен міндеттелетін болды; 2016 жылы БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы комитетінің өкілдері бірінші рет Қазақстанға келді<sup>180</sup>.**

**Елде азаптауға байланысты атышулы сот процестері үнемі өтіп тұрады: 2013 жылы бес түрме қызметкері қабырғаға керіп қойған адамның өлімі үшін сотталды;<sup>181</sup> 2016 жылы күзетші топталып зорлау үшін түрмеге қамалды<sup>182</sup>. 2019 жылы түрме күзетшілері тұтқындарды аяусыз азаптаған бейнежазбалар тарап кеткеннен кейін, Тоқаев бұл жағдайды тергеуге бұйырды<sup>183</sup>. Азаптау туралы шағымдар көбіне негізі жоқ деп жабылып жатады, мысалы, Жаңаөзендегі түрмеге қамалғандардың немесе сотталған бизнесмен Ескендір Ерімбетовтың жағдайын айтуға болады (төменнен қараңыз). БҰҰ Азаптауларға қарсы комитеті өздерінің алаңдаушылығын баса атап өтті; Қазақстандағы азаптау туралы шағымдардың небәрі 2%-ға жетпейтін бөлігі ғана заңмен қудалауға алып келеді<sup>184</sup>.**

Мемлекеттік қуғын-сүргіннің ең атышулы мысалы Жаңаөзен оқиғасы болды, Қазақстандағы авторитар жүйенің және көпшілік болып жиналуға деген төзімсіздіктің символына айналған оқиға 2011 жылы 16 желтоқсанда болды. Сол күні ереуілге шыққаны үшін жұмыстан қуылған мұнайшылардың наразылығын басуға шыққан қауіпсіздік күштері халыққа оқ атып, ең азы 15 бейбіт тұрғын қаза тапты. Үкімет адам өліміне жауапкершіліктің бір бөлігін өз мойнына артып, ереуілді дұрыс шеше алмағанын және бас көтеруді басу кезінде қателікке жол бергенін мойындады. Назарбаев өзінің күйеубаласы Тимур Құлыбаевты мұнай секторындағы жауапты қызметінен алып тастады. Жұмысынан айырылған мұнайшыларға жаңа жұмыс орындары ашылды<sup>185</sup>. Дегенмен әлі күнге дейін билік оларға кінә артып келеді. Бұл тәртіпсіздіктің көздеген мақсаты Назарбаевты биліктен кетіру, оны қаржыландырған Әблязов, ал жергілікті ұйымдастырушы оппозициялық көшбасшылардың бірі Владимир Козлов болды деген айып тағылды. Козлов және тағы екі белсенді ұзақ мерзімге сотталды<sup>186</sup>. Халыққа оқ ату фактісі бойынша бес полиция қызметкері түрмеге қамалды,<sup>187</sup> дегенмен ешқандай жоғары қызметтегі полиция офицері жұмыстан қуылған жоқ және оқ атуға кім



бұйрық бергені әлі де жария болмады. Ұсталған адамның өліміне жол берген уақытта ұстау изоляторының бастығы түрмеге жабылды, алайда қаза тапқан адамды соққыға жыққан кінәлілер ешқашан аталмады<sup>188</sup>. 45 қала тұрғыны зорлық-зомбылық үшін сотталды<sup>189</sup> және кейбіреулері ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды. Жергілікті тергеушілер сотталғандар азапталды деген айыптауларды жоққа шығарды<sup>190</sup> және Үкімет БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының халықаралық тергеу жүргізу туралы үндеуін қабылдамады<sup>191</sup>. 2013 жылы Amnesty International ешкім жөнді жауапкершілікке тартылмағанын ескертті, «Қазақстандағы қауіпсіздік күштері адам құқықтарын бұзғаны үшін жазасыз қалып отыр» деп атап өтті<sup>192</sup>.

### 3-ҚОСЫМША ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ

Human Rights Watch ұйымы 2011 жылғы Жаңаөзендегі ереуіл кезінде «қауымдастық бостандығы, ұжымдық келіссөздер жүргізу мен пікір білдіру құқығын, сондай-ақ ереуілге шығу құқығын қоса алғанда, іргелі азаматтық құқықтар» бұзылғанын анықтады<sup>193</sup>. Кейін үкімет тәуелсіз кәсіподақтарды басып-жаншып тастады да, ереуілге шығу құқығына жаңа шектеулер енгізді. 2005 жылы Қазақстанда мықты кәсіподақтар болды;<sup>194</sup> ал қазір үкімет олардың барлығын мемлекет қаржыландыратын конфедерацияға қосып, тәуелсіз кәсіподақтарды жойып жіберді<sup>195</sup>. Тәуелсіз кәсіподақ белсенділері жалған айыптармен түрмеге отырғызылды немесе кәсіподақ қызметімен айналысуға тыйым салынды. 2017 жылы Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы Қазақстанды «кәсіподақтар құқықтарының бұзылуы» және «қуғын-сүргін» үшін сынға алды,<sup>196</sup> ал Халықаралық еңбек ұйымы болса (ХЕҰ) өзінің стандарттарын енгізуге шақырды<sup>197</sup>. 2019 жылы ХЕҰ Қазақстанда «кәсіподақтарға қарсы зорлық-зомбылық әрекеттері туралы айыптауларға» және еңбек құқықтарына қатысты «прогрестің тұрақты түрде болмауына» қатысты «қатты алаңдайтынын» білдірді. Кәсіподақтар қызметін және қауымдастық бостандығын шектеу АҚЖОД (20–21-баптар), АСҚХП (22-бап), Қазақстан Конституциясы (23-бап) және кәсіподақ туралы заңда (4–7-баптар) бекітілген құқықтарды бұзады<sup>198</sup>.

<sup>186</sup> Лиллис Дж. (2012) 'Kazakhstan: Opposition Leader Jailed Over Zhanaozen Unrest' [Қазақстан: Жаңаөзендегі тәртіпсіздік үшін оппозиция басшысы түрмеге қамалды], Eurasianet, 08.10.2012, <https://eurasianet.org/kazakhstanopposition-leader-jailed-over-zhanaozen-unrest>, (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>187</sup> Соловьев Д. (2012), 'Five Kazakh policemen jailed over oil town clashes' [Мұнайшылар қаласында болған қақтығыс үшін бес қазақстандық полиция қызметкері түрмеге қамалды], Reuters, 28.05.2012, <https://www.reuters.com/article/kazakhstan-trial-idUSL5E8GS78P20120528>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>188</sup> Лиллис Дж. (2012), 'Kazakhstan: 11 Convicted for Zhanaozen-Related Violence' [Қазақстан: Жаңаөзендегі зорлық-зомбылық үшін 11 адам сотталды], Eurasianet, 21.05.2012, <https://eurasianet.org/kazakhstan-11-convicted-for-zhanaozen-relatedviolence>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>189</sup> Лиллис Дж. (2012), 'Kazakhstan: New Zhanaozen Verdicts Cause Shoes to Fly' [Қазақстан: Жаңаөзендегі жаңа сот үкімдеріне қарсы аяқкиім ұшты], Eurasianet, 04.06.2012, <https://eurasianet.org/kazakhstan-new-zhanaozenverdicts-cause-shoes-to-fly>, (алынған күні: 13.08.2019). Лиллис Дж. (2012) тағы қараңыз, 'Kazakhstan: 11 Convicted for Zhanaozen-Related Violence' [Қазақстан: Жаңаөзендегі зорлық-зомбылық үшін 11 адам сотталды].

<sup>190</sup> Сонда.

<sup>191</sup> БҰҰ жаңалықтары (2012), 'UN human rights official calls for independent investigation into Kazakh clashes' [БҰҰ адам құқықтары жөніндегі өкілі қазақстандық қақтығыстарды тәуелсіз тергеу жүргізуге шақырды], 12.07.2012, <https://news.un.org/en/story/2012/07/415362-un-human-rights-official-calls-independent-investigation-kazakh-clashes>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>192</sup> Amnesty International (2013), 'Kazakhstan: No accountability for entrenched torture' [Қазақстан: тамыры терең бойлаған азаптаулар үшін ешкім жауапкершілікке тартылған жоқ].

<sup>193</sup> Human Rights Watch (2012), 'Мұнай өндіріліп жатыр. Жұмысшылар ереуілдеп жатыр', 10.09.2012, <https://www.hrw.org/report/2012/09/10/striking-oil-striking-workers/violations-labor-rights-kazakhstan-oil-sector>, (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>194</sup> Freedom House (2005), Қазақстан.

<sup>195</sup> Лиллис Дж. и Ленард П. (2015), 'Kazakhstan Passes New Labor Law Without Consulting Workers' [Қазақстанда жұмысшылармен кеңеспей жаңа еңбек туралы заң қабылданды], Eurasianet, 25.11.2015, <https://eurasianet.org/kazakhstan-passes-new-labor-law-without-consulting-workers>, (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>196</sup> Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы (2017), 'Kazakhstan: Statement of the ITUC Pan-European Regional Council' [Қазақстан: ХКК-ның Пан-Еуропалық аймақтық кеңестің мәлімдемесі], 24.04.2017, <https://www.ituc-csi.org/kazakhstan-statement-of-the-ituc>, (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>197</sup> Халықаралық еңбек ұйымы (2017), 'Kazakhstan: ILO calls for implementation of Labour Standards' [Қазақстан: ХЕҰ еңбек стандарттарын енгізуге шақырады], 29.09.2017, [http://www.ilo.org/actrav/media-center/pr/WCMS\\_580892/lang-en/index.html](http://www.ilo.org/actrav/media-center/pr/WCMS_580892/lang-en/index.html), (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>198</sup> Zakon.kz (2017), Закон Республики Казахстан О профессиональных союзах [Кәсіптік одақтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы], [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31571953](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31571953), (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>199</sup> Лиллис Дж. (2016), 'Kazakhstan: Mud-Slinging at Protesters Highlights Apparent Media Double Standards' [Қазақстан: наразылық білдірушілермен лас жолмен күресу БАҚ-тағы екіжүзді стандарттарды айқындады].

<sup>200</sup> Шорманбаева А. (2017), 'Kazakhstan: a showcase for shrinking civic space' [Қазақстан: азаматтық қоғам кеңістігінің тарылу мысалы], openDemocracy, 07.06.2017, <https://www.opendemocracy.net/od-ussia/ainashormanbayeva/kazakhstan-showcase-for-shrinking-civic-space>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>201</sup> Reuters (2016), 'Kazakh beer tycoon jailed for 21 years on coup-plotting charges' [Қазақтың сыра магнаты төңкеріс ұйымдастырды деген айыппен 21 жылға түрмеге қамалды], 07.11.2016, <https://www.reuters.com/article/us-kazakhstan-coup-verdict/kazakh-beer-tycoon-jailed-for-21-years-on-coup-plotting-charges-idUSKBN1321I2>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>202</sup> Еуропалық сыртқы істер қызметі (2016), 'Statement by the Spokesperson on the sentencing of Max Bokayev and Talgat Ayan in Kazakhstan' [Баспасөз хатшысының Макс Бокаев пен Талғат Аянға шыққан сот үкімі бойынша мәлімдемесі], 30.11.2016, [https://eeas.europa.eu/delegations/sudan/16135/node/16135\\_nl](https://eeas.europa.eu/delegations/sudan/16135/node/16135_nl), (алынған күні: 13.08.2019). АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігі мен Консулдың да қараңыз (2016), 'Conviction of Kazakhstan Civil Society Activists Maks Bokayev and Talgat Ayan — Statement by the US diplomatic mission in Kazakhstan' [Қазақстандық азаматтық қоғам белсенділері Макс Бокаев пен Талғат Аянды соттау — АҚШ-тың Қазақстандағы дипломатиялық өкілдігінің мәлімдемесі], 30.11.2016, <https://kz.usembassy.gov/conviction-kazakhstan-civil-society-activists-maksbokayev-talgat-ayan/>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>203</sup> Human Rights Watch (2019), 'World Report 2019' [2019 жылғы дүниежүзілік есебі], <https://www.hrw.org/worldreport/2019/country-chapters/kazakhstan>, (алынған күні: 31.10.2019).

<sup>204</sup> Amnesty International (2019), 'Kazakhstan: Imprisoned for unfurling a banner' [Қазақстан: плакатты жайып тұрғаны үшін түрмеге қамалды], 24.04.2019, <https://www.amnesty.org/download/Documents/EUR5702602019ENGLISH.pdf>, (алынған күні: 15.11.2019).

<sup>205</sup> Даркеев (2019), Президент Токаев высказался о недавних митингах. [Президент Токаев жақында болған митингілер жөнінде пікірін білдірді].

<sup>206</sup> БҰҰ (2019), 'UN Human Rights Office calls on Kazakhstan to respect freedoms of peaceful assembly, expression and right to political participation' [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі басқармасы Қазақстанды бейбіт жиындар, пікір білдіру бостандықтарын және саяси өмірге қатысу құқығын құрметтеуге шақырады], Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы, 12.06.2019, [https://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=24691&LangID=E&fbclid=IwAR02vSQZLq7okwniu68syD4zFsfBEOY\\_Dbly4gYcK1J01zD-ancU\\_l18\\_g](https://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=24691&LangID=E&fbclid=IwAR02vSQZLq7okwniu68syD4zFsfBEOY_Dbly4gYcK1J01zD-ancU_l18_g), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>207</sup> AE/AP (2019), 'Kazakh Police Detain Protesters In Several Cities During Norouz Celebrations' [Наурыз мейрамын тойлау барысында полиция бірнеше қалада наразылық білдірушілерді ұстады], 22.03.2019, <https://www.rferl.org/a/kazakh-police-detain-protesters-in-several-cities-during-norouz-celebration/29835901.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>208</sup> AFP (2019), 'Kazakhstan arrests dozens of protesters ahead of vote' [Қазақстанда сайлау алдында он шақты наразылыққа шыққан адам ұсталды], 01.05.2019, <https://www.france24.com/en/20190501-kazakhstan-arrests-dozens-protesters-ahead-vote>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>209</sup> AE/AP (2019), 'Kazakh Interior Minister Says Police Detained More Than 100 Protesters On July 6' [Қазақстанның ішкі істер министрінің мәлімдеуінше, полиция 6 шілдеде наразылыққа шыққан 100 адамды ұстады], 09.07.2019, <https://www.rferl.org/a/kazakh-interior-minister-says-police-detained-more-than-100-protesters-on-july-6/30045463.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>210</sup> Reuters (2019), 'Dozens detained in Kazakhstan at anti-China protests' [Қазақстанда Қытайға қарсы наразылық акцияларында ондаған адам ұсталды], 21.09.2019, <https://www.reuters.com/article/us-kazakhstan-china-protests/detentions/dozens-detained-in-kazakhstan-at-anti-china-protests-idUSKBN1W60CS>, (алынған күні: 29.10.2019).

<sup>211</sup> AFP (2019), 'Police detain 26 at anti-government protests in Kazakhstan' [Полиция үкіметке қарсы наразылықтар барысында 26 адамды ұстады], 26.10.2019, <https://www.france24.com/en/20191026-police-detain-26-at-anti-government-protests-in-kazakhstan>, (алынған күні: 29.10.2019).

<sup>212</sup> Тоғызбаев К. (2019), Четверым обвиняемым в «участии» в ДВК вынесли приговор [ҚДТ-ға «қатысы бар» деп күдікке ілінгендердің төртеуіне сот үкімі шықты], Азаттық радиосы, 19.11.2019, <https://rus.azattyq.org/a/30280177.html> (алынған күні: 20.11.2019)

## ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ НАРАЗЫЛЫҚ

2016 жылғы жер реформасына байланысты наразылықтар биліктің бұрыннан келе жатқан бейбіт митингілерге төзімсіздігін ашық көрсетті. Кешіктірілген мораторий қабылданған заңға өзгерістер енгізу туралы қоғамдық пікірталас өткізуге мүмкіндік берсе де, халықтың реформаға деген наразылығын әлсірете алмады. Сол кезде үкіметке қуғындау шараларына жүгінуге тура келді: 40 белсенді алдын ала тұтқындалды, оған қоса қауесет-өсек тарату кампаниясы жүзеге асырылып, көшеге шыққандарды «сатқын» деп қаралауға кірісті<sup>199</sup>. Белсенділердің айтуы бойынша, бір күнде шамамен 1000-ға жуық адам ұсталды (ресми дерек жарияланбады)<sup>200</sup>. Көбін ешқандай айып тақпай жібере салды, кейбіреуіне айыппұл салынды; біразы қысқа мерзімге түрмеге қамалды. Енді біреулері шынымен қиын жағдайға тап болды.

Осы жолғы сот процестерінің негіздемесі үкіметтің Жаңаөзендегі тәртіпсіздіктерге реакциясымен сәйкес келді: наразылықтар халықтың ашуынан туған еркін ойдың көрінісі емес, Назарбаевты құлатуға бағытталған әрекет деп айтылды. Бұл жолғы бүлікті 21 жылға түрмеге қамалған бизнесмен Тоқтар Төлешов ойластырды деп айтылды<sup>201</sup>. Азаматтық қоғамның екі белсенді өкілі Макс Бокаев пен Талғат Аян халықаралық сынға қарамастан, арандату және үкіметті құлатуға әрекет жасады деген айыппен бас бостандығынан айырылды<sup>202</sup>. Аян 2018 жылы шартты түрде босатылды,<sup>203</sup> Бокаев 2019 жылдың қараша айының басында әлі түрмеде болды. Наразылық тудырған жер реформалары кейінге шегерілді.

## БИЛІК АУЫСУЫ КЕЗІНДЕГІ НАРАЗЫЛЫҚ

2019 жылы саяси биліктің ауысуы наразылықтардың катализаторы болды: көшеге шыққан халық саяси шешімдер жоғарыдан төмен қарай жүретініне, сайлаудың айтарлықтай әділетсіз өтуіне, Астананың «Нұр-Сұлтан» болып өзгеруіне және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге наразылығын білдірді (үкімет осы мәселелерді ішінара болсын шешуге бел бұды). Қолы ауыр, әрдайым ақымақтыққа дейін баратын биліктің басып-жаншу тетігі осы жолы да әділ сайлау өткізуге шақырған баннер ұстаған екі белсендіні 15 тәулікке әкімшілік қамауға алды<sup>204</sup>.

Әблязовтың наурыздан бастап қазанға дейін шеруге шығу туралы шақыруымен көшеге шыққан наразылық білдірушілердің шағын топтарын (шамамен бірнеше адамнан бірнеше жүз адамға дейін) аяусыз басып тастап отырды. Маусымдағы президент сайлауына байланысты шамамен 4000 адам, оның ішінде Тоқаевтың өзі айтқандай, кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдар да бар,<sup>205</sup> 4 күн бойы өткен наразылықтар кезінде ұсталды. Осы жағдай БҰҰ-ның Орталық Азиядағы адам құқықтары жөніндегі бөлімшесінің өкілі Ришард Коменданың алаңдаушылығын тудырды.<sup>206</sup>

Оған қоса, шеруге шыққан жүздеген адам сайлауға қатысты митингілерге дейін және одан кейін болған наразылықтар кезінде қамауға алынды: наурызда,<sup>207</sup> мамырда,<sup>208</sup> шілдеде,<sup>209</sup> қыркүйекте<sup>210</sup> және қазанда<sup>211</sup>. Кейбіреулері қысқа мерзімге ғана түрмеге қамалды; басқаларына айыппұл салынды; кейбіріне ешқандай айып тағылмай, босатылды. Қарашада ҚДТ-мен байланысы бар болуы мүмкін деген төрт тыйым салынған ұйымға мүше болғаны үшін айыпты болып танылып, «бостандығын шектеу» және қоғамдық



қызметпен айналысуға тыйым салу жазасы тағайындалды<sup>212</sup>. Сот тыңдау кезінде айыпталушылардың ішіндегі екі әйелді қарауында балалары болғанына қарамастан уақытша тергеу изоляторына бірнеше ай қамауға алып үлгерді<sup>213</sup>.

Дегенмен 2019 жылы бұрынғы қатып қалған бейбіт жиналыстарға төзбеуден биліктің шамалы болса да шегінгені байқалды. Тоқаев қыркүйекте халыққа жасаған жолдауын бейбіт наразылықтарды шешуге<sup>214</sup> және жиналыс бостандығы туралы заңнаманы ырықтандыруға уәде беру үшін пайдаланды<sup>215</sup>. Жоғарыда айтылғандай, маусым айында үкімет оппозициялық митингілерге шектеулерді жеңілдетті;<sup>216</sup> тамыз<sup>217</sup> бен қарашада<sup>218</sup> Оуан, Qazaqstan ұйымдастырып, Конституциялық реформаларға шақырған шерулер үшін ресми түрде рұқсат алынбаса да, қатысушылары қамауға алынбай, тыныш өтті.

Тоқаевтың берген уәделеріне қарамастан, күзде бейбіт наразылық білдірушілерді қамау қайта жалғасын тапты. Әблязов 21 қыркүйекте Қытайдың экономикалық экспансиясына қарсы халықты наразылыққа шақырған еді, сол митинг кезінде 100-ге жуық адам ұсталды, тоғыз адам қысқа мерзімге түрмеге қамалды<sup>219</sup>. Осы наразылықтың дәл алдында Қытайға қарсы бұрынғы митингілерге қатысқан 36 белсенді жауапқа тартылды, олардың 29-ы 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынды<sup>220</sup>. Қазанда Әблязов шақырған кезекті митинг басталмай жатып алдын ала ұстау жағдайлары болды, сондай-ақ наразылық акциясы кезінде де тұтқындаулар көп болды<sup>221</sup>.

Тоқаев ырықтандыру ауқымын әлі де арттыруға болады деген белгі беріп отыр, өйткені билік наразылық көңіл-күйін бәсеңдетудің жолын іздеп жатыр. Олар, сөзсіз, Әблязов ұйымдастырған митингілер (оларды полиция көмегімен ұстап, таратып жібереді) және басқа наразылық акциялары арасында (шектеулермен болсын, бірақ рұқсат етіледі) айырмашылық жасайтын болады. Ырықтандырудың пайдасы үкіметке де тиеді. Наразылық жоқ деп бас тартудан түк шықпайды, ол билікті әлеуметтік шағымдарының сипаты мен ауқымын түсіну мүмкіндігінен айырады; ал наразылық акцияларына рұқсат берілген болса, бұл диалог орнатуға жасалған алғашқы қадам болып, режим халықтың мұң-мұқтажын біліп отырғанын және оны шешуге дайын екенін көрсетеді.

Коменда айтып өткендей, сөз бостандығы мен бейбіт жиналыс бостандығы «сәтті және тұрақты қоғамдардың іргетасы»; шамадан тыс, керексіз шектеулер «тұрақтылық пен қоғамдық бірлікке қауіп төндіреді»<sup>222</sup>.

## Қауымдастық бостандығы

2000 жылдардың басында азаматтық қоғам салыстырмалы түрде мықты болған еді: ол кезде үкіметтік емес ұйымдарға (ҰЕҰ) қатаң шектеулер қойылмады және олар 2000 жылдан бастап үдемелі салықсыз мәртебемен қызмет еткен еді. Азаматтық қоғамға қатысты ресми күдік 2003–2005 жылдары өсе бастады, себебі авторитар посткеңестік мемлекеттер (Ресей бастаған) Батыс қаржыландыратын демократияға ықпал ететін ҰЕҰ-лар «түрлі-түсті төңкерісті» қоздырды деп айыптай бастаған еді<sup>223</sup>.

Расын айту керек, Қазақстан Ресей сияқты адам құқығын қорғаумен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарды елден қумады. Дей тұрғанмен, сол кезде «түрлі-түсті

<sup>213</sup> Риклтон К. (2019), 'Kazakhstan jails mothers to be on the safe side' [Қазақстан аналарды да түрмеге қамауда], Eurasianet, 04.07.2019, <https://eurasianet.org/kazakhstan-jails-mothers-to-be-on-the-safe-side>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>214</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), 'President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address, September 2, 2019' [Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2 қыркүйек, 2019 ж.],

<sup>215</sup> Азаттық Радиосы (2019), Тоқаев обещает новый закон о митингах. Скепсис активистов [Тоқаев шеруге рұқсат беретін жаңа заң қабылдауға уәде берді. Белсенділер сенбейді],

<sup>216</sup> Азаттық Радиосы (2019), Два разных митинга за политические перемены [Саяси өзгерістер үшін өткен екі түрлі митинг].

<sup>217</sup> Гордеева М. (2019), 'Adopting softer stance, Kazakhstan allows small-scale protests' [Жұмсақ әдіске көшу, Қазақстан шағын көлемді митингілерге рұқсат берді], Reuters, 30.08.2019, <https://www.msn.com/en-xi/europe/top-stories/adopting-softer-stance-kazakhstan-allows-small-scale-protests/ar-AAGzqPi>, (алынған күні: 19.09.2019).

<sup>218</sup> PCE/PC (2019), 'Opposition demonstrates for change in Kazakhstan' [Оппозиция Қазақстанда өзгерістер үшін шығуда], 09.11.2019, <https://www.rferl.org/a/kazakhstan-opposition-protests-almaty-nursultan/30261709.html>, (алынған күні: 11.11.2019).

<sup>219</sup> Вааль Т. (2019), Около 100 человек задержаны в Казахстане во время несанкционированных митингов — МВД [Шамамен 100 адам Қазақстанда рұқсат етілмеген митинг кезінде ұсталды — ІІМ], Власть, 23.09.2019, <https://vlast.kz/novosti/35368-okolo-100-celovek-zaderzany-v-kazahstane-vo-vremenesankcionirovannyh-mitingov-mvd.html>, (алынған күні: 23.09.2019).

<sup>220</sup> Свиридов А. және Гришин А. (2019), Полиция уходит от закона [Полиция заңға мән бермеді], Адам құқығын қорғау және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюро, 20.09.2019, [https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/bezumnaya\\_pyatidnevka/](https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/bezumnaya_pyatidnevka/), (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>221</sup> AFP (2019), 'Police detain 26 at anti-government protests in Kazakhstan' [Полиция үкіметке қарсы наразылықтар барысында 26 адамды ұстады], 26.10.2019, <https://www.france24.com/en/20191026-police-detain-26-at-anti-government-protests-in-kazakhstan>, (алынған күні: 29.10.2019).

<sup>222</sup> БҰҰ (2019), 'UN Human Rights Office calls on Kazakhstan to respect freedoms of peaceful assembly, expression and right to political participation' [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі басқармасы Қазақстанды бейбіт жиындар, пікірін білдіру бостандықтарын және саяси өмірге қатысу құқығын құрметтеуге шақырады].

<sup>223</sup> Хинкл К.Т. (2017), Russia's Reactions to the Colour Revolutions [Ресейдің түрлі-түсті революцияларға әсері], кандидаттық диссертация, Әскери-теңіз аспирантурасы, [https://calhoun.nps.edu/bitstream/handle/10945/52991/17Mar\\_Hinkle\\_Katherine.pdf?sequence=1&isAllowed=y](https://calhoun.nps.edu/bitstream/handle/10945/52991/17Mar_Hinkle_Katherine.pdf?sequence=1&isAllowed=y), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>224</sup> Freedom House (2005), Қазақстан.

<sup>225</sup> Лиллис Дж. (2015), 'Kazakhstan: Campaigners Urge Nazarbayev to Veto NGO Law' [Қазақстан: кампанияға қатысушылар ҰЕҰ туралы заңға вето қоюды сұрады], Eurasianet, 07.10.2015, <https://eurasianet.org/node/75431>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>226</sup> Лиллис Дж. (2017), 'Kazakhstan: Space for Civil Society Shrinking?' [Қазақстан: азаматтық қоғам кеңістігі тарылып бара ма?], Eurasianet, 20.07.2017, <https://eurasianet.org/kazakhstan-space-for-civil-society-shrinking>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>227</sup> АЕ/АР (2019), 'Women Attack Journalists At Kazakh Press Conference' [Қазақстанда баспасөз конференциясында журналистерге бір топ әйел шабуыл жасады].

<sup>228</sup> Kazakhembus.com (2016), 'Kazakh NGOs support initiative to dissolve Mazhilis, hold early election' [Қазақстандық ҰЕҰ мәжілісті таратылып және жаңа мерзімінен бұрын сайлау өткізуді жақтайды, 14.01.2016, <https://www.kazakhembus.com/content/kazakh-ngos-support-initiative-dissolve-mazhilis-hold-early-election>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>229</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), 'President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address, September 2, 2019' [Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2 қыркүйек, 2019 ж.],

<sup>230</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), 'Выступление Касым-Жомарта Токаева на официальной церемонии вступления в должность избранного Президента Республики Казахстана' [Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзі].

<sup>231</sup> Куменов А. (2019), 'Kazakhstan: Consensus-building council already generates grumbling' [Қазақстан: Ымыраға келу үшін құрылған кеңеске көңіл толмайды], Eurasianet, 18.07.2019, <https://eurasianet.org/kazakhstanconsensus-building-council-already-generates-grumbling>, (алынған күні: 19.09.2019).

төңкерістер» авторитарлық режимдерге қауіп төндіреді деген идея кеңінен таралған еді. Сол себепті үкімет демократияны, азаматтық бостандықтар мен заңдылықты жақтайтын топтарды мұқият қадағалай бастады.

2004 жылдан бастап мемлекеттің азаматтық қоғамды бақылау әрекеті күшейе түсті. Ол кезде көптеген тәуелсіз ҰЕҰ жаңа азаматтық қоғам және демократия жөніндегі ұлттық комиссияға шақырылмады<sup>224</sup>. Қазіргі уақытта үкімет ҰЕҰ-ға қаржылық ынталандыру мен қысымның үйлесімін қолданып, оларды өз ырқына көндіруге мәжбүр етеді. 2015 жылы ҰЕҰ қызмет ету қағидалары, оның ішінде қайырымдылық қаржыландыруды мемлекеттік орган арқылы жүргізуге міндеттейтін қағидалар күшейтілді. Осылайша, билік қай топтарға қаржы бөлу керек екенін мақұлдау арқылы шешетін болды. Назарбаев бұл заңды қабылдамай, вето жасауға шақырған 60-тан астам ұйымның үндеуіне құлақ аспады<sup>225</sup>. 2016 жылы қаржылық есептілікті енгізетін ауыр ереже қабылданды. Бұл азаматтық қоғамның қағазбастылығын одан сайын арттырып жіберді.

Үкімет азаматтық қоғаммен ынтымақтастығында жоғарыдан төмен қарай бағытталған жүйені дамытуға тырысты. Бұл орталықтандырылған тәсіл уақыт өте «астротурфинг» үлгісіне ауысты, яғни халықтың жасанды қолдауы қоғамдық бастама ретінде жасырын ұсынылады. Бұл үлгіде мемлекет ұйымдастырған ҰЕҰ (МҰҰЕҰ) және супер-МҰҰЕҰ (бірнеше МҰҰЕҰ-лар бірлестігі) мемлекетпен тығыз байланысқа түседі. Үкімет әсіресе демократияны дамыту бағытындағы бағдарламаларды жүзеге асыратын тәуелсіз топтарға күдікпен қарап, оларға негізсіз салықтық тексерулерден бастап, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қудалауға дейінгі әртүрлі қысым көрсетеді<sup>226</sup>.

2019 жылдың шілдесінде, белгілі ҰЕҰ — Қазақстандағы Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюрода белсенділер мен журналистерге шабуыл жасалды, бұл жағдай мемлекеттің айтағымен жасалған, жасырын ұйымдастырылған шара деген күдік туғызды<sup>227</sup>.

Билік азаматтық қоғамды тәуелсіз ойыншы ретінде емес, мемлекеттік саясатты жүргізуге арналған вассал ретінде қарайтыны айқын көрінеді<sup>228</sup>. Назарбаев билікте отырған кезде Қазақстан бастамалар мен шешімдер төменнен басталатын, белсенді азаматтық қоғамды дамыту үлгісінен біртіндеп кетіп, енді керісінше ҰЕҰ мен басқа да коммерциялық емес ұйымдар мемлекеттің жіті назарында болумен қатар, оның бақылауында жұмыс істейтін үлгіге көшті.

Билік тізгінін қолына алған Тоқаев бұл үрдісті өзгертуі мүмкін. Ол азаматтық қоғамды елдегі мәселелерді шешудің тетігі ретінде қарастырады және сындарлы әрі орынды талаптар болса, мемлекет жауап береді деп уәде етті<sup>229</sup>. Шілдеде ортақ ымыраға негізделген «ой-пікірдің саналуандығын» қамтамасыз ету үшін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды<sup>230</sup>. Сыни көзқарас білдірген бірнеше мүшені қоспағанда, жаңа кеңес негізінен биліктің жақтаушыларынан тұрады. Осыған байланысты бір сұрақ туындайды: жаңа орган шынайы диалог орнату үшін құрылған инклюзив алаңға айнала ма, әлде жай ғана талқылау көрінісін тудыратын сахна бола ма?<sup>231</sup>

## Ар-ождан бостандығы

Үкімет Қазақстанды діни бірлестіктері мен ар-ождан бостандығын қолдауға бағытталған діни төзімділік үлгісі бар ел ретінде көрсеткісі келеді. Ал сыйыну және мінезат ету тәжірибесіне тыйым салынуы мемлекет елдегі қоғамдық өмірдің барлық саласын өз қолында берік ұстағысы келетінін көрсетеді.

Үкімет ар-ождан бостандығын құрметтеу мен ұлттық қауіпсіздікті сақтау арасында тепе-теңдік ұстағысы келетінін айтады, себебі елге Ислам экстремизмнің қаупі төніп тұр. Ол шынайы факт: лаңкестер Қазақстанды

бірнеше рет нысанаға алып, адам өмірін қиған шабуылдар жасады,<sup>232</sup> елдің кейбір азаматы қолына қару алып, жиһад топтарымен бірге Таяу Шығысқа аттанып кетті<sup>233</sup>. Дегенмен лаңкестікке қарсы шаралар, оның ішінде діни практиканы шектеу, көбіне азшылық діни топтарға бағытталып (әсіресе Исламға жатпайтын діндер мен ағымдар), бұл олардың радикалдану қаупін тудырады. Бұған қарап қабылданған заңдар экстремизммен күресу үшін емес, діндерді мемлекеттік қызметтің ығына жығу әрекеттеріне ұқсап кетеді. Дін саласына мүмкін емес шектеулер АҚЖОД (18-бап), АСКХП (18-бап), сондай-ақ Қазақстан Конституциясында (22-бап) және діни қызмет туралы заңда бекітілген ар-ождан бостандығы құқығын бұзады<sup>234</sup>.

2011 жылы қатаң шектеулерді қарастыратын Діни қызмет туралы жаңа заң күшіне енді, содан бері оны бұзғаны үшін жүздеген адам жауапқа тартылды<sup>235</sup>. 2018 жылдың өзінде 166 іс қозғалды, тағайындалған жазаларға түрмеде бас бостандығынан айыру, айыппұлдар мен сыйынуға тыйым салу бар<sup>236</sup>. Назарбаев Қазақстанда 40 конфессиялық топ және 4500 діни бірлестік бар деп мақтанушы еді<sup>237</sup>. 2017 жылға қарай одан 18 конфессия мен 3600 діни қауымдастық қалды<sup>238</sup>. 2013 жылдан бері АҚШ-тың Халықаралық дін бостандығы жөніндегі комиссиясы Қазақстанды «ерекше алаңдаушылық тудырып отырған» елдер қатарына қосты<sup>239</sup>.

Көңілге медеу сыйлайтын жетістіктер де бар. Дін туралы заң бойынша сот жазасы қолданылған жағдайлар саны 2018 жылы 40%-ға азайды<sup>240</sup>. Ал 2019 жылы үкімет жаңа шектеулер енгізу жоспарынан бас тартты<sup>241</sup>. Елдің Таяу Шығыстан келген лаңкестерді қалыпты өмірге қайта қосу бағдарламасын<sup>242</sup> 2019 жылы БҰҰ арнайы баяндамашысы мақтап өтті<sup>243</sup>. Баяндамашы алаңдаушылық тудырып отырған бірқатар мәселені де қоса айтты. Оған «лаңкестікке және экстремизмге қарсы заңды азаматтық қоғамның жұмысын маргиналдандыру мен қылмыстандыру үшін қолдану әрекеттері кіреді.

## Саяси тұтқындар

«Саяси қудалау» деп сипаттайтын ақпаратты жариялайтын азаматтық қоғамның жобасы — «Тірек» альянсының мәліметтері бойынша, 2019 жылғы қарашаның соңындағы жағдай бойынша,<sup>244</sup> елде 16 адам саяси тұтқын қатарында болды (Қосымшаны қараңыз), 90-ға жуық адам кәсіби қызметі не саяси көзқарасы үшін заң арқылы қудаланды<sup>245</sup>. Олардың қатарында құқық қорғаушы белсенділер, азаматтық қоғам өкілдері, кәсіподақ басшылары мен журналистер бар. Екі ер адам 10 жылдан астам уақыт түрмеде отыр, олар: 2006 жылы полиция қызметкерінің өліміне әкелген тәртіпсіздіктер үшін бас бостандығынан айырылған Арон Атабек<sup>246</sup> және 2009 жылдан бері сыбайлас жемқорлық айыбы<sup>247</sup> бойынша түрмеге қамалған Мұхтар Жәкішев.

2019 жылы Мұхтар Жәкішевтің шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініші қанағаттандырылмады<sup>248</sup>. Тізімде 2016 жылғы жер реформасына қатысты наразылықтарға байланысты сотталған Макс Боқаев; бизнесмен және Әблязовтың бір адвокатының ағасы Ескендір Ерімбетов бар. Ерімбетов 2018 жылы<sup>249</sup> алаяқтық бойынша түрмеге жабылған еді. Бұл соттың үкімін АҚШ-тың 17 сенаторы саясиленген қудалау ретінде айыптаған<sup>250</sup>. Ал билік сот жүйесі саяси мақсаттар үшін бұрмаланғанын жоққа шығарды. 2019 жылы Тоқаев саяси себептер бойынша

<sup>232</sup> BBC жаңалықтары (2016), 'Kazakhstan: Gunmen attack gun shops and army unit in Aktobe' [Қазақстан: лаңкес Ақтөбедегі қару-жарақ дүкеніне және әскери бөлімге шабуыл жасады], 05.06.2016, <https://www.bbc.com/news/world-asia-36455744>, (алынған күні: 13.08.2019)

<sup>233</sup> The Defense Post (2019), 'Kazakhstan repatriates 156 children of ISIS fighters from Syria' [Қазақстан Сириядағы ИШИМ содырларының 156 баласын елге қайтарып жатыр], 10.05.2019, <https://thedefensepost.com/2019/05/10/kazakhstan-repatriates156-isis-children/>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>234</sup> Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» [Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы], [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31067690#pos=3:-57](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31067690#pos=3:-57), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>235</sup> Корли Ф. (2011), 'Kazakhstan: President signs two laws restricting freedom of religion or belief' [Қазақстан: Президент дін және сенім бостандығын шектейтін екі заңға қол қойды], 18-Форумның жаңалықтар қызметі, 13.10.2011, [http://www.forum18.org/archive.php?article\\_id=1624](http://www.forum18.org/archive.php?article_id=1624), (алынған күні: 13.08.2019)

<sup>236</sup> Корли Ф. (2019), 'Kazakhstan: 171 administrative prosecutions in 2018 — list' [Қазақстан: 2018 жылы 171 әкімшілік жазалау шарасы қолданылды — Тізім], 18-Форумның жаңалықтар қызметі, 01.02.2019, [http://www.forum18.org/archive.php?article\\_id=2448](http://www.forum18.org/archive.php?article_id=2448), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>237</sup> Тоғызбаев Қ. (2012) Число религиозных объединений сократилось на одну треть [Діни бірлестіктер саны үштен бірге қысқарды], Азаттық Радиосы, 25.10.2012, <https://rus.azattyq.org/a/religious-organisations-registration-kairat-lama-sharif/24750482.html>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>238</sup> Tengrinews (2017), Надо разобраться с вопросом религиозного экстремизма — Назарбаев [Діни экстремизм мәселесін шешуіміз керек — Назарбаев], 06.03.2017, [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/razobratsya-voprosom-religioznogo-ekstremizma-nazarbaev-313611/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/razobratsya-voprosom-religioznogo-ekstremizma-nazarbaev-313611/), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>239</sup> АҚШ-тың Халықаралық дін бостандығы жөніндегі комиссиясы (2019), Kazakhstan: Annual Report [Қазақстан: жылдық есен], [https://www.uscifr.gov/sites/default/files/Tier2\\_KAZAKHSTAN\\_2019.pdf](https://www.uscifr.gov/sites/default/files/Tier2_KAZAKHSTAN_2019.pdf), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>240</sup> Сонда.

<sup>241</sup> Сонда.

<sup>242</sup> Tengrinews (2019), Токаев: «Еще 231 казахстанца эвакуировали из Сирии» [Тоқаев: Сириядан тағы 231 қазақстандық эвакуацияланды], 10.05.2019, [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-esche-231-kazahstantsa-evakuirovali-iz-sirii-368829/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-esche-231-kazahstantsa-evakuirovali-iz-sirii-368829/), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>243</sup> БҰҰ (мерзімі көрсетілмеген), 'Preliminary Findings of the Special Rapporteur on the promotion and protection of human rights and fundamental freedoms while countering terrorism on her visit to Kazakhstan' [Терроризмге қарсы күрес жағдайындағы адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселесі бойынша Қазақстанға сапары кезінде арнайы баяндамашының алдын ала тұжырымдары], Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы, <https://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=24637&LangID=E>, (алынған күні: 19.09.2019).

<sup>244</sup> «Тірек» альянсы, [http://tirek.info/dir/wpbdp\\_category/list01/page/2/?fbclid=IwAR1pZaiSSa\\_kGqf83o075lmOJ490pe3yblbQ\\_NGFakiClepp1GTU06WqKI&wpbdp\\_sort=field-1](http://tirek.info/dir/wpbdp_category/list01/page/2/?fbclid=IwAR1pZaiSSa_kGqf83o075lmOJ490pe3yblbQ_NGFakiClepp1GTU06WqKI&wpbdp_sort=field-1), (алынған күні: 19.09.2019). Бұл тізімде 20 адам бар, олардың төртеуі осы жұмыс жарияланған кезде қамаудан босатылып үлгерді. Бұл тізімді Қазақстандағы Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюро растады.



<sup>245</sup> «Тирек» альянсы, [http://tirik.info/dir/wpbdp\\_category/list02/page/18/](http://tirik.info/dir/wpbdp_category/list02/page/18/) (accessed 18 Sep. 2019).

<sup>246</sup> Лиллис Дж. (2006), 'Rich-Poor Gap Fuels Tension in Kazakhstan's Commercial Capital' [Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық Қазақстанның коммерциялық астанасында шиеленіс туғызып жатыр], Eurasianet, 09.08.2006, <https://eurasianet.org/rich-poor-gap-fuels-tension-in-kazakhstan-s-commercial-capital>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>247</sup> Freedom House (2019), 'Kazakhstan: Uphold Rights to Liberty and a Fair Trial and Free Mukhtar Dzhakishiev' [Қазақстан: Мұхтар Жәкішевті бостандыққа, әділ сотқа және босатуға құқылы екені туралы мәлімдеме], 09.09.2019, <https://freedomhouse.org/article/kazakhstan-uphold-rights-liberty-and-fair-trial-and-free-mukhtar-dzhakishiev>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>248</sup> Лиллис Дж. (2010), 'Kazakhstan: Ex-Nuclear Boss Sentenced Amid Claims of Political Reprisals' [Қазақстан: бұрынғы «уран гуруының» сот үкімі ісінде саяси астары деп болжанып отыр], Eurasianet, 17.03.2010, <https://eurasianet.org/kazakhstan-ex-nuclear-boss-sentenced-amid-claims-of-political-reprisals>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>249</sup> Лиллис Дж. (2018), 'Kazakhstan: In Politicized Case, Businessman Jailed For Turning A Profit' [Қазақстан: саясилаңған іс бойынша бизнесмен пайда көргені үшін сотталды], Eurasianet, 24.10.2018, <https://eurasianet.org/kazakhstan-in-politicized-case-businessman-jailed-for-turning-a-profit>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>250</sup> Rubio.senate.gov (2019), 'Rubio, Menendez, Colleagues Call on Kazakh President to Release Political Prisoner' [Рубио, Менендес, әріптестері қазақ президентінен саяси тұтқынды босатуын сұрады], 29.07.2019, <https://www.rubio.senate.gov/public/index.cfm/2019/7/rubio-menendez-colleagues-call-on-kazakh-president-to-release-political-prisoner>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>251</sup> Смирнов В. (2019), Журналиста и председателя профсоюза в канун Курбан-Айта помиловал Токаев [Токаев Құрбан Айт қарсаңында журналист әрі кәсіподақ басшысына рақымшылық жасады], Total.kz, 10.08.2019, [https://total.kz/ru/news/obshchestvo\\_sobitiya/zhurnalista\\_i\\_predsedatelya\\_profsoyuza\\_v\\_kanun\\_kurbanaita\\_pomiloval\\_tokaev\\_date\\_2019\\_08\\_10\\_13\\_30\\_53](https://total.kz/ru/news/obshchestvo_sobitiya/zhurnalista_i_predsedatelya_profsoyuza_v_kanun_kurbanaita_pomiloval_tokaev_date_2019_08_10_13_30_53), (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>252</sup> Otyrar.kz (2019), Профсоюзного активиста осудили за неуплату штрафа [Кәсіподақ белсендісін айыппұл төлемегені үшін соттады], 16.10.2019, <https://otyrar.kz/2019/10/profsoyuznogo-aktivista-osudili-za-neuplatu-shtrafa/>, (сұрату күні: 04.11.2019).

<sup>253</sup> Лиллис Дж. (2014), 'Kazakhstan: Retrial Fails to Put Political Killing to Rest' [Қазақстан: сот ісін қайта қарағанмен, саяси кісі өлтіру ісіне нүкте әлі қойылмады], Eurasianet, 11.02.2014, <https://eurasianet.org/kazakhstan-retrial-fails-to-put-political-killing-to-rest>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>254</sup> Бас прокуратура (2013), 'Официальное заявление Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан' [Қазақстан Республикасы Бас Прокуратураның ресми мәлімдемесі], 20.12.2013, <http://prokuror.gov.kz/rus/novosti/press-releases/officialnoe-zayavlenie-generalnoy-prokuratury-respubliki-kazahstan>, (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>255</sup> Лиллис Дж. (2006), 'Kazakhstani Assassination Trial Concludes With Guilty Verdicts, Questions Continue' [Саяси кісі өлтіру ісі бойынша қазақстандық сот процесі айыптау үкімін шығарумен аяқталды, сұрақтар сол күйі қалды], Eurasianet, 05.09.2006, <https://eurasianet.org/kazakhstani-assassination-trial-concludes-with-guilty-verdicts-questions-continue>, (алынған күні: 04.11.2019)

сотталған тергеуші журналиске және кәсіподақ жетекшісіне рақымшылық жариялады, алайда бұл айыптау үкімдерінің күшін жоймады<sup>251</sup>. Сонымен қатар, кәсіподақ жетекшісі айыппұл төлемегені үшін түрмеге қайта жіберілді<sup>252</sup>.

Кейде әділет таңдаулы адамдарға жүрмейді. Сот жүйесінің кемшіліктері 2006 жылы оппозиция көшбасшысы Алтынбек Сәрсенбаевты өлтіруге қатысты сот процестері кезінде анық байқалды. Бұл істі 2014 жылы екінші рет қараған кезде сот Назарбаевтың бұрынғы күйеубаласы Рахат Әлиевтің адам өлтіруді жалдауға қатысы бар екенін анықтады<sup>253</sup>. Бас прокуратура оның кінәлі екенін растайтын дәлелдерді кеш тапқанын мәлімдеді<sup>254</sup>. Бұл Әлиев қуғынға ұшырағаннан кейін болды. Бірінші сот процесінде Әлиевтің дәрежесі мықты еді, ол рөлін жасырып, әділетті бұзды<sup>255</sup>. Әлиев 2015 жылы Австрияда басқа бір адам өлтіру ісі бойынша түрмеде отырған жерінде қайтыс болды<sup>256</sup>.

Институционалдық реформаларды іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» үкіметтік жоспары сот органдарының есептілігін арттыру жөніндегі оң шараларды қамтиды. Тоқаев әділ сот құқығын қорғауға уәде берді<sup>257</sup>. Дегенмен сот жүйесінің тәуелсіздігіне шынайы кепілдік жоқ және сот билігі биліктің басқа тармақтары үшін тепе-теңдік және тежемелік жүйе бола алмайды.

## Заманауи насихаттың күші

Үкімет өзінің имиджін мұқият қадағалап, Қазақстан мен Назарбаевтың Батыс астаналарындағы беделі мен жетістіктерін бейнелеуге көмектесу үшін жетекші халықаралық пиар компаниялармен жасалған келісімшарттарға миллиондаған доллар жұмсады<sup>258</sup>. Режим бірқатар Батыс агенттігінен адам құқығының бұзылуына байланысты теріс реакцияны азайту жолдары туралы кеңес алды. Үкімет BGR Gabara идеясын Жаңаөзендегі<sup>259</sup> оқиғалар туралы жағымсыз хабарлардан алшақтату үшін интернет-сайқымазақтарды қолдану арқылы үгіт жүргізу идеясынан бас тартқан уақытта Назарбаев Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Тони Блэрдің жұмысшыларды атуға қатысты ахуалды қандай саяси тұрғыдан ұсыну керек екені туралы кеңесін пайдаланды<sup>260</sup>.

Режимнің қоғамдық коммуникация стратегиясы сайлаудағы бұрмалаулар мен құқық бұзылуы туралы хабарламаларды тарату үшін қарсы дәлелдерді қалыптастыруды қарастырады. Сынға жауап ретінде Қазақстан — демократияның қыр-сырын ұғынып, тынбай білім алып жатқан «жас ел» деген мәлімдеме жасалады<sup>261</sup>. Қазақстанның халықаралық дипломатиядағы жетістіктері ішкі мәселелерге байланысты сынды жоюға көмектеседі. Кейде мемлекет өзін «жақсылықтың жаршысы» рөлінде ұсынады, яғни жауапты жаһандық ойыншы, тұрақсыз аймақтағы қауіпсіздік пен энергетика саласындағы Батыстың сенімді одақтасы, Шығыс пен Батыс, мұсылман мен христиан әлемі арасындағы көпір, ядролық қаруды таратпаудағы лоббист, көпэтникалық мемлекеттер үшін үлгі екенін көрсете алады. Мұның бәрі — шындық, бірақ бұл Қазақстанда адам құқықтары бұзылып жатқанын жоққа шығармауы керек.

Халықаралық сынның көмескі болуы адам құқығын бұзған үкіметтің жазасыздық сезімін оятады және жағдайды жақсарту ісіне үстірт қараса да, жеткілікті деген сенім тудырады. Ресеймен салыстырсақ, тіптен таңғаларлықтай, себебі Ресейде мұнайшыларды атса, Кремль халықаралық

## Халықаралық сынның көмескі болуы адам құқығын бұзған үкіметтің жазасыздық сезімін оятады және жағдайды жақсарту ісіне үстірт қараса да, жеткілікті деген сенім тудырады.

жанжалдан құтыла алмас еді. Ал Қазақстанға келгенде батыстық серіктестер көп нәрсені қиындатпайды. Қиянат жасағаны үшін айыптаудың орнына, үкімет басқа салалардағы жетістіктері үшін халықаралық деңгейде мақтау естиді<sup>262</sup>. Батыс серіктестері көпшілік алдында айыптаудан гөрі «сындарлы өзара әрекеттесуді» қалайды. Соңғысы, олардың пікірінше, кейбір себеппен патронаттық және қарсы нәтиже ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, Батыс одақтасты бетінен қағып, Қазақстанға Мәскеу және Бейжің сияқты либерал емес серіктестермен жақындасуға мүмкіндік бергісі келмейді. Көпшілік алдында айыптау жағымсыз екені даусыз: 2013 жылы Қазақстанға сапары кезінде британ премьер-министрі Дэвид Кэмерон журналистерге Назарбаевпен әңгімелескенде адам құқықтары туралы мәселені көтергенін мәлімдеді<sup>263</sup> және президент «былқ етпей» отырып, содан кейін Қазақстандағы жағдай туралы былай қатты айтқан еді: «Біреулерге Қазақстан адамдар «көлікпен емес, түйемен жүретін» ортағасырлық ел сияқты көрінуі мүмкін, бірақ адамның құқықтары мен бостандықтарына келетін болсақ, Қазақстан негізгі құқықтарды қамтамасыз етеді деп санаймын»<sup>264</sup>.

Бәсеңдетілген сыртқы сын қауіпті, өйткені Қазақстандағы құқық қорғау қоғамдастығы өзін қараусыз сезінеді және құндылықтарын көпшілік алдында қорғағысы келмейтін Батыстың беделіне күмән келтіре бастайды. Бұл Батыс елдері геосаяси немесе коммерциялық пайдаға байланысты теріс қылықтарға көз жұма қарайды деген сенімді нығайтады. Бұл Кремль пайдалануға дайын Орталық Азиядағы батыстық ниетке қатысты қоғамдық цинизмнің өсуіне әкеледі.

Бүгінгі түсіндірмесінде сындарлы өзара іс-қимыл елдегі адам құқықтарының ахуалын айтарлықтай жақсартпайды, сондықтан белсенділер халықаралық саясаткерлер Қазақстан үкіметімен кездесуге елде жағдай жақсарған кезде ғана келіссе дейді. Human Rights Watch 2015 жылы ЕО Қазақстанмен кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған кезде реформалау міндеттемелерін бекітпей келіспеу керек еді дегенді айтады<sup>265</sup>.

### Реформаға ынталандырулар

Саяси және азаматтық бостандықтарды басу режим ішіндегі терең сенімсіздікті аңғартады. Бір жағынан, биліктің ауысуы кезінде тұрақтылықтың кепілі ретінде көретін Назарбаевты жұртшылық әлі де қатты қолдайды деген әсер қалдырады. Екінші жағынан, билік өзін осал сезінгендіктен, елеусіз деген бағынбау көрінісін де қатаң түрде тоқтатады. Биліктің ережелерінен халықтың көңілі қалғанын мойындағысы келмейді, сондықтан келіспеушілікке тап болған кезде, «қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» демекші, үнемі «қасқырларды» іздейді. Үкімет менталитетінде терең өзгерістер болған кезде ғана азаматтық бостандықтарға қысым жасамай, келіспеушіліктерді жеңе алады.

<sup>262</sup> Reuters (2015), 'Kazakh ex-diplomat Aliyev found hanged in Austrian jail' [Қазақстанның бұрынғы дипломаты Әлиев Австриядағы түрмеде асылып қалған жерінен табылды], 24.02.2015, <https://www.reuters.com/article/us-austria-aliyev/kazakh-exdiplomat-aliyev-found-hanged-in-austrian-jail-idUSKBN0LS0LB20150224>, (алынған күні: 04.11.2019).

<sup>267</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), 'President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address, September 2, 2019' [Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2 қыркүйек, 2019 ж.].

<sup>268</sup> Тынан Д. (2012), 'Kazakhstan: Top-Notch PR Firms Help Brighten Astana's Image' [Қазақстан: алдыңғы қатарлы пиар компаниялар Астананың беделін жақсартуға көмектесін жатыр], Eurasianet, 18.01.2012, <https://eurasianet.org/kazakhstan-top-notch-pr-firms-help-brighten-astanas-image>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>269</sup> Ньюман М. (2011), 'PR company proposed campaign against Sting' [Пиар компания Стингке қарсы науқанды ұсынды] Журналистік тергеу бюросы, 01.12.2011, <https://www.thebureauinvestigates.com/stories/2011-12-01/pr-company-proposed-campaign-against-sting>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>260</sup> Мендик Р. (2014), 'Tony Blair Gives Kazakhstan's Autocratic President Tips on How To Defend a Massacre' [Тони Блэр авторитар Қазақстан президентіне жаппай өлтіруді ақтау туралы кеңестер береді], The Telegraph, 24.08.2014, [www.telegraph.co.uk/news/politics/tony-blair/11052965/Tony-Blair-gives-Kazakhstans-autocratic-president-tips-on-how-to-defend-a-massacre.html](http://www.telegraph.co.uk/news/politics/tony-blair/11052965/Tony-Blair-gives-Kazakhstans-autocratic-president-tips-on-how-to-defend-a-massacre.html), (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>261</sup> Готев (2017), 'Kazakhstan, a fledgling democracy bent on "stability"' [Қазақстан — «тұрақтылыққа» бағытталған жас демократия].

<sup>262</sup> Қазақстандағы АҚШ елшілігі мен консулдығы (2017), 'Secretary of State Rex Tillerson remarks for Astana EXPO-2017' [Мемлекеттік хатшы Рекс Тиллерсон Астанадағы ЭКСПО-2017 көрмесінде сөз сөйледі], 22.06.2017, <https://kz.usembassy.gov/secretary-of-state-message-for-expo/>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>263</sup> Батт Н. (2013), 'Kazakhstan's autocratic president tells David Cameron: I would vote for you' [Қазақстанның авторитар президенті Дэвид Кэмеронға: «Мен сізге дауыс берер едім»], Guardian, 01.07.2013, <https://www.theguardian.com/world/2013/jul/01/kazakhstan-president-david-cameron-vote>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>264</sup> Tengrinews (2013), Назарбаев пригласил британских журналистов остаться в Казахстане и поговорить с людьми [Назарбаев британ журналистерін Қазақстанда қалып, адамдармен сөйлесуге шақырды].

<sup>265</sup> Риттман М. (2016), «Will the EU be called to task on Kazakhstan?» [ЕО Қазақстан үшін жауап бере ме?], Human Rights Watch, 04.01.2016, <https://www.hrw.org/news/2016/01/04/will-eu-be-called-task-kazakhstan>, (алынған күні: 13.08.2019).

<sup>266</sup> Хиггинс А. (2018), 'Authoritarianism Spreads, Uzbekistan goes the Other Way' [Авторитаризмнің таралуына байланысты Өзбекстан басқа жолмен жүреді], New York Times, 01.04.2018, <https://www.nytimes.com/2018/04/01/world/asia/uzbekistan-reform.html>, (алынған күні: 13.08.2019).



<sup>267</sup> The Economist (2019), 'Kazakhstan choreographed election goes off script' [Қазақстандағы қойылымдық сайлау сценарий бойынша өткен жоқ], 10.06.2019, <https://www.economist.com/asia/2019/06/10/kazakhstans-choreographedelection-goes-off-script>, (алынған күні: 13.08.2019).

Өтпелі кезең саясатқа да, практикаға да өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Басқарушы элитаның саяси және азаматтық бостандықтарды сақтау жөніндегі міндеттемелерін орындауға және реформалауға мүдделі болуының бірнеше себебі бар.

Біріншіден, көршілес Өзбекстандағы өтпелі кезеңнің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ел адам құқықтарына қатысты жағдайын жақсарту есебінен өзінің экономикалық бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялар үшін тартымдылығын арттыра алады. Өзбекстан саяси жылымық арқасында халықаралық БАҚ-та жағымды жариялылықты қамтамасыз етті<sup>266</sup>, ал ол уақытта Қазақстан туралы мыңдаған бейбіт демонстранттың тұтқындалуына байланысты билік транзиті кезінде көптеген жағымсыз тақырып жазылды<sup>267</sup>. Реформа мен ырықтандыру Қазақстан үкіметінің экономикалық және саяси мақсаттарына қызмет ете алады. БАҚ-та жағымды ақпарат жариялау инвесторлар үшін елді барынша тартымды етеді. Олай болмаған жағдайда, Қазақстанда бизнес жүргізу беделімізге нұқсан келтіреді деп қауіптенетін болады.

Екіншіден, басшылық саяси бостандықтар мен сөз бостандығын бақылауды әлсіретуден пайда көреді. Өйткені балама көзқарастарға төзбеу жауапты басқарудың дамуына және саясаттың ұтымды қалыптасуына кедергі келтіреді. Назарбаев кезінде әлеуметтік келісім, әдетте мұнайдың жоғары бағасымен және қоғамның әл-ауқатының жақсаруымен қамтамасыз етілген экономикалық өсімнің орнына, азаматтардың саяси және азаматтық бостандықтарына салынатын шектеулерге төзе алатыны туралы ымыраға қатысты болды. Дегенмен қазақстандық мұнай бумы баяғыда аяқталып, күрделі геосаяси және экономикалық жағдайларда өсу мен өркендеу мақсаттарына қол жеткізу жолында ел үлкен кедергілерге тап болды. Осы кедергілерді еңсеру үшін Қазақстанға саясатты әзірлеуге динамизм енгізу және ол әлі күнге дейін тыңдамаған адамдардың пікірін білу қажет.

Үшіншіден, реформа мен ырықтандыру әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етуі мүмкін. Қарама-қайшылықты тұрақтылыққа қауіп ретінде қарастыратын үкімет үшін бұл қарсы әрекет болып көрінуі мүмкін. 2019 жылы азаматтар саяси бостандықтар мен жиналу бостандығы құқығын талап ететін наразылықтарға қатысқаны үшін қамауға алынуудан қорықпады. Олар өздерінің азаматтық және саяси бостандығының шегі қайда екенін, көңілі қалғанын және енді бұл шектеулерді құрметтегісі келмейтінін тәжірибе жүзінде білді. Әкімшілік жауап ретінде диалог пен реформаны ұсынбаса, ол билеуші топтар мен қоғам арасындағы бөлінуді тереңдету қаупін тудырады. 2019 жылғы митингілер үкімет пен оны басқаратын адамдар арасындағы алаңдатарлық келіспеушіліктерді әшкереледі, басқарудың қатаң, орталықтандырылған тәсілінің күрделі мәселесін анықтады. Билік пен төменгі топтар арасындағы диалогтың болмауының бірнеше себебі бар:

(1) билік елді Ежелгі Римнің ақсүйектер стилінде басқарады және бұл шынайы консультацияларды жоққа шығарады;

(2) оппозициялық партиялар саяси пікірталастар үшін қажет, бірақ олар жоқ;

(3) үкімет азаматтық қоғамның тәуелсіз топтарының орнына МҰҰЕҰ қолдайды, бірақ бұл диалогқа ықпал етуі мүмкін;

және (4) балама пікірлерді тарату үшін тәуелсіз БАҚ жетіспейді.

Саяси және азаматтық бостандықтардың өрескел бұзылуы болашақ үшін алаңдаушылық туғызады: үкімет келіспеушіліктерді басуды жалғастыра берсе, халықтың ашуы одан әрі қайнап, тасиды. Саяси сілкіністер кезінде билік диссиденттердің қуғын-сүргінін жалғастырса және проблемаларды диалог арқылы шеше алмаса, оның салдарын болжау қиын және Қазақстан үшін зиян болады.

БҰҰ Арнайы баяндамашысы Майна Киай мұны 2015 жылы әдемілеп тұрып айтқан еді:

**«Бұл парадоксал болып көрінуі мүмкін, бірақ ел тұрақтылығының нақты өлшемі — белгіленген тәртіпте бейбіт дауларға төзімділік, яғни бейбіт келіспеушілік пен саяси плюрализмге жол беру. Мұндай арналар жасалмаса, наразылық көңіл-күй өздігінен жойылмайды; керісінше, олар көшедегі наразылықтардан немесе үкіметтің саясатын сынаған үкіметтік емес ұйымдардың есептерінен гөрі әлдеқайда қорқынышты нәрсеге әкелгенге дейін жинақталып, көбейеді»<sup>268</sup>.**

Осы тәуекелді азайту үшін Тоқаев пен оның әкімшілігі саяси және азаматтық бостандықтарды қорғау жөнінде нақты шаралар қабылдап, Қазақстандағы өз азаматтарымен сындарлы диалогқа дайын, реформа жасайтын мемлекет туралы оның жоғары риторикасы іспен сәйкес келетіндей етіп жасайды деп үміттенеміз.

<sup>268</sup> БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі (2015), 'Report of the Special Rapporteur on the Rights to Freedom of Peaceful Assembly and of Association, Maina Kiai' [Арнайы баяндамашының бейбіт жиналыстар мен бірлестіктер бостандығына құқығы туралы баяндамасы, Майна Киай], 11.09.2015.

# 05

## БІРДЕЙЛІК САЯСАТЫ

ДОСЫМ  
СӘТБАЕВ

**Қазақстандағы билік транзиті бірдейлік қайшылығына байланысты шиеленісіп барады. Көп жыл бойы кеңес саясатымен жаншылған этникалық қазақ бірдейлігі мен артып келе жатқан діндарлық мемлекеттің ұлтқа берген азаматтық анықтамасына сәйкес келмейді.**

<sup>269</sup> Я. Разумов (2018), 'Какие последствия может иметь эрозия среднего класса в современных обществах' [Қазіргі қоғамда орта тап эрозиясының салдары қандай болуы мүмкін?], Forbes Kazakhstan, 29 сәуір 2018, [https://forbes.kz/life/view/sredniy\\_samyiy\\_vajnyiy\\_1524906570/](https://forbes.kz/life/view/sredniy_samyiy_vajnyiy_1524906570/), (алынған күні: 04.11.2019).

Қазақстандағы билік транзиті ұлттық және әлеуметтік бірдейліктің түрлі бәсекелес формасының қақтығысы жағдайында жүзеге асып жатыр. Жалпылай алғанда, этникалық «қазақ» бірдейлігінің күшеюі қазіргі уақытта басым азаматтық «қазақстандық» бірдейлікке қарама-қарсы келеді. Ал орыс тілінің орнына қазақ тілін қолдану бұл қақтығысты одан әрі ушықтырады. Жағдай кейбір салада әлі де трайбализмнің басымдыққа ие болуына орай және діннің жеке бірдейлікке әсері арта түсуі әбден мүмкін деген болжамға байланысты қиындай түседі.

### Ұлттық бірдейлік анықтамасы

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан елдің бірдейлігі қандай болуы керек екенін шешуі тиіс болды: этникалық па, әлде азаматтық-ұлттық па? Концепция ретінде, азаматтық-ұлттық бірдейлік адамның ұлтқа жататынын мойындауын және мемлекетке деген тұрақтылығын түрлі басымдыққа алмастыратынын білдіреді. Азамат заңды сақтау, салық төлеу, әскери міндетін өтеу және тағы басқа белгілі бір міндеттерді орындауға дайын болады да, өтеуі ретінде мемлекеттен оның құқықтары мен еркіндігін қорғауын, сонымен қатар, қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыптастыруын қалайды.

Дегенмен 2019 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұрсұлтан Назарбаевтың ізбасары ретінде тағайындалған президент сайлауы кезіндегі оппозицияның наразылығы мұндайдың Қазақстанда жұмыс істемейтінін көрсетті. Бұл мемлекеттік басқарудың тиімсіздігіне, оның азаматтарының құқығы мен еркіндігін жеткілікті деңгейде қорғай алмауына (4-тарауды қараңыз), әділетсіз сот жүйесіне, саяси бәсекенің болмауына, білім деңгейінің төмендігі мен орта тап өкілдерінің жеткіліксіз болуына байланысты.

Поляк экономисі Лешек Бальцеровичтің пайымдауынша, бәсекеге қабілетті, тұрақты дамуды және «көкжиекте бірнәрсені көруді» қалайтын қоғамның үш тірегі болуы тиіс: жекеменшік және нарық экономикасы; оларды қолдайтын ережелер мен институттар жүйесі, оның ішінде салықтар мен әділет; және басқарудың демократиялық формасы<sup>269</sup>.

Қазақстан жағдайында үш тіректің орнында жарты тірек қана бар: жеке меншігін (егер ол элитамен байланысты болмаса) ешкім қорғамайтын жартылай нарықтық экономика. Құрылымдық және институттық деңгейдегі кемшіліктер қолайсыз әлеуметтік-экономикалық факторлармен, артып келе жатқан билікке наразылық пен сенім дағдарысымен ушыға түсуде. Мұндай жағдайда қазақстандықтардың көбі өзінің азаматтық бірдейлігі туралы емес, эмиграция туралы ойлануы таңғалдырмайды.

Қазақстаннан басқа елге қоныс аудару мүмкіндігін әртүрлі ұлт өкілі мен әр жастағы азаматтар қарастырып отыр. Қазақстандық Finprom аналитика агенттігінің мәліметі бойынша, 2017 жылы елден 37,7 мың адам қоныс аударған. Бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 25,3%-ға көп<sup>270</sup>.

Қоныс аударғандардың басым бөлігі инженерия, экономика және білім саласының қызметкерлері болған. Ал 2018 жылы, ресми деректер бойынша, қоныс аударушылардың саны 40 мыңға жеткен.

Қоныс аударғандардың басым бөлігі үшін басты себеп экономикалық жағдай болса да, билік транзитін жаңа мүмкіндіктен гөрі өз қауіпсіздігіне төнген қауіп ретінде қарастырып, елдегі болашағына алаңдайтындар да бар. Дискуссиялар бірдейлікті этника не ұлт тұрғысынан анықтап жатыр, ал бұл көпұлтты Қазақстанда тұратын көптеген азаматқа қауіп тудырып отыр.

Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанда кеңес бірдейлігін, экономика үлгісі мен саяси құрылымды күштеп енгізу ерекше көрініс тапты.

### «Қазақ» па, «қазақстандық» па?

Америкалық тарихшы Сара Кэмеронның пікірінше, бұл бірдейліктер арасындағы бәсекелестіктің түп-тамыры елдің кеңес тарихында жатыр. Кэмерон «Аштық жайлаған дала: ашаршылық, зорлық-зомбылық және кеңестік Қазақстанды құру» атты еңбегінде былай дейді: «[Қазақтар] өз республикасында этникалық азшылыққа айналды. Кеңес заманында Қазақстандағы қазақтар ерекше жағдайда болды: бір жағынан титулдық ұлт болса, екінші жағынан этникалық азшылық болды<sup>271</sup>.

Қазақстан — басқа посткеңестік мемлекеттермен салыстырғанда көпэтникалы ел. 18 миллион халық арасында 130-ға жуық түрлі этнос бар<sup>272</sup>.

Ел демографиясындағы түбегейлі өзгерістер Кеңес үкіметі кезінде жүзеге асырылды. Кеңес саяси жүйесінің басты мақсаты этникалық және ұлттық бірдейлікті шегеріп, «кеңес халқы» ұғымын қалыптастыратын өзіндік азаматтық бірдейлікті қалыптастыру болды.

Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда кеңестік бірдейлікті, экономика үлгісі мен саяси құрылымды күштеп енгізу ерекше көрініс тапты. Мысалы, өздерінің байырғы территориясында тұратын этникалық қазақтардың саны 1920 және 1930 жылдары күрт азайды.

Кеңестік заманға дейінгі демографиялық жағдай мүлдем бөлек болатын. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда 4 миллионнан астам этникалық қазақ өмір сүрген (1897 жылы жүргізілген Ресей империясының бірінші жалпы халық санағының мәліметтеріне сәйкес, осы мәліметтерге қазақтың қоғам қайраткері және қазақ автономиясы үшін күрескен «Алаш Орда» партиясының мүшесі Мұхамеджан Тынышбаев та жүгінген)<sup>273</sup>. Саны бойынша қазақтар Ресей империясының құрамындағы халықтар ішінде алтыншы орында болған (Тынышбаев қазақтар одан да көп деп болжаған). 1914 жылы Алаш Орда үкіметінің (1917–1920) басшысы Әлихан Бөкейханов қазақ халқының саны 6 миллионға жетті деп есептеген.

<sup>270</sup> Капитал (2018), 'Казахстан покидает все больше специа-листов' [Қазақстаннан кеткен мамандар көбейді], 20.02.2018, <https://kapital.kz/economic/67059/kazakhstan-pokidayet-vse-bol-she-spetsialistov.html>, (алынған күні: 14.11.2019).

<sup>271</sup> Кэмерон С. (2018), The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan [Аштық жайлаған дала: Ашаршылық, зорлық-зомбылық және кеңестік Қазақстанды құру], Итака: Корнелл университетінің баспасы, 2-бет. «Титулдық ұлт» терминін алғаш рет XIX ғасырдың соңында француз ақыны және саясаткері Морис Баррес қолданған. Титулдық ұлт деген — тілі мен мәдениеті мемлекеттік білім беру жүйесінің негізіне айналатын үстем этникалық топ.

<sup>272</sup> Н.Абыов (2013), 'Ethnocultural processes in Kazakhstan: history and present' [Қазақстандағы этномәдени процестер: тарихы мен қазіргі жағдайы], 18.09.2013, <https://e-history.kz/ru/contents/view/1472>, (алынған күні: 18.09.2019).

<sup>273</sup> С.К. Игибаев (2009), 'Казахи в составе России в конце XIX века: их численность, размещение, занятия и образовательный уровень' [XIX ғасырдың соңындағы Ресей құрамындағы қазақтар: олардың саны, орналасуы, кәсібі және білім деңгейі], Сборник материалов с конференции «Вклад молодых исследователей в индустриально-инновационное развитие Казахстана» [«Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуына жас зерттеушілердің үлесі» тақырыбындағы конференцияның материалдар жинағы], <https://articlekz.com/article/6768>, (алынған күні: 18.09.2019).



<sup>274</sup> Кэмерон С. (2018), *The Hungry Steppe* [Аштық жайлаған дала], 3-бет.

<sup>275</sup> Е. Брусиловская (2019), 'Колодцы времени' [Уақыт құдықтары], *Казахстанская правда*, 17.05.2019, <https://www.kazpravda.kz/articles/view/kolodtsi-vremeni>, (алынған күні: 04.11.2019).

Алайда кейінгі жиырма жылда бұл көрсеткіш күрт төмендеген: Кеңес үкіметінің екі халық санағы бойынша Қазақстандағы қазақ саны 1926 жылы 3,96 миллион болса, 1937 жылы 2,18 миллион болған.

Азаматтық соғыс, ашаршылық, ауру-сырқау, әсіресе 1920 және 1930 жылдардағы ашаршылық қазақ этносын әлсіретіп жіберді. Алайда Украинадағы «Голодомормен» салыстырғанда, Қазақстандағы аштық туралы сырттағылардың көбі біле бермейді. Күштеп ұжымдастыру кезінде көшпенділердің малы тәркіленіп, қазақтардың дәстүрлі өмір салты бұзылды және халық күнкөрісінен айырылды. Миллиондаған халық көз жұмып, жүз мыңдаған адам туған жерінен кетуге мәжбүр болды. Қазіргі таңда Қазақстаннан тыс елдерде 6 миллионға жуық қазақ өмір сүреді.

Кэмеронның айтуы бойынша:

...1930–1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылыққа Мәскеудің қазақ ретінде белгілі көшпелі түркітілдес мұсылман халқы мен кеңестік Қазақстан территориясын заманауи кеңестік халыққа айналдыру бағытындағы радикал талпынысы себеп болды... мұндағы ашаршылық кеңес экономикалық жүйесінің ажырамас бөлшегі болған шекарасы нақты белгіленген тұрақты территория ретінде кеңестік Қазақстанды құруда қатал құралға айналды. Бұл кезде көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан байырғы қазақтар бірдейлігінің орнын жаңа қазақ бірдейлігі басты<sup>274</sup>.

Қазақ жазушысы және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов тарихтағы бұл қайғылы кезеңді көшпенді мәдениеттің жоғалу кезі деп атайды<sup>275</sup>.

Қазақтың тіл, мәдениет, салт-дәстүрлер мен туыстық қатынасты біріктіретін дәстүрлі құндылықтар жүйесі мен өзіндік бірдейлік формасы кеңестің индустрияландыру, ұжымдастыру мен орыстандыру құрбанына айналды.

1930 жылдары қазақ зиялыларының кейбірі қазақ әліпбиінің негізіне латын әліпбиін алуды ұсынған кезде Кеңес үкіметі қазақ алфавитін кириллицаға көшірді.

Қазақ тілі қазақтардың ұлттық бірдейлігінің ең маңызды символдарының бірі еді. Ол бірнеше бағыт бойынша кеңестік саясаттың құрбанына айналды. Біріншіден, ол ұлттық интеллигенцияны мақсатты түрде жою және оның орнына мансап пен шығармашылық қызметі үшін орыс тілін қолданатын «кеңестік интеллигенцияны» құру нәтижесінде зардап шекті. Көп жыл бойғы Қазақстандағы қазақ тілінің дискриминациясы орысша сөйлейтін қазақтарды дүниеге әкелді. Бұл кейінірек Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін қоғамда нағыз қазақтар мен шала қазақтар (ана тілінде сөйлемейтіндер) арасында тағы бір сызат түсіреді.

Екіншіден, Кеңес өкіметі кезінде қазақ тілінде сөйлеушілердің саны күрт азайды. 1989 жылғы санақ мәліметі бойынша, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасындағы (ҚазКСР) қазақтар халықтың 39,7%-ына ғана тең болған. Бұл көрсеткіш қазақтардың орыстардан аз ғана алда болғанын көрсетті (орыстар — 37,8%). Қазақстанның қалған 22,5% халқы республика территориясында Кеңес үкіметінің басқа аймақтарынан жұмыс күшінің көші-қоны мен әртүрлі ұлт өкілін күшпен жер аудартқан сталиндік қуғын-сүргін нәтижесінде полиэтникалық топты қалыптастырған басқа ұлт өкілдері болды. Мұндай жағдайда Алматы қаласында (бұрынғы атауы «Алма-Ата», ҚазКСР мен тәуелсіз Қазақстанның 1997 жылға дейінгі астанасы) 1989 жылы небәрі бір ғана қазақ мектебі болғаны таңғалдырмайды.

Философия, саясаттану және дінтану институтының профессоры Рүстем Қадыржановтың пікірінше, кеңестің «ұлттық саясаты» қазақтарда интернационализмді дәріптеген «кеңестік бірдейлікті» мәжбүрлеп қалыптастырды. Бұдан кейін қазақтар мен Қазақстандағы барлық ұлт өкілін жасанды түрде «қазақстандық» деген бір қоғамдастыққа

біріктірген жасанды «қазақ бірдейлігі» пайда болды. Ал «қазақ бірдейлігін» кеңес билігі «халықтар достастығы зертханасындағы» (көпұлтты екенін айрықшалап көрсету үшін КСРО-ны образды түрде осылай атаған) қазақтардың фольклоры мен ұлттық өнерімен ғана байланыстыруға тырысты<sup>276</sup>.

Бұл иерархияға қарамастан, 1980 жылдардың соңында қазақтар арасында ұлттық бірдейлік арта бастады. 1986 жылы негізінен студенттерден тұратын қазақ жастары Алматының орталық алаңында Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық комитетінің (КОКП ОК) бас хатшысы Михаил Горбачевтің Дінмұхамед Қонаевтың Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан алынып, орнына республиканы басқаруға бұған дейін Қазақстанда мүлде қызмет атқармаған Геннадий Колбинді тағайындаған шешіміне қарсы наразылық шеруін ұйымдастырды. 1986 жылы 17–18 желтоқсан күндері өткен митинг қатысушылары республика басшылығы лауазымына жергілікті халық өкілін тағайындауды талап етті (дегенмен бұл митинг соңында наразылар құқық қорғау органдары мен әскерилермен қақтығысқа ұласып, жастар арасындағы үлкен шығынға алып келді). 1986 жылғы бұл оқиға Қазақстан тарихында «Желтоқсан көтерілісі» деп аталады. Бұл орталық билікке қарсы Кеңес үкіметі құрылған жылдардағы наразылық тектес болды. Қазақ жастарының осыған ұқсас наразылығы Қазақстанның басқа да аймақтарында болды.

КСРО ыдырағаннан және Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақтардың ұлттық өзін-өзі тануы арта бастады. Республикада этникалық қазақтар санын арттырған демографиялық өсім байқалды.

1990-жылдардың басында басқа елдерде тұратын 1 миллионға жуық этникалық қазақ Қазақстанға оралды. «Власть» интернет басылымының жазуы бойынша, 1990 жылдардың соңында қазақтардың саны 1920 жылдардан бері бірінші рет Қазақстан халқының жартысынан асты. 2016 жылы қазақтар республика халқының үштен екі бөлігін құрады. Қазіргі таңда қазақтар — елдің тез көбейіп жатқан этникалық тобы. Қазақстанның кейбір аймағында қазақтардың саны халықтың 95%-ынан асты<sup>277</sup>. 2019 жылы қазақтар республика халқының 68%-ына тең болды.

Қазақ алфавитін кириллицадан латын әліпбиіне ауыстыру туралы шешім бірнеше жыл бұрын қабылданды, алайда жаңа алфавитті қалыптастыру 2018 жылы ғана қолға алынды. Бұл елдегі демографиялық тенденциялар мен қоғамдық көңіл-күйді көрсетеді. 1990 жылдары мүмкін емес болған нәрселер қазір мүмкін болып жатыр: себебі республика халқының басым бөлігін этникалық қазақтар алып отыр, ал қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп отыр.

Бұл демографиялық тенденциялар алдағы саяси қалауға да әсер ететін болады. Елдегі ұлттық-патриоттық көңіл-күй мен қозғалыстардың күшеюі заңды процесс, ал этникалық және рулық бірдейлікті қолдаушылар қатарының көбеюі мен орыс тілі қолданысының азаюы мүмкін. Себебі мұндай жағдай Орталық Азияның басқа елдерінде де көрініс тауып үлгерген.

Бұл кезде азаматтық бірдейлік Қазақстанда өмір сүретін кейбір этникалық топ, соның ішінде кейбір орысша сөйлейтін қазақтар тарапынан белсенді қолдау табады. Қадыржановтың айтуынша, «қазақстандық бірдейлік жағындағылар, яғни ең әуелі орыстар мен Қазақстанның басқа да жергілікті емес халқы» орыс тілі мен басқа да үйреншікті символдардың «Кеңес үкіметі кезінде олардың алған орталық позициясынан жаңадан құрылған қоғамнан тысқары бір жерге шегерілгенін» қаламайды. «Қазақ тілі мен басқа да қазақ символдарының жаңа қазақстандық қоғамның символдары иерархиясында басым позицияға ие болуға ұмтылуына қарсылық болуы жасырын емес», — дейді Қадыржанов<sup>278</sup>.

<sup>276</sup> Қадыржанов Р. (2012), 'Национальная идентичность Казахстана и этнокультурный символизм' [Қазақстанның ұлттық бірдейлігі және этномәдени символизм], «Мысль» республикалық қоғамдық-саяси журналы, 13.10.2012, «<http://mysl.kazgazeta.kz/?p=266>» (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>277</sup> Власть (2016), 'Как изменилась этническая карта Казахстана за 25 лет' [Қазақстанның этникалық картасы 25 жыл ішінде қалай өзгерді?] 17.10.2016, <https://vlast.kz/obsshestvo/19747-kak-izmenilas-etniceskaa-karta-kazahstana-za-25-let.html> (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>278</sup> Қадыржанов Р. (2012), 'Национальная идентичность Казахстана и этнокультурный символизм' [«Қазақстанның ұлттық бірдейлігі және этномәдени символизм»].

<sup>279</sup> Ибраева А. (2018), «Миграция как угроза экономической безопасности: почему казахстанцы уезжают за границу?» [Көші-қон экономикалық қауіпсіздік қатері ретінде: қазақстандықтар неге шетелге кетеді?], 29.08.2018, <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2018-08/migraciya-kak-ugroza-ekonomicheskoy-bezopasnosti-pochemu>, (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>280</sup> Мысалы: «Қазақстандықтар Қазақстанның солтүстік аумақтарын Ресей Федерациясының құрамына қайтаруға шақырғаны үшін танымал ресейлік Вконтакте әлеуметтік желісіндегі екі топқа ашуын және наразылығын білдірді», Zakon.kz (2014), «Казахстанке удалось заблокировать пропагандирующие аннексию СКО группы «ВКонтакте» [Қазақстандық әйел «ВКонтактеде» СҚО-ны аннексия жасауға үндеген топты бұғаттата алды], 13.08.2014, <https://www.zakon.kz/4646296-kazakhstanke-udalos-zablokirovat.html>, (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>281</sup> Nur.kz (2015), «Политологи увидели опасность в популярности Путина в Казахстане» [Саясаттанушылар Қазақстанда Путиннің танымал болуынан қауіп көрді], 25.06.2015, <https://www.nur.kz/800198-politologi-uvideli-opasnost-v-popul.html>, (алынған күні: 23.08.2019).

## «Идеологиялық сепаратизм»

Демографтардың бағамдауынша, Қазақстандағы орыстардың саны тәуелсіздік алғаннан кейін күрт азайған, ал 2018 жылы небәрі 19,8% болған<sup>279</sup>.

Басқа да этникалық топтардың көптеген өкілі, оның ішінде немістер, украиндар мен поляктар атажұрттарына оралды. Дәл осы этникалық топтар президент Назарбаевты елдегі этносаралық тұрақтылықты сақтауда басты гарант ретінде танып, ұзақ уақыт бойы оның белсенді қолдаушылары еді. Көбі оның саяси мансабының аяқталуын және билік транзитінің жақындап қалуын өз болашағына қауіпті деп қарастырды.

Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін «кеңестік азамат» деген ұғымның жоғалуы Қазақстанда тұратын қазақ емес топтар үшін олардың бірдейлікке қатысты түсінігіне әсер етуін жалғастырып жатыр. Орысша сөйлейтін азшылықтардың кейбір мүшесі мен кей орысша сөйлейтін қазақ өздерін «тұзаққа» түскендей сезініп отыр. Өйткені олар физикалық тұрғыдан Қазақстанда өмір сүріп жатса да, өздерін Ресейдің саяси, идеологиялық және медиа салаларымен байланыстырады. Бұл жағдай ресейлік медианың тарататын ақпараты республиканың ақпараттық кеңістігіне қосылатынымен және «Одноклассники» мен «ВКонтакте» сияқты әлеуметтік желілердегі Қазақстанға қатысты ресейлік бағыттағы сепаратистік идеялардың таралуымен ушыға түсуде<sup>280</sup>.

2014 жылғы Ресейдің Қырым аннексиясымен байланысты оқиғалар Қазақстанға ресейлік БАҚ-тың жергілікті әлсіз медиаға үстемдік көрсетуінің салдары қандай болуы мүмкін екенін айқын көрсетті. Украинадағы қақтығыстың Қазақстанға тікелей қатысы болмаса да, қазақстандық қоғамды Ресейдің әрекетін қолдайтындар мен қолдамайтындар деп екіге бөлді. Дәл осы қақтығыс ресейлік БАҚ-тың Қазақстанда қаншалықты қоғамдық пікірді қалыптастыра алатынына қатысты үрей тудырды.

Ресей медиасының Қазақстанға әсері 2015 жылғы Gallup компаниясы жүргізген зерттеу кезінде расталды: Ресей президенті Владимир Путиннің саясатын қолдайтын посткеңестік мемлекеттер ішінде Қазақстан төртінші орынға жайғасты, респонденттердің 72%-ы қолдау білдіріпті<sup>281</sup>.

Қазақстан билігі бұл көрсеткішті назарға алып, алдағы уақытта Қазақстан мен Ресей арасында қандай да бір қақтығыс туындап қалған жағдайда халықтың адалдығы бөлініп кетуі мүмкін екенін түсінуі керек. Билік саясатын қолдаудан (не қолдамаудан) бөлек, саяси тұрақтылық қанша адам келешекте елді кез келген ішкі не сыртқы қауіптерден қорғауға дайын екеніне байланысты. Өйткені гибриді қақтығыс кезінде Қазақстанның қауіпсіздігі әскері мен халықаралық келісімдерге байланысты болады. Ел тағдыры негізінен өз азаматтарының тағдырын елмен қаншалықты байланыстыратынына тәуелді.

Жаңа президент ретінде Тоқаевқа бұл бірдейліктер қайшылығы мұрагерлікке қалды. Бұл жерде қазақтар мен қазақстандықтар бірдейлігінен бөлек, қоғамда этникалық, рулық, қалалық және ауылдық (оның ішінде орталық пен периферия қатынасы), зайырлы және діни қоғам сияқты қайшылықтар да бар. Бұл бөліністер билік транзиті кезінде Қазақстанның саяси дамуы үшін жаңа сынақ тудырады.

## Рулық бірдейлік

Қазақтар дәстүрлі түрде өзара бірнеше рудың басын біріктіретін жүзге бөлінеді. Белгілі қазақ тарихшысы Нұрболат Масанов әр жүздің өзіндік рулық бөлініс жүйесі болғанын алға тартқан. Ұлы жүз қазақтары он бір руға, Орта жүз жеті руға, ал Кіші жүз үш аралық және жиырма басты топқа бөлінген<sup>282</sup>.

Қазақтардың рулық бірдейлігі Кеңес үкіметі кезінде де жартылай сақталып, КСРО ыдырағаннан кейін қайта қалпына келді. Этникалық қазақ бірдейлігінің дамуы ру және жүз бірдейлігінің дамуына септесті.

Бұл жағдай КСРО ыдырағаннан кейін әлеуметтік-экономикалық қиын-қыстау кезеңде жаңа серпінге ие болды. Бұл кезде рулық және жүзге тиістілік топтық көмек пен қолдау табуға көмектесті.

Қазақтарға өзінің руы мен жүзін білу өте маңызды. 2016 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қоры жанындағы әлемдік экономика және саясат институты қазақтардың құндылықтары мен әлеуметтік-саяси көзқарасына жүргізген зерттеуі респонденттердің 6,9%-ының ғана туған жерлерін қандай рулар мекендейтінін білмегенін көрсеткен.

«Өз кланыңызды білу сіз үшін қаншалықты маңызды?» деген сұраққа респонденттердің 24,9%-ы оны өмірлік қатынасын анықтаушы ретінде қабылдап қызығушылық танытатынын, 21,2%-ы отбасы тарихының бір бөлігі ретінде қабылдайтынын білдірген. Жалпы алғанда, респонденттердің 46,1%-ы өз кланын бірдейлігінің маңызды бір бөлшегі ретінде қарастырады<sup>283</sup>.

Жүзге тиістілік ҚазКСР мемлекеттік билігі құрылымы кезінде де еленді. Кеңес билігі маңызды лауазымдарға басқа этникалық топтардың өкілдерін сайлау арқылы жүздер жүйесін бақылауда ұстады. Нұрболат Масановтың пікірінше, «Кеңес үкіметі кезінде ...қазақтар өзінің не өзгенің жүзінің ықпал ету деңгейі мен билігін оның биліктегі лауазымына қарай бағалаған». Саяси басшылардың мақсаты тепе-теңдікті сақтап, әлеуетті қарсыластарды аса маңызды лауазымдардан алшақ ұстау болды. Бұның қоғамның саяси өміріне «психологиялық әсері» болып, тағайындалған тұлғалар өкілеттіктерінің көлемін, олардың қызметтеріне манипуляция жасау мүмкіндігі мен биліктегі мерзімін және тағы басқасын анықтады<sup>284</sup>.

Тәуелсіздік алғаннан кейін және демографиялық жағдай өзгергеннен кейін рулық әсер күшейе түсті. Мемлекеттік қызметке көбінесе этникалық қазақтар тағайындалып жатыр. Рулық қатынасқа беріктілік, әсіресе, ортаңғы және төменгі деңгейдегі мемлекеттік қызметтерде айрықша байқалады, себебі оның маңызы аймақтарда ерекше білінеді. Жалпы алғанда, ауылдық аймақтардан көшіп келген жас буын қалаға өздерімен бірге рулық және жүзге тиістілігін де ала келді.

Назарбаев пен оның қарамағындағылар «суперпрезиденттік» жүйесі жағдайында жүз бен рулық тиістілік факторын элитаның түрлі өкілін бір-біріне қарсы қою және тұрақсыздандыру құралы ретінде қарастырды. Барлығы да режимнің саяси адалдық не бірдейліктің түрлі формасы арасындағы қақтығысты басқару қабілетіне байланысты болды, өйткені адалдықтың нақты бір жүзге емес, мемлекет басшысына бағытталуы маңызды еді. Мемлекеттік аппарат ішінде рулық тиістілікке ерекше адалдық қажетсіз деп қарастырылды.

Өз жүйесін қалыптастыра отырып Назарбаев үкімет ішіндегі жүздік және рулық адалдықты бейтараптандыру үшін бірнеше тәсілді қолданды. Біріншіден, ол батыстық білім алған және космополиттік көзқарастағы жас шенеуніктерден тұратын жаңа бюрократияны қалыптастырды. Екіншіден, үкіметпен тығыз байланыстағы және президентке жеке адалдығын дәлелдеу арқылы қорлар мен мүліктерге қол жеткізетін қаржылық-өнеркәсіптік топтардың қалыптасуы үшін қолайлы жағдай туғызды. Мұндай топтар рулық мүддеден бұрын экономикалық мүддеге жұмыс істеді. Бұл «Forbes» журналына енген қазақстандық миллиардерлер қатарында президент отбасының мүшелері және қазақтармен қатар басқа да этникалық топтардың өкілдері болуын түсіндірсе керек. Өздерін негізінен халықаралық бизнес қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылдап, солардың ережелеріне, байланыстары мен құндылықтарына бағындыратын қазақстандық бизнес элитаның қалыптасуы қаржылық-өнеркәсіптік салада жүз бен ру күшін біртіндеп әлсіретіп жіберді.

Дегенмен бұл тактиканың әсері шектеулі ғана болды. Топтық бірдейлік әлі де ұлттық бірдейліктен жоғары тұр. Жүздік бірдейлікті шетке ысырып тастау мүмкін емес, ал билік транзиті кезінде кең ауқымда қайта өз күшіне енуі де мүмкін. Тағы бір жағынан, жүздік және рулық бірдейлік

<sup>282</sup> Тулегенов А. (мерзімі көрсетілмеген), «Без этого Казахстан не понят: карта расселения казахских племен — «жузов» [Онсыз Қазақстанды түсіну мүмкін емес: қазақ руларының қоныстану картасы — «жүздер»], <https://www.brif.kz/blog/?p=1122>, (алынған күні: 14.11.2019).

<sup>283</sup> Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтын қараңыз (2016), Қазақстандағы қазақтардың құнды және қоғамдық-саяси қатынастары, әлеуметтік зерттеу нәтижелері туралы есеп беру, 45-бет. Сауалнама 2016 жылы Қазақстанның барлық аймағында өтті, оған 1500 респондент қатысты.

<sup>284</sup> Н. Масанов (2006), «Реноме кочевников (Последняя статья Нурбулата Масанова)» [Көшпенділер реномесі (Нұрболат Масановтың соңғы мақаласы)] *zakon.kz*, 6.10.2006, <https://www.zakon.kz/76838-renome-kochevnikov-poslednjaja-statja.html>, (алынған күні: 23.08.2019).



<sup>285</sup> Әлемдік діни ландшафт, Пью-Темплтон орталығының зерттеу жобасы (2017), 'Kazakhstan' [Қазақстан], [http://www.globalreligiousfutures.org/countries/kazakhstan/#/?affiliations\\_religion\\_id=0&affiliations\\_year=2010&region\\_name=AllCountries&restrictions\\_year=2016](http://www.globalreligiousfutures.org/countries/kazakhstan/#/?affiliations_religion_id=0&affiliations_year=2010&region_name=AllCountries&restrictions_year=2016), (алынған күні: 04.11.201).

<sup>286</sup> Оған Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарынан және Алматы мен Астана қалаларынан 1400 респонденттің ұлтына, жынысына, жасына және ауылдық / қалалық орналасуын ескере отырып жүргізілген әлеуметтік зерттеу кірді. Қазақстандық әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжау институтын қараңыз (2012), Қазақстан қоғамындағы діндерлік деңгейі, 51-бет.

<sup>287</sup> Нурсейтова Т. (2012), «Тимур Козырев: Устанавливать правила в своей стране мы будем сами» [Тимур Козырев: өлімізде ережені өзіміз белгілейміз] Zakon.kz, 24.10.2012, <https://www.zakon.kz/4520521-timur-kozyrev-ustanavlivat-pravila-v.html>, (алынған күні: 23.08.2019).

<sup>288</sup> Махмутова М. (2013), Internal Migration of Young People in Kazakhstan: case-study of Almaty, [Қазақстандағы жастардың ішкі көші-қоны: Алматылық кейс-стади] Қоғамдық саясатты зерттеу орталығы және Сорос-Қазақстан қоры, [https://www.soros.kz/en/internal\\_migration\\_of\\_young\\_people\\_in\\_kazakhstan/](https://www.soros.kz/en/internal_migration_of_young_people_in_kazakhstan/), (алынған күні: 19.10.2019).

<sup>289</sup> Сонда.

<sup>290</sup> Мумиров А. (2014), 'Прямая и явная угроза. Назарбаева просят спасти мавзолей Яссауи от ваххабитов' [Тікелей және айқын қауіп. Назарбаевтан Яссауи кесенесін уахабиттерден құтқаруды сұрайды], InoZpress, 17.11.2014, <http://www.inozpress.kg/news/view/id/42942>, (алынған күні: 23.08.2019).

Қазақстанда, әсіресе жастар арасында қайта жанданып келе жатқан діни ренессанспен бетпе-бет келуі мүмкін.

## Діни бірдейлік

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының хабарлауынша, халықтың шамамен 70%-ы өздерін мұсылман санайды. Бұл көрсеткіштер Pew Research Center зерттеу орталығы жүргізген «Әлемдік діни ландшафт» жобасының мәліметтерімен үндес келеді, ол жерде Қазақстан халқының 70,4%-ы мұсылман (барлығы бірдей талаптарын сақтамаса да) екені көрсетілген<sup>285</sup>.

Екінші орында — христиандар (негізінен православие), жалпы халықтың 24,8%-ына тең.

Қазақстан статистикасында мұсылмандар үлесінің жоғары болуы биліктің дінді этникалық топпен автоматты түрде байланыстыруында деп түсіндіруге болады. Қазақ пен өзбек, ұйғыр, дүнген, татар сияқты барлық басқа этникалық топ мүшелері мұсылман ретінде есептелген. Бұл топтардың арасында этникалық қазақтар сүнниттік бағыттағы ханафи мазһабын ұстанады. Елде басқа да ислам конфессиялары бар.

2012 жылы 1400 адам арасында қайта жүргізілген сауалнама адамдардың діни бірдейлікті азаматтық және этникалық бірдейліктен кейінгі үшінші орынға қоятынын көрсетті<sup>286</sup>.

Дегенмен Халықаралық түркі академиясынан Тимур Козырев Қазақстанда айтарлықтай діни өзгерістер бар екенін, әсіресе қоғамдағы урбанизациямен байланысты исламда «ауыл» исламы орнына жаңа дәстүрлердің келуін атап өткен<sup>287</sup>.

2013 жылы Сорос-Қазақстан қоры Алматыға келген мигранттардың 72,3%-ы 14-29 жас аралығындағы жастар екенін және олардың жаңа жағдайға бейімделуде қиындық көріп жүргенін көрсеткен есеп жариялады<sup>288</sup>.

Олардың билік пен кәсіподақ, саяси партиялар мен полиция сияқты азаматтық қоғам институттарына сенімі төмен деңгейде болған. Зерттеулер бұл жас аралығындағы респонденттердің 57,9%-ы негізінен діни құрылымдарға сенетінін көрсеткен<sup>289</sup>.

Қалада мешіттер қарым-қатынас пен топтық бірдейлік формасына айналып бара жатыр.

Діни бірдейлік маңызының артуы үкімет үшін бірқатар проблема тудырып отыр. Біріншіден, суфизмнен бастап уахабизмге дейін бірнеше діни фракцияның арасында ресми ақпарат арналарын бақылау үшін күрес жүріп жатқанына көптеген дәлел пайда болды. Екіншіден, радикализмнің өсу қаупі де бар.

2014 жылы Abai.kz веб-порталында астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Досай Кенжеттаевтың діни экстремистерге қатысты қаупін білдіріп, Назарбаевқа жазған хаты пайда болды:

Профессор Кенжеттаевтың айтуы бойынша, Қазақстанда уахабизм не «такфирге» тыйым салынса да, оның идеялары таралып, жастар арасында ізбасарларын тауып жатыр. Жастар арасында Сирияға жиһадқа баруға дайындары да кездеседі. Ол «таза ислам» ағымының ізбасарлары Қазақстандағы діни бейбітшілік пен тұрақтылықтың тас-талқанын шығаруы мүмкін деген алаңдаушылығын білдірді<sup>290</sup>...

Зайырлы қайраткерлер (мемлекет түрінде) мен діни топтар арасында да шиеленіс бар. Қазіргі билік транзиті кезінде діни топтардың зайырлы мемлекет ізбасарларына қарсы, бір-біріне және ұлттық-патриоттық қозғалыстарға да қарсы күресі күшеюі мүмкін. Кей саяси ойыншы

ұлттық-патриоттық не діни қозғалыстармен байланысты наразылық топтарды мобилизациялау арқылы өз позицияларын күшейтуі мүмкін, ал бұл өз араларында конфронтация тудыру ықтималдығы жоғары. «Радикалды діни ағымдарды ұстанушылар» мен «зайырлы радикализм» ұстанушылары арасында туындауы мүмкін қақтығыстың елде тұрақсыздық орнатып, ұлттық бірдейлікте салдары ұзақ уақытқа созылатын дағдарыс тудыру қаупі бар<sup>291</sup>.

Қазақстан халқы арасында діни тұрғыдан өзіндік бірдейліктің артуы аймақтың геосаяси кеңістігіне де әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта Қазақстанды «гибридті ел» деп сипаттауға болатын шығар. Себебі елде батыс космополитизмі де, пұтқа табынушылық көрініс алатын көшпенділер менталитеті де, исламның түрлі интерпретациясы да кезігеді. Дегенмен алдағы уақытта діни бірдейлік саясатының артуы республиканы зайырлы мемлекеттен ислам жағына көшіруі де мүмкін. Орталық Азияның басқа бөліктерінде де діни бірдейліктің артуы аймақта мүддесі бар геосаяси ойыншылар үшін проблема тудырады. Мысалы, Қытай мен Орталық Азия арасындағы байланыс нашарлап кетуі мүмкін, себебі Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданында мұсылмандарға көрсетіліп жатқан қысым әлі де жалғасып жатыр.

### Деструктив урбанизация

Әлі де қарқынды түрде жалғасып жатқан урбанизация бірдейліктер қақтығысын одан әрі ұлғайтып отыр. Қазір халықтың шамамен 58%-ы қалада тұрады. 2009 жылдан бері тіркеліп отырған ресми статистика бойынша, жыл сайын ауылдан қалаға 60 000 адам көшіп келеді екен. Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) бағалауы бойынша, 2030 жылы Қазақстан халқының 66%-ы қалаларда тұрады. 2018 жылдың маусым айында Шымкент қаласының халық саны ресми түрде бір миллионға жетті, сол үшін оған Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына берілгендей республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді.

Бұл қазіргі уақытта жастар үшін әлеуметтену әрі идея мен құндылықтары қалыптасатын жер ауыл емес, қала екенін көрсетеді. Бұл жерде тарихи контекст те өзекті. Себебі КСРО ыдыраған кезде Қазақстанда ауылдық (барынша дәстүрлі) және қалалық бірдейлік қалыптасқан еді. Мысалы, қала қазақтары арасында рулық тиістілік аса байқалмады, себебі олардың көбі өздерін космополитизм идеяларымен байланыстырып, өздерінің тамырынан, тіпті өз ана тілінен алшақтады.

Жастар көбінесе ауылдан қалаға аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігіне байланысты қоныс аударады. Аймақтардың көбі күйзеліс жағдайында. 14 облыс пен үш республикалық маңызы бар қаланың арасынан ұлттық бюджетке пайда әкелушілер мұнай-газ өндірісімен айналысатын Атырау мен Маңғыстау облыстары және Алматы қаласы ғана.

Мигранттардың дүбәралануы олардың бірдейліктеріне де әсер етпей қоймайды. Қалаға келген жастар көбіне ресми жұмыс таба алмайды. Олар жалақысы төмен, мамандықты талап етпейтін жұмысқа орналасады. Кейде өз бетінше жұмыс істейді, осылайша әлеуметтік және зейнеткерлік қамтамасыз етуден құралақан қалады. Бұл адамдар қалаға жақын жерге қоныстанғанмен, бөтен болып қала береді. Бірдейлікке қатысты дау төңірегінде мұндай геттоизация мигранттардың бірінші орынға не этникалық, не рулық, не діни бірдейлігін қоюына алып келуі мүмкін. Бұл қала тұрғындарының бірдейлік иерархиясына қарағанда әлдеқайда консерватив және дәстүрлі болып келеді. Қауымдар арасындағы қатынастар көптеген қазақ емес басқа этникалық топ өкілдерінің Кеңес үкіметі кезінде қалада тұрақтап қалуымен, ал қазіргі кезде қалаға қоныс аударып жатқан ішкі мигранттардың басым бөлігі халықтың осал топтарына жататын және кедей бөлігіне жататын қазақтар болуымен ушыға түседі.

<sup>291</sup> Козырев Т. (2013), 'Национальная идентичность: казах и/или мусульманин' [Ұлттық бірдейлік: қазақ және/немесе мұсылман], Expert Kazakhstan, 01.04.2013, <http://expertonline.kz/a10566/>, (алынған күні: 23.08.2019).

## Ұлтты қалыптастыру. Мемлекеттік саясаттың сәтсіздікке ұшырауы

Тәуелсіздік алғаннан кейін билікке келген Қазақстанның билік элитасы дамып келе жатқан ұлшылдықты этносаралық тұрақтылыққа төніп тұрған қауіп ретінде ғана емес, өздерінің саяси басымдығына бәсекелес ретінде де қарастырды. 1990 жылдардың басында ұлттық-патриоттық қозғалыстар бейтараптандырылып отырды. Бұны Кеңес үкіметі кезінде жаншылып келген қазақстандық ұлттық бірдейлікті қайта қалпына келтіру ретінде қарастырған көптеген қазақ арасында түсінбестік туғызды. Дегенмен басқарушы элита қазақ емес халықтың арасындағы «идеологиялық сепаратизм», яғни республика халқының өзі тұратын елге емес, басқа елге адалдығы, қазақтардың ұлтшылдығына қарағанда әлдеқайда үлкен проблемаға айналатынын көре алмады.

**Қалаға келген жастар көбіне ресми жұмыс таба алмайды. Олар жалақысы төмен, мамандықты талап етпейтін жұмысқа орналасады. Кейде өз бетінше жұмыс істейді, осылайша әлеуметтік төлемдер мен зейнеткерлік қамтамасыз етуден құралақан қалады.**

Бұл ретте ұлтты қалыптастыруға билік өкілінің көбінің мемлекеттің қандай да бір ұлттық идеяны қалыптастыруымен не «қазақстандық» бірдейлікті анықтаумен байланысты көптеген бағдарламаның біріне де толық сенбеуі кедергі болды.

Мұндай бағдарлама жасауға алғашқы талпыныс 2009 жылы жасалды, ол кезде қоғамға Қазақстан халқы Ассамблеясының (1995 жылы құрылған және президентпен бақыланатын этносаралық қатынастар мәселесі бойынша консультатив органның) белсенді қатысуымен «Қазақстанның ұлттық бірлік доктринасы» ұсынылды. Доктринаның ұлттық бірлік этникалық бірдейлікке емес, азаматтық бірдейлікке негізделгенде ғана мүмкін деген ұстанымы қоғамда үлкен дау туғызды. Соңында билік өкілдеріне азаматтық бірдейлік дегенді айрықшаламауға тура келді, алайда бұл құжат қолданысқа енгізілмей, кейінге қалдырылған еді.

2015 жылы билік бірдейлік проблемасын шешу мақсатында «2015-2025 жылдарға арналған қазақстандық бірдейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» ұсынды. Бұл тұжырымдама ішінара «Қазақстанның ұлттық бірлік доктринасын» қайта жаңғыртқан еді. Басты тұжырымдаманың бірі қазақстандық бірдейліктің негізі ретінде азаматтық ұстанымдарды алу болды. Дәл осы құжатта бұл бірдейліктің негізі ретінде ортаңғы тап адамдары келтірілген, ал олардың дамуы ұлттық бірліктің басты шарты ретінде түсіндірілді.

Дегенмен бұл мақсатқа жету мүмкіндігі экономикалық проблемалардың кесірінен қиындай түседі, себебі ең әуелі ол кезде орта тап өкілдері, оның ішінде шағын және орта кәсіпорындар зардап шегеді. Елде орта таптан гөрі кедейлер көп болған кезде, жүйенің ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін қандай да бір әмбебап құндылықтарды қалыптастыру мүмкін емес.

Билік транзиті кезінде Қазақстанда тұрақтылықты сақтауда осы бірдейліктер қайшылығы қауіп төндіруі мүмкін. Кей ұлттық-патриоттық топтар үшін қазақстандық деген бірдейлік жоқ, олар үшін этникалық ұстанымдарға негізделген қазақ бірдейлігі ғана бар. Түрлі діни қозғалыс өкілдерінің пікірі бойынша, адам ең әуелі өзін дінмен, одан кейін ғана этноспен айқындауы керек. Бірінші орында рулық бірдейлік тұруы керек деп есептейтіндер де бар. Билік пен көптеген этникалық азшылық топтарға этникалық тиістілігіне қарамастан, өздерін Қазақстан азаматы ретінде танытуға мүмкіндік беретін азаматтық бірдейлік басымдыққа ие.

Бұл көзқарастар мен ұлтты қалыптастыру философиясындағы қарама-қайшылықтарды шешу тіптен де оңай емес. Бұл тарауда көрсетілгендей, түрлі әлеуметтік, саяси, демографиялық, этникалық, діни және тағы басқа топтардың Қазақстанның болашағына және өздерінің қоғамдағы орнына қатысты қарама-қайшы пікірлері бар кезде Қазақстандағы бірдейлік қақтығысы ушыға бермек.



**Қазір Қазақстан жаңа экономикалық үлгі іздестіріп жатыр және Орталық Азиядағы көршілес елдермен әлі күнге дейін әлсіз ынтымақтастығын арттыру мүмкіндігін қарастыруда. Бұл ретте бірте-бірте реформаланып жатқан Өзбекстан драйвер рөлінде әрекет етіп отыр.**

<sup>292</sup> Сұлтанғалиева А. (2016), Казахстан и его соседи: возможности и ограничения [Қазақстан және оның көршілері: мүмкіндіктер мен шектеулер], «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Қоры» жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ӘЭСИ), жұмыс баяндамасы, 14-бет, (алынған күні 24.08.2019).

<sup>293</sup> 2001 жылы Қазақстанның Орталық Азияның басқа елдерімен саудасы сыртқы сауданың жалпы көлемінің 3%-ынан кем болды. Бор А. (2004), «Regionalism in Central Asia: new geopolitics, old regional order» [Орта Азиядағы аймақшылдық: жаңа геосаясат, ескі аймақтық тәртіп], Халықаралық қатынастар, 80(3): 493-бет.

<sup>294</sup> Динер, А. С. (2016), 'Imagining Kazakhstani-istan' [Қазақстандық -станды ойластыру], Ларюэль М. (ред.) (2016), Kazakhstan in the Making: Legitimacy, Symbols and Social Changes [Қазақстанды қалыптастыру: заңдылық, рәміздер және әлеуметтік өзгерістер], Ланам, Мэриленд: Лексингтон Букс, 131-бет.

Тәуелсіздік алғаннан кейін көп уақыт бойы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстан сияқты Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынас төмен деңгейдегі ынтымақтастықпен және сауда, шекара, су және энергия қорларын пайдалану мен басқару мәселелері төңірегіндегі даулармен шектелді. 2015 жылы Қазақстанның Қырғызстан, Түркіменстан мен Өзбекстан елдерімен өзара сауда мөлшерінің үлесі жалпы сыртқы сауданың 3,7%-ына ғана тең болды<sup>292</sup>.

Оның алдындағы 14 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш небәрі 1%-ға артқан<sup>293</sup>. Елдер арасындағы тарифтік емес барьерлер өте жоғары болып отыр, оған қоса, нақты Орталық Азияға ғана қатысты өзекті мәселелермен айналысатын нақты бір ұйым жоқтың қасы.

Жақын көршілес елдермен ынтымақтастық деңгейінің төмен болғанына қарамастан, Қазақстан ұзақ уақыт бойы өзін еуразиялық ел ретінде танытып, алаңды аймақтық идеяларды жүзеге асыру үшін қолданды. Бұл ретте Ресей мен Орталық Азияның басқа елдері арасындағы көпір рөлін де сақтап отырды. 2014 жылы Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет атауын Қазақстаннан Қазақ еліне ауыстыруды ұсынды. Бұл арқылы ол еуразиялық көпір ел мәртебесін нығайтып, Ауғанстан, Түркіменстан, Өзбекстан және тағы басқа «-стан» елдерінен өзін қашықта ұстағысы келді. Себебі бұл елдердің көбі авторитар практикасымен және жағымсыз инвестициялық климатымен танымал<sup>294</sup>.

Дегенмен кейінгі жылдары Қазақстан өзін Орталық Азия аймағының ажырамас бөлігі ретінде қарастыра бастады. Мемлекет бірдейлігінің ауысуы мен Орталық Азиядағы көршілерімен ынтымақтастықты арттыруға бағытталған тенденцияға мына факторлар себеп:

- Тәуелсіздік алғаннан бері дәріптеліп келе жатқан азаматтық қазақстандық бірдейлікке қарамастан, артып келе жатқан этникалық қазақ бірдейлігі. Бұл — демографиялық және білім беру жүйесіндегі өзгерістердің және кең таралып жатқан этноұлттық нарратив нәтижесі.

- Қазақстанның Ресей мен Кремль саясатынан алшақтауы.
- Кеңейіп жатқан коннективтікке назар аудару. Бұған Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы стимул болды. Коннективтік ұлттық дамудың негізгі тәсілі болса, «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен байланысты инфрақұрылымдық инвестициялар Қазақстанның Шығыс пен Батыс арасын байланыстырушы басты көлік және қаржы орталығы болу міндетімен ұштасады. Бұл арқылы Қазақстанға Орталық Азияның басқа елдерімен интеграциясын да жүзеге асыру мүмкіндігі туады.
- 2016 жылы елдің көп жылдық авторитар басшысы Ислам Каримов өмірден өткеннен кейінгі Өзбекстанның экономикалық либерализациясы.
- Орталық Азия мемлекеттері арасында аймақтың шектеулі қорларын импортты алмастыру стратегиясын дамытуға жұмсағаннан гөрі, әсіресе Ресейдің экономикалық проблемаларына байланысты шектеулерді ескере отыра, сауданы дамыту өзара тиімді әрі артықшылығы көп екенін мойындау.

Бұл тарау екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жоғарыда аталған бес фактордың әрқайсы Қазақстанның Орталық Азия аймағында бірдейлігін қалыптастыруда қандай үлесі болғаны сипатталады. Екінші бөлімінде Қазақстанның Орталық Азияның әр елімен екіжақты қатынасындағы негізгі тенденциялар талқыланады.

## 1-бөлім: Орталықазиялық көршілерімен жақындасу

### Жаңа қазақ бірдейлігі мен жалпы орталықазиялық мұра

Қазақстанда посткеңестік кезең бұрынғы президент Назарбаев сахнадан толығымен кеткен кезде ғана орнайтынына қарамастан, елде жаңа этникалық қазақ бірдейлігі дамып келе жатқан жаңа кезең орнады десе болады (5-тарауды қараңыз)<sup>295</sup>.

Этникалық қазақ бірдейлігінің дамуына әсер етіп отырған екі фактор бар: демографияда Қазақстанның титулды ұлтының артуы және сәйкесінше этноұлттық нарративтің артуы. Марлен Ларюэльдің пікірінше, бұл демографиялық, білім беру мен мәдениеттегі өзгерістердің айқын нәтижесі «қазақстандық дегеннің бәрі әлсіреп, қазақ дегенге қатыстының бәрі дамып жатыр»<sup>296</sup>. Бұл жаңа қазақ бірдейлігі бір жағынан ұлтшылдар арасында, екінші жағынан өздерін әлемдік жаһанданумен байланыстыратын урбанизацияланған ортада шиеленіс тудырып отыр.

Қазіргі жағдай мен 1980 жылдардың ортасындағы тенденциялар арасында ұқсастық байқауға болады. Ол кезде Қазақстандағы ұлтшылдық дискурс Михаил Горбачев бастамашы болған қайта құру мен жариялылық кезінде күшейе түскен еді. 1986 жылдың желтоқсан айында Алматыда (ол кездегі Алма-Ата) коммунистік партияның бірінші хатшысы лауазымынан этникалық қазақты алып, орнына оған дейін Қазақстанда мүлдем қызмет атқармаған этникалық орыс азаматының тағайындалуына қарсы халық наразылығы өтті. Ұлтшылдық дискурсы демографиядағы

<sup>295</sup> Ларюэль М. (2014), 'The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan: Kazakhness, Kazakhstanness, and Transnationalism' [Қазақстандағы мемлекеттік бірдейліктің үш дискурсивті парадигмасы: Қазақтық, қазақстандық және трансұлтшылдық], ред. Омеличева М. (2014), Построение национализма и идентичности в Центральной Азии: параметры, динамика и направления [Орталық Азиядағы ұлтшылдық пен бірегейлікті құру: параметрлері, динамикасы және бағыттары, [Ланам, Мэриленд: Лексингтон Букс, 1-20 беттер және Ларюэль М., 'Kazakhstan's Nationhood: Politics and Society on the Move' [Қазақстан мемлекеттілігі: қозғалыстағы саясат және қоғам], (алынған күні: 16.02.2019), <https://voicesoncentralasia.org/kazakhstans-nationhood-politics-and-society-on-the-move/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>296</sup> Ларюэль М., 'Kazakhstan's Nationhood' [Қазақстан мемлекеттілігі], 9-бет.

<sup>297</sup> КСРО Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті (1990), Национальный состав населения СССР по данным Всесоюзной переписи населения 1989 г. [1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша КСРО халқының ұлттық құрамы], «Қаржы және Статистика», Мәскеу.

<sup>298</sup> Толық ақпарат алу үшін қараңыз: Браун Б. (1980), 'Kazakhstan and the Kazakhs in the USSR: Data from the Census of 1979' [Қазақстан және КСРО-дағы қазақтар: 1979 жылғы санақ дерегі], Азаттық радиосы. Зерттеу бюллетені, РС195/80, 02.06.1980, Мюнхен, Германия.

өзгерістерге байланысты өршіген болатын. Нәтижесінде, 1989 жылы қазақтар ҚазКСР-дегі ең көп этникалық топқа айналып, жалпы халықтың 39,7%-ына тең болды. Сөйтіп, 1920 жылдан бері бірінші рет орыстардан асты<sup>297</sup>. Бұған қосымша, 10 жыл бұрын қала халқының саны 50% болса, 1979 жылы 54%-ға жетті<sup>298</sup>. Орыс мектептері қазақ мектептеріне ауыса бастады және жоғары оқу орнына түсетін этникалық қазақтардың саны да арта бастады<sup>299</sup>.

## 1990 жылдары этникалық қазақтардың үлесі 50 пайыздан асқан, ал алдағы онжылдықта қазақтар халықтың 80 пайызына тең болады деп болжанып отыр.

<sup>299</sup> Кайзер Р. И Чинн Дж. (1995), 'Russian-Kazakh relations in Kazakhstan' [Қазақстандағы Ресей-Қазақстан қарым-қатынасы], Постсоветская География, 36(5): 263–64-беттер, ИЦО: 10.1080/10605851.1995.10640992 (сұрату күні: 24.08.2019).

<sup>300</sup> Primeminister.kz (2016), 'Number of Kazakh language schools reached 70% for the years of independence — MES' [Тәуелсіздік жылдарында қазақ мектептерінің үлесі 70%-ға жетті — БҒМ], 12.08.2016, <https://primeminister.kz/en/news/705/page/549> (сұрату күні: 24.08.2019).

<sup>301</sup> Алтысарина Е. (2018), 'Kazakhstan Adopts A New Version of Latin-based Kazakh Alphabet' [Қазақстан қазақ тілінің жаңа латын әліпби нұсқасын таңдады], The Astana Times, 26.02.2018, <https://astanatimes.com/2018/02/kazakhstan-adopts-new-version-of-latin-based-kazakh-alphabet/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>302</sup> Ларюэль М., 'Kazakhstan's Nationhood' [Қазақстан мемлекеттілігі], 7-бет.

<sup>303</sup> Гобль П. (2019), 'Nazarbayev's departure triggering new Russian exodus from Kazakhstan' [Назарбаевтың президенттіктен кетуі Қазақстандағы орыстардың жаңа эмиграциялық толқынын тудырды], Eurasia Daily Monitor, 11.04.2019, <https://jamestown.org/program/nazarbayevs-departure-triggering-new-russian-exodus-from-kazakhstan/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>304</sup> Ашимова У. (2018), 'Central Asian reset' [Орталық Азия қайта жүктеу], Eurasian Daily Monitor, 21.03.2018, <https://jamestown.org/program/central-asian-reset/>, (алынған күні: 24.08.2019). Тағы да қараңыз, BBC Орталық Азия мониторингі (2017), 19.09.2017; және Каусикан Б., Стэпп С. Ф. және Ченг У. (2017), 'Central Asia: All Together Now' [Орталық Азия: енді бірге], The American Interest, 16.06.2017, <https://www.the-american-interest.com/2017/06/16/central-asia-all-together-now/>, (алынған күні: 24.08.2019).

Соған ұқсас демографиялық және мәдени өзгерістер қазір де байқалады. Біріншіден, этникалық орыстар қазір жалпы халықтың бестен бір бөлігінен де аз мөлшерде (2018 жылы 19,8%) және елдің барлық облысында, тіпті бұрыннан негізінен этникалық орыстар мекендеген солтүстік облыстарда да орыстар аз. 1990 жылдары этникалық қазақтардың үлесі 50%-дан асты. Болжамдарға сәйкес, алдағы он жылда қазақтардың үлесі 80%-ға жетеді.

Екіншіден, қалада тұратын қазақтардың саны 1970 жылмен салыстырғанда 5 есе артты. Қазіргі уақытта этникалық қазақтардың жартысынан көбі қалалық жерде тұрады.

Үшіншіден, қазақ тілінің білім берудегі рөлі артып келеді. 1990 жылдардың басында мектептердің 30%-ы ғана қазақ тілінде білім беретін, 2016 жылы бұл көрсеткіш 70%-ға жетті<sup>300</sup>.

Университет студенттерінің жартысы мен оқушылардың басым бөлігі қазақ тілінде оқиды. Осыған орай қазақтілді медианың, соның ішінде әлеуметтік медианың маңызы артуда. Бұған үкіметтің алфавитті 2025 жылға қарай кириллицадан латын алфавитіне ауыстыру туралы шешімі дәлел<sup>301</sup>.

Қазақша ақпарат кеңістігі кеңейіп келеді және ол орысша ақпарат кеңістігінен біршама жырақ<sup>302</sup>. 2019 жылдың наурыз айындағы Назарбаевтың отставкасынан соң және Астана атауы Нұр-Сұлтан болып ауысқаннан кейін этникалық орыстар мен орысша сөйлейтіндер белсенді түрде Қазақстаннан көше бастады деген хабарлар шықты<sup>303</sup>.

Этникалық қазақ бірдейлігіне (азаматтық қазақстандық бірдейлікке қарағанда) баса назар аудару арқылы мемлекет басшылығы өздерін Қазақстанның Орталық Азиядағы орта мұрасымен, сәйкесінше, жалпы Орталық Азия аймағымен байланыстырады. Әрі олар өздерін әлі де «тағы бір «-стан» мемлекеті ретінде көрсетпеуге тырысып жатыр. Нақты айтқанда, 2017 жылдан бері Өзбекстан реформалар қабылдағаннан кейін («Өзбек факторы» тарауын қараңыз), президент Назарбаевтың Орталық Азия аймағындағы көршілеріне қарым-қатынасы айтарлықтай өзгерді. Ол Орталық Азия тұрғындарының ортақ мұрасы және олардың мыңжылдық ортақ мәдени және ғылыми жетістіктері туралы жиі айта бастады<sup>304</sup>.

Назарбаев 2017 жылдың қараша айында Астана клубының қатысушыларына былай деді: «Ширек ғасыр өткенде ортақ тарихы, діні, мәдениеті мен менталитеті бар біздің [Орталық Азия елдерінің] бірге болуымыз, бір-бірімізге көмектесуіміз және аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуіміз Алланың қалауы екенін барлығы түсінеді деп ойлаймын»<sup>305</sup>. Бұл ретте ел басшысының 2017–2018 жылдары Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше ретінде қатысқанында оның басты міндеттерінің бірі Орталық Азия елдерінің мүддесін көздеу және аймақ үшін маңызды мәселелерді шешу екенін айтқанын ескере кету керек<sup>306</sup>.

## Ресейден алшақтау

1990 жылдардың соңында Орталық Азиядағы аймақшылықтың эпицентрі Астана-Ташкент шайқалып тұрған орталықтан Астана-Мәскеу деген тұрақты орталыққа ауысты. Бұл гравитация Өзбекстанның көрші мемлекеттерге қатысты күш тактикасын қолдануға бейім келуіне реакция болды. Бұған Ресейдің Қазақстанды кейбір, тіпті сәтсіз болса да, Орталық Азияның басқа мемлекеттері кірмеген Бірыңғай экономикалық кеңістік сияқты аймақтық жобаларға қосуға тырысуы себеп болды<sup>307</sup>. Осыған байланысты Қазақстан тәуелсіздік жылдарының басым бөлігінде өзін Ресей аймағының бір бөлігі ретінде есептеді<sup>308</sup>.

Дегенмен кейінгі жылдары Қазақстан Ресейдің сыртқы саясатында неоколониал тенденцияның артуын байқай бастады, сол себепті Ресейдің өздеріне әсерін әлсірету мақсатында Мәскеуден біраз алшақтауды жөн көрді. Нәтижесінде, Астана Орталық Азиядағы аймақтық бастамаларға анағұрлым ашық бола бастады.

Ресей Қазақстанға Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) мүшелік арқылы уәде берген басымдықтарын жүзеге асыра алмағандықтан, Мәскеу басқаратын аймақтық құрылымдарға қатысты күмән артты. Қазақстан Ресей президенті Владимир Путиннің де ЕАЭО-ға қатысты саяси курсы ашық түрде қабылдамады және ЕАЭО-ның экономикалық шеңберінде қалып қоймау үшін бірқатар шара қолданды.

2014 жылғы Қырым аннексиясымен Мәскеудің Украинадағы гибриді соғысы, әсіресе «ұлтшыл-патриот» қазақтардың арасында антиресейлік көңіл-күйдің артуына алып келді<sup>309</sup>. Қазақ ақпарат құралдары антиресейлік материалдарды жиі жариялауда,<sup>310</sup> қоғамда да Қазақстанның Ресейдің ақпараттық соғысына араласуына қатысты наразылық артып жатыр<sup>311</sup>.

## Жаңа экономикалық модельді іздестіру

Қазақстанның мұнай мен шикізат экспортына көп жыл бойғы шамадан тыс тәуелділікке негізделген экономикалық моделі әбден сарқылды. Әлсіз индустрияландырылған және өртараптандырылған экономика үкіметтен дамудың жаңа ұлттық стратегияларын іздестіруді талап етеді. Қазақстан

<sup>305</sup> BBC Орталық Азия мониторингі (2017), 'Kazakh leader urges Central Asian unity for common good' [Қазақстан көшбасшысы жалпыға ортақ игілік үшін Орталық Азияның бірлігіне шақырады], 16.11.2017. Астана клубы өзін «жыл сайын Батыстан, Ресейден, Қытайдан, Еуропадан, Таяу Шығыстан және Азиядан шыққан жетекші сараптамалық орталықтарының көрнекті саяси қайраткерлерін, дипломаттары мен сарапшыларын жинайтын халықаралық пікірталас алаңы» деп атайды, қараңыз: [astanacub.kz](http://astanacub.kz).

<sup>306</sup> Оразғалиева М. (2019), 'Kazakh Deputy FM Says Country Committed to Deeper Cooperation in Central Asia' [Қазақстан Сыртқы істер министрінің орынбасары ел Орталық Азиядағы ынтымақтас-тықты тереңдетуге ниетті екенін мәлімдеді], The Astana Times, 08.04.2019, <https://astanatimes.com/2019/04/kazakh-deputy-fm-says-country-committed-to-deeper-cooperation-in-central-asia/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>307</sup> Ялтада 2003 жылдың қыркүйе-гінде Ресей, Украина, Қазақстан және Беларусь президенттері құрған.

<sup>308</sup> Бор (2004), 'Regionalism in Central Asia' [Орталық Азиядағы аймақшылық], 492–93 беттер.

<sup>309</sup> Шарип Ф. (2018), 'Revival of pan-Turkism in Kazakhstan threatens pillars of Eurasian Union' [Қазақстанда пантүркізмнің жандануы Еуразиялық одақ негіздеріне қауіп төндіреді], Eurasian Daily Monitor, 12.07.2018, <https://jamestown.org/program/revival-of-pan-turkism-in-kazakhstan-threatens-pillars-of-eurasian-union/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>310</sup> Гобль П. (2018), 'Kazakhs increasingly hostile to both Russians and Chinese' [Қазақтар орыстарға да, қытайларға да барған сайын қастықпен қарауда], Eurasian Daily Monitor, 24.07.2018, <https://jamestown.org/program/kazakhs-increasingly-hostile-to-both-russians-and-chinese/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>311</sup> 5-тарауды және 7-тарауды қараңыз.



## Мұнай мен шикізат экспортына көп жыл бойғы шамадан тыс тәуелділікке негізделген Қазақстанның экономикалық моделі әбден сарқылды.

<sup>312</sup> Ордабаев А. (2016), Транспортные коридоры Южной Азии и Кавказа [Оңтүстік Азия мен Кавказдың көлік дәліздері], Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ӨЭСИ), жұмыс баяндамасы, қыркүйек, 2016, 7-бет.

<sup>313</sup> Voices On Central Asia (2018), 'How Kazakhstan Is Trying to Reform Itself to Become A Regional Economic Hub' [Қазақстан Аймақтық экономикалық орталыққа айналу үшін өзін қалай реформалауға тырысады], 16.04.2018, <https://voicesoncentralasia.org/how-kazakhstan-is-trying-to-reform-itself-to-become-a-regional-economic-hub/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>314</sup> Сұлтанғалиева А. (2016), Казахстан и его соседи [Қазақстан және оның көршілері], 21-бет.

<sup>315</sup> Кули А. (2016), The Emerging Political Economy of OBOR [«Бір белдеу, бір жол» қалыптасып келе жатқан саяси экономиясы], Вашингтон, Колумбия округі: стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы, 11–12-беттер, [https://csis-prod.s3.amazonaws.com/s3fs-public/publication/161021\\_Cooley\\_OBOR\\_Web.pdf](https://csis-prod.s3.amazonaws.com/s3fs-public/publication/161021_Cooley_OBOR_Web.pdf), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>316</sup> Астрашевская Н. (2019), 'Central Asian states plan 'silk visa' in bid to revive trade' [Орталық Азия елдері сауданы жандандыру мақсатында «Жібек визасын» жоспарлап отыр], Financial Times, 06.05.2019, <https://www.ft.com/content/23a16e02-553a-11e9-a3db-1fe89bedc16e>, (алынған күні: 24.08.2019).

мұнайға тәуелдігін төмендету жөніндегі бағдарламалар аясында еуразиялық интеграцияның көлік, телекоммуникация және инвестиция орталығына айналуға тырысып жатыр. Осы мақсатта Нұр-Сұлтан 2014 жылы іске қосылған «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру арқылы Қазақстан ішкі және сыртқы нарықта логистика және көлік артериясын дамытуға ден қойған. Бұл бағдарлама елдегі құрылыстың ауқымды көлемін қаржыландырған Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасымен айтарлықтай деңгейіне үйлестірілген<sup>312</sup>. Қазақстанда 2003–2016 жылдар аралығында жалпы пайдалануға арналған жолдардың ұзындығы 7000 шақырымға, ал темір жолдың ұзындығы 1450 шақырымға артты. Қорғаста, Ақтауда және Құрықта порттарды дамыту бойынша маңызды шаралар қолға алынды<sup>313</sup>. Қазақстан мен Қытайдың коннективтікті кеңейтуге ұмтылысының арқасында орталықазиялық байланыстар мен құрылымдардың ішінде жақсартулар болды. Мысалы, Қытай–Еуропа көлік дәлізіне арналған оптикалы-талшықты кабельдің темір жол және құбыр желісінің бойымен тартылуы Қазақстанның Орталық Азиядағы телекоммуникациялық торап болу жоспарының іске асуына мүмкіндік береді<sup>314</sup>.

Аймақта логистикалық тораптардың құрылуы Орталық Азиядағы аймақтық сауданың өсуіне жағдай жасайды және бұл экспорт пен импортты транзиттеуге кететін уақытты қысқартуда айтарлықтай маңызды. Қазақстан басшылығының ресми ақпараты бойынша, «Белдеу және жол» бастамасы аймақтағы әлсіз дамыған инфрақұрылым мәселелерін шешуге көмектесе отырып, сауданы жылдамдатады және Орталық Азиядағы, сонымен қатар Орталық Азия және басқа да аймақтар арасындағы тауар тасымалының жоғары құнының негізгі себебі ретінде көрсетіледі. 2014 жылы барлық аймақ бойынша тауарларды экспорттау мен импорттау үшін қажет уақыт осыған ұқсас операцияларды Оңтүстік Азияда, Шығыс Еуропада, Латын Америкасында және Кариб бассейнінде, сонымен қатар Таяу Шығыста және Солтүстік Африкада іске асыруға қажет уақыттан төрт есе артық болды<sup>315</sup>.

Орталық Азия бойынша Дүниежүзілік банктің директоры жүкті Орталық Азия елдеріне немесе басқа елдерге жеткізгенге қарағанда, Польшадан Шанхайға жеткізу анағұрлым тезірек жүзеге асатынын айтты<sup>316</sup>.

Дегенмен инфрақұрылымның жетіспеушілігі — тәуелсіздік кезеңінде тіркелген Орталық Азиядағы сауданың төмен деңгейінің жалғыз себебі. Қазіргі уақытта трансшекаралық саудаға кедергі келтіріп отырған көлікке қатысты жаңа шешімдер өзінен-өзі көптеген кедергінің қысқаруына апармайды. Аймақтағы шекаралық режимдерде жаппай құбылыс болатын бейресми төлемдер туралы сөз соңғы рет айтылып отырған жоқ.



Александр Кули айтқандай, Орталық Азия арқылы Ауғанстанға америкалық әскерге материалдық-техникалық жүкті жеткізуге пайдаланылатын Солтүстік таратқыш торап сияқты логистикалық желілердің сырттан қаржыландыруының дамуы трансшекаралық операциялардың тиімділігі артуын ынталандырып қана қоймай, биліктің рұқсатымен транзиттік тарифтердің артуына алып келді. Кули Орталық Азия кеден қызметінің шекарадан өтетін жерлерден алатын бейресми табысқа тәуелді қызметкерлері осы сәтті пайдаланып, автокөлік және темір жол тарифтерін көтеретін болса, «Белдеу және жол» күре жолдары бойынша көлік айналымының өсімі трансшекаралық транзакциялық шығын алып келуі мүмкін деп қауіптенеді<sup>317</sup>.

Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасы басқа да мәселелердің туындауына алып келді. Оларға осы бастаманың әріптес елдеріне Қытай ықпалы артуының қауіп-қатері, инвестициялық қаржыландырумен байланысты қарыздың өсуі, қытайлықтарға қарсы көңіл-күйдің күшеюі, жемқорлық үшін жаңа мүмкіндіктер және Орталық Азияның ресурстық базасын болашақта Қытайдың әлеуетті пайдалануын бекіту сияқты мәселелер кіреді. Дегенмен көптеген күтпеген кедергіге қарамастан, Нұр-Сұлтандағы билік басындағылар өзінің құрлықтық дәлізі орталығына Орталық Азия мен Синьцзянды қоятын «Белдеу және жол» Шығыс пен Батысты байланыстырушы ірі көлік торабы ретінде Қазақстанның мәртебесін нығайтатынына сенімді. Мұндай жағдай экономикаға транзиттік саудадан пайда алуға және көрші елдердің тауарына қол жеткізуді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

<sup>317</sup> Кули А. (2016), *The Emerging Political Economy of OBOR* [«Бір белдеу, бір жол» қалыптасып келе жатқан саяси экономиясы], 12–13-беттер.

<sup>318</sup> Ергалиева А. (2019), 'Kazakhstan, Uzbekistan Hope Planned Border Trading Centre Will Boost Trade to \$5 Billion by End of 2020' [Қазақстан мен Өзбекстан жоспарланған шекаралық сауда орталығы 2020 жылдың соңына қарай сауда көлемін 5 млрд долларға дейін арттырады деп үміттенеді], *The Astana Times*, 26.04.2019, <https://astanatimes.com/2019/04/kazakhstan-uzbekistan-hope-planned-border-trading-centre-will-boost-trade-to-5-billion-by-end-of-2020/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>319</sup> Лиллис Дж. (2018), 'Will Astana's financial gamble pay off?' [Астананың қаржылық ойыны өзін ақтай ала ма?], *Eurasianet*, 07.08.2018, <https://eurasianet.org/kazakhstan-will-astanas-financial-gamble-pay-off>, (алынған күні: 24.08.2019).

## «Өзбекстандық фактор» және аймақтық ынтымақтастық дамуының кеңеюі

2016 жылы Өзбекстанның көпжылдық авторитар көшбасшысы Ислам Каримовтың өлімінен кейін, мемлекеттің жаңа басшысы Шавкат Мирзиёев өзінің президенттік қызметін Өзбекстанның жақын көршілерімен қарым-қатынаста жылымық жариялаумен бастады. Көптеген шекаралық дау реттелді, аймақтық әуе қатынастары жаңартылды және шекараны кесіп өту барысында шектеулер бәсеңдетілді. Мирзиёев көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты «идеологиясыздандыруға» және «саясатсыздандыруға» тырысып, тауар топтарының 30-дан астам түріне импорттық баж салығын жойып, Өзбекстан нарығына олардың қол жеткізуін кеңейтіп, Каримовтың протекционистік саясатын тоқтатты.

Өзбекстандағы «Белдеу және жол» қамқорлығына кіретін мұндай ырықтандыру саясаты аймақтағы ірі көлік, коммуникация және энергетика жобаларының дамуына да жағдай жасады және ол тұтастай Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастыққа серпін берді. 2019 жылдың сәуірінде Қазақстан мен Өзбекстанның ресми тұлғалары өзара түсіністік және трансшекаралық сауданы оңтайландыру мақсатымен ортақ шекарада сауда экономикалық ынтымақтастықтың халықаралық орталығын құру және Орталық Азиядағы ірі сауда-логистика орталығын құру туралы меморандумға қол қойды. Жаңа нысан Орталық Азиядағы басқа да мемлекеттермен сауда әрекеттестігін орталықтандырады, сауда ағынын шоғырландырады және реттейді, сонымен қатар көлік логистикасын жақсартары деген болжам бар<sup>318</sup>.

Ташкенттегі реформалар арқасында Қазақстанның тек Азияның жетекші қаржылық өсі емес, сонымен қатар аймақтың басты қаржы орталығы болуға мүмкіндігі бар. Қазақстан осы мақсатқа жету үшін белсенді түрде күш салып жатыр. 2018 жылдың 5 шілдесінде «Астана» Халықаралық қаржы орталығы ашылды (AIFC). AIFC Қазақстан экономикасының мұнай мен газға тәуелділігін азайту жолдарын табу мақсатында ашылды, дей тұрғанмен орталық әлі аталған бағытта қандай да бір салмақты нәтижелер көрсетуі керек. Қазақстанның негізгі мақсаттарының бірі инвестицияларды ынталандыру және капиталдың аймақтық нарығын дамыту екенін ескеретін болсақ, оның барлық аймақ үшін басты банкир болу ниеті Өзбекстанның экономикалық гүлденуіне ықпал етуі мүмкін<sup>319</sup>.

Екі мемлекет арасындағы келіссөздер жиілігін қоса есептегенде, Қазақстанның Өзбекстанмен байланысының нығаюы біртіндеп тұтастай аймақтық ынтымақтастық процестерін іске қосты. Өзбекстанның әлі де болса бастапқы сатыдағы аймақтық саясатындағы өзгерістері Орталық Азия мемлекеттері арасындағы диалогтарды жақсартуға және сауданы кеңейтудің артықшылығына қатысты консенсуске және негізгі салалардағы ынтымақтастыққа біртіндеп алып келуі мүмкін. Мұндай ынтымақтастық мемлекеттерге аймақтық мәселелердің бірлескен шешімін табуға, су және энергетикалық шағымдар, қауіпсіздік мәселелері және есірткінің заңсыз айналымы, «жаһандық

экономикалық процестердің шикізаттық шеткері аймағына» айналмас үшін, әсіресе Қытай мен Ресейге қатысты сыртқы державалар саясатының ортақ позицияларын нақтылап алуға мүмкіндік беретін еді<sup>320</sup>.

2018 жылы Қазақстан астанасына дөңгелек үстелге аймақтық мәселелерді талқылауға Орталық Азияның бес мемлекетінің көшбасшысы жиналуы (Түркіменстан парламенттің төрағасын жіберген) аймақтық қарым-қатынастарды нығайтудың айқын белгісі болды<sup>321</sup>. 2009 жылдан кейінгі барлық бес мемлекеттің бірінші рет астанада жиналу мақсаты аймақтағы ынтымақтастықты кеңейтуді талқылау болды. Мұнда ешқандай сыртқы гегемон болмады. Ең алғаш рет аймақтағы мемлекет басшыларының кездесуін өткізу идеясын 2017 жылы Өзбекстанның президенті Шавкат Мирзиёев айтқан, алайда Өзбекстан өзінің бұрынғы аймақтық гегемон мәртебесін қайтаруға тырысуы мүмкін деген қауіпті сейілту үшін Назарбаев Наурыз фестивалі (көктемдегі күн мен түннің теңелуін атап өту) қарсаңында Қазақстан астанасында жиналуды ұсынды<sup>322</sup>.

Ресейдің Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықтың сәтті дамуына мүдделі болмауын есепке ала отырып, Қазақстан мен Өзбекстанның басшылығы алғашқы кездесулерден бастап интеграция және институттау туралы айтпауға ұмтылды. Аймақтық ынтымақтастықтың алдыңғы әрекеттеріне Кремльдің араласуы Орталық Азияның өзінің үйлестіруші органсыз қалуына алып келді. 1994 жылы Қазақстан бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру мақсатымен аймақтық ынтымақтастық құрылымын құрды, Орталық Азия Одағы (ОАО) тек орталықазиялық мүшелікті тұспалдады. Оған Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан кірді<sup>323</sup>.

Тәжікстан 1998 жылы қосылды, ал Түркіменстан бірнеше рет Одаққа кіруден бас тартты. 1998 жылы ұйымның атауы Орталық Азия экономикалық одағы деп, ал 2001 жылы жаңадан Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы (ОАЫҰ) болып өзгерді. ОАЫҰ Ресейдің басшылығымен Еуразиялық экономикалық қауымдастықпен (кейіннен ЕЭО) біріккеннен кейін 2005 жылы қызметін тоқтатты. Орталық Азияда көптеген жыл бақылаушы болғандар «CAEU сәтті болғаны сонша, Владимир Путин оны бақылаушы ретінде қабылдауды сұраған, ал кейіннен Ресей мүшеліктің ішінде болуын талап еткен. Путин топты тез таратып жіберді және оның мүшелерін кейін Еуразиялық экономикалық одаққа біріктірді» дейді<sup>324</sup>. Ресейдің астыртын әрекеті ОАЫҰ-ның таралуын шынымен де жылдамдатқанымен, Орталық Азия мемлекеттерінің өзі де Еуразиялық экономикалық одаққа бірігуге белсенді түрде қарсылық білдірмеді. Керісінше, көпшілік сұрақ бойынша ортақ позиция қалыптастыра алмай, өзінің қабілетсіздігінен сыртқы күштерге ОАЫҰ «бөліп және жаулап алуға» мүмкіндік берді. ОАЫҰ, мысалы, ортақ экономикалық кеңістік құру немесе бұрыннан талқыланып келе жатқан су-энергетика консорциумы бойынша бірде-бір бірлескен аймақтық жобаны іске қоспады. Іс жүзінде, барлық уақыт аралығындағы Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың жалғыз нақты нәтижесі ядролық таратпау аймағын құру болды.

<sup>320</sup> Д. Сәтбаев (2017), 'Қазақстан и Узбекистан: партнеры или конкуренты?' [Қазақстан мен Өзбекстан: серіктес пе, әлде бәсекелес пе?], Forbes.kz, 27.03.2017, [https://forbes.kz/process/expertise/kazakhstan\\_i\\_uzbekistan\\_partneryi\\_ili\\_konkurentyi/](https://forbes.kz/process/expertise/kazakhstan_i_uzbekistan_partneryi_ili_konkurentyi/), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>321</sup> Парсы шығанағы елдеріне сапарына байланысты Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Астанадағы кездесуге қатыспаған жалғыз мемлекет басшысы болды; оның орнына Түркіменстан парламентінің спикері Ақжа Нұрбердиева өз елінің делегациясын басқарып келді. Түркіменстанның қазіргі президентінің ұлы әрі бейресми мұрагері Сердар Бердімұхамедов пен Назарбаев арасындағы ең қызық кездесу негізінен көпшілік назарынан тыс қалған шығар. Бор, А. (2018) қараңыз, 'Making dynastic rule fashionable again: the case of Turkmenistan' [Әулеттік басқаруды қайта сәнге айналдыру: Түркіменстан мысалы], Eurasianet, 27.06.2018, <https://eurasianet.org/perspectives-making-dynastic-rule-fashionable-again-the-case-of-turkmenistan>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>322</sup> Астанадағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, доктор Санат Көшкімбаевпен авторлық сұхбаттар, 2018 ж.; Алматыда «Альтернатива» заманауи зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботаревпен сұхбат, ақпан, 2018 ж.

<sup>323</sup> Бор (2004), 'Regionalism in Central Asia' [Орталық Азиядағы аймақшылдық], 486-87-беттер.

<sup>324</sup> Каусикан, Старр және Ченг (2017) (2017), 'Central Asia: All Together Now' [Орталық Азия: енді бәрі бірге].

<sup>325</sup> Астанадағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, доктор Санат Көшкімбаевпен авторлық сұхбаттар, 2018 ж.; Алматыда «Альтернатива» заманауи зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботаревпен сұхбат, ақпан, 2018 ж.

<sup>326</sup> АЕ/АР (2018), 'Rare Central Asian summit signals regional thaw' [Орталық Азияда сирек болатын саммит аймақтық жылымықты білдіреді], 15.03.2018, <https://www.rferl.org/a/central-asian-summit-astana-kazakhstan-uzbekistan-tajikistan-kyrgyzstan-turkmenistan/29101686.html>, (алынған күні: 24.08.2019). Қазақстан Өзбекстанның бүкіл Орталық Азияға ортақ электр желісін қалпына келтіру жөніндегі қадамдарын құптады, бұл су және энергетика мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолындағы маңызды қадам.

<sup>327</sup> 2018 жылы Өзбекстанмен сауда 25,3%-ға (2,5 миллиард АҚШ долларына дейін), Қырғызстанмен бұл 13,1%-ға (865,3 миллион АҚШ долларына дейін) және Тәжікстанмен сауда көлемі 8%-дан астам (845,9 миллион АҚШ долларына дейін) ұлғайды. Fergana (2019) қараңыз, 'Внешнеторговый оборот Казахстана за год вырос почти на 20%' [Қазақстанның сыртқы сауда айналымы бір жыл ішінде 20%-ға өсті], 13.02.2019, <https://fergana.agency/news/105161/>, (алынған күні: 01.11.2019).

ОАЫҰ-ның нақты құлауына алып келген негізгі фактор Өзбекстанның «көршілерін жұт» жөніндегі сыртқы саясаты болды. Ташкент 1999 жылдан бастап қатаң визалық режим енгізді, өзіне шекаралас аудандарды миналап тастады, шекарамен шектес аудандардағы тұрғындарды қуып шықты, бір тараптан бірнеше шекарамен шектес аумақты демаркациялады және көршілеріне тұрақты түрде энергия жеткізуді тоқтатты. Нәтижесінде, Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан бұл көршісіне қарсы тепе-теңдік болуы үшін сыртқы ойыншылардың қатысуымен аймақтық топтарға бет бұрды, мұны Өзбекстанды ұстап тұрудың анағұрлым келешегі бар әдісі ретінде қарастырды. 2016 жылы Каримовтің өлімінен кейін өзінің көршілеріне қатысты Өзбекстанның қарым-қатынасы осы аймақтық динамиканы өзгертті. Алғаш рет сыртқы ойыншылардың қатысуынсыз аймақ үшін бес мемлекетке саясат әзірлеуге мүмкіндік берді.

2018 жылдың наурызындағы жұмыс бабындағы кездесу не коммуникемен, не декларациямен емес, ең әуелі, Ресейдің тарапынан шамадан тыс назарға ілінуден құтылумен аяқталды<sup>325</sup>. Дегенмен бес көшбасшы өздерінің жыл сайын жиналуға және су-энергетика мәселесі жөнінде және аймақтық сауданы қолдау бойынша премьер-министрдің орынбасарлары деңгейінде бесжақты жұмыс комиссиясын құруға ниетті екендерін мәлімдеді<sup>326</sup>. 2018 жылғы айтулы кездесуден кейін Қазақстан аймақтың мемлекеттері бойынша саяхаттауға сұранысты ұлғайту үшін «Жібек жолы визалары» атты Орталық Азияға арналған Шенгеннің баламасы болатын бірыңғай туристік виза енгізу бойынша жұмыс жүргізді. Қазақстан мен Өзбекстан 2019 жылдың соңына дейін ортақ визаны іске қосу туралы ниетін хабарлады және Тәжікстан мен Қырғызстан билігі де жобаға қосылуға қызығушылық білдірді.

Оған қоса, 2019 жылдың наурызында Ташкентте Орталық Азия экономикалық форумының алғашқы отырысы өтті және Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы неғұрлым тығыз қарым-қатынас тауар айналымының ұлғаюына алып келгені хабарланды. Айналым ауқымы әлі де жоғары емес: 2018 жылы Қазақстанның Орталық Азия бойынша көршілерімен жыл сайынғы саудасы 2017 жылмен салыстырғанда 18,4% артып, 4,3 миллиард АҚШ долларына жетті<sup>327</sup>. Қазақстан — Пәкістанның, Үндістанның және Ауғанстанның өкілдері кіретін мемлекетаралық кеңес беруші және үйлестіруші орган. Орталық және Оңтүстік Азияның көлік және транзит дәліздерін дамыту жөніндегі Кеңесті құруға бастамашы болу үшін Экономикалық форумды пайдаланды. Қазақстан 2017-2018 жылдар аралығында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде мүшелік ету уақытында Ауғанстанда 7 жыл бойы ең алғаш рет Қауіпсіздік Кеңесінің кездесуін ұйымдастырды.

Қазақстанның шенеуніктері Ауғанстанды қолдауды аймақтық тұрақтылыққа салынған маңызды инвестиция деп есептесе, олар бұл мемлекетті Орталық Азия аймағының бөлінбес бөлшегі ретінде қабылдамайды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, доктор Санат Көшкімбаев былай

деп мәлімдеді: «Дегенмен біз Ауғанстанды барлық аймақтық саяси және экономикалық процестердегі маңызды қатысушы және бақылаушы ретінде санаймыз, бірақ Ауғанстанның бізбен бірге дамымағанын есепке ала отырып, біздің аймақтың бөлшегі ретінде аса сақтықпен айтамыз және ол дамудың оңтүстік-азиялық моделінің ықпалында болды»<sup>328</sup>.

<sup>328</sup> Астанадағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, доктор Санат Кәшкімбаевпен авторлық сұхбаттар, 2018 ж.; Алматыда «Альтернатива» заманауи зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботаревпен сұхбат, ақпан, 2018 ж.

### 3-кесте: Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен, Ресеймен және Қытаймен саудасы сыртқы сауда айналымына қатысты пайыздық қатынасы (АҚШ долл)

|                                         | 2000   |         | 2005   |         | 2010   |         | 2015   |         | 2018   |         |
|-----------------------------------------|--------|---------|--------|---------|--------|---------|--------|---------|--------|---------|
|                                         | Импорт | Экспорт | Импорт | Экспорт | Импорт | Экспорт | Импорт | Экспорт | Импорт | Экспорт |
| <b>Жалпы әлемдік сауда (\$ миллион)</b> | 5040   | 8812    | 17353  | 27849   | 31127  | 60271   | 30568  | 45956   | 33659  | 61111   |
| <b>Қытай</b>                            | 3.00%  | 7.65%   | 7.20%  | 8.70%   | 12.73% | 16.79%  | 16.64% | 11.92%  | 16.00% | 10.32%  |
| <b>Қырғызстан</b>                       | 0.60%  | 0.66%   | 0.68%  | 0.81%   | 0.53%  | 0.70%   | 0.60%  | 1.13%   | 0.72%  | 1.07%   |
| <b>Ресей Федерациясы</b>                | 48.40% | 19.87%  | 37.98% | 10.51%  | 39.38% | 9.48%   | 34.45% | 9.90%   | 39.33% | 8.64%   |
| <b>Тәжікстан</b>                        | 0.09%  | 0.60%   | 0.10%  | 0.54%   | 0.05%  | 0.43%   | 0.54%  | 0.91%   | 0.94%  | 0.86%   |
| <b>Түркіменстан</b>                     | 0.86%  | 0.08%   | 0.04%  | 0.09%   | 0.03%  | 0.15%   | 0.21%  | 0.25%   | 0.03%  | 0.14%   |
| <b>Өзбекстан</b>                        | 1.40%  | 1.51%   | 1.50%  | 0.85%   | 1.52%  | 1.82%   | 2.37%  | 2.05%   | 3.43%  | 2.68%   |

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (2019), Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2014-2018; Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (2015), Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2010–2014 жылдар: статистикалық жинақ; Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (2006), Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы; Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (2006), 2005 жылғы ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерінің өзара саудасы; Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (2002), Қазақстан Республикасының Сыртқы саудасы және бірлескен кәсіпкерлігі. Барлық құжат <http://stat.gov.kz/edition/publication/month> веб-порталында қолжетімді (алынған күні: 07.11.2019).

Надыров Ш. М. қараңыз (2015), Қазақстан және Өзбекстан ынтымақтастығының сауда-экономикалық аспектілері, «Сауран» ақпараттық-талдау орталығы, 17.11.2015, <http://cc-sauran.kz/rubriki/economika/141-kazakhstan-uzbekistan-invest.html#a>, (алынған күні: 11.11. 2019); және Түркіменстанның статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті (2011), Түркіменстанның 2010 жылғы әлемнің елдерімен сыртқы саудасы, Джумаев И. (2012), Түркіменстанның сыртқы саудасы: тенденциялары, проблемалары және келешегі, Баяндама №11.2012, Бішкек: Орталық Азия университеті, <https://www.ucentralasia.org/Content/downloads/UCA-IPPA-WP11-Turkmenistan-Rus.pdf>, (алынған күні: 11.11. 2019).



#### 4-кесте: Орталық Азия мемлекеттеріндегі халық саны, мың адам

|                     | 2000  | 2005  | 2010  | 2015  | 2018  |
|---------------------|-------|-------|-------|-------|-------|
| Қазақстан           | 14884 | 15147 | 16322 | 17543 | 18276 |
| Қырғыз Республикасы | 4898  | 5163  | 5448  | 5957  | 6316  |
| Тәжікстан           | 6216  | 6789  | 7527  | 8454  | 9101  |
| Түркіменстан        | 4516  | 4755  | 5087  | 5565  | 5851  |
| Өзбекстан           | 24650 | 26167 | 28562 | 31299 | 32955 |
| Барлығы             | 55165 | 58021 | 62947 | 68818 | 72499 |

Дереккөз: Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'Population, total — Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Tajikistan, Turkmenistan, Uzbekistan' [Халық саны — Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан], <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.TOTL?locations=KZ-KG-TJ-TM-UZ>, (алынған күні: 11.11.2019).

#### 5-кесте: Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ доллары

|                     | 2000 | 2005 | 2010  | 2015  | 2018  |
|---------------------|------|------|-------|-------|-------|
| Қазақстан           | 1229 | 3771 | 9070  | 10511 | 9331  |
| Қырғыз Республикасы | 280  | 477  | 880   | 1121  | 1281  |
| Тәжікстан           | 138  | 341  | 750   | 929   | 827   |
| Түркіменстан        | 643  | 1704 | 4439  | 6,433 | 6,967 |
| Өзбекстан           | 558  | 547  | 1,377 | 2,615 | 1,532 |

Дереккөз: Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 'GDP per capita (current US\$)—Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Tajikistan, Uzbekistan, Turkmenistan' [Жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚШ долл. — Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан)], <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.CD?end=2018&locations=KZ-KG-TJ-UZ-TM&start=2000>, (алынған күні: 11.11.2019).

<sup>329</sup> Дүниежүзілік банк (2019), 'GDP (current US\$) — Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Tajikistan, Turkmenistan, Uzbekistan' [Жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚШ долл.) — Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан], <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.CD?contextual=default&locations=KZ-KG-TJ-TM-UZ>, (сұрату күні: 28.10.2019).

Екінші бөлім: Екіжақты қарым-қатынастардың жағдайы

#### Өзбекстанмен қарым-қатынас

Өзбекстанның ауқымды тұтынушылар нарығын және Қазақстан экономикасының мөлшерін есепке алсақ, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас тек аймақтың ұзақмерзімді өсу келешегінің өзегі ғана болмайды, сонымен қатар ондағы ахуалды анықтайды. Кеңес уақытында Өзбекстан өзінің стратегиялық жағдайына, тарихи мұрасына және халық санының (оның үлесіне бес мемлекеттің жалпы халқының 45%-дан астамы тиесілі болды) арқасында Орталық Азияның негізгі аймақтық күші болып саналды. Көптеген көрсеткіш бойынша, ол посткеңестік кезеңде Қазақстаннан озып кетуі және аймақтағы экономикалық сәттіліктің ең ірі тарихы болуы керек болған. Бірақ Каримовтың басшылығымен Өзбекстан Қазақстан мен Қырғызстанға қарағанда, бағаның өсуін ұзақ ұстап тұрды және бұл кәсіпкерліктің дамуы үшін апатты салдарға алып келді. Қазіргі уақытта Қазақстан аймақтың сөзсіз экономикалық көшбасшысы: оның атаулы ЖІӨ Өзбекстанның ЖІӨ-нен үш есе артық және аймақтың жалпы көлемінің үштен екісіне тең<sup>329</sup>.

Қазақстандағы ресми тұлғалар Өзбекстанның жақындағы жартылай ашылуы, әсіресе, екі мемлекеттің өнеркәсіп саласындағы адал бәсекелестіктің дамуына мүмкіндік беретінін баса айтты<sup>330</sup>. Өзбекстан мен Қазақстан арасында шынымен де бақталастық бар, дейтұрғанмен ол туралы хабарламалар шамадан тыс асыра айтылады. Өзбекстан экономикасының тұрақты ырықтандыруы және оның іскерлік, сонымен қатар инвестициялық ахуалының ілеспелі жақсаруы кейбір инвестиция мен нарықтық белсенділіктің Қазақстаннан Өзбекстанға кетуіне алып келуі әбден мүмкін (Қазақстанның аймақтағы экономикалық орталығы ретіндегі көпжылдық мәртебесіне қарамастан). Өзбекстанның артықшылығы бар, себебі ол атқарушы биліктің ауысуын бастан өткерді, Қазақстандағы билік транзиті әлі бастапқы сатыда және «Ұлт көшбасшысы» (Елбасы) ретінде бұрынғысынша билікке ие және Қауіпсіздік Кеңесінің өмір бойғы төрағасы Назарбаев сахнадан мүлдем кеткен соң Қазақстанда қандай оқиғалар болатыны әлі де анық емес. КСРО ыдыраған кезде Орталық Азия елдерінің экономикасы бес мемлекет тауардың салыстырмалы түрде шектеулі ассортиментін экспорттағанын ескере отырып, бірін-бірі толықтырғаннан гөрі, олардың негізгілері сәйкес келді (алтын, мақта, энергетика және тағы басқа), бір-бірімен көбірек бәсекелес болды деп айта аламыз. Дегенмен қазіргі кезде экономикалық модель әртүрлі. Қазақстан мен Өзбекстан белгілі бір нарықты толықтырады: Қазақстан оңтүстік көршісін мұнай, ұн және бидаймен қамтамасыз етеді; Өзбекстан Қазақстанды тыңайтқыш, жеміс-жидек және көкөніспен қамтамасыз етеді. 2000-жылдардан бастап Қазақстанның өндірістік базасы біртіндеп құлдырады, ал Өзбекстанның өндірістік базасы сол кезеңде оның экономикасының көлеміне қатысты өсті<sup>331</sup>. Сондықтан Қазақстан Өзбекстанның ауыл шаруашылық және электрон жабдықтары мен автомобильдерін қосатын өнеркәсіптік тауарларының негізгі экспорттық нарығына айналуы мүмкін деп айтуға негіз бар<sup>332</sup>. Екі ел де жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс жағынан бір-бірін әлеуетті түрде толықтыра алады: Қазақстанда, мысалы, ауыл шаруашылығындағы маусымдық жұмыс күші сияқты жекелеген аймақтар мен салаларда еңбек ресурсы жетіспейтін болса, Өзбекстанда жұмыс күші артық, сондықтан оның аймақтарындағы жұмысшылар шетелге уақытша жұмысқа кетуге де дайын<sup>333</sup>. Өзбекстанда еңбекке жарамды жастағы 19,4 миллион адам тұрады, 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 10,8 миллионнан астам еңбекке жарамды адам бар. Дегенмен жалпы халық санына шаққанда екі елде де еңбекке қабілетті халықтың үлесі іс жүзінде бірдей: Қазақстанда 60,0% және Өзбекстанда 60,5%. Сонымен қатар, Қазақстанда зейнет жасындағы халықтың үлесі жоғары бар<sup>334</sup>.

Қазіргі уақытта Өзбекстаннан қоныс аударушылар Қазақстандағы ресми тіркелген жұмыс күшінің тек 7,8%-ына тең; бірақ Қазақстанға жұмыс істеуге келген Өзбекстан азаматтарының тек 10-25%-ы ғана тіркелгендіктен, бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары<sup>335</sup>. Жалпы алғанда, Өзбекстаннан келген еңбек мигранттары Қазақстанда ауыл шаруашылық, құрылыс және сауда саласында, сонымен қатар үй жұмысшысы (бала күтуші, аспаз, тазалаушы) болып жұмыс істейді.

<sup>330</sup> Астанадағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ӘЭСИ), Руслан Изимовпен және Жұмабек Сарабековпен авторлық сұхбаттар, ақпан 2018; және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары Санат Көшкімбаевпен сұхбат, Астана, ақпан, 2018 ж. Оған қоса, BBC Орталық Азия мониторингі (2018) бөлімін қараңыз, 'Путиннің сапары қазақ-өзбек бәсекелестігін тудырады' (ҚазТАГ жаңалықтар агенттігі, 23.10.2018 ж.), 26 қазан, 2018 ж.

<sup>331</sup> 2000 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанның ЖІӨ-дегі өнеркәсіптік өндірістің үлесі 18%-дан 12%-ға дейін төмендеді. Сонда дәл осы кезеңде Өзбекстанның ЖІӨ-дегі өнеркәсіптік өндіріс үлесі 13%-дан 22%-ға дейін өсті. БҰҰ (2019), 'National Accounts — Analysis of Main Aggregates (AMA)' [Ұлттық шоттар — негізгі агрегаттарды талдау] (AMA), <http://unstats.un.org/unsd/snaama/dnllist.asp>, quoted in Курманова, А. (2013), Regional Cooperation in Central Asia: Nurturing from the Ground Up, [Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастық: нөлден бастап өсу], Джордж Вашингтон университеті, Орталық Азия бағдарламасы, 8-бет, <https://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2015/04/CAF-papers-Kourmanova.pdf>, (сұрату күні 24.08.2019).

<sup>332</sup> Қазақстан өзінің кейбір бірлескен кәсіпорындарын дамытуға және жинауға арналған импорт моделінен алшақтауға ниетті екенін айтып өткен жөн, бұл белгілі бір дәрежеде екі нарық арасындағы өзара толықтырудың жойылуына алып келеді. Автор бұл талдауы үшін аноним шолушыға алғыс білдіреді.

<sup>333</sup> Садовская, Е. (2017), 'Миграция между Казахстаном и Узбекистаном в XXI в.: демографическое, экономическое, политическое измерение' [Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы XXI ғасырдағы көші-қон: демографиялық, экономикалық, саяси өлшем], Қазақстан. Спектр, 4(82): 79-бет, <http://kisi.kz/uploads/33/files/8kJZd5Sf.pdf>, (сұрату күні: 24.08.2019).

<sup>334</sup> Жалпы алғанда, Өзбекстанның демографиялық көрсеткіштері біршама жағымды, өйткені Өзбекстанда ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығындағы алшақтық бар болғаны 4,8 жас, ал Қазақстанда бұл 9,4 жасқа тең. Садовская (2017), Миграция между Казахстаном и Узбекистаном в XXI в. [XXI ғ. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы көші-қон], 66-бет.

<sup>335</sup> Сонда, 72–73-беттер.

<sup>336</sup> 2019 жылы Түркістан болып ауысты.

<sup>337</sup> 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Өзбекстанда негізінен Қарақалпақстан мен Ташкент облысында тұратын 803 400 этникалық қазақ (халықтың 2,5 пайызы) болды. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстанда 548 800 этникалық өзбек (халықтың 3,1 пайызы) болды, олардың 480 000-ы Өзбекстанмен шекаралас Оңтүстік Қазақстан облысында тұрды. Садовская (2017), Миграция между Казахстаном и Узбекистаном в XXI в. [XXI ғ. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы көші-қон], 67-бет.

<sup>338</sup> Енисеев М. (2017), New era of co-operation between Kazakhstan, Uzbekistan bringing benefits [Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың жаңа дәуірі пайда әкелуде], Central Asia News, 23.05.2017, [http://central.asia-news.com/en\\_GB/articles/cnmi.ca/features/2017/05/23/feature-01](http://central.asia-news.com/en_GB/articles/cnmi.ca/features/2017/05/23/feature-01), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>339</sup> Eurasianet (2019), 'Kazakhstan to send 2 million tons of oil to Uzbekistan' [Қазақстан Өзбекстанға 2 миллион тонна мұнай жөнелтеді], 03.04.2019, <https://eurasianet.org/kazakhstan-to-send-2-million-tons-of-oil-to-uzbekistan>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>340</sup> Курманова (2013), Regional Cooperation in Central Asia, [Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастық].

<sup>341</sup> Мусабаева, А. (2018), 'Центральноазиатская интеграция тогда и сейчас: взгляд из Кыргызстана' [Орталық Азиядағы интеграцияның өткені мен бүгіні: Қырғызстанның көзқарасы], Орталық Азияның аймақтық аналитикалық желісі (CAAN), 15.02.2018, <https://caa-network.org/archives/12391>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>342</sup> Сонда.

<sup>343</sup> Шарип Ф. (2017) қараңыз, 'Nazarbayev's gambit on the Kyrgyz election chessboard: reasons for courting Omurbek Babanov, [Назарбаевтың қырғыз сайлау тақтасындағы гамбиті: Өмірбек Бабановты қолдау себептері]', Eurasian Daily Monitor, 27.09.2017, <https://jamestown.org/program/nazarbayevs-gambit-on-the-kyrgyz-election-chessboard-reasons-for-courting-omurbek-babanov/>, (алынған күні: 24.08.2019).

Президент Мирзиёевтің 2017 жылғы наурыз және сәуір айларында Қазақстанға, ал сол жылдың қыркүйегінде президент Назарбаевтың Өзбекстанға ресми сапарлары ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндігін ашты. 2017 жылдың мамыр айында Оңтүстік Қазақстан облысында<sup>336</sup> ірі өзбек диаспорасы тұратын<sup>337</sup> және екіжақты сауданың 30%-ына тең бірлескен жобалар үшін 11 индустриялық аймақ құрылды<sup>338</sup>.

Атап айтқанда, Өзбекстан басшылығы мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты кеңейтеді деп үміттенеді. Осы мақсатта екі ел 2021 жылға қарай Қазақстанның оңтүстігіндегі Шымкент пен Өзбекстанның орталық бөлігіндегі Жизақ қалалары арасында мұнай құбырын салып, пайдалануға беру туралы уағдаласты; құбырдың өткізу қабілеті жылына 5 миллион тоннаға тең<sup>339</sup>. 2018 жылы екіжақты тауар айналымы төрт еседен аса өсіп, 2,5 миллиард долларға жетті. Екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияға 2020 жылға дейін бұл соманы 5 миллиард долларға дейін ұлғайту тапсырылды.

### Қырғызстанмен қарым-қатынас

Қазақстан — Қырғызстан үшін Швейцариядан (онда Қырғызстан алтын экспорттайды) кейінгі екінші ірі экспорт нарығы, ал Қазақстаннан шыққан ақша дәстүрлі түрде қырғыз экономикасында маңызды рөл атқарады. 2007 жылы қазақстандық банкирлер Қырғызстандағы банк секторының 50%-ына дейін бақылау жасады және ең ірі тікелей шетелдік инвестор болды<sup>340</sup>.

Осы экономикалық шындыққа қарамастан, Қырғызстан Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың келешегіне күмәнмен қарайды. Ол Қазақстанды да, Өзбекстанды да аймақтық көшбасшы рөліне лайық үміткер деп санамайды. Өйткені екі экономика да жеткілікті түрде әртараптандырылмаған және әлі де табиғи ресурстарға тәуелді<sup>341</sup>.

Оның үстіне, 2017 жылғы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы саяси жанжал Қазақстанның қырғыз азаматтары арасындағы беделіне нұқсан келтірді. Содан бері Қырғызстандағы қоғамдық пікір Өзбекстанмен экономикалық және мәдени ынтымақтастықты кеңейтуге бет бұрды<sup>342</sup>.

Саяси қақтығыс 2017 жылдың қыркүйегінде Қырғызстандағы президент сайлауы қарсаңында болды. Назарбаев Астанада президенттік сайыстың фавориті Өмірбек Бабановпен кездесіп былай деген еді: «Мен бұл мәселелерге араласқым келмейді... бірақ, менің ойымша, Қырғызстанға сіз сияқты сауатты, жас және тәжірибелі адам керек»<sup>343</sup>.

Өз кандидаты Сооронбай Жээнбековті ашық түрде қолдаған Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаев Қазақстанның саясатын және жеке Назарбаевты қатаң сынға алып, оның жасы ұлғайғанын айтып өтті және Қазақстандағы ЖІӨ салыстырмалы түрде жоғары болғанына қарамастан, елде зейнетақы мардымсыз екенін және тариф жоғары екенін сынға алды<sup>344</sup>.

Астанадағы шенеуніктер Атамбаевтың ашуланған сөздерін «табиғатынан жауапсыз және арандатушы» деп атады, ал олардың Бішкектегі әріптестері Қазақстанды «Қырғызстан халқының таңдауына және Қырғыз Республикасының ішкі ісіне араласуға» ықпал етуге тырысып жатыр деп айыптады<sup>345</sup>.

Кейін Қазақстанның шекара органдары Қырғызстаннан келетін адам мен тауар ағынына бақылауды күшейтті, соның салдарынан екі елдің шекарасында жүк көлігі, жеңіл автомобильдер мен жолаушылар кептеліп, тұрып қалып жүрді.

Екі айдан кейін, 2017 жылдың қарашасында Қырғыз елінің премьер-министрі Қазақстанды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) еркін сауда келісімін орындамады деп айыптады. Бұл Қазақстан премьер-министрін ЕАЭО шеңберінде өз елінің міндеттемелерін растауға және шекарадағы көлік құралдарын күшейтілген тексеруден Қытайдан келетін контрабандаға тосқауыл қоюға және нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін тауарлардың әкелінуіне жол бермеуге бағытталғанын ескертуге мәжбүрледі<sup>346</sup>.

Қырғызстан Дүниежүзілік сауда ұйымына және ЕАЭО-ға шағым түсірді, бірақ 2017 жылдың желтоқсанында екі тарап көлік, ветеринарлық бақылау, кеден және салық әкімшілігі саласындағы екіжақты ынтымақтастықты реттейтін 50 тармақтан тұратын жол картасына қол қойғаннан кейін оларды кері қайтарып алды. Бұл екі айлық сауда-саттықтың микро-соғысының ресми аяқталуын белгіледі<sup>347</sup>. ЕАЭО шеңберінде екі мемлекет қабылдаған міндеттемелерге байланысты ашық қалуы керек болған шекараның жабылуы тек осы ұйымға мүшелік берген артықшылықтың екіұштылығын баса айтты. Өзі үшін экономикалық оқшауландуды қаламай, сондықтан ЕАЭО-ға кірген Қазақстан көршісімен уақытша шекара бақылауын орнатуға рұқсат етілген деп санады, осылайша ЕАЭО-ға мүше болу экономикалық блокаданы қолданбауға кепілдік бермейді.

Қырғызстан ЕАЭО-ға қосылғаннан кейін өзара сауданың өсуі басталады деп күтілген; іс жүзінде екіжақты сауда деңгейі төмендеді, ішінара Қырғызстанның Қытаймен саудасының бұзылуына және қытай тауарларын реэкспорттаудан түсетін кірістің жоғалуына байланысты. 2015 жылға дейін мыңдаған орталықазиялық отбасы Қырғызстанның оңтүстігіндегі алып Қарасу базары мен елдің солтүстігіндегі Бішкектегі Дордой базарында (ол Қазақстанға қызмет еткен) шаттл саудасынан табыс алып келді, бірақ екі нарық та Қырғызстанның ЕАЭО-ға қосылуымен жойылды.

Екі мемлекет арасындағы қақтығыс Қазақстан басшылығына тосыннан әсер етіп, Қазақстанды Қырғызстанға қатысты туыстық саясатты қайта қарауға мәжбүр етті. Атап айтқанда, Қырғызстандағы реэкспорттық нарық жоғалғаннан кейін Қазақстандағы шенеуніктер Бішкек проблемасын шешуге, әсіресе тауарлардың жалпы нарыққа қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды уақтылы қабылдамағанына өкініш білдірді<sup>348</sup>.

<sup>344</sup> Орталық Азияның аймақтық аналитикалық желісі (2017), 'Почему поссорились два президента, или что действительно мешает региональной интеграции?' [Неліктен екі президент ұрсысып қалды немесе аймақтық интеграцияға не кедергі келтіреді?], 14.10.2017, <https://caa-network.org/archives/10495>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>345</sup> Сонда.

<sup>346</sup> BBC Орталық Азия мониторингі (2017), *Kazakh, Kyrgyz premiers trade accusations at CIS session* [Қазақстан мен Қырғызстанның премьер-министрлері ТМД отырысында бір-бірін айыптады], 03.11.2017.

<sup>347</sup> Путц К. (2017), *Kyrgyzstan and Kazakhstan Make Up, Move Forward* [Қырғызстан мен Қазақстан татуласып, алға жылжуда], *The Diplomat*, 05.12.2017, <https://thediplomat.com/2017/12/kyrgyzstan-and-kazakhstan-make-up-move-forward/>, (алынған күні: 24.08.2019); және Путц К. (2017), *Are Kyrgyzstan and Kazakhstan on the Path Back to Brotherly Relations?* [Қырғызстан мен Қазақстан бауырластық қарым-қатынасты қайта орнату жолында ма?], *The Diplomat*, 02.12.2017, <https://thediplomat.com/2017/12/are-kazakhstan-and-kyrgyzstan-on-the-path-back-to-brotherly-relations/>, (алынған күні: 24.08.2019).



<sup>348</sup> Астанадағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, с.ғ.д. Санат Көшкімбаевпен сұхбат, 2018 жылдың ақпаны; және Руслан Изимов пен Жұмабек Сарабеков сұхбаты, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ЭЭСИ), 2018 жылдың ақпан авторлық сұхбаттары.

<sup>349</sup> Eurasianet.org (2019), 'Kyrgyzstan-Kazakhstan trade hiccups force questions on EAEU' [Қырғызстан-Қазақстан сауда кедергілері ЕАЭО бойынша сұрақтарды күшейтеді], 29.07.2019, <https://eurasianet.org/kyrgyzstan-kazakhstan-trade-hiccups-force-questions-on-eaeu>, (алынған күні: 20.09.2019).

<sup>350</sup> Боп, А. (2016), Turkmenistan: Power, Politics and Petro-Authoritarianism [Түркіменстан: билік, саясат және петроавторитаризм], зерттеу мақаласы, Лондон: Корольдік халықаралық қатынастар институты, 66–68-беттер, <https://www.chathamhouse.org/publication/turkmenistan-power-politics-and-petro-authoritarianism>.

<sup>351</sup> Оразғалиева. М. (2017), 'Kazakhstan, Turkmenistan Sign Strategic Partnership Agreement, Border Accord' [Қазақстан мен Түркіменстан стратегиялық серіктестік туралы келісімге және шекара келісіміне қол қойды], The Astana Times, 20.04.2017, <https://astanatimes.com/2017/04/kazakhstan-turkmenistan-sign-strategic-partnership-agreement-border-accord/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>352</sup> Azernews (2018), 'Kazakhstan, Tajikistan set to increase trade turnover' [Қазақстан мен Тәжікстан тауар айналымын арттыруға ниетті], 14.03.2018, <https://www.azernews.az/region/128768.html>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>353</sup> BBC Орталық Азия мониторингі (2018), 'Kazakhstan to tighten laws to fight religious radicalism' [Қазақстан діни радикализмге қарсы күрес жөніндегі заңдарды қатаңдатады], 30.01.2018.

Бірақ Қазақстанның Қырғызстанмен шекарасындағы проблемалар, оның ішінде екі жаққа да шектеу шараларын қолдану туралы хабарламалар 2019 жылы келіп түсті<sup>349</sup>.

## Түркіменстанмен қарым-қатынас

Кейінгі жылдары Түркіменстан Орталық Азиядағы көршілерімен көлік-энергетика жобаларын дамыту бойынша күш-жігерін күшейтті, байланыстың күшеюі егемендікке нұқсан келтірмей экономикалық дағдарысты жеңілдететінін түсінген сияқты<sup>350</sup>. Бұл Қазақстанға пайда әкелді.

Мысалы, 2014 жылы ашылған Қазақстан-Түркіменстан-Иран темір жолы Қазақстан мен Ресей арқылы Қытай мен Еуропаны байланыстыратын Жаңа Еуразиялық жер көпірі экономикалық дәлізі арқылы өтетін транзиттік байланыс ретінде Қазақстанды тартымды етеді. Қазақстанның Түркіменстанмен шекарасы енді Парсы шығанағы аймағына тікелей маршрут ұсынады және осылайша Нұр-Сұлтан билігіне экономиканы әртараптандырудың бірнеше жаңа мүмкіндігін ұсынады.

Оған қоса, Түркіменстан-Қытай газ құбыры Қазақстанға Түркіменстанмен байланысты нығайтуға мүмкіндік берді, өйткені құбыр екі елден де өтеді. Түркіменстаннан Өзбекстанның энергетикалық жүйесі арқылы Қазақстан мен Қырғызстанға электр қуатын жіберу де жоспарланып отыр.

Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің 2017 жылғы сәуірдегі Қазақстанға мемлекеттік сапары кезінде екі ел стратегиялық серіктестік туралы келісімге және шекараны демаркациялау туралы келісімге қол қойды<sup>351</sup>. Дегенмен екі елдің де экспортында тауар басым болғандықтан, сауда деңгейі төмен: 2018 жылы Қазақстанның Түркіменстанмен сыртқы саудасының үлесі 0,1%-ға ғана тең болды (3-кестені қараңыз).

## Тәжікстанмен қарым-қатынас

Қазақстан Орталық Азияның басқа да мемлекеттері сияқты Тәжікстанмен де сауданы ұлғайтуға ұмтылып жатыр<sup>352</sup>.

Екі мемлекет те кейінгі жылдары экономикадан өзге діни радикализмге қатысты жазалау шараларын біріктіруде. 2015 жылы Тәжікстан билігі 1992 жылдан бастап Тәжікстанның президенті Эмомали Рахмонның режиміне саяси оппозицияның негізгі қозғаушы күші болған Тәжікстанның исламды жаңғырту партиясына (ТИЖП) тыйым салды. ТИЖП террористік топ болып жарияланды, ал оның көшбасшылары сотталды және түрмеге қамалды. 2018 жылдың қаңтар айында Қазақстан басшылығы құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік органдарына бетті жауып тұратын сақал және киімі сияқты сыртқы белгілеріне бейімделуді ұсына отырып, «күдікті» азаматтарды бақылауға өкілеттік беретін заңнама ұсынды. Заң жобасы шетелде діни білім алудың қатаң ережесін белгілейді, діни ұйымдардың қаржысына бақылауды күшейтеді және «деструктив діни оқудың» анықтамасын ұсынады<sup>353</sup>. Сондықтан 2018 жылдың наурызында ел астанасында Ирактың Ислам мемлекеті мен «Ислам мемлекетінің»



содырларының елге оралу қаупіне байланысты діни экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы меморандумға қол қою жөніндегі жұмыс кездесуі аясында Қазақстанның Дін істері министрі мен Тәжікстан Дін істері комитетінің төрағасы арасында болған кездесу ешкімді таңғалдырған жоқ<sup>354</sup>.

## Қорытынды

Осы тарауда қарастырылған факторлар жиынтығына байланысты Қазақстан өзін тек Ресей мен Орталық Азияның басқа да мемлекеттері арасындағы делдал ретінде емес, Орталық Азияның ажырамас бөлігі ретінде айқын теңестіре бастады. Нәтижесі тұтас Орталық Азия аймағының ынтымақтастығына елеулі ықпал етті және бұл тенденция артып келеді. Дей тұрғанмен, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 2018 жылы Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда көлемі орташа күйде қалды, ол өткен жылмен салыстырғанда 35%-ға өсіп, 12,2 млрд АҚШ долларына тең болды<sup>355</sup>. 2018 жылдың наурызында Астанада өткен бес мемлекеттің тарихи кездесуі кезінде — 10 жылдың ішіндегі Орталық Азияның барлық бес мемлекеті басшыларының бірінші отырысында президент Назарбаев: «Орталық Азиядағы мәселелерді шешу үшін бізге үшінші жақтың қажеті жоқ. Біз барлық мәселемізді өзіміз шешуіміз қажет. Біз осы үшін кездесеміз», — деді<sup>356</sup>. Аймақтық басшылықтың мәселесіне қатысты 2019 жылдың наурызында қызметтен кетуіне дейін Назарбаев аймақтағы сөзсіз үлкен көшбасшы болып есептелді. Жаңа президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші президент және ресми «Ұлт көшбасшысы» сияқты орны жоқ. Өзбекстанның жаңа президенті Шавкат Мирзиёев салыстырмалы түрде өзінің аймақтық рейтингін жақын арада қаншалықты жоғары көтере алатыны да белгісіз.

Дегенмен бұдан әрі аймақтық сауданы табысты дамыту үшін тиімді тетіктер қажет екені және шекаралардың тиімділігін арттыру шаралары, атап айтқанда, бейресми төлемдер мен басқа да тарифтік емес кедергілерді шешу арқылы Орталық Азия елдерінің басшыларына тиімді болатыны айқындала түседі. Мұндай саясат жоспарланған халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығы сияқты жобалардың Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы әлеуетті әсерін күшейтуі мүмкін. Сонымен қатар, уақыт өте келе Қазақстан мен Өзбекстан арасында кең көлемді тәуелсіз коммерциялық және қоғамдық қатынастар мен байланыстар дамыса, бұл бейресми аймақтық ынтымақтастықты бастапқы деңгейден бастап түбегейлі шоғырландырады. Дәл осы бейресми немесе «жұмсақ» аймақшылық формасы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы қабылдаған үлгіге ұқсас және оны Қазақстанның жетекші саяси сарапшылар тобы қолдайды. Атап айтқанда, олар ресми интеграцияға және онымен байланысты құрылымдарды құруға емес, консенсус пен тұрақты консультациялар табуға бағытталған бағыт Қазақстанның еуразиялық интеграция процесіне қатысуын жалғастыра отырып, Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді деп сендіреді<sup>357</sup>.

<sup>354</sup> Шаһин Ф. (2018), 'Kazakhstan and Tajikistan renew joint efforts to curb Islamic extremism' [Қазақстан мен Тәжікстан ислам экстремизміне қарсы күрес бойынша бірлескен күш-жігерін жаңғыртып жатыр], Eurasian Daily Monitor, 22.03.2018, <https://jamestown.org/program/kazakhstan-tajikistan-renew-joint-efforts-curb-islamic-extremism/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>355</sup> The Tashkent Times (2019), 'Maiden Central Asian economic forum held in Tashkent' [Ташкентте тұңғыш Орталық Азия экономикалық форумы өтті], 19.03.2019 <http://tashkenttimes.uz/economy/3668-maiden-central-asian-economic-forum-held-in-tashkent>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>356</sup> Гобл, П. (2018), 'Central Asia Ready to Move on Without Russia' [Орталық Азия Ресейсіз қозғалуға дайын], Eurasia Daily Monitor, 20.03.2018, <https://jamestown.org/program/central-asia-ready-move-without-russia/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>357</sup> Коробоев, И. (2019) Центральноеазиатский регионализм в контексте глобализации и регионализации [Жаһандану мен аймақшылдық жағдайындағы Орталық Азия аймақшылығы] және Регионализация в Центральной Азии: Стратегия Казахстана [Орталық Азиядағы аймақшылдық: Қазақстанның стратегиясы], Алматы, Фридрих Эберт Штифтунг, 85–93- беттер, [https://www.researchgate.net/publication/332604966\\_CENTRALNOAZIATSKIJ\\_REGIONALIZM\\_V\\_KONTEKSTE\\_GLOBALIZACII\\_I\\_REGIONALIZACII\\_Central\\_Asian\\_Regionalism\\_in\\_the\\_context\\_of\\_regionalization\\_and\\_globalization](https://www.researchgate.net/publication/332604966_CENTRALNOAZIATSKIJ_REGIONALIZM_V_KONTEKSTE_GLOBALIZACII_I_REGIONALIZACII_Central_Asian_Regionalism_in_the_context_of_regionalization_and_globalization), (алынған күні: 24.08.2019).

Дегенмен Қазақстан басшылығы басқа Орталық Азия мемлекеттерімен сауда мүмкіндіктерінің кеңеюін құптай отырып, оның бұл елдермен сауда-саттығын Ресеймен, Қытаймен және Еуропамен сауда-саттықпен салыстыруға келмейтінін толық біледі. Бұл — Орталық Азиямен кез келген сауда қатынастарын дамытудың басымдығы автоматты түрде төмен болады деген сөз. Сонымен қатар, Қазақстан өзін аймақтық көшбасшы емес, жаһандық ойыншы ретінде көрсетуге үлкен мән береді. Назарбаевтың қызметінен кетуінен кейін билік транзитіне байланысты жақын болашақта ел басшылығының негізгі басымдықтары ішкі саясат, экономика және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері болып қала беретінін есте ұстау маңызды.

Ресей Орталық Азияның айрықша мүшелігімен аймақтық ынтымақтастық субъектісін құруды өз мүддесіне сәйкес деп санамайды. Оның түсінігінде Орталық Азияның бірлігі Ресей бастаған ЕАЭО-да кең еуразиялық ынтымақтастыққа қосалқы рөл атқарады. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстан да, Өзбекстан да кез келген сәтте Ресей бірден иемденеді немесе басады деп қорқып, Орталық Азиядағы ынтымақтастықты төмен және бейресми деңгейде ұстауға тырысады. Сонымен қатар, егер Орталық Азия елдері ынтымақтастықтың ерекше құрылымын құрған болса, онда Ресей Өзбекстан мен Тәжікстанға қысым көрсетіп, оларды ЕАЭО-ға кіруіне итермелеуі мүмкін еді (Өзбекстан жағдайында ҰҚШҰ болуы да мүмкін).

Бұл Мәскеудің әскери, саяси және экономикалық блогын құруды, оқшауланған Түркіменстанды қоспағанда, Орталық Азия ойыншыларының «толық толықтырушысымен» біріктіруге деген ұзақмерзімді ұмтылысын көрсетеді. Екінші жағынан, Қытай Орталық Азия елдерінің тығыз ынтымақтастығынан пайда көретін шығар, өйткені бұл «Белдеу және жол» шеңберінде өзінің инфрақұрылымын және инвестициялық жобаларын іске асыруға ықпал етеді. Әлемдегі ірі державалармен қарым-қатынас өсіп келе жатқан және әлсіреген отыз жылда Қазақстан басшылығы Қытайдың өз аймақтарын Орталық Азиямен, Еуропамен, Таяу Шығыспен және Оңтүстік Азиямен байланыстыру бойынша бұрын-соңды болмаған күш-жігеріне куә болды; Батыс құрылымдарына қарсы тұруға қабілетті жаңа аймақтық ұйымдарды басқарған Ресей тарапынан; және АҚШ тарапынан: Орталық және Оңтүстік Азияны «Жаңа Жібек жолы» арқылы байланыстыру. Әртүрлі жетістік деңгейімен осы үш сыртқы гегемонның әрқайсы Орталық Азияны біріктірудің әртүрлі жоспарын ұсынды. Қазақстан Назарбаевтан кейінгі дәуірге көшудің басталуына қарай, ең әуелі, ірі державалармен қарым-қатынас өзінің бірінші кезектегі міндеті болып қала берсе де, Орталық Азиядағы көршілерімен ынтымақтастықты кеңейту үшін мықты ұстанымға ие болды.

**Қазақстанның екі алып көршісі Қазақстанның сыртқы саясатында санасуға тура келетін өте маңызды фактор екені сөзсіз. Қазіргі мәселе Ресейдің «жұмсақ күші», Қытайдың Шыңжаңдағы этникалық қазақтарға қатысты ішкі саясаты және аймақтағы интеграциялық жобалардың бір-бірімен үйлесіміне байланысты.**

<sup>358</sup> Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (2014), Foreign Policy Concept for 2014–2020 Republic of Kazakhstan [Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы], <http://mfa.gov.kz/en/content-view/kontseptsiya-vneshnoy-politiki-rk-na-2014-2020-gg>, (алынған күні: 24.08.2019, 2019 жылдың қыркүйегінде президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға жасаған сапарында, Қытай-Қазақстан арасындағы «ұзақмерзімді, жан-жақты, стратегиялық серіктестік» туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бір қызығы, қытайлық БАҚ бұл туралы «мәңгілік, жан-жақты, стратегиялық серіктестік» туралы келісім ретінде хабарлады. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2019), Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздер жүргізді, 11.09.2019, [http://www.akorda.kz/en/events/international\\_community/foreign\\_visits/president-of-kazakhstan-kassym-jomart-tokayev-held-talks-with-chinese-president-xi-jinping](http://www.akorda.kz/en/events/international_community/foreign_visits/president-of-kazakhstan-kassym-jomart-tokayev-held-talks-with-chinese-president-xi-jinping), (алынған күні: 12.09.2019); және Xinhuanet (2019), China Focus: China, Kazakhstan agree to develop permanent comprehensive strategic partnership [Қытай басты назары: Қытай мен Қазақстан мәңгілік, жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамытуға келісті], 12.09.2019, [http://www.xinhuanet.com/english/2019-09/12/c\\_138384816.htm](http://www.xinhuanet.com/english/2019-09/12/c_138384816.htm) president-xi-jinping, (алынған күні: 12.09.2019).

Өзінің сыртқы саясатында Қазақстан алып көршілерінің қатысуымен санасуға мәжбүр. Қазіргі мәселелерге Ресейдің «жұмсақ күші», Қытайдың Шыңжаңдағы этникалық қазақтарға деген қарым-қатынасы және аймақтық интеграциялық жобалардың үйлесімдігі жатады. Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап Ресеймен және Қытаймен жақсы қарым-қатынасты нығайту Қазақстанның сыртқы саясатының өзегі болды. Бұл дәстүр жалғасуы мүмкін: 2014–2020 жылдардағы сыртқы саяси басымдықтар Ресеймен одақтастық және Қытаймен жан-жақты стратегиялық серіктестік болды<sup>358</sup>. Барлық қатысушы тарап осы үшбұрышты жүйеге қанағаттанған көрінеді. Олар өзара тиімді ынтымақтастық және олардың дамуын интеграциялық жобалармен байланыстыру туралы айтады.

Стратегиялық тату көршіліктің артында шиеленістер мен ықтимал бөлінулер тұр. Қазақстан үшін салдарды бағалай отырып, осы тараудың авторы сыртқы саяси өзара әрекеттесудің үш деңгейін талдайды: екіжақты қатынастар деңгейі, Еуразиядағы аймақтық динамика деңгейі және жаһандық жүйе деңгейі. Екіжақты қатынастар тұрғысынан басты назар этникалық азшылықтар мен мемлекеттік құрылысқа қатысты мәселелерге, атап айтқанда, Қазақстандағы орыс азшылығына, ресейлік «жұмсақ күштің» елге әсеріне және Қытайдағы этникалық қазақ азшылығының қысымына байланысты мәселелерге аударылады. Аймақтық деңгейде экономикалық интеграция саласындағы оқиғалар қарастырылады: Ресей бастаған Еуразиялық экономикалық одақ (ЕурАзЭҚ) және Қытайдың «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) және «Белдеу және жол» бастамалары. Сонымен, тарауда жүйелік деңгейде Қытайдың, Ресейдің және Қазақстанның дүниежүзілік тәртіпке, оның нормалары мен институттарына деген көзқарасы әртүрлі болатынын талдауға және салыстыруға тырысады. Барлық үш деңгейдегі оқиғаның дамуы Қазақстандағы биліктің ашылмайтын және болжанбайтын транзитіне әсер етуі мүмкін.

<sup>359</sup> КСРО Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті (1990), Всесоюзная перепись населения 1989 [1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы], Мәскеу: 1990.

<sup>360</sup> Солженицын А. (1991), 'Как нам обустроить Россию' [Ресейді біз қалай құрамыз?], Комсомольская правда, 18.09.1990, <https://www.msk.kp.ru/daily/24141/359116/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>361</sup> Қазақстан Республикасы Конституциясын қараңыз (1995), 7-бап, [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1005029](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>362</sup> Ока, Н. (2004), 'The "Triadic Nexus" in Kazakhstan: A comparative Study of Russians, Uighurs and Koreans' [Қазақстандағы «Үштік нексус»: Орыстар, ұйғырлар және корейлердің салыстырмалы зерттеуі], және Иеда, О. (ред.) (2004), Beyond Sovereignty: From Status Law to Transnational Citizenship? [Егемендіктің сыртында: Мәртебе туралы заңнан трансұлттық азаматтыққа дейін], Саппоро: Славян зерттеу орталығы, Хоккайдо университеті, 359–80-беттер, [http://src-h.slav.hokudai.ac.jp/coe21/publish/no9\\_ses/19\\_oka.pdf](http://src-h.slav.hokudai.ac.jp/coe21/publish/no9_ses/19_oka.pdf), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>363</sup> Жақсылықов, С. (2016), Отношение жителей северных регионов Казахстана к перспективе глубокой интеграции в Евразийский экономический союз: фактор гражданской и этнокультурной идентичности [Қазақстанның солтүстік өңірлері тұрғындарының Еуразиялық экономикалық одаққа терең кірігу перспективасына көзқарасы: азаматтық және этномәдени бірдейлік факторы], Қоғамдық саясат саласындағы жас зерттеушілерге арналған бағдарлама, Сорос қоры, 23-бет, [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/relation\\_of\\_inhabitants\\_of\\_northern\\_regions.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/relation_of_inhabitants_of_northern_regions.pdf), (алынған күні: 24.08.2019).

## Орыс азшылығының өзгермелі қатері

Белгілі бір дәрежеде орыс азшылығының рөлі әрқашан үкімет үшін маңызды мәселе болды. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде бұл азшылықтың Қазақстанда болуы экзистенциал мәселе ретінде қабылданды. 1989 жылғы санақ бойынша, Қазақстанда 6,2 миллион этникалық орыс болған, бұл халықтың 37,8%-ына тең (этникалық қазақтардың үлесімен пара-пар болды, 39,7%)<sup>359</sup>. Қазақстанның солтүстік аймақтарында этникалық орыстардың басым болуы сепаратизмнен қорқуды күшейтті. Қауіпті Ресейден шыққан ұлтшылдар тұтандырып отырды. Олар «Оңтүстік Сібірді» және «Оңтүстік Оралды» Ресейге қайтаруға шақырған жазушы Александр Солженицыннан бастап, өзінің либерал-демократиясын алып келген «жаңарған Ресей империясының» өте танымал жақтаушысы, Ресейде 1993 жылы Дума сайлауындағы Либерал-демократиялық партиясы жеңіске жеткен<sup>360</sup> Владимир Жириновскийге дейінгі әртүрлі адамға тиесілі болды.

Осындай қиын жағдайларда Қазақстан басшылығы мейлінше тексерілген ұстанымда болды. Ол Ресейді өзінің жақын одақтасы және серіктесі ретінде қабылдады және біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау үшін күресті. Қазақстан 1993 жылы рубль аймағынан шыққанымен, президент Нұрсұлтан Назарбаев экономикалық қатынастарды сақтауға деген ұмтылыспен 1994 жылы Еуразиялық Одақ құруды ұсынды. Осыдан кейін ол үнемі еуразиялық интеграцияны қолдай берді. Оның бұл мәселеге қатысты ұстанымы Мәскеудің Қазақстанға достық қарым-қатынасына ықпал етіп, елдегі елеулі орыс азшылығына қолайлы жағдай жасады.

Сонымен бірге үкімет ел ішіндегі ұлтаралық келісімнің маңызын түсінді. Бұл үшін нәзік саяси тәсіл қажет болды. Бір жағынан, қазақ ұлтшылдығының өршуіне жауап ретінде үкімет қоғамдық өмірді «қазақыландыруға» кірісті. Этникалық қазақтар саясатта да, мемлекеттік қызметте де билікке және ықпал ету тетігіне қол жеткізді. Екінші жағынан, үкімет заң арқылы кемсітуге жол бермеу қағидасын бекітті және «ұлтаралық араздықты қоздыруға» (құқық қорғау органдары кеңінен түсіндіретін қылмыс) қатаң тыйым салды. Қазақ емес және «орыстанған» қазақтардың мүддесін ескеру үшін 1995 жылғы Конституция «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар қолданылады» деген шартпен орыс тілін ұлтаралық қатынастың ресми тілі етті<sup>361</sup>. Осы Конституцияда қос азаматтыққа тыйым салынып, орыс азшылығының өкілдері Қазақстан азаматтығы мен Ресей азаматтығы арасында таңдау жасауға мәжбүр болды. Саяси консолидацияны қамтамасыз ету үшін Қазақстан басшылығы барлық бағыттағы саяси қозғалыстарды, оның ішінде танымал және қабілетті орыстарды, славян және казак бірлестіктерін де басты. Орыс православие шіркеуі де, Ресей үкіметі де бұл қозғалыстарды тарату мен бірлесіп жұмыс істеуде Қазақстан үкіметін қолдағанын атап өту маңызды<sup>362</sup>. Мәскеу Қазақстандағы этникалық орыстарды бөлу үшін немесе өзінің саясаты мен стратегиясын пайдалану үшін қолданады деген қорқыныш біртіндеп басылды. Оның орнына елдегі этникалық қазақтардың демографиялық басымдығы пайда болатыны күтілді<sup>363</sup>. Бірақ тыныштық 2008 жылы Ресей мен Грузия арасында соғыс басталғаннан кейін, Ресей ресми түрде Оңтүстік Осетия мен Абхазияның сепаратистік аймақтарының тәуелсіздігін мойындаған кезде тоқтатылды. 2014 жылы Қырым аннексиясымен және Ресейдің Украинада жүргізген «гибридтік соғысымен» одан да үлкен сілкініс болды.

**Қазақстан үкіметі Мәскеудің Қазақстандағы саяси процестерге манипуляция жасау немесе жалпы елдегі тұрақсыздық үшін электронды БАҚ пен Интернет ресурстарды қолдану қабілеті мен ықтимал ниетіне қатты алаңдайды.**



Ресейдің Грузиядағы әрекеттері үрей туғызған кезде украиналық дағдарыс Қазақстанды одан бетер алаңдатты. Өйткені орыс-украин және орыс-қазақ қатынасында айтарлықтай параллель болды. Мысалы, Қазақстан мен Ресей тату көршілік қатынастар туралы келісімдерге Ресей мен Украина сияқты қол қойды. Бұл оқиғалар қазақтар мен қазақстандық орыстар арасында қорқыныш сезімін қайта оятты. Біріншісі, этникалық орыстар Украинаның шығысында болған сияқты «бесінші колонна агенттері» ретінде әрекет етеді деп қорықты; соңғылары оларды дұшпандық шетелдік державаның сыбайластары мен агенттері ретінде қабылдай ма деп қорықты.

Бұл эмиграцияның өсуіне ықпал еткен болуы мүмкін: 2016 жылы 25 000 этникалық орыс елден кетіп қалды, 2017 жылы тағы 27 000 адам кетті<sup>364</sup>. Геосаяси жағдай туралы қорқыныштың жетегінде кейбір орыс отбасы орта білім беру жүйесіндегі жағдайдың нашарлауына, атап айтқанда, жаңа саяси курс аясында бекітілген үш тілде білім беруді асығыс енгізуге байланысты<sup>365</sup> елден көшуге шешім қабылдады.

Назарбаевтың 2019 жылы 19 наурызда отставкаға кетуі Қазақстан тарихындағы жаңа кезеңнің басталуын белгіледі. Жаңа президент Қасым-Жомарт Тоқаев үкімет саясатының қазіргі бағытын сақтауға уәде берді. Дегенмен билік конфигурациясы сөзсіз өзгереді, өйткені Назарбаевқа шоғырланған жүйе оның президент ретінде қатысуынсыз тұрақты бола алмайды. Бұл мемлекеттік саясаттағы бәсекені күшейтіп, ұлтшыл популизмнің өршуіне әкеліп, аз ұлттардың да, жалпы ел тұрғындарының да алаңдаушылығын тудыруы мүмкін.

## Ресейдің «жұмсақ күшіне» қатысты алаңдау

Кейінгі бірнеше жылда орыс азшылығына қатысты алаңдаушылық Ресейдің «жұмсақ күшіне», яғни оның мәдени және идеологиялық ықпалына қатысты алаңдаушылықпен алмасты. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстандағы «орыстандырудың» жоғары деңгейі елдің толық егемендігіне сын ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, барлығы орыс тілінің қазіргі заманның, әлемнің ғылымы мен білімінің дирижері ретіндегі рөлін түсінді; сонымен қатар, ол ел Конституциясында бекітілген жаңа тәуелсіз Қазақстан үшін мемлекеттік басқару тілі ретінде (қазақ тілімен қатар) таптырмас тіл деп танылды. Кейінгі онжылдықта Ресейдің «ақпараттық соғыс» әдістерін қолдануы келеңсіз перспектива болып, дәстүрлі бірдейлік мәселесін күшейтті. Қазақстан үкіметі Мәскеудің Қазақстандағы саяси процестерге манипуляция жасау немесе жалпы елдегі тұрақсыздық үшін электронды БАҚ пен Интернет ресурстарды қолдану қабілеті мен ықтимал ниетіне қатты алаңдайды. Ресей әскери саясатының сарапшысы Дмитрий Горенбург бұл қауіппен келіседі. Оның пайымдауынша, Қазақстанда билікке Ресейге қарсы үкімет келсе, Ресейдің ықтимал реакциясы өзгереді: ол жаңа басшыларды құлатып, олардың орнына өзінің қолайына жағатын басшыларды алмастыруға тырысады. Ақпараттық соғыс, соның ішінде кибершабуылдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында жалған ақпарат тарату қолданылады.<sup>366</sup>

2009 жылы Қазақстанның сол кездегі премьер-министрі Кәрім Мәсімов халықтың 55%-ы Ресейдің ақпараттық кеңістігінде өмір сүретініне алаңдаушылық білдірді<sup>367</sup>. 2011 жылы жаңа (екінші) ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы қабылданды. Ол ұлттық ақпараттық кеңістіктің ашықтығы, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының (оның ішінде теледидар мен интернеттің) танымалдығы және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетінің төмендігі Қазақстандағы сыртқы санаға ақпарат әсер етуі және басқаруы мүмкін деген нақты қауіп туғызатынын мойындады<sup>368</sup>. Жағдайды түзету үшін үкімет ұлттық телеарналарды жаңартуға тырысты. 2017 жылы «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокорпорациясы өзінің бағдарламасында әртүрлі пікірге жол беріп, басшылықты өзгертті және стилі мен мазмұнын жаңартты. Ал тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары қандай да болсын жеңілдікке ие болған жоқ, керісінше, одан да қатаң бақылауға ұшырай бастады және оларға үнемі тоқтата тұру немесе жабылу қаупі төнеді.

<sup>364</sup> Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (2017), Демографический ежегодник Казахстана [Қазақстанның демографиялық жылнамасы], Астана, 337-бет; және Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (2018), Миграция населения в Республике Казахстан за 2017 год [2017 жылғы Қазақстан Республикасындағы халықтың көші-қоны], 21-том, 5-бет.

<sup>365</sup> Садық С. (2017), 'Вторая волна эмиграции казахстанцев в Россию: что случилось?' [Қазақстандықтардың Ресейге эмиграциясының екінші толқыны: не болды?], Central Asia Monitor, 15.05.2017, <https://camonitor.kz/26741-vtoraya-volna-emigracii-kazahstancsev-v-rossiyu-chto-sluchilos.html>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>366</sup> Горенбург Д., (2018), 'Russian Military Intervention in Kazakhstan' [Қазақстандағы ресейлік әскери интервенция], Америка кәсіпкерлік институты, 17.01.2018, <http://www.aei.org/publication/russian-military-intervention-in-kazakhstan/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>367</sup> Сабитов, Д. дәйексөзі (2016), Информационная безопасность Казахстана: Защита Данных и Смыслов [Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігі: Деректер мен ойды қорғау, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты, 49-бет, [http://iwep.kz/files/attachments/article/2016-04-07/doklad\\_-\\_informacionnaya\\_bezopasnost\\_daniyar\\_sabitov.pdf](http://iwep.kz/files/attachments/article/2016-04-07/doklad_-_informacionnaya_bezopasnost_daniyar_sabitov.pdf), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>368</sup> Сонда, 16-бет.



<sup>369</sup> Zakon.kz (2016), 'КНБ: Тулешов планировал возглавить Казахстан' [ҰҚК: Төлешов Қазақстанды басқармақ болды], 11.07.2016, <https://www.zakon.kz/4804710-knb-biznesmen-tuleshov-planiroval.html>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>370</sup> Иванов, А. (2016), 'Кто такой Тохтар Тулешов. Интересные факты из жизни бизнесмена' [Тоқтар Төлешов деген кім? Бизнесменнің өмірінен алынған қызық фактілер], Informburo.kz, 02.02.2016., <https://informburo.kz/stati/kto-takoy-tohtar-tuleshov-interesnye-fakty-iz-zhizni-biznesmena.html>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>371</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2007), 'Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 28 февраля 2007 г.' [Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жылғы 28 ақпан.], 28.02.2007, [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-28-fevralya-2007-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-28-fevralya-2007-g), (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>372</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (2012), Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы, 14.12.2012, [http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses\\_of\\_president/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state](http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state), (алынған күні: 28.10.2019)

<sup>373</sup> Куменов А. (2018), 'Kazakhstan gets Russian flak over UN Syria vote' [Ресей БҰҰ-да Сирия бойынша дауыс беруге байланысты Қазақстанды сынға алды], Eurasianet, 17.04.2018, <https://eurasianet.org/kazakhstan-gets-russian-flak-over-un-syria-vote>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>374</sup> Половинко В. (2018), 'МИД мыслит штаммами' [СІМ штаммен ойлайды], Новая Газета, 13.06.2018, <https://www.novayagazeta.ru/articles/2018/06/13/76795-mid-myslit-shtammami>, (алынған күні: 24.08.2019).

Қазақстан үкіметі Ресей телевидениеcіндегі Батысқа қарсы зорлық-зомбылықты ұнатпайды. Бұл Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатына және оның Батыспен тығыз байланыста болуға деген терең қызығушылығына сәйкес келмейді. 2016 жылы «Еуразия» бірінші арнасында жерге қатысты наразылық акциясына қатысқаны үшін доллар алып жатыр деген адамдар туралы бұрмаланған бейнежазбаның көрсетілуі қоғамның наразылығын тудырды. Бір қызығы, бұл есеп күтпеген оқиғаға ұласты: қауіпсіздік қызметі кәсіпкер Тоқтар Төлешовті наразылық акциясына демеушілік жасады және мемлекеттік төңкеріс жасамақ болды деп айыптады<sup>369</sup>.

Төлешов Ресеймен тығыз байланыста болғанын және ол Ресей Мемлекеттік Думасының экономикалық ынтымақтастық жөніндегі кеңесшісі, Ресеймен одақтастық қатынастарды нығайту бойынша Қазақстанның казак бірлестіктерінің бас атаманының кеңесшісі және Қазақстанның орыс қауымдастығының толық өкілі және кеңесшісі қызметтерін атқарғанын мәлімдеді<sup>370</sup>. Ресейдің ықпалына қатысты алаңдаушылық әкімшілікті біршама шешім қабылдауға итермелеген болуы мүмкін, атап айтқанда, үштілді білім беру жүйесін енгізіп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту мен қазақ әліпбиін латынға айналдыру.

Бұл жаңа бастама емес еді. Мысалы, Назарбаев қазақстандықтарды қазақ тілін ресми тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде, ал ағылшын тілін әлемдік экономикаға интеграциялау тілі ретінде сөйлеуге міндеттейтін «Үш тұғырлы тіл» деп аталатын мәдени бағдарламаны 2007 жылы өзінің жыл сайынғы жолдауында ұсынған еді<sup>371</sup>.

Әліпбиді кириллицадан латынға көшіру туралы шешім көптен бері айтылып келеді. Алғаш рет бұл идея 1989 жылы «Тіл туралы» заңды талқылау кезінде айтылды, бірақ «Қазақстан-2050» стратегиясы жарияланғаннан кейін, 2012 жылы ғана саясатқа айналды<sup>372</sup>. Бұл құжатта Назарбаев 2025 жылды латын әліпбиіне көшудің аяқталу нүктесі ретінде белгілеп, оның қолданылуы Қазақстанның бүкіл әлеммен жақсы интеграциялануына мүмкіндік беретінін атап өтті.

### Ресей тіксіну белгісін көрсетіп жатыр

Ресейлік комментаторлар кириллицадан бас тарту жоспарын жақсы қабылдамағаны анық. Жалпы алғанда, Қазақстанда және Орталық Азияның басқа аймақтарында болып жатқан оқиғаларға Ресейдің қызығушылығы аз, бірақ Назарбаевтың бұл мәселе бойынша мәлімдемесі Мәскеуде үлкен тіксінуі тудырып, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен таралды. Назарбаевтың 2018 жылдың қаңтарында АҚШ-қа жасаған сапары барысында Дональд Трамппен кездесуі және Қазақстанның сол жылы 14 сәуірде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Ресей, АҚШ, Ұлыбритания және Францияның Сирияға жасаған әуе шабуылын айыптайтын қарар жобасына дауыс беруден бас тартуы, сонымен қатар Қазақстан Ресейден одақтас ретінде алшақтай бастауы дәлел бола алады<sup>373</sup>. Мәскеудің тіксінуі Ресейдің сыртқы істер министрі Сергей Лавровтың Қазақстанға қатысты жиі-жиі айтылатын сын-пікірлерінен де байқала бастады. 2018 жылдың наурызында Лавров Қазақстанның Ресеймен ақылдаспай АҚШ азаматтары үшін визасыз режим енгізгеніне таңданыс білдірді.

Қазақстандық дипломаттар бұған қатты қарсылық білдіріп, бұл схема ертерек енгізілгенін және Қазақстан бұл мәселеде ешкіммен кеңесуге міндетті емес екенін айтты. 2018 жылы маусымда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) елдері сыртқы істер министрлерінің кездесуінде Лавров Қазақстанның АҚШ-қа Каспий теңізіндегі Ақтау және Құрық порттарын Ауғанстанға жүк тасымалдау үшін пайдалануына мүмкіндік беретін келісіміне, Алматыда америкалық биологиялық зертхананың болуына наразылық білдірді<sup>374</sup>.

Визасыз режимге келетін болсақ, айыптар ескірген. Сынға түскен схема Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы 2010 жылғы келісімге арнайы жүктердің коммерциялық темір жол транзитін жеңілдететін Хаттаманың бөлігі болды. Ақтау мен Құрықты транзиттік пункт тізіміне қосу туралы хаттамаға (оған дейін Ресей мен Өзбекстанда жалғыз транзиттік пункт болған) 2017 жылдың қыркүйегінде қол қойылып, 2018 жылдың мамырында ратификацияланған<sup>375</sup>. Қарасты-рылып отырған биологиялық зертхана — Нанн-Лугар кооперативті қауіп-қатерді азайту бағдарламасының аясында салынған және 2016 жылы ашылған орталық анықтамалық зертхана. Бұл — ең қауіпті патогендік микроорганизмдерді зерттейтін Орталық Азиядағы жалғыз биологиялық қауіпсіздік зертханасы.

## Қытайдағы қазақтарға жасалған қысым және Қытайға қарсы көңіл-күй

Кейінгі кезге дейін Қытайдағы негізінен Шыңжаңда тұратын 1,5 миллионға жуық қазақ Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасына қиындық туғызбады<sup>376</sup>. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Қытай билігі барлығының Қазақстанға қоныс аударуына мүмкіндік береді деген келісімге қол жеткізілді. Қытайдан келген оралмандар (этникалық қазақтар) екі ел арасында сауда, білім, бұқаралық ақпарат құралдары және мәдениет салаларында байланыс орнатуға үлкен үлес қосты<sup>377</sup>. Бұл қолайлы жағдай екіжақты қатынастардың көптеген аспектісінде сақталды, бірақ ол 2016 жылы Чэнь Куангуды Қытай Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының (ШУАР) Коммунистік партиясының жаңа хатшысы етіп тағайындаған кезде өзгерді. Ол бірден ұйғыр халқына қарсы онсыз да қатаң қауіпсіздік шараларын күшейтті, осылайша қауіпсіздік офицерінің Тибетте жұмыс істеген кезінде ие болған беделін растады (2011–2016). Чен мыңдаған қосымша қауіпсіздік қызметкерін жалдап, жоғары технологиялық қадағалауды жүзеге асырды және Шыңжаң тұрғындарын полицияға төлқұжатын тапсыруға мәжбүр етті<sup>378</sup>. Нәтижесінде көршілес Қазақстандағы этникалық қазақтар мен отбасылық және іскерлік байланысы бар басқа азшылықтардың өкілі бұл жерге үкіметтің рұқсатынсыз бара алмайтын болды. Оған қоса, мыңдаған адам, оның ішінде этникалық қазақтар мен қырғыздар «қайта білім беру» деп аталатын орталықтарға жіберілгені, онда «Қытай мен Шыңжаң заңдары мен бағдарламалық құжаттарын дауыстап оқып», үкіметті жақтайтын үгіт-насихат роликтерін көріп, өздерінің этникалық және діни бағыттарынан бас тартуы керек екені айтылды. Сонымен қатар жеке басын куәландыратын, соңғы талапқа «дін зиян» және «қытай тілін үйрену — патриотизмнің бөлігі» сияқты ұрандарды қайталау кірді. Бұрын ұйғырларға шоғырланған Қытай үкіметінің «ауыр соққы» саясатының қазір этникалық қазақтарға да қатысты болуы Қазақстан үшін қатты соққы болды. Бұқаралық ақпарат құралдары кейбір шыңжаңдықтың шетелге саяхаттағаны немесе «Қазақстан туралы көп айтқаны» үшін ұсталғаны туралы хабарлады. Жақында Қазақстан азаматтығына ие болған кейбір адамды (Қытайдан келген оралмандар) Қытай билігі Қытайға шақырып алып, қамауға алғаны туралы хабарланды<sup>379</sup>.

Шыңжаңдағы ұйғырлардың қайғы-қасіретіне әлі де болса бей-жай қарамайтын Қазақстандағы қоғамдық пікір бұл жолы қудалауға түскендер үшін ресми жауап беруді талап етті. Қазақ диаспорасын қолдау үкіметтің «сыртқы саяси тұжырымдамасының» төрт саяси мақсаты қатарына кіретінімен басшылыққа қысым күшейді. Қудалау мәселесі парламентте 2017 жылы қазанда көтерілген, сенатор Нұрлан Қылышбаев үкіметке Қытайдағы этникалық қазақтарды қудалау туралы хабарлардың рас-өтірігін растау туралы ресми өтініш жасаған. Бір айдан кейін Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері Бейжің мен Астанадағы қытайлық әріптестерімен келіссөздер жүргізіп, «Қытай Халық Республикасында кездесетін мәселелер туралы этникалық қазақтардың шағымдарын» талқылады. Қытайдың Қазақстандағы елшісі Чжан Ханьхуэй партияның 19-съезі қарсаңында барлық азамат үшін жоспарланған тәртіпсіздіктер туралы хабарларға байланысты бақылау мен тексеру процедуралары сияқты күшейтілген қауіпсіздік шаралары енгізілді деп жауап берді<sup>380</sup>.

<sup>375</sup> Закон Республики Казахстан от 4 мая 2018 года №152-VI ЗРК [Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 мамырдағы Заңы №152-VI ҚРЗ], 04.05.2018, <https://tengrinews.kz/zakon/parlament-respubliki-kazahstan/mejdunapodnyie-otnosheniya-respubliki-kazahstan/id-Z1800000152/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>376</sup> Уатханов Е. (2016), 'One and a-Half Million Ethnic Kazakhs Live in China' [Қытайда бір жарым миллион этникалық қазақ өмір сүреді], The Astana Times, 30.09.2016, <https://astanatimes.com/2016/09/one-and-a-half-million-ethnic-kazakhs-live-in-china/>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>377</sup> Оралмандар — ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанға көшіп келген этникалық қазақтар.

<sup>378</sup> Зуенко И. (2018), 'Перегибы Шелкового пути: как Китай решает уйгурский вопрос' [Жібек жолының шектен шығуы: қытай ұйғыр мәселесін қалай шешеді?], Карнеги Мәскеу орталығы, 18.04.2018, <https://carnegie.ru/commentary/76013>, (алынған күні: 24.08.2019).

<sup>379</sup> Human Rights Watch (2017), 'China: Free Xinjiang "Political Education" Detainees' [Қытай Шыңжаңдағы «Саяси қайта үйрету» лагерьлеріндегі тұтқындарды босатты], 10.09.2017, <https://www.hrw.org/news/2017/09/10/china-free-xinjiang-political-education-detainees>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>380</sup> Иманбай И. және Гришин А. (2018), 'What's behind China's anti-Chinese campaign?' [Қытайда антиқытайлық науқан не үшін қажет?], openDemocracy, 23.05.2018, <https://www.opendemocracy.net/od-russia/inga-imanbai-andrey-grishin/whats-behind-chinas-anti-kazakh-campaign>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>381</sup> Пань Б. (2018), 'Kazakhstan confronts China over disappearances' [Қазақстан Қытайдағы жоғалып кетулерге қатысты наразылығын білдірді], АЕ/АР, 01.06.2018, <https://www.rferl.org/a/qishloq-ovozi-kazakhstan-confronts-china-over-disappearances/29266456.html>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>382</sup> Вааль Т. (2018), 'В Китае рассматривают вопрос о снятии запрета на выезд в Казахстан с 675 этнических казахов' [Қытайда 675 этникалық қазақтан Қазақстанға шығуға салынған тыйымды алып тастау мәселесі қарастырылуда], Vlast, 07.08.2018, <https://vlast.kz/novosti/28953-v-kitae-rassmatrivaut-vopros-o-snatii-zapreta-na-vyezd-v-kazahstan-675-etnicheskih-kazahov.html>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>383</sup> Азаттық Радиосы (2019), 'Астана: двум тысячам этнических казахов разрешено покинуть Синьцзян' [Астана: екі мың этникалық қазақ Шыңжаңнан кетуге рұқсат етілген], 10.01.2019, <https://rus.azattyk.org/a/29700839.html>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>384</sup> Путц, К. (2019), 'Which countries are for or against China's Xinjiang policies?' [Қытайдың Шыңжаңдағы саясатын қай елдер қолдайды немесе қарсы?], The Diplomat, 15.07.2019, <https://thediplomat.com/2019/07/which-countries-are-for-or-against-chinas-xinjiang-policies-president-xi-jinping>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>385</sup> АЕ/АР (2019), 'Kazakh court fines top activist charged with "inciting ethnic tensions"' [Қазақстандық сот «ұлтаралық араздықты қоздырды» деп айыпталған жетекші бөлсендіге айыппұл салды], 16.08.2019, <https://www.rferl.org/a/kazakh-court-fines-top-activist-charged-with-inciting-ethnic-tensions/30113912.html>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>386</sup> Zakon.kz (2019), 'Земельный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями на 3 апр. 2019)' [Қазақстан Республикасының жер кодексі 3 сәуір, 2019 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен], [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1040583#pos=6;-155](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1040583#pos=6;-155), (алынған күні: 05.11.2019).

Дегенмен Қазақстан үкіметі бұл мәселені 2018 жылы да көтерді. Мамыр айында Сыртқы істер министрлігі консулдық мәселелер бойынша келіс-сөздер барысында екі тараптың «екі ел азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай тұрғындарының өзара сапарлары» туралы хабарлады. Келесі күні Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Қытайда 170-ке жуық этникалық қазақ «қиындықты бастан кешіріп жатқанын» айтты<sup>381</sup>.

Тамыз айында ол журналистерге бірінші орынбасары ШҰАР басшылығымен келіссөздер жүргізгенін және Қытай тарапы 675 этникалық қазақ үшін эмиграцияға тыйым салуды алып тастауды қарастырғанын жеткізді<sup>382</sup>. 2019 жылдың қаңтарында Сыртқы істер министрлігі 2000 этникалық қазақ Шыңжаңнан кетіп, Қазақстанға қоныс аударуға рұқсат алғанын хабарлады<sup>383</sup>.

Халықаралық деңгейде Қазақстан үкіметі де пышақтың ұшымен жүреді. 2019 жылдың шілдесінде ол мемлекеттердің әртүрлі коалициясы дайындаған және БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі кеңесіне жолдаған екі хатқа қол қоюдан бас тартты, олардың біреуі Қытайдың Шыңжаңдағы саясатын айыптап, екіншісі оны қолдады; қолдау хатына, атап айтқанда, Ресей, Тәжікстан және Түркіменстан қол қойды<sup>384</sup>. Әлеуметтік желілерде «қайта тәрбиелеу орталықтары» деп аталатындар туралы ақпарат таралып жатыр. Ақпарат әртүрлі дереккөзден, соның ішінде батыстық газеттерден алынған және Қазақстандағы бұрыннан келе жатқан Қытайға қарсы көңіл-күйді одан әрі күшейтті. 2019 жылы қоғам назары этникалық қазақтарды қытай лагерьлерінен босатуды жақтайтын Атажұрт Еріктілері (Отанның еріктілері) қозғалысының жетекшісі Серікжан Біләштың ісіне ауды. Қазақстан билігі Біләшты ұлттық араздықты қоздырғаны үшін қамауға алып, сотқа берді. Тамыз айында онымен Қытай билігі арасында келісім жасалып, айыппұл төлегеннен кейін босатылды<sup>385</sup>. Қытайдағы этникалық қазақтарға жасалған қатыгездік және соның салдарынан Қазақстанда қытайға қарсы көңіл-күйдің күшеюі екіжақты экономикалық байланыстардың дамуына нұқсан келтіру қаупі бар. Жағымсыз қоғамдық пікір қазірдің өзінде бірлескен іс-қимылдың келешегі бар бағыттарының бірі аграрлық сектордағы ынтымақтастыққа кедергі келтіріп отыр. 2016 жылы Жер кодексіне енгізілген өзгертулерден кейін Қазақстанда шетелдіктерге жерді ұзақ мерзімге жалға беруге қарсы наразылықтар басталды. Наразылық акциясы түрлі қауіптен, соның ішінде қытайлық компаниялар жерді химиялық заттармен улайды және Қытай Қазақстан аумағын тиімді түрде иемденеді деген себептерден туындады. Үкімет наразылықты басып, сонымен бірге шетелдіктерге және шетелдіктердің қатысуымен заңды тұлғаларға 50% және одан жоғары 25 жылға дейін ауыл шаруашылық жерлерін жалдауға мүмкіндік беретін Жер кодексіне енгізілген түзетулерге мораторий енгізді (2021 ж. желтоқсанға дейін)<sup>386</sup>.

Үкіметке қарсы наразылық кезінде ұқсас талаптар қойылады, қазіргі кезде Қазақстанның ірі қалаларында жүйелі түрде өтіп жатыр. Қазақстан жаңа саяси дәуірді бастаған кезде, жоғарыда сипатталған оқиғалар Қазақстан мен Қытай арасындағы болашақ екіжақты қатынастар қиын кезеңге тап болатынын көрсетеді.

**Қытайдағы этникалық қазақтарға жасалған қатыгездік және соның салдарынан Қазақстанда Қытайға қарсы көңіл-күйдің күшеюі екіжақты экономикалық байланыстардың дамуына нұқсан келтіру қаупі бар.**

## Ресей мен Қытай интеграциялық жобалары тоғысында

Қазақстан, Ресей мен Қытай еуразиялық және орталықазиялық өзара әрекеттестік қалыптастыруға бағытталған процестерге белсенді түрде тартылған. Қауіпсіздік саласындағы мәселелер ҰҚШҰ, ШЫҰ мен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨЫСШК) сияқты ұйымдар арқылы шешіледі. Әр елдің өз мақсаты болып, бұл форумдардағы жұмысқа әртүрлі қараса да, қатысушылар арасында қандай да бір шиеленіс байқалмайды<sup>387</sup>.

Экономикалық ынтымақтастық пен интеграция мәселесінде біраз проблема бар. Саясаттың дәл осы салаларында үшжақты қарым-қатынас ықтимал саяси және геосаяси қиындықтарға байланысты әлдеқайда тұрақсыз болуы мүмкін. Жоғарыда айтып өткендей, қазіргі кезде аймақта Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) пен «Бір белдеу, бір жол» атты екі басты экономикалық жоба іске асырылып жатыр. Қазақстан — Ресей басқаратын ЕАЭО құрылтайшыларының бірі, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына да белсенді араласып жатыр. Қытайдың тікелей инвестицияларын алатын ТМД елдерінің ішінде бірінші орында<sup>388</sup>.

Бұл Қазақстанды екі интеграциялық жобаға стратегиялық тұрғыдан тәуелді етеді. Екеуі бір-біріне қатысты қалай дамиды, ресми риторика мен жоспарлы үйлестіруге қарамастан бір-бірімен бәсекеге түсе ме, әлде бірін-бірі толықтыра ма? Басқаша айтқанда, Ресей мен Қытай қолдау көрсетіп отырған ЕАЭО мен «Бір белдеу, бір жол» жанасу нүктелерін таба ала ма, әлде Қазақстан екі демеушінің біреуін таңдауға мәжбүр бола ма?

Еуразиялық экономикалық интеграция бірқалыпты болған жоқ. Бастапқыда жылдам бастау алып, негізгі кезеңдер бірнеше жылда-ақ іске асқан. Жоба 2010 жылы Ресей, Қазақстан және Беларусь арасында құрылған Кеден одағынан бастау алды. 2012 жылы ол Бірыңғай экономикалық кеңістікке ауысты, ал 2015 жылы ЕАЭО-қа айналды, қатарына Қырғызстан мен Армения да қосылды.

Дегенмен ЕАЭО құрылғаннан кейін саяси процесс баяулап, оны іске асыру мерзімі өтіп кетті. 2016 жылдың 1 қаңтарына жоспарланған Кеден кодексі 2018 жылдың 1 қаңтарына қалдырылды. 2016 жылдың қаңтарында іске қосылуы керек болған дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтардың ортақ нарығы 2026 жылдан бастап қана іске қосылатын болды<sup>389</sup>. 2019 жылға жоспарланған электр энергиясының ортақ нарығын іске қосу да кейінге қалдырылды<sup>390</sup>. ЕАЭО құралдарының баяу дамуы әр елдегі нормативтік-құқықтық актілерді бір ізге келтіру бойынша қиындықтарды көрсетеді. Саяси ерікке де шектеу бар.

Бұл кедергілерден бөлек, еуразиялық интеграцияның регресіне 2014 жылғы Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс та әсер етті. Пост-кеңестік кеңістіктегі ынтымақтастық үшін әзірленген бұл жоба нәтижесінде Украинаны бөліп, геосаяси шиеленіске алып келді. Украинаның қатысуынсыз Еуропа мен Азия арасындағы интеграцияланған экономикалық кеңістік түріндегі ЕАЭО концепциясы әлеуетті инвесторлар үшін өзектігін жоғалтты. Әскери қақтығыс ЕАЭО-ның қазіргі қатысушыларын ғана емес, әлеуетті қатысушыларын да алаңдатты. Ол кей мемлекеттің ЕАЭО аясындағы кез келген әрекетке параллельді түрде көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуге сенімін нығайтты. Олар Ресей басым болмайтын интеграция үлгілеріне мән берді. Мәскеудің ЕАЭО-ның басқа мүшелерімен ақылдаспай, Батысқа біржақты қарымта санкциялар енгізуі Ресейдің еуразиялық көршілерін тең серіктес ретінде көрмейтінін дәлелдеді.

Ресей АҚШ пен ЕО-ның өзара келіспеушілігіне назар аударғанша, Орталық Азия мен Еуразиядағы әсері артып келе жатқан Қытайға көңіл бөлуі тиіс. Ресейді өзінің экономикалық күші мен Қытайдың экономикалық күші арасындағы теңсіздік алаңдатады. Дегенмен ол бұл жағдайды

<sup>387</sup> Азаттық Радиосы (2019), 'Назарбаев, бойкот выборам, земельный вопрос. Что обсуждали на «курултае»? [Назарбаев, сайлауға бойкот, жер мәселесі. Құрылтайда не талқыланды?], 01.06.2019, <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-nur-sultan-kurultay/29976007.html>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>388</sup> Еуразиялық даму банкі (2017), EAEU and Eurasia: Monitoring and analysis of direct investments 2017 [ЕАЭО және Еуразия: тікелей инвестицияларды мониторингтеу және талдау 2017], 21.12.2017, <https://eabr.org/en/analytics/integration-research/cii-reports/eaeu-and-eurasia-monitoring-and-analysis-of-direct-investments-2017-/>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>389</sup> Винокуров, Е. (ed.) (2017), 'Евразийский экономический союз' [Еуразиялық экономикалық одақ], Еуразиялық даму банкі, <https://eabr.org/analytics/integration-research/cii-reports/evraziyskiy-ekonomicheskiy-soyuz/>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>390</sup> Сапожков О. (2019), 'Киловатт у границ' [Шекараға келген киловатт], Коммерсант, 30.05.2019, <https://www.kommersant.ru/doc/3984211>, (алынған күні: 25.08.2019).



<sup>391</sup> Ресей Федерациясының президенті (2015), 'Press Statements following Russian-Chinese Talks' [Ресей-Қытай келіссөздерінің нәтижелері бойынша баспасөз мәлімдемесі], 8.05.2015, <http://en.kremlin.ru/events/president/transcripts/49433>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>392</sup> Еуразиялық экономикалық комиссия (2017), 'Сопряжение ЕАЭС и ЭПШП приобретает реальные очертания: согласован список инфраструктурных проектов' [ЕАЭО мен ЖЖЭБ түйістіру нақты кескінге ие болады: инфрақұрылымдық жобалардың тізімі келісілді], 01.03.2017, <http://www.eurasiancommission.org/ru/nae/news/Pages/2-03-2017-1.aspx>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>393</sup> Ресей Федерациясының президенті (2018), President of the Russian Federation (2018), 'Президент подписал Указ «О национальных целях и стратегических задачах развития Российской Федерации на период до 2024 года» [Президент «Ресей Федерациясын дамытудың 2024 жылға дейінгі ұлттық мақсаттары мен стратегиялық міндеттері туралы» Жарлыққа қол қойды], 07.05.2018, <http://kremlin.ru/events/president/news/57425>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>394</sup> Скорлыгина Н., Веденева А. және Софронов И. (2019), 'ВСМ до Казани не получила одобрения президента' [Қазанға дейін ЖЖМ жобасын Президент мақұлдамады], Коммерсант, 29.03.2019, <https://www.kommersant.ru/doc/3925711>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>395</sup> Долаберидзе Д. (2018), 'The Armenia-Iran railway' [Армения — Иран темір жолы], Georgia Today, 15.03.2018, <http://georgiatoday.ge/news/9499/The-Armenia-Iran-Railway>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>396</sup> Еуразиялық экономикалық комиссия (2018) 'Agreement signed on trade and economic cooperation between EAEU and PRC' [ЕАЭО мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім], 17.05.2018, <http://www.eurasiancommission.org/en/nae/news/Pages/17-05-2018-5.aspx>, (алынған күні: 25.08.2019).

өзгерту үшін айтарлықтай ештеңе де істей алмайды. Сол себепті ол мәміле саясатқа көшіп жатыр. 2015 жылы Ресей президенті Владимир Путин мен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин ЕАЭО мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасын (ЖЖЭБ жердегі бағыты бойынша) жақындастыру бойынша ынтымақтастық туралы ортақ келісімге қол қойып, бір-бірінің кең ауқымды жобаларын өзара қолдайтынын растады<sup>391</sup>.

2017 жылы Еуразия экономикалық комиссиясы ЕАЭО мен ЖЖЭБ-ны түйістіру бойынша басым жобаларды таңдау критерийлерін әзірледі. Комиссия 39 инфрақұрылымдық жобадан тұратын тізімді ұсынды. Оның ішінде жол құрылысы мен оңтайландыру, көлік логистика орталықтарын құру және көлік тораптарын дамыту да болды. Бұл жобаларға мыналар кірді: Сары теңіздегі Ляньюньганды Балтық теңізіндегі Санкт-Петербургпен байланыстыратын Батыс Қытайдан Батыс Еуропаға автомагистраль; Мәскеу—Қазан жүрдек пойызы; Қытай — Қырғызстан — Өзбекстан темір жолы; Армения — Иран темір жолы<sup>392</sup>.

Батыс Қытай — Батыс Еуропа автомагистралі құрылысының аяқталуы Ресейдің жолдың өз бөлігін салуына байланысты (Қытай мен Қазақстан өз бөлігін 2014 және 2016 жылдары салған). Бірнеше жыл бойғы белгісіздіктен кейін автомагистраль 2018 жылы Путиннің 2024 жылға дейінгі дамудың ұлттық мақсаттары мен стратегиялық міндеттері жарлығында аталды<sup>393</sup>. Дегенмен 2019 жылы Ресей үкіметі Қытай, Қазақстан мен Ресей-Беларусь шекарасын байланыстыратын «Меридиан» автомагистралін жеке қаржыландыру көздерімен салуға рұқсат берді<sup>394</sup>. Қалған үш жоба әлі де қиын жағдайда. Мәскеу — Қазан жүрдек пойызының экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болуына қатысты айқындылық жоқ. Ал Қытай — Қырғызстан — Өзбекстан темір жолы мен Армения — Иран темір жолы жобалары келіссөз деңгейінде қалып қойды. Бұған қосымша, соңғысына қатысты Мәскеудің Ресейді, Әзербайжан мен Иранды байланыстыратын балама темір жол жобасын қолдауы да проблема болып отыр<sup>395</sup>.

Ресей ЕАЭО мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасының өзара бірге дамуына мүдделімін десе де, Қытайдың артып келе жатқан күші мен экономикалық экспансиясынан қауіптенеді. Сол себепті де Мәскеу оның күшін Қытаймен теңестіретін басқа да ірі ойыншылармен, әсіресе Азиядан өзара әрекеттестік қалыптастыру жоспарын ойлап табуға тырысып жатыр. 2016 жылы Петербургтегі халықаралық экономикалық форумда президент Путин Үлкен Еуразия аймағын құруды ұсынды. Бұл 40-тан астам елмен, оның ішінде Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ассоциациясымен (АСЕАН) еркін сауда туралы келісімге отыру арқылы ЕАЭО елдері желісін кеңейтетін еді. Бастапқыда мұндай келісімдер нормативтік актілерді жеңілдету мен біріздендіруге бағытталады (мысалы, инвестицияларға, зияткерлік мүлікке және техникалық, фитосанитариялық, кедендік талаптарға қатысты). Кейінірек олар тарифтердің төмендетуіне алып келіп, нәтижесінде еркін сауданың кең аймағын құруға алып келуі мүмкін.

Ресей Үлкен Еуразия үшін нормативтік база қалыптастыру ниетін білдіргенімен, 2018 жылдың мамыр айында Астана экономикалық форумында ЕАЭО мен Қытай арасында қол қойылған сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бұл бағытта ешқандай прогресс көрсетпеді. Бұл артықшылығы жоқ келісімнің мақсаттары әлдеқайда қарапайым: сауда саясатында ашықтықты арттыру және өзара түсіністікті жақсарту, белгісіз бір перспективада сәйкестік стандарттары, техникалық регламенттер мен бағалау процедураларын біртіндеп келісу<sup>396</sup>.

Қазақстан, керісінше, кеңейтілген экономикалық интеграцияны толық қолдайды. ЖЖЭБ іске қосылғанға дейін 2013 жылы (ол туралы хабарлама Астанада бекерден-бекер жасалмады) ол Қазақстанға Шығыс пен Батыс арасында көпірге айналуға көмектесетін көлік инфрақұрылымының құрылысы мен модернизациясы үшін едәуір қомақты қаражат салды. 2015 жылы Назарбаев пен Си ЖЖЭБ мен қазақстандық «Нұрлы



жол» экономикалық бағдарламасын біріктіру жоспары бар екенін хабарлады. 2014 жылы іске қосылған «Нұрлы жол» — ішкі көлік, өнеркәсіп пен энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға арналған 5 жылдық жоспар. Қазақстан мен Қытай үкіметтері құны 26 млрд АҚШ доллары болатын 51 жобадан тұратын тізім жасады. Бұл жобалар Қытайдың өнеркәсіптік күшін Қазақстанға да көшіруді қарастырды<sup>397</sup>. 2019 жылы Қазақстан Қытайдың экспорт-импорт банкінен 2 млрд юань (283 млн АҚШ доллары) несие алды<sup>398</sup>. Бұл — елдің юаньдай алған алғаш несие. Бұл қаражат ЕАЭО елдері шекараларындағы 10 бақылау-өткізу тармағын модернизациялауды қаржыландыру үшін алынды. Бұл ЕАЭО мен Қытайдың физикалық тұрғыдан ЕАЭО-ның тікелей қатысуынсыз қосылуындағы алғашқы қадам болды<sup>399</sup>.

Қалай десек те, Қытай мен Қазақстан арасындағы дамып келе жатқан ынтымақтастық та белгілі бір проблемаларға кезігіп жатыр. Ресей-Қытай қатынасындағы сияқты олар да сенімсіздікке негізделген. Бір жағынан, Қазақстан Қытай инвестицияларына ашық, екінші жағынан, ол Қытайдың елде болуы үшін кедергілер жасап отыр. Қытай азаматтарына Еуропа елдеріне, Жапонияға, Оңтүстік Кореяға, Австралияға, АҚШ пен Канадаға сияқты визасыз режим таралмайды. Қытай азаматтарына Қазақстанға виза алу қиын және Қазақстанның көші-қон полициясының рұқсатын талап етеді. Қытай инвесторы өздері мен еңбек мигранттарына виза алу қиын екенін алға тартып, бұл мәселені Қазақстандағы Қытай елшісі де көтерілген еді. 2016 жылдан бері қазақстандықтар үшін де Қытайға виза алу қиындай түсті.

Жалпы, Қазақстан Мәскеудің өзінің экономикалық интеграцияның аймақтық жобаларына қатысу ниетін білдіре отыра өзара әрекеттестіктегі саясаттандырылған әдіс қолдануымен келіспейді. Ресей проблема тудыруы мүмкін деп алаңдайды. Қытайдың алып көлемі мен оның коммерциялық экспансиясы да үкіметте алаңдаушылық тудырады.

## Қазақстан — Ресей басқаратын ЕАЭО құрылтайшыларының бірі, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына да белсенді араласып жатыр. Бұл Қазақстанды екі интеграциялық жобаға стратегиялық тұрғыдан тәуелді етеді.

### Әлемдік тәртіптегі Ресей, Қытай мен Қазақстан

Халықаралық жүйеде Ресей, Қытай мен Қазақстан ұстанымында өзара көп ұқсастық бар. Дэвид Керрдің терминін қолдансақ, үшеуіне де «егемен глобализатор» ретінде анықтама беруге болады. Олар «космо-политизмді қабылдамай жаһандануды қолдайды, бірақ жаһандануды егемендікті принцип пен іс жүзінде алға жылжыту және бекіту үшін ғана қабылдайды»<sup>400</sup>.

Үш мемлекет те халықаралық құқықтық тәртіп пен халықаралық қауіпсіздіктің жоғары органы ретінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің маңызына баса назар аударады. Бірақ сонда да авторитар мемлекеттер ретінде олар либерал құндылықтар мен либерал-демократиялық саяси тәртіптің әмбебаптығына қарсы шығады, мемлекеттің ішкі және сыртқы челленджерге қарсы тұра алу құқығын нығайтатын режимдерді қолдайды. Қазақстан Қытай, Ресей және ШЫҰ-ның басқа да мүшелерімен бірге 2015 жылы БҰҰ-ның Бас ассамблеясына ұсынылған ақпараттық қауіпсіздік саласындағы әрекет кодексінің бірлескен авторы болды. Бұл кодекс мемлекеттердің «ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тәуелсіз бақылау» құқығын және мемлекеттің «ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қоғамның барлық элементімен, оның

<sup>397</sup> Қасенова Н. (2017), 'China's Silk Road and Kazakhstan's bright path: linking dreams of prosperity' [Қытайдың Жібек жолы және Қазақстанның жарқын жолы: гүлдену туралы армандарды байланыстыру], Asia Policy 24: 103-09-беттер, ЦОИ:10.1353/asp.2017.0028, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>398</sup> 2019 жылғы 24 қазандағы айырбастау бағамы бойынша 1 юань: 0,1414 АҚШ доллары, дереккөз: Reuters (2019), 'Currencies' [Валюталар], <https://uk.reuters.com/markets/currencies>, (алынған күні: 24.10.2019).

<sup>399</sup> Т. Вааль (2019), 'Парламент ратифицировал соглашение с Китаем о займе в 2 млрд юаней' [Парламент Қытаймен 2 млрд юань қарыз туралы келісімді ратификациялады], Власть, 11.04.2019, <https://vlast.kz/novosti/32656-parlament-ratificiroval-soglasenie-s-kitaem-o-zajme-v-2-mlrd-uanej.html>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>400</sup> Kepp D. (2017), 'Central Asian and Russian perspectives on China's emergence' [Орталық Азия мен Ресейдің Қытайдың өрлеуіне көзқарасы, Халықаралық қатынастар, 86(1): 131-бет, ЦОИ:10.1111/j.1468-2346.2010.00872.x, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>401</sup> БҰҰ (2015), 'Letter dated 9 January 2015 from the Permanent Representatives of China, Kazakhstan, Kyrgyzstan, the Russian Federation, Tajikistan and Uzbekistan to the United Nations addressed to the Secretary-General' [Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстанның БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілдерінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы бас хатшының атына жазған хаты], <https://digitallibrary.un.org/record/786846>, (алынған күні: 25.08.2019).

<sup>402</sup> Тренин, Д. (2017), 'Russia's Evolving Grand Eurasia Strategy: Will It Work?' [Ресейдің Үлкен Еуразиядағы дамушы стратегиясы: жұмыс істей ме?], Карнеги Мәскеу орталығы, 20.07.2017, <http://carnegie.ru/2017/07/20/russia-s-evolving-grand-eurasia-strategy-will-it-work-pub-71588>, (алынған күні: 25.08.2019).  
тағы да Сурков В. (2018), 'The Loneliness of the Half-Breed' [Шатыстың жалғыздығы], Жаһандық саясаттағы Ресей, 28.05.2018, <http://eng.globalaffairs.ru/book/The-Loneliness-of-the-Half-Breed-19575>, (алынған күні: 25.08.2019)..

<sup>403</sup> Ло, Б. (2015), Russia and the New World Disorder [Ресей және жаңа әлемдік тәртіпсіздік], Лондон: Корольдік Халықаралық қатынастар институты және Балтимор: Брукингс институтының баспасөзі, 71–99-беттер.

ішінде азаматтық қоғамның жеке секторы мен институттарымен өз жауапкершілігін түсінуін» қамтамасыз ету рөлін айрықшалап көрсетеді<sup>401</sup>.

Дегенмен Ресей, Қытай мен Қазақстанның жаһандық тәртіп пен басқаруға қатысты тәсілдері өзгеше. Ресей — өзінің мәртебесін сақтап қалуға тырысатын бұрынғы супердержава. Оған қазіргі тәртіп ұнамайды; өзінің әсерін біртіндеп әлсіреткенде «барлық елді күшейтуді» сақтау туралы ритуалды риторикаға келуге мәжбүр. Сол себепті де оның халықаралық қатынастарды «демократиялануды» мақұлдауы шынайы естілмейді. Геосаяси және геоэкономикалық өзгерістерге бейімделе алмай және нағыз стратегиялық альянстарды қалыптастыра алмай ол өзінің «геосаяси жалғыздығы» мен батыс ережелерімен ойнаудан бас тартқанын мақтан тұтатын «оқшауланған державаға» айналды<sup>402</sup>.

Ресейдің жаһандық экономикалық басқаруға қатынасы шамадан тыс табиғи қорларға тәуелді жеткілікті түрде модернизацияланбаған экономиканың әлсіздігін көрсетеді. Бобо Ло атап өткендей, ол «тенденцияларды анықтаушы емес, негізінен қабылдаушыға» жатады, қазіргі жүйеге енгізілетін өзгерістер оған жақпауы мүмкін екенін түсінеді. Ресей қоғамдық игіліктер ұсынуға не климаттың өзгеруі, Африкадағы кедейшілік пен су тапшылығы сияқты жаһандық проблемаларды шешуге белсенді қатысуға аса құлықты емес. Бұл проблемалар «орыс элитасының (қоғамының) дискурсында байқалмайды» десе болады<sup>403</sup>.

Ресейдің күші конструктив болудың орнына азайып, бұзыла бастаса, Қытайда бұған қарама-қайшы тенденция байқалып отыр. Ол кеңею үшін қор мен саяси ерік жинап, енді екінші супердержаваға айналып барады. Бейжің бұл рөлге шындап дайындалып жатыр. Оны жаһандық басқару мәселелері, Қытайдың қандай рөл алуы керек екені, халықаралық жүйенің қандай элементтерін сақтап, қандайларын өзгерту керек екені алаңдатады. Ол өзін қоғамдық игіліктерді ұсынушы ретінде де ұсына бастады. Трансконтинентті байланысқа үлесін қосқан «Бір белдеу, бір жол» бастамасындағы Қытайдың рөлі қауіпсіздікті аймақтық және жаһандық деңгейде дамытуына қосқан зор үлесі ретінде қабылданады.

Қазақстан Ресей және Қытаймен салыстырғанда мүлдем басқа лигада орналасқан. Осындай екі алыптың ортасындағы проблемалы аймақта орналасқан Қазақстан олар сияқты күшке ие емес. Ол — әлемдік тәртіптен үлкен пайда ала алған, 1990 жылдардың басында пайда болған жас мемлекет. Бұл тәртіп пен онымен байланысты басқару институттары тәуелсіз Қазақстанға Ресей элитасының көзінде толық болмаса да, халықаралық қауымдастықпен танылатын егемендігін нығайтуға мүмкіндік берді. Қазақстан тәуелсіздігін сақтау үшін барлық сыртқы күшпен жақсы қатынас пен өзара әрекеттестік орнатуды қарастыратын көпвекторлы сыртқы саясатты ұстанды. Басшылық Қазақстанның жаһандық және аймақтық істерде жауапты әрі белсенді қатысушы ретінде қабылдануына талпынды. Билік жаппай қырып-жою қаруларын таратпау, жаһандық конфессияаралық диалог, еуразиялық интеграция, Сириядағы қақтығыстарды реттеу бойынша талпыныстар (соңғысы Астанадағы бейбіт келіссөздер кезінде іске асырылды) сияқты кең ауқымды бастамалар ұсынды.

Қазақстан жаһандық тәртіпте оның егемендігін нығайтатын және беделі мен әсерін арттыруға мүмкіндік беретін жағдайда орын алғысы келеді. Осы мүддені басшылыққа ала отыра, ол кейде Ресеймен әдеттегі жақын қарым-қатынасына қарамастан екі жақта қалып қояды. Мысалы, 2017 жылдың 12 сәуірінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері Сирияның Хан-Шейхун қаласына химиялық қару қолданыла отыра жасалған шабуылды айыптайтын және жағдаймен байланысты шұғыл түрде кедергісіз қол жетуді талап ететін қарарға дауыс берді. Қазақстан мен Қытай дауыс беруден қалыс қалды, ал Ресей қарарға қарсы дауыс берді. 2018 жылдың сәуірінде Астананың бұл дауыстан қалыс қалуы Мәскеуде біраз наразылық та тудырған еді.

Ұстанымдағы осыған ұқсас айырмашылықтар 10 жыл бұрын да байқалған. Ол кезде Қазақстан мен Қытай Ресейге қарсы Оңтүстік Осетия мен Абхазия сепаратистік республикаларын мойындаудан бас тартқан еді. 2008 жылдың тамыз айындағы ШЫҰ саммитінде олар Ресейдің сателлиттерін дипломатиялық танудан бас тартты. Қазақстан мен Қытайдың сепаратизмге қатысты қатынасы бірдей. Олар Косовоны да мойындамады. 2014 жылы Қырымның Украинадан бөлінуі және Ресей Федерациясына қосылуы туралы референдумға қатысты да екіншісін білдірді. 2014 жылдың наурыз айында Қытай да, Қазақстан да бөліну туралы референдумның заңдық күші жоқ деп танылған резолюция бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясында дауыс беруде қалыс қалды.

Жалпы, қазақстандық саясаткерлер Қытайдың әлемдік істердегі орнықтылығы мен байыптылығын бағалайтын сияқты. Ресеймен салыстырғанда Қытай әлемдік нарықтарға жайлы орныққан перспективалы және тез модернизацияланатын ел имиджін қалыптастырады. Қазақстанның талпынатыны да — осы. Бірақ бұл оған Қытай басымдық ететін тәртіпте қолайлы болады деген сөз емес.

## Қорытынды

Қазақстан тәуелсіздігінің үшінші онжылдығының соңына қарай екі алып көршісімен өзара әрекеттестік кезінде әлі де қиындықтар көріп отыр. Басшылық өзін Ресей және Қытаймен тату көршілік қатынастар орнаттық деп құттықтағанымен, Ресеймен «стратегиялық альянс» та, Қытаймен «стратегиялық серіктестік» те екі жақтан да сенім жеткіліксіз болғандықтан тежеледі.

Қазақстан 1990 жылдардың басындағы сияқты Ресейдің сыртқы саясатының империялық тенденциялары мен амбицияларына қатысты алаңдаушылық білдіреді. Қазақтар санының және Қазақстанның солтүстік аймақтарында этникалық қазақтар тығыздығының артуының арқасында, үкімет орыс азшылығының болуын бұрынғыша аса өзекті проблема ретінде қарастырмайды. Дегенмен Мәскеудің ішкі ақпараттық кеңістіктегі және жергілікті контент жасаудағы әлсіз тұстарды жалаңаштаған «ақпараттық соғыс» саласындағы айлашыл әдістеріне қатысты алаңдаушылығы бар. Ресейдің ақпарат пен медианы кең ауқымда бақылауда ұстаудағы жетістігі Қазақстанның мемлекеттік құрылысының әлі аяқталмағанын ашық көрсетті. Бұған этникалық орыстардың әлі де жалғасып жатқан сыртқы миграциясы дәлел.

Сыртқы күштер алдындағы осалдық 2019 жылдың наурыз айында Назарбаевтың отставкасынан кейін анық байқалды. Ол басым өкілеттігін сақтауда, ал ізбасары тұңғыш президенттің жолын жалғастыруға сөз беріп отыр. Үкімет ішкі саяси транзит кезінде және одан кейін де негізгі саясаттың жалғастырылуына сендіргісі келсе де, Назарбаев айналасында құрылған билік жүйесінің құлауы әбден мүмкін.

2008 жылғы Грузиядағы және 2014 жылғы Украинадағы дағдарыс Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігі негізделген сыртқы қолдау құрылымдарындағы, соның ішінде халықаралық шарттар, меморандумдар мен кепілдіктердің әлсіз тұстарын көрсетті. Ресейдің әрекетін болжау мүмкін емес болғандықтан және ол өзінің Батыс қоғамы алдындағы беделін уайымдамағандықтан, Қазақстанның маневр еркіндігі құқығын күмәнға алып, аймақта проблема тудыруы әбден мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

Бұл уақытта Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық айтарлықтай артты, алайда Шыңжаңдағы этникалық қазақтарды қудалау проблемасына қатысты ауырлық тудырып отыр. Қазақстан билігі ШҰАА (Шыңжаң Ұйғыр автономиялық аймағы) мен ол жақтағы оқиғалар Қытай үшін де күрделі проблема екенін түсінеді, бірақ қоғамдық пікірде негатив тудырған бұл проблеманы елемей де қоя алмайды. Қытайға қарсы көңіл-күй шетелдіктерге жер сатуға тыйым салуға алып келді.

Аймақтық экономикалық интеграция — Қазақстан экономикасының өміршеңдігін арттыру үшін және егемендігін қорғау үшін қолданатын құралдарының бірі. Бастапқыда ол еуразиялық экономикалық интеграцияның перспективаларымен, одан кейін Қытай басшылығымен жасалған ЖЖЭБ/«Бір белдеу, бір жол» бастамасымен шабыттанды. Біріншісіне Ресей–Украина дағдарысы мен одан туған Ресей мен Батыс арасындағы санкциялар мен контрсанкциялармен алмасуы кедергі келтірді. ЖЖЭБ/«Бір белдеу, бір жол» бастамасы Қытайдың ауқымды күші мен жасырын ниеті болу мүмкіндігі қаупімен әзірге іске қосылмай тұр. Бұл екі мегажобаның үйлесімдігіне және өзара даму риторикасына қарамастан, Мәскеу мен Бейжіңнің бір-бірінің мүдделерін ескеру мүмкіндігіне қатысты ешқандай сенімділік жоқ. Ресейдің де жеке даму жоспары үшін еуразиялық интеграция амбициясынан бас тартатыны байқалмайды.

Сонымен, жаһандық деңгейде Ресейдің, Қытай мен Қазақстанның халықаралық орны, қолданатын әдістері мен мақсаттары тұрғысынан ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтары да бар. Үшеуі де авторитар мемлекеттер. Үшеуінің де мемлекеттік мүддесі ел ішінде де, халықаралық деңгейде де табанды. Сол себепті де үшеуі өздерінің егемендігін қорғайтын халықаралық режимдерді қалыптастыруда бірдей көзқараста. Дегенмен үшеуінің жаһандық тәртіпке қатынасы әртүрлі. Қазақстан және оның көршілері үшін маңызды әрі алаңдаушылық тудыратын жайт — Ресейдің «территориялық тұтастық» пен «ішкі істерге араласпау» ұстанымдарына деген нақты ұстанымының болмауы. Бұл оны сенім артуға болмайтын одақтас әрі аймақтық держава ретінде қабылдауға мәжбүрлейді.

Қазақстан Қытайдың аймақтық және жаһандық тәртіпте артып келе жатқан рөлін мойындайды және бұдан пайда көргісі келеді. Дегенмен Қытай басым болатын тәртіптің Қазақстан мен оның азаматтарына не алып келетініне қатысты алаңдаушылық та жоқ емес. Бұл алаңдаушылықтар Назарбаев отставкасынан кейінгі саяси дамудың жаңа кезеңінде айрықшалана түсті.

**Қазақстан тәуелсіздігінің үшінші онжылдығының соңына қарай өзінің екі алып көршісімен өзара әрекеттестік кезінде әлі де қиындық көріп отыр.**



**Қазақстан Батыспен қарым-қатынас кезінде барынша сенімді халықаралық серіктес ретінде стратегиялық тұрғыдан құнды бедел қалыптастыруға көмектесетін кез келген мүмкіндікті пайдалануға тырысты. Дегенмен оған нишалы ойыншы имиджін қалыптастыру қиындау.**

<sup>404</sup> Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (2014), 2014–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасы, <http://mfa.gov.kz/en/content-view/kontseptsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg>, (алынған күні: 04.11.2019).

Көп жыл бойы Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен барынша салмақты халықаралық ойыншыға айналуға және мойындалуға тырысты. Қазақстандық шенеуніктер өзін халықаралық аренада көрсетудің кез келген мүмкіндігін әрдайым айрықша ынтамен пайдаланды. Елдің аймақтық және халықаралық жағдайын нығайтуға талпынысы Қазақстанның 2014–2020 жылдарға арналған сыртқы саясаты «концепциясының» бір бөлігі. Бұл жерде «Қазақстанның тұрақты халықаралық позициясы мен позитив жаһандық имиджіне» қол жеткізу ел саясатының басты бағыттарының бірі ретінде анықталған<sup>404</sup>.

Мойындауға қол жеткізу үшін Қазақстанның жоғары деңгейде өткізілген бірнеше іс-шарада қабылдаушы тарап болуы жеткілікті түрде тиімді болды. Мысалы, елде Сириядағы соғысты бейбіт жолмен реттеуге қатысты келіссөздер, EXPO-2017, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтті. Сонымен қатар, Қазақстан 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын өткізуге үміткер елдердің қатарында болды, бірақ Бейжіңге ұтылды.

Бұл талпыныстар жалпы әлемдік аудиторияға бағытталса да, Қазақстанның әлі де, ең әуелі, Батыстың мойындауы мен жақсы қатынасы үшін жасалып жатыр. Бәлкім, бұл Мәскеудің Қазақстан мен оның халқына қатысты баяғы жасырын менсінбей қарауының (негізінен орыстардың Қазақстан Кеңес үкіметіне мүше болған кездегі сауатының төмендігі туралы естеліктерінен) салдары шығар. Дегенмен Батыс Қазақстанның бұл талпыныстарын ел басшылығы күткеннен суығырақ қабылдады.

1991 жылы Батыс елдері Қазақстанды басқа да бұрынғы кеңестік республикалармен тең дәрежеде тәуелсіз ел ретінде қабылдады. Бастапқыда ел өзіне Кеңес үкіметінен мұрагерлікке қалған ядролық қару қорымен және негізінен игерілмеген мұнай қорымен ерекше көзге түсті. Дегенмен ядролық қару тез арада жойылды, ал мұнай геосаясаты 2000 жылдардың соңына қарай сарқылды десе

<sup>405</sup> Деврой А.(1991), 'Kazakhstan Keeping Nuclear Arms, Republic's President Tells Baker' [Қазақстан ядролық қаруды өзіне қалдырады, деп мәлімдеді Республика президенті], Washington Post, 18.12.1991, <https://nsarchive2.gwu.edu/NunnLugar/2015/03.%201991-12-18%20Washington%20Post%20Article%20by%20David%20Hoffman.%20Kazakhstan%20Keeping%20Nuclear%20Arms.%20Republic's%20President%20Tells%20Baker.pdf>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>406</sup> Бұл жиында АҚШ-тың Кеңес Одағындағы соңғы елшісі және Ресей Федерациясындағы бірінші елшісі Роберт Страус болды. Сол кезде Назарбаев эвкалипт сыпырғышын алып, моншадағы әдет бойынша Бейкердің арқасы мен аяқтарын ұрғылай бастайды. Осы да жетеді деген Страус жуынатын жерден шығып кетеді. Сыртта ол күзетке қалжыңдап былай деген: «Мені АҚШ президентімен телефон арқылы байланыстырыңдар. Оның мемлекеттік хатшысын тырдай жалаңаш күйде Қазақстан Президенті сабап жатыр», Бейкер, Дж.А. (1995), The Politics of Diplomacy [Дипломатия саясаты], Нью-Йорк: Putnam Adult, 538–39-беттер.

болады. Нәтижесінде Қазақстанның халықаралық беделін арттыруға көмектесетін құралдары азайды. Елдің АҚШ пен оның одақтастары Ауғанстанға жіберетін тауар үшін транзиттік бағыт ретінде рөлін сақтап тұруына қарамастан, Батыстың Қазақстанға қызығушылығы 1990 жылдардан бері бір артып, бір азайып отырды.

Қазақстанның Батысқа қызығушылығы да бұл уақыт аралығында өзгерді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдар республика Батыс құндылықтарына талпынатын, Қазақстанға келіп демократия бойынша ескертпелерін айтатын Батыс кеңесшілеріне ешқандай наразылығы болмайтын.

Бұл динамика 11 қыркүйектегі терактіден кейінгі геосаяси өзгерістер нәтижесінде өзгерді. Қазақстан АҚШ-тың Ауғанстандағы кампаниясын белсенді түрде қорғады, бұл батыс саясаткерлерінің Қазақстанның демократиялық кемшіліктеріне қатысты сынын азайтуға түрткі болды. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін демократиялық құндылықтар негізінен саяси басқару туралы жарияланымдардағы жай сөз, ал Батыспен әріптестік қатынас Ресейдің әсеріне қарама-қарсы қолданылады.

### Бастапқы кезең мен Американың құшағы

Қазақстан тәуелсіздігін 1991 жылдың 16 желтоқсанында жариялады. Келесі күні АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер президент Назарбаевпен кездесу үшін Алматыға (ол кезде Алма-Ата) келді. АҚШ аймақта қандай да бір жаңа ядролық державаның пайда болуын қаламайтындықтан, Бейкер Қазақстанның ядролық қаруы Ресейдің бақылауында қалатынына және оның таралмауына шаралар қолданылатынына кепілдік болғанын қалады<sup>405</sup>.

Кейінірек Бейкер бұл сапары мен Назарбаевпен әңгімелері туралы «Дипломатия саясаты» атты мемуарында толығырақ жазған. Белгісіздік кезеңі еді, ал АҚШ үшін бұл ставка жоғары болды. Екеуінің бірінші кездесуі одан бірнеше ай бұрын өткен. Ресми кездесуден кейін Назарбаев Бейкерді президент моншасына — «шығыс стиліндегі» саунаға шақырған, ол жерде олар демалып, шарап ішкен<sup>406</sup>. Бастапқы кездегі бұл ресми және бейресми кездесулер АҚШ пен Қазақстан арасындағы қатынасты нығайтуға көмектескен. Бұл кездесулердің стилі арқылы АҚШ Қазақстанға басқа мемлекеттермен қарым-қатынасты сақтау және дамыту, нақтылап айтқанда, бұны қонақжайлық пен жеке қатынас арқылы екіжақты негізде іске асыру ұнайтынын түсінді. 1991 жылдың 25 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекет АҚШ болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан әлем бойынша төртінші ядролық державаға айналды. Оның арсеналында 1410 (бұрынғы кеңестік) стратегиялық ядролық оқтұмсық, саны жарияланбаған тактикалық ядролық қару мен құпия өндірістік нысандар болды.

Елдің солтүстік-шығысындағы Семейде полигон ретінде атақты болған әлем бойынша ең ірі ядролық қару сынақтарының бірі орналасты. Ол жерде 40 жыл ішінде 456-дан кем емес жерасты және жерүсті сынағы өткізілген. Семей маңындағы және Өскемендегі металлургия зауытында 20 шақты ядролық жарылғыш зат әзірлеуге жеткілікті жоғары байытылған уран болды. Степногорск қаласында биологиялық қару өндірісі зауыты да болған.

Назарбаев Семей полигонын 1991 жылы тамыз айында Кеңес үкіметі ыдырай бастаған кезде жапты. Тәуелсіздік алғаннан кейін ерікті түрде өз ядролық арсеналынан бас тартты.

Назарбаевтың ресми биографиясында Джонатан Айткен Қазақстан президентін былай сипаттайды:

... халықаралық деңгейде мойындалу, орнықтылық, инвестициялар мен қауіпсіздік. Бұл мақсаттар ядролық арсеналды сақтаумен

үйлеспегендіктен, бұл Қазақстанды тез арада пария ел ретінде оқшаулауға алып келетін еді. Сол себепті саяси реализм мен моральдық идеализм себептерімен Назарбаев өз елін ядролық қарусыздандыруға батыл кірісті.<sup>407</sup>

## **2014 жылы жобаның іске асырылғанына 20 жыл толғанда америкалық саясаткерлер мен сарапшылар Қазақстанның АҚШ-пен жаңа қарым-қатынасына батыл түрде сенім артқанын және ядролық қаруды жасауға тырысатын елдерде қауіпті материалдардың таралуының алдын алуға көмектескенін тағы бір мәрте жоғары бағалады.**

1994 жылы АҚШ мұның орнына Қазақстанға беретін көмегін айтарлықтай арттыратынын хабарлады.

1992–2010 жылдар аралығында АҚШ бюджетінен Қазақстанға 2,05 миллиард АҚШ доллары бөлінді. Қазақстан мұндай көмек алу бойынша бұрынғы КСРО-ның 12 мемлекеті арасында бесінші орында тұрды<sup>408</sup>. Бұл көмектің басым бөлігі АҚШ-тың Қазақстанға жаппай қырып-жою қаруы мен онымен байланысты инфрақұрылымдарды жою арқылы қауіпті екіжақты азайту бойынша Нанна-Лугара бағдарламасын іске асыруға жұмсалды. Мысалы, 1995–2001 жылдар аралығында АҚШ Қазақстанға ядролық сынақтарға арналған 13 ұңғыма мен 181 туннельді герметизациялауға көмектесті<sup>409</sup>. Соңғы ядролық оқтұмсықтар Қазақстаннан Ресейге 1995 жылы шығарылды.

Бағдарлама жетістіктерінің бірі де 600 кг жоғары байытылған уранды Өскемендегі зауыттан Теннесидегі Окрида ұлттық зертханасына сақтығын қамтамасыз ету үшін тасымалдау бойынша 1994 жылғы қарашадағы АҚШ пен Қазақстан арасындағы құпия операция — «Сапфир» жобасы болды. Бұл жағдай АҚШ бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстанға қатысты көп тілге тиек болған алғашқы оқиғалардың бірі болды.

2014 жылы жобаның іске асырылғанына 20 жыл толғанда америкалық саясаткерлер мен сарапшылар Қазақстанның АҚШ-пен жаңа қарым-қатынасына батыл түрде сенім артқанын және ядролық қаруды жасауға тырысатын елдерде қауіпті материалдардың таралуының алдын алуға көмектескенін тағы бір мәрте жоғары бағалады. Олар бұрынғы мемлекеттік хатшы Бейкердің Назарбаевпен ядролық қаруды жоюға және энергетикалық ынтымақтастыққа қатысты жедел түрде келіссөздер жүргізуіндегі еңбегін айрықша атап өтті<sup>410</sup>. Ақылға қонымды әрі жауапты әрекетінің арқасында Қазақстанның беделі жоғарылады, Назарбаев та мұны пайдаланып, елді ядролық қаруды таратпау және қарусыздандыру жаһандық режимінің белсенді қолдаушысына айналдырды. Қазақстанның бұған моральдық тұрғыдан құқығы бар деді<sup>411</sup>. Бұл саладағы ел бастамаларының бірі 2006 жылы Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ құру болды. Бұл Қазақстанның 2012 жылы АТОМ (Abolish Testing. Our Mission — «Біздің миссия — сынақтардан бас тарту») жобасын іске қосуға алып келді. Оның мақсаты — ядролық сынақтардан түбегейлі бас тарту мен ядролық қаруға жан-жақты тыйым салуды қолдауға әлемдік қоғамдық пікірді жұмылдыру.

2017 жылы Назарбаев және АТОМ жобасының құрметті елшісі мен ядролық радиациядан зардап шеккен Кәріпбек Күйіков ядролық қарусыздандыруға қатысты талпыныстары үшін Нобель сыйлығына ұсынылды.

<sup>407</sup> Айткен, Дж. (2009), *Nazarbayev and the Making of Kazakhstan* [Назарбаев және Қазақстанның жасампаздығы] қараңыз, Лондон/Нью-Йорк: Континуум, 140–41-беттер.

<sup>408</sup> Никол Дж. (2013), *Kazakhstan: Recent Developments and U. S. Interests* [Қазақстан: соңғы оқиғалар және АҚШ-тың мүддесі], Вашингтон, Колумбия округі: Конгресстің зерттеу қызметі, 22.07.2013, 23-бет, <https://fas.org/sgp/crs/row/97-1058.pdf>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>409</sup> Ядролық қауіп-қатерді қысқарту жөніндегі бастама (2019), 'Nuclear Disarmament Kazakhstan' [Қазақстанның ядролық қарусыздануы], 02.01.2019, <https://www.nti.org/analysis/articles/kazakhstan-nuclear-disarmament/>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>410</sup> Кортни У., Кох С. и Старр Дж. (2014), 'Celebrating the Success of Project Sapphire' [«Сапфир» операциясындағы сәттілікті тойлау], *The National Interest*, 21.11.2014, <https://nationalinterest.org/feature/celebrating-the-success-project-sapphire-11709>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>411</sup> Пиллаламарри А. (2016), 'Does Kazakhstan Get Nuclear Nonproliferation?' [Қазақстан ядролық қаруды таратпау жолын таңдады ма?] *The Diplomat*, 02.04.2016 <https://thediplomat.com/2016/04/does-kazakhstan-get-nuclear-nonproliferation/>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>412</sup> Қазақстан тарихы (2014), 'Халықаралық қауымдастықтың Қазақстанның тәуелсіздігін мойындауы', 15.12.2014, <https://e-history.kz/en/publications/view/879>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>413</sup> Бұл Қазақстан 2002 жылы берілген Еуропалық футбол қауымдастықтары одағына (УЕФА) мүшелікке қабылдау туралы өтінішін қолдау үшін қолданған негізгі аргументтердің бірі болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Орталық Азияның қалған төрт мемлекетімен бірге Азия футбол конфедерациясына (AFC) қосылды.

<sup>414</sup> Оспанова Б., Садри Х.А. и Елмурзаева Р. (2017), 'Assessing EU perception in Kazakhstan's mass media' [Қазақстандық БАҚ-та ЕО қалай қабылданып отыр], Еуразиялық зерттеулер журналы, 8(1): 75-бет, ЦОИ:10.1016/j.euras.2016.08.002, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>415</sup> Сонда.

## Ұстамды еуропалық серіктес

Бірнеше еуропалық мемлекет те Қазақстанның тәуелсіздігін тез арада мойындап, онымен дипломатиялық қатынас орнатты. 1991 жылы 31 желтоқсанда Еуропада Қазақстан тәуелсіздігін бірінші болып Германия мойындады; кейінірек бұл оларға дипломатиялық дивидендтер ұсынады, себебі қазақстандық шенеуніктер Қазақстанның егемендігін қай елдер белсенді, қай елдер сылбыр түрде мойындағанын қалт жібермей қадағалап отырды. Мысалы, Ұлыбритания 1992 жылдың 19 қаңтарында, Франция 1992 жылдың 25 қаңтарында, Испания 1992 жылдың 11 ақпанында дипломатиялық қатынас орнатқан. Ұзақ жыл бойы Алматыдағы Орталық мемлекеттік музей Қазақстанның тәуелсіздігін кім қашан мойындағаны көрсетілген ұзын тізімді мақтанышпен көрсетіп жүрді<sup>412</sup>.

АҚШ-қа қарағанда Еуропа мемлекеттері мен ЕО Қазақстанды алыстағы субъект ретінде қарастырып, онымен байланысты Мәскеудегі не Анкарадағы елшілік арқылы орнатты. Ұлыбритания мен Франция ғана Қазақстанның мұнай мен газ қорына қызығушылық танытты. Германия Қазақстанға және жалпы аймаққа шындап көңіл бөлді.

1990 жылдары Орталық Азияның бес мемлекетінде осы елдің ғана елшілігі болды. Германия мен Қазақстан арасындағы ерекше байланыс елде 1 миллионға жуық этникалық немістің тұруымен де байланысты болды. Алдағы жылдары бұлардың басым бөлігі неміс үкіметінің қаржылық және материалдық-техникалық көмегімен өздерінің тарихи отандарына оралу үшін Қазақстаннан көшеді.

Осы уақыт ішінде Қазақстан мәдени және географиялық байланысты АҚШ-қа қарағанда Еуропадан жақсырақ сезінді. Мүмкін бұл Қазақстанның кеңес билігі кезінде орыстануы мен еуропалық мәдениетке еліктеуі керек алтын стандарт ретінде қарастыруына байланысты болар. Олай деп, тым құрығанда, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығына қатысты айтуға болады. Сонымен қатар, Қазақстанның ауқымды территориясының батыстағы бір бөлігі Еуропаның бөлігі болып саналады<sup>413</sup>. Орналасқан жерінің трансконтинентті болуы арқасында Қазақстан өзін Шығыс пен Батыс арасындағы көпір ретінде көрсетеді, мұны елде түрлі халықаралық бастамалар мен іс-шараларды өткізу үшін де дәлел ретінде қолданады.

Қазақстанның ЕО-мен қарым-қатынасы 1995 жылғы 23 қаңтарда қол қойылып, 1999 жылы 1 шілдеден бастап күшіне енген Серіктестік пен ынтымақтастық келісімімен анықталған. Бұл келісім демократияны саяси диалог және экономиканы дамыту мен нарықтық экономикаға көшуде елге көмектесу арқылы шоғырландыру бойынша Қазақстанның талпыныстарын қолдауға негізделген қарым-қатынас құрылымын қамтамасыз етті.

Ол уақытта ЕО Орталық Азиядағы басты донорлардың бірі болды. 1991–2003 жылдар аралығында ол аймаққа 1 млрд еуро бөлді, оның 465 млн еурасы TACIS (Тәуелсіз мемлекеттер ынтымақтастығына техникалық көмек) бағдарламасы аясында бөлінді. Бұған қарамастан, 1990 жылдар басында Қазақстан халқының көбінің ЕО туралы шектеулі түрде ғана хабары болды. Еуроодақ көп жерде атала бермеді. Жергілікті газеттер Еуропаның жеке мемлекеттерімен екіжақты қатынас туралы жазып, ЕО-мен ынтымақтастықты елей бермеді<sup>414</sup>. Бастапқыда бұқаралық ақпарат құралдары негізінен ішкі саясат туралы ғана жазатын, ал Қазақстанның сыртқы саясатына қатысты жарияланымдар өте сирек болатын. Халықаралық қатынастар туралы репортаждар негізінен елдің шетелдік серіктестермен екіжақты қатынасынан, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) аясындағы өзара әрекеттестігі не шетелде тұратын этникалық қазақтардың проблемаларынан ғана тұратын.

ЕО туралы Қазақстандағы жалғыз дерек көзі үкіметтік газеттер ғана еді. Оппозициялық БАҚ негізінен ішкі саясатқа ғана негізделетін<sup>415</sup>.



Уақыт өте келе, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары ЕО туралы екі түрлі жаза бастады. Ресми газеттер ЕО-ның Қазақстанмен не Орталық Азиямен ынтымақтастығына жалпылама қарады. Мысалы, олар ЕО мен Қазақстан арасындағы жүйелі екіжақты кездесулермен қатар ЕО институттарының Орталық Азия республикаларының делегацияларымен келіссөздері туралы хабарлап тұрды. Оппозициялық газеттер болса, ЕО саясаты мен экономикасы туралы, оның ішінде еуроаймақтағы дағдарыс не мүше елдердегі сайлау сияқты ЕО-ның ішкі экономикалық проблемалары туралы да жариялап тұрды<sup>416</sup>.

Еуроодақ Орталық Азияға 11 қыркүйектегі АҚШ-қа қарсы терактіден кейін ерекше көңіл бөле бастады. 2007 жылдың маусым айында Германияның ЕО-дағы алты айлық төрағалығы кезінде әдетте «Орталық Азия стратегиясы» деп аталатын Орталық Азиямен жаңа серіктестік бойынша ЕО стратегиясы қабылданды.

### Мұнай және қауіпсіздік саласы: Батыстың назарында

Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемде 12-орында тұр. Бұл оны халықаралық мұнай компаниялары үшін, әсіресе АҚШ пен Ұлыбритания үшін тартымды етті. 1993 жылдың сәуір айында «ғасыр мәмілесі» деп аталатын Теңіз алып мұнай кен орнын әзірлеу туралы Қазақстанмен келісімге отырған америкалық Chevron мұнай алыбы болды. Осы мәміледен кейін Қазақстан мен жалпы бұрынғы Кеңес үкіметі территориясына шетелдік инвестициялар тартыла бастады.

Батыстың басқа да мұнай компанияларымен келісімшарттар жасала бастады. Олардың технологиялары, тәжірибесі мен қаржылық мүмкіндіктері Ресейден әлдеқайда алда болды. Қазақстанға бұл компаниялар Кеңес үкіметі тарағаннан кейін өз экономикасын қалыпқа келтіру және дамыту үшін қажет еді. Ал батыстың мұнай компаниялары шоғырларды барлауда жолы болады деп үміттенді. Оларға Қазақстан өздерінің мұнай қорларын толықтырып тұру үшін жаңа кен орындарына деген үздіксіз сұраныстарын қанағаттандыра алуы үшін қажет еді.

1990 жылдардың ортасынан бастап Қазақстандағы мұнай өндірісі төрт есеге артты: қазіргі таңда Қазақстан — әлем бойынша 13-ші ірі мұнай өндіруші ел, күніне 1,9 млн баррель (91,2 млн тонна) өндіреді (2018 жылы)<sup>417</sup>. Дегенмен Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған сынды ірі мұнай кен орындарын ашу туралы келісімшарттарға қол қойылғаннан кейін және Қазақстан мен Әзербайжаннан жаңа құбырлар құрылысына қатысты АҚШ пен Ресей арасындағы онжылдық бәсекелестік аяқталғаннан кейін, Батыстың мұнай компанияларының назары басқа аймақтарға ауды. АҚШ үкіметі тарапынан да қызығушылық азайды. Мысалы, Каспий теңіз құбырларына қатысты Вашингтонның дипломатиялық талпыныстарын қолдау мақсатында арнайы құрылған еуразиялық энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі АҚШ арнайы елшісі лауазымы жойылды. Батыс бағыты үшін АҚШ ашық күрескен Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры 2006 жылы ашылғаннан кейін Каспий теңізі мұнайын барлауға қатысты 1990 жылдардың екінші жартысынан басталған қаншама жылғы дүрлігуді бітірді. Сол кезден бастап Қытай Қазақстанның мұнай өнеркәсібінде айтарлықтай жетістікке жетті<sup>418</sup>.

11 қыркүйектен кейінгі Ауғанстандағы АҚШ басқаруындағы соғыс бүкіл әлемнің назарын Орталық Азияға аударды. Соғыс әрекеттеріне жақын орналасқан Өзбекстан мен Қырғызстанға қарағанда, Қазақстан Батыстың әскери базасына алаң ретінде таңдалмады. Бастапқыда ол АҚШ басқаратын коалицияның жауап әрекеттері шегінен де тыс қалды. Дегенмен Қырғызстан мен Өзбекстандағы әскери базалар жабылғаннан кейін қаншама жыл өткен соң да Қазақстан коалицияға жүктерді өз территориясы арқылы Өзбекстанға, одан әрі Ауғанстанға тасымалдауға рұқсат беру арқылы елеулі үлесін қосуын жалғастырып жатыр. Осы рөлі үшін Қазақстан АҚШ президенті Дональд Трамптан жоғары баға алған еді.

<sup>416</sup> Сонда, 76-бет.

<sup>417</sup> BP (2019), BP Statistical Review of World Energy [BP әлемдік энергетикаға статистикалық шолуы], 68-басылым, London: BP, 16–17-беттер, <https://www.bp.com/content/dam/bp/business-sites/en/global/corporate/pdfs/energy-economics/statistical-review/bp-stats-review-2019-full-report.pdf>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>418</sup> Қазақстан тәуелсіздік алған кезде Ресейдің Самарасына дейін баратын қуаттылығы төмен құбырдан басқа мұнай экспорттайтын құбыры болған жоқ. Теңізге шыға алмайтын ел болғандықтан, бұл проблема еді. Мұнай өндірісі өскен сайын, шикі мұнайды нарыққа шығарудың жаңа жолдарын іздеу керек болды, жетекші шетелдік мұнай компаниялары мен үкіметтері Қазақстанның энергетикалық қорының бір бөлігі үшін қызу бәсекеге түсуге мәжбүр. 2001 жылы Каспий Құбыр Консорциумының (КҚК) құбырының ашылуы Қазақстан үшін үлкен жетістік болды. Бұл мұнай құбыры елдің батысынан Ресейдің Қара теңізіндегі Новороссийск қаласына дейін созылады. Ресейдің монополиясын бұзуға ниет білдірген Еуропа, дәлірек айтқанда, АҚШ тағы бір мұнай құбырын салып, лобби жасау үшін бар күшін салды, бұл Ресей аумағы арқылы солтүстікке емес, батысқа қарай, яғни Еуропаға қарай бағытталады. КҚК құбыры Қазақстанның жылдық мұнай өндірісінің шамамен 60%-ын экспорттады. Reuters (2019), 'CPC pipeline exports 61.1 mln T of oil in 2018, sees 11 pct rise in 2019' [KTK құбыры 2018 жылы 61,1 млн тонна мұнай экспорттады, 2019 жылы 11 пайыздық өсім байқалады], 10.01.2019, <https://ru.reuters.com/article/companyNews/idUKL8N1ZA2EZ>, (алынған күні: 27.08.2019).



<sup>419</sup> Еуропалық Комиссия (2003), 'Commission approves EUR 50 million package to support Central Asian countries in regional co-operation and transition to a market economy' [Комиссия өңірлік ынтымақтастық және нарықтық экономикаға өтуде Орталық Азия елдерін қолдау үшін 50 млн еуро пакетін бекітеді], Брюссель: Еуропалық комиссияның баспасөз релиздерінің деректер базасы, 05.09.2003, [http://europa.eu/rapid/press-release\\_IP-03-1209\\_en.htm](http://europa.eu/rapid/press-release_IP-03-1209_en.htm), (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>420</sup> Еуропалық сыртқы істер қызметі (2009), The EU and Central Asia: The New Partnership in Action [ЕО және Орталық Азия: қолданыстағы жаңа серіктестік], Брюссель: ЕCIК, 7-бет, [https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/the\\_european\\_union\\_and\\_central\\_asia\\_the\\_new\\_partnership\\_in\\_action.pdf](https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/the_european_union_and_central_asia_the_new_partnership_in_action.pdf), (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>421</sup> Рассел М. (2019), The EU's new Central Asia strategy [ЕО-ның Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы], Брюссель: Еуропалық парламенттің зерттеу қызметі, 1-бет, [http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2019/633162/EPRS\\_BRI\(2019\)633162\\_EN.pdf](http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2019/633162/EPRS_BRI(2019)633162_EN.pdf), (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>422</sup> Боонстра Дж. (2018), 'Towards a new EU Strategy for Central Asia' [ЕО-ның Орталық Азиядағы жаңа стратегиясын құру жолында] 18-басылымы, 2-бет, <https://eucentralasia.eu/2018/02/towards-a-new-eu-strategy-for-central-asia/>, (алынған күні: 27.08.2019).

2018 жылдың қаңтар айында Назарбаев Дональд Траппен алғашқы кездесу үшін Вашингтонға ұшып барды. Назарбаев үлкен Джордж Буштың кезінен бастап АҚШ-тың әр президентімен кездесіп отырды. Трамп пен Назарбаев АҚШ пен Қазақстан арасындағы ХХІ ғасырдағы «кеңейтілген стратегиялық серіктестігін» талқылады және бір-бірі туралы мақтау айтты. Траппен қатынас өзiрге бiрқалыпты. АҚШ-тың басқа президенттерімен салыстырғанда, ол Қазақстаннан оның демократиялық сәтсіздіктеріне және адам құқықтарының бұзылуына байланысты ештеңе талап етпеді. Олардың кездесуі кезінде Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде ротациялық лауазымға ие болатын. Бұл Қазақстанда сыртқы саясаттағы жетістік түрінде қарастырылды.

Президенттердің кездесуінен екі ай өткеннен кейін қазақстандық заңнама АҚШ-қа Каспийдегі Ақтау мен Құрық порттарын Ауғанстанға әскери емес техниканы жеткізу үшін транзиттік бағыт ретінде қолдануға рұқсат етті. Бұл АҚШ-қа бұған дейін транзиттік бағыттар ұсынған Ресейді айналып өтуге мүмкіндік берді. Ауғанстанда әлі де бейбітшілік орнамады, алайда халықаралық назар әлсіреді десе болады. Назар Иран, Солтүстік Корея мен Сирияға ауысты.

Кейінгі кездері Қазақстан әлемдік БАҚ-та Байқоңырда зымырандар мен спутниктер ұшқанда; сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты; 2019 жылғы президенттік сайлауы сынды қандай да бір маңызды оқиғалар кезінде ғана; және кейде 2 жылдан бері жалғасып келе жатқан Астанадағы (қазір Нұр-Сұлтан) Сирия келіссөздері туралы хабарлаған кезде ғана аталады.

### Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы қатынас

11 қыркүйектен кейін ЕО аймақта TACIS жаңа көмек стратегиясын қабылдап, өзінің көмек бюджетін екі есе арттырды. Оның басты үш мақсаты мынандай болды: қауіпсіздікті қолдау және қақтығыстардың алдын алу, саяси және әлеуметтік шиеленіс кездерін жою, сауда мен инвестиция үшін климатты жақсарту<sup>419</sup>. Дегенмен қаржыландыруды ұлғайту туралы хабарлама ЕО-ның нақты салымдарына қарағанда жалған болып шықты, себебі екі еселенген соманың өзі небәрі 50 млн еуро ғана болды.

Бірнеше жылдан кейін, 2007 жылы 27 маусымда ЕО-ның Орталық Азиямен жаңа серіктестігі бойынша ЕО стратегиясы қабылданды. Бірінші рет бұл ЕО-ға оның Орталық Азияға қатысты саясатына кеңейтілген мүмкіндіктер ұсынды. ЕО бұны «қатынастарының артуы» деп атады<sup>420</sup> және аймақтағы дипломатиялық қызмет пен даму салаларындағы ЕО көмегі үшін басымдықтарды анықтады. Бұл басымдықтарға қауіпсіздік, адам құқықтары, экономикалық дамуға көмектесу, көлік және энергетикалық байланыстарды дамыту, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жатты. Жаңа стратегия Орталық Азияға көмектің 2007-2013 жылдар аралығында 750 млн еуроға дейін артуын қарастырды.

Стратегияны сәтті я сәтсіз болды деп айту қиын. 12 жыл өткеннен кейін 2019 жылдың қаңтарында Еуропалық парламенттің зерттеу қызметі (ЕПЗҚ) «бұл басым салалардағы прогресс біркелкі болмады» деп хабарлады. Ол кезде анықталған проблемалар әлі де өзекті. Жетістікке мысал ретінде Еуроодақтың аймақпен дипломатиялық байланыстарды күшейтуі келтірілді<sup>421</sup>. Стратегияға қатысты көптеген сыни ескертудің арасында ЕО-ның әрекеттер жоспарын ұсына алмауы не бағыттарды анықтай алмауы сияқты, олардың тым кең көлемде болуы сияқты ескертулер де болды<sup>422</sup>.

ЕПЗҚ адам құқығы, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша талпыныстар мен экономиканы әртараптандыру салаларында осы жылдар ішінде көп өзгеріс бола қоймағанын атап өтті. Дегенмен бұл аспектілер ЕО бақылауынан тыс және оларда нәтиже болмағаны үшін стратегияны кінәлауға болмайды. Қазақстандағы сот реформалары мен

қайта қалпына келетін энергия көздері бойынша бағдарлама сияқты жақсартулар ЕО-ның қатысуы кейбір мәселелер бойынша ойлауды ақырындап өзгертуіне әкелгенінің белгісі ретінде қабылданды<sup>423</sup>. Дегенмен бұл бағалау қалағанды шындық түрінде қабылдау ғана. Мысалы, Қазақстандағы қылмыстық әділет жүйесіндегі реформалар ЕО қолдауына қарамастан құқық үстемдігі әлсіз күйі қалып отыр.

ЕО-ның Орталық Азия бойынша стратегиясының кей сала бойынша қарым-қатынасы нығая түсті. Дегенмен, жалпы жағымды риторикаға қарамастан, ЕО аймақты, нақты айтқанда Каспий теңізінен шығысқа қарай елдерді меңіреу елдер ретінде қабылдады. Бұл стратегияға бөлінетін уақыт пен қаржы ЕО-ның Шығыс серіктестігі елдеріне: Армения, Әзербайжан, Беларусь, Грузия, Молдова мен Украинаға бөлінетін уақыт пен қаржыдан әлдеқайда аз еді.

2014–2020 жылдар аралығында ЕО даму мақсатында Орталық Азиямен ынтымақтастыққа 1,1 млрд еуро, оның ішінде 454 млн еуроны аймақтық бағдарламаларға бөлді<sup>424</sup>. 2015 жылдың желтоқсан айында Астана мен Брюссель алдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (КСЫК) қол қойды, алайда осы тарау жазылып жатқан кезде Еуроодаққа ЕО-ның барлық мүше елінің КСЫК-тың ратификациясын аяқтауын растауы керек болды.

Бұл ретте Қазақстанның Назарбаев кезінде көпжақты қатынастарға қарағанда екіжақты не жеке қатынастарды таңдағанын атап өту керек. Мысал ретінде 2012 жылғы Берлин еуразиялық клубының құрылуын келтірсе болады. Қазіргі уақытқа дейін бұл клуб ЕО-ның барлық елі кірген клубпен салыстырғанда 27 отырыс өткізді. Бұл тенденция президент Қасым-Жомарт Тоқаев кезінде де жалғасын табуы мүмкін. Ол өзінің мемуарында сыртқы істер министрі қызметін атқарған кездері туралы естеліктерінде Тоқаев Назарбаевтың кіші Джордж Бушқа президент кеңсесінен кеткеннен кейін аңшылық құралдарын сыйлағанын еске алады<sup>425</sup>. Орталық Азия мәдениетінде жеке қарым-қатынас құру институттық байланыстар орнатудан гөрі әлдеқайда маңызды.

2019 жылдың 15 мамырында Еуропалық комиссия мен ЕО-ның сыртқы істер мен қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғары өкілі «ЕО және Орталық Азия: барынша мықты серіктестік үшін жаңа мүмкіндіктер» атты жаңартылған стратегияны қабылдады. Жаңа стратегияны әзірлеу 2017 жылы басталған еді. Орталық Азияның ЕО үшін маңызы артты, аймақтағы динамика өзгерді және Қазақстан Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға көмектесе алады деген түсінік қалыптасты.

Өзбекстанның жаңа президенті ұзақ уақыт бойғы оқшауландан кейін елді ашты, ал Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы Қиыр Шығыс пен Еуропаны байланыстырған Жібек жолының дәстүрлі сауда бағыттарын қайта жаңғыртып жатыр. Ресей де Еуропаның Шығыс Еуропаға қарағанда Орталық Азиядағы әсеріне қарсылығы жоқ сияқты көрінеді. Осының арқасында аймақ геосаяси қақтығыстар аймағына айналмады<sup>426</sup>. Қазақстан ЕО-ның Орталық Азияға қатысты жаңа стратегиясына «көреген» деген баға берді. Биліктің де Қазақстанмен консультациялар өткізілгеніне және ұсынылған құжатта олардың да үлесі болғанына риза болғаны көрінді<sup>427</sup>.

<sup>423</sup> Рассел М. (2019), The EU's new Central Asia strategy [ЕО-ның Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы], 10-бет.

<sup>424</sup> Еуропалық сыртқы істер қызметі (2019), 'EU Builds A Strong and Modern Partnership with Central Asia' [ЕО Орталық Азиямен мықты және заманауи серіктестік байланыстарын орнатып жатыр], Брюссель: ECIC, [https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/factsheet\\_centralasia\\_2019.pdf](https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/factsheet_centralasia_2019.pdf), (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>425</sup> Назарбаев еденге аюдың терісін лақтыра салып, оны Шығыс Қазақстанда өлтірді деп айтқанда, Буш шынымен де таңғалып, аңға өзі шыққысы келгенін айтты. Тоқаев, Қ. (2004), Meeting the Challenge. Memoirs by Kazakhstan's Foreign Minister [Қиындықтарды еңсеру. Қазақстанның Сыртқы істер министрінің естеліктері], Нью-Йорк: Global Scholarly Publications баспасы, 213-бет.

<sup>426</sup> Рассел М. (2019), The EU's new Central Asia strategy [ЕО-ның Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы] 1–2-беттер.

<sup>427</sup> Готев, Г. (2019), 'Kazakhstan calls EU's new Central Asia strategy "visionary"', [Қазақстан ЕО-ның Орталық Азия жөніндегі стратегиясын «көреген» деп атады], Euractiv, 29.05.2019, <https://www.euractiv.com/section/central-asia/interview/kazakhstan-calls-eus-new-central-asia-strategy-visionary/>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>428</sup> Қазақстандық тауарлардың ЕО-ға экспорты 2018 жылы 20,8 млрд еуро, ал ЕО-дан келетін импорт 5,8 млрд еуро болды. Еуропалық Комиссия (2019), 'Countries and regions: Kazakhstan' [Елдер мен аймақтар: Қазақстан], <https://ec.europa.eu/trade/policy/countries-and-regions/countries/kazakhstan/>, (алынған күні: 08.11.2019).

**2014 жылы жобаның іске асырылғанына 20 жыл толғанда америкалық саясаткерлер мен сарапшылар Қазақстанның АҚШ-пен жаңа қарым-қатынасына батыл түрде сенім артқанын және ядролық қаруды жасауға тырысатын елдерде қауіпті материалдардың таралуының алдын алуға көмектескенін тағы бір мәрте жоғары бағалады.**

<sup>429</sup> Жен, Ф. (2019), 'Business environment in #Kazakhstan continues to attract EU investment' [Қазақстандағы іскерлік орта ЕО инвестицияларын тартуды жалғастыруда], Eureporter, 28.02.2019, <https://www.eureporter.co/economy/2019/02/28/business-environment-in-kazakhstan-continues-to-attract-eu-investment/>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>430</sup> Рассел М. (2019), The EU's new Central Asia strategy [ЕО-ның Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы], 3-бет.

<sup>431</sup> Мичел К. (2016), 'Good Riddance? Tony Blair Parts Ways with Kazakhstan' [Жолың болсын? Тони Блэр Қазақстанмен қоштасуда], The Diplomat, 07.10.2016, <https://thediplomat.com/2016/10/good-riddance-tony-blair-parts-ways-with-kazakhstan/>, (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>432</sup> Корпоратив Еуропаның обсерваториясы (2015), Spin Doctors to the Autocrats: How European PR Firms Whitewash Repressive Regimes [Автократтардың саяси технологтары: еуропалық пиар компаниялар репрессивті режимдердің жақсы атын қалай шығарады], Брюссель: Корпоративті Еуропаның обсерваториясы, 39–42-беттер, [https://corporateeurope.org/sites/default/files/20150120\\_spindoctors\\_mr.pdf](https://corporateeurope.org/sites/default/files/20150120_spindoctors_mr.pdf), (алынған күні: 27.08.2019).

<sup>433</sup> Экономикалық тиімділік және денсаулық сақтау бойынша көрсеткіштерді есептемегенде. Демократия туралы, мысалы, Economist журналының Аналитика бөлімін қараңыз (2019), Democracy Index 2018: Me too? [Демократия индексі 2018: Мен де ме?].

ЕПЗҚ бойынша Еуроодақ Ресей мен Қытайдың алдына шығып, аймақтағы басты экономикалық ойыншыға айналды. ЕО-ның Орталық Азиядағы сауда мен инвестицияларының басым бөлігі Қазақстанда, әсіресе мұнай саласында шоғырланған. 2017 жылы ЕО-дағы Қазақстан экспортының 85%-ы мен ЕО-ның Қазақстанға тікелей инвестицияларының басым бөлігі осы салаға құйылды. ЕО-ның Қазақстанмен экономикалық байланысының маңызын жоққа шығаруға келмейді. Қазіргі таңда елдің ЕО-мен сыртқы саудасы — шамамен 40%,<sup>428</sup> ал блоктан түсетін тікелей инвестициялар барлық шетелдік инвестицияның 60%-ына тең<sup>429</sup>. Бұл ретте жалпы Орталық Азиядағы үлесі ЕО-ның жалпы сыртқы сауда мен инвестиция мөлшерінің 1%-ынан да аз<sup>430</sup>.

ЕО-ның Орталық Азиядағы бұрынғы және жаңа стратегияларының басым және кем тұстары туралы ұзақ айта беруге болады. ЕО саясаты мен қазақстандық биліктің қатысуының жалпы жағымды салдары ретінде Еуропа көшбасшыларымен қарым-қатынас орнату және олар лауазымынан кеткеннен кейін де ол қатынастарды сақтау мүмкіндігінің болуын келтірсе болады. Жыл сайынғы Астана экономикалық форумы сияқты Қазақстандағы халықаралық іс-шаралар Еуропаның бұрынғы президенттері мен премьер-министрлерін қабылдайтынымен белгілі, олардың кейбіреуі Қазақстан үкіметінің кеңесшілері де болған. Мысалы, Италияның бұрынғы премьер-министрі Романо Проди, Польшаның бұрынғы президенті Александр Квасьневский мен Германияның бұрынғы канцлері Герхард Шредер Қазақстанмен жұмыс істеді. Бұл адамдар өз елінде пайдалы байланыстары мен саяси салмағын сақтаған, бұл Қазақстан үшін пайдалы болуы мүмкін.

Қазақстанмен жұмыс істеген ең атақты тұлғалардың бірі — Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Тони Блэр. 2011 жылы ол Астананың кеңесшісі болып тағайындалды. Блэрдің ол қызметтегі 5 жылы ішінде Қазақстан одан әрі авторитар бола түсті. Бұдан, Блэр қандай кеңес берсе де, оның режимнің антидемократиялық көңіл-күйіне аса әсер ете қоймағанын байқаймыз.

Блэр қоғаммен байланысты басқарғаны үшін жыл сайын бірнеше миллион доллар алып, Қазақстанның Батыстағы басты қорғаушыларының біріне айналғаны белгілі<sup>431</sup>.

Бұдан басқа, Қазақстан ел имиджін арттыру үшін және беделін жоғарылату үшін қоғаммен байланыс орнататын бірқатар еуропалық компанияны жұмысқа алған. Олардың арасында Лондондағы Bell Pottinger, Брюссельдегі BGR Gabara мен Берлиндегі Consultum Communications болды<sup>432</sup>. Қосымша АҚШ-тан да компаниялар тартылды.

Бұл ел басшылары мен фирмалар үшін Қазақстан ұсынған ақшасымен тартымды болды. Мұнай қорының арқасында олардың жұмысына ақы төлей алды.

## Қорытынды

Көп жыл бойы Қазақстан — Еуроодақ үшін де, АҚШ үшін де Орталық Азиядағы басты серіктестің бірі. Дегенмен аймақпен байланысты мәселелерден тыс Қазақстан ЕО үшін де, АҚШ үшін де аса қызық емес. Елдің саяси, экономикалық және географиялық жағдайын ескерсек, бұл жағдайдың өзгере қоюы да екіталай. Мемлекет сенімді халықаралық ойыншы беделіне ие болды. Бұны 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуі мен 2017–2018 жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде ротациялық қызметті атқаруы бойынша бағалауға болады.

Дегенмен Батыспен тепе-тең қарым-қатынасқа қол жеткізуді Қазақстан әлі көп күтуі керек. Бұған адам құқықтарын бұзатын, демократиялық емес ел болуы және жемқорлық көрсеткіші де кедергі келтіреді. Нәтижесінде Қазақстан ел жағдайын бағалау бойынша әдетте төменгі индекстерге ие<sup>433</sup>.

Кейінгі бірнеше жыл ішіндегі жария болып кеткен ақпарат, оның ішінде қазақ элитасы арасындағы жемқорлық деңгейін көрсететін Панама құжаттарының жариялануын ерекше атап өту керек. Үкімет шенеуніктері мен олардың отбасыларының, оның ішінде Назарбаев отбасы мүшелерінің оффшор аймақтарда тіркелген элиталық мүліктері, кемелері, оффшорлық компаниялардағы үлестері және тағы басқа болып шыққан. Қазақстандық шенеуніктер Батыстың не ұсына алатынын толық зерттеп шыққандай көрінеді. Дегенмен мұны Батыс саясаткерлері мақұлдамады. Демократия орнатып, оның стандартын ұстанудың және заңдылық сақтаудың орнына, олар Батыста қол жететін көлеңкелі қаржылық қызметтерді қолдануды жөн көрген.

Алғашқы жылдардағы үміт, әсіресе АҚШ тарапынан болған үміт Батыспен әрекеттесу Қазақстанды демократиялануға алып келмеді. Бұл АҚШ пен Еуропаға мұнай өндірісі мен саудасына негізделген Қазақстанмен жақсы қарым-қатынас ұстануға кедергі келтірмеді. Бұл қарым-қатынас Қазақстанда адам құқықтары мен заң үстемдігі салаларында алға басу байқалғанда одан әрі дами түсетін еді.

Бұл Тоқаевқа Батыспен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Ол наурыз айында отставкаға кеткен және бірнеше айдан кейін ізбасарының өкілеттігін шектеген бұрынғы президент Назарбаевқа бағынуын жалғастырғанымен, қаласа, өз ізін қалдыра алады. Тоқаев — тәжірибелі дипломат, бірнеше тілде еркін сөйлейді және әлем бойынша көп саяхаттаған. Оның тарапынан жасалған кішкентай не болмашы қадамдар да жақсы бастама болмақ. Мысалы, диссиденттер мен белсенділерге қатысты конституциялық қатынаста өзгерістер болса, не заңсыз байлығын оффшорлық шоттарға жасыруға тырысқан жемқор шенеуніктерге қатысты жедел шаралар қолдану Тоқаевқа елде де, шетелде де құрмет алып келетін еді. Бұл расымен де елге қарым-қатынасты, әсіресе Батыстың қатынасын өзгертіп, Қазақстанды оның басшылығы армандайтын идеалға жақындататын еді.

# 09 ҰСЫНЫСТАР

Батыс үкіметтері мен институттарына арналған ұсыныстар

- Батыс елдері мен институттары Қазақстанмен бұрынғыға қарағанда, тығыз әрі белсенді ынтымақтастықта болуы керек. Мемлекеттегі бұрынғы тұрақтылық оларды жаңылысуға алып келмеуі тиіс. Биліктің транзитімен байланысты экономикалық мәселелермен және процестермен шиеленіскен және анықталған жүйенің кемшілігі қиындап бара жатыр. Ресей сияқты өзінің геосаяси ықпалын сақтауға тырысатын державалар және Қытай сияқты жаңа ықпалды ойыншылар кез келген саяси вакуум пайда болған жағдайда оны толтыруға қабілетті және дайын. Батыс елдері Қазақстанмен ынтымақтастықтан шет қала берсе, Ресей мен Қытай бос орынды тез арада алады және ықпал ету аясы үшін күресуі мүмкін. **Қазақстанға шетелдік сыртқы саяси басымдықтар контекстінде көп көңіл бөлетін уақыт келді.**
- Президент Тоқаевқа оның шектеулі өкілеттігіне қарамастан құрметті серіктес ретінде қарау қажет. Қазақстанның сәтті көпвекторлы сыртқы саясатының негізін салушылардың бірі, сонымен қатар осы векторлардың бірін құрастырушы ретінде президент Тоқаев Батыс астаналары жылы қабылдауға лайық. **Мемлекеттің ішкі басқаруындағы кемшіліктерді жою мақсатындағы ақылға сыйымды және «жұмсақ қысым» Қазақстандағы өзгерістер мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.** Батыстағы серіктестер Қазақстан басшылығына реформалардың өз мүддесіне жауап беретінін, сонымен қатар алдағы уақытта айтарлықтай күйзелістерді болдырмауға көмектесетінін жеткізуі керек. Реформалар басқаруды қажет етеді, бірақ тәуелсіз пікірлерді елемей, әр қадамды бақылаудың керегі жоқ.
- Батыс көшбасшылары Қазақстандағы орысша сөйлейтін телекөрерменнің көз алдында батыстық құндылықтардың беделін түсіруге тырысатын **насихаттаудың кремльдік машинасына белсенді түрде қарсы тұруы керек.** Бұл батыстық көңіл көтеру және жаңалық тарату арналары жұмыс істеу үшін жаңа мүмкіндіктер құруды есепке ала отырып, қоғамдық ақпарат стратегиясын анағұрлым мақсатты, шығармашылық және әртараптандырып жүргізуді білдіреді.
- Жаһандық басқаруда болып жатқан өзгерістерді мойындай отырып, батыстың үкіметтері мен институттары осылайша Қазақстанның ынтасы және форматы/өзара әрекеттесудің механизмі пайда болатындай Батыспен шынайы серіктестікті бағалауға мүмкіндік беретін **Қазақстанға қатысты өзінің саясатын қалыптастыруы қажет.** Біріккен Корольдік және басқа да еуропалық елдер басқару институттарын жақсартуға арналған тар экономикалық өзара әрекеттестіктің дамуымен Сыртқы істер министрлігінің лауазымды



тұлғаларының қызметтеріне көңіл бөлуді ығыстырып, Қазақстандағы өздерінің дипломатиялық қатысуын күшейтуі қажет. Саудадан өзге, батыстық шенеуніктерге Қазақстан басшылығына, мысалы, ЕО стратегиясының шеңберінде мемлекеттің жаңа энергия тасымалдаушыларға көшуіне көмек ұсынуы керек.

Қазақстан үкіметі үшін

- Қазақстан билігі халық пен басқарушы элита арасындағы айырмашылықты азайту, келешекте үкіметке сенімді қалпына келтіру және азаматтардың қажетіне анағұрлым тиімді жауап қайтару үшін басқарудың ашық және инклюзив институттарын енгізуі керек.
- Үкімет (айрықша айта кетерлігі, 2019 жылдың 21 қазанында жарияланған және Назарбаевқа министрлер мен Қауіпсіздік Кеңесі деңгейінде тағайындауларға қатысты қосымша өкілеттіктер беретін жарлық тұрғысынан) транзитке және билікті бөлуге қатысты өзінің ниетін айқындап алуы керек. «Бірінші президенттің» ресми түрде «Ұлт көшбасшысы» (Елбасы), «Нұр Отан» билеуші партиясының басшысы және Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретіндегі өзгеріссіз ықпалы жаңа президенттің реформаларды басқару қабілетін әлсірете отырып, екіұштылық тудырады.
- Президент Тоқаев анағұрлым ашық саяси орта қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын жағдай жасауы тиіс. Аймақтардың басшыларын және ірі қалалардың әкімдерін сайлауды енгізу үкіметтің есеп беруін арттырады.
- Президент Тоқаев Қазақстан азаматтарына уәде еткен «Естуші мемлекет» концепциясын іске асыру үшін оның Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі тек диалогтарға арналған платформа емес, сонымен қатар оның кейбір ұсынысын жылдам жүзеге асырып, реформалардың қозғаушы күші болуын қамтамасыз етуі қажет. Биліктегілер бұл платформаны осы уақытқа дейін сырттатылған немесе диалогқа қатысудан бас тартқан азаматтық қоғамның субъектілерін немесе конструктивті ойлайтын қоғамдық топтардың қатысуын көтермелей отырып анағұрлым инклюзив етуге тиіс.
- Үкімет бейбіт шеруге шыққандарды тұтқындауды тоқтатуға және көпшілік қатыстатын жиындар өткізуге рұқсат алу туралы талабын осындай өтетін жиындар туралы жергілікті билік органдарын хабардар ету талабына ауыстыра отырып, жиындарға еркіндік беретін құқықты реттейтін заңнаманы өзгертуі тиіс. Басшылық пікірін еркін білдіретін «келіспеушілерді» қудалауды тоқтатуы және қоғаммен шынайы диалог орнатуы тиіс. «Саяси тұтқын» саналатын азаматтардың ісі қайта қарастырылуы қажет және сот билігін асыра пайдалануға нүкте қойылуы шарт.
- Үкімет қылмыстық сот төрелігіндегі және сот жүйесіндегі реформаларды тегіс қамти алатын құқықтың үстемдік құруын нығайту бойынша сенімге тұрарлық шараларды қабылдауы қажет. Президент Тоқаев барлығы үшін әділеттілікті қамтамасыз етуге берген уәдесін орындауға кіріскен болса, бұндай реформа кеңестік жүйеде тамыр жайған практиканы жоюы және оның орнына кінәсіздік презумпциясы мәдениетін тәрбиелеп өсіруі тиіс.
- Үкімет жемқорлықпен күресу үшін тек әйгілі сот процестерін өткізу жолымен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік сектордың, мемлекеттік қызметтің, қылмыстық сот төрелігі және сот органдарының барлық деңгейінде сөзсіз төзбеушіліктің шынайы саясатын орнату жолымен маңызды шаралар қабылдауы тиіс. Реформа ауыспалы экономикасы бар мемлекеттер үшін ең жақсы халықаралық практика негізінде болуы тиіс. Грузиядағы реформа посткеңестік кеңістік үшін анағұрлым өзекті мысал болады.

- Қазақстан ірі экономикалық ойыншы болуды қаласа, онда оған қаржылық және коммерциялық реформалардың кең ауқымды бағдарламасын енгізу өмірлік маңызды. Бұл бағдарлама ең аз дегенде мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудың және реттеудің тиімді тәсілін, сонымен қатар мемлекеттік активтерді сатуды реттеуді; корпоративтік рейдерліктің жыртықшылық практикасымен күресуді; мүдделер қақтығысын болдырмау үшін қаржылық секторды реформалауды және ашықтығын; сонымен қатар шағын шетелдік инвесторлар мен миноритарлық акционерлерге қатысты қолдаудың жүйелі саясатын есепке алуы тиіс.
- Қазақ-өзбек шекарасында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жоспарланған халықаралық орталықтың құрылуына қосымша Қазақстанға бейресми төлемдерді және басқа да тарифтік емес кедергілердің мәселелерін шешу жолымен шекараның тиімділігін арттыру бойынша шараларды қабылдау тиімдірек болады. Ішкі нарығының шектеулі мөлшерін есепке ала отырып, Қазақстан көршісімен бәсекелеспей, машина құрастыру немесе ауыл шаруашылық және электрон жабдық өндірісі сияқты қызметінің түрлері бойынша экономикасын әртараптандыруға, тауарлардың өзара толымдылығын ұлғайту үшін Өзбекстанмен өзінің индустриализацияландыру стратегиясын үйлестіруге ұмтылуы тиіс.
- Басшылық алдағы уақытта Қазақстанның саяси сарапшылардың жетекші топтары болысатын бейресми немесе «жұмсақ» аймақшылдықты әдетке айналдыруы қажет. Бәтуаластық және жақын көршілермен тұрақты кеңес іздеуге бейімделу, сонымен қатар интеграциялануға және онымен байланысты ресми құрылымдар құру Қазақстанға және Орталық Азияның басқа да мемлекеттеріне Ресейдің басып алу немесе ішкі аймақтық ынтымақтастықты бүлдірудің сияқты ықтимал әрекетінің алдын алуға мүмкіндік береді.
- Діни және рулық топтар бірдейлігінің әртүрлі формасының басым болуы әдетте әлеуметтік-экономикалық ортаға реакция болып саналады. Сондықтан үкімет мықты орта таптың пайда болуын қамтамасыз ететін және тиіс азаматтық бірдейлікті қалыптастыратын жағдай жасауы тиіс. Қазақстандық білімнің сапасын жақсарту (зайырлы және діни) және қазақстандық мәдениетті жақсы түсіну бірдейліктің көне және агрессив түрлерінің таралу қатерін төмендетеді.
- Сыртқы ойыншылардың қоғамдық пікір қалыптастыру және ақпараттық каналдарды айла-шарғы жасау мүмкіндігін төмендету үшін көп күш салу керек. Бұл дәстүрлі және цифрлық, соның ішінде қазақша, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттігін арттыру және қолдау арқылы жасалады. Жалған ақпарат тарататын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының шамадан тыс ықпалы үкімет үшін өзінің азаматтық бірдейлікті дамыту қабілеті тұрғысынан қауіп-қатер туындатады және қоғамның бөлінуіне мүмкіндік береді.
- Үкімет босқындарға баспана ұсыну жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындауға және қудалаудан құтылу үшін, соның ішінде Қытайдан Қазақстан азаматтарының мәжбүрлі түрде қайтарылмайтынына кепілдік беруге міндетті.
- Үкімет Қазақстанның сыртқы саясаты мен ішкі қоғамдық пікірінің арасындағы байланыстың алшақтағанын мойындауы, халықаралық саясатты түсіндіру үшін коммуникацияның анағұрлым жетілдірілген каналдарын әзірлеуі және өзінің істеріне қоғамдық сенімді арттыру үшін «Белдеу және жол» бастамасы аясында алынған қаражатқа қатысты жоспарының ашықтығын қамтамасыз етуі керек.

# ҚОСЫМША: ФАКТІЛЕР МЕН САНДАР

Халық саны: 18,4 миллион  
(Статистика комитеті, 2019)

## A1-кесте: Қазақстандағы діни және этникалық топтар тізімі, 2019

| Топ                    | Үлесі, % |
|------------------------|----------|
| Қазақ                  | 67,98    |
| Орыс                   | 19,32    |
| Өзбек                  | 3,21     |
| Украин                 | 1,47     |
| Ұйғыр                  | 1,47     |
| Татар                  | 1,10     |
| Неміс                  | 0,97     |
| Түрік                  | 0,61     |
| Әзербайжан             | 0,60     |
| Корей                  | 0,59     |
| Дүнген                 | 0,39     |
| Беларусь               | 0,30     |
| Тәжік                  | 0,27     |
| Күрд                   | 0,25     |
| Шешен                  | 0,18     |
| Поляк                  | 0,17     |
| Башқұрт                | 0,09     |
| Басқа этникалық топтар | 1,04     |

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (2019), '2019 жылдың басында әр этнос бойынша Қазақстан Республикасының халқы', <http://old.stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT306055>, (алынған күні: 29.10.2019).

## A2-кесте: Қазақстандағы діни топтар (2009 жылғы мәлімет)

| Дін               | Халық санындағы үлесі, % |
|-------------------|--------------------------|
| Мұсылман          | 70,20                    |
| Христиан          | 26,32                    |
| Иудаизм           | 0,03                     |
| Буддизм           | 0,09                     |
| Басқа             | 0,02                     |
| Сенбейтіндер      | 2,82                     |
| Жауап бермегендер | 0,51                     |

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі (2010), Қазақстан Республикасының ұлттық құрамы, діни сенімі мен тілдерді меңгеруі, Астана, <http://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=WC16200032705>, (алынған күні: 11.11.2019).

## А3-кесте: Қазақстандағы жас құрылымы мен өмір сүру ұзақтығы

### Жас құрылымы (2018)

| Жас тобы               | %     | Ер        | Әйел      | Жалпы      |
|------------------------|-------|-----------|-----------|------------|
| 0–14 жас               | 28,46 | 2,675,695 | 2,525,881 | 5,201,576  |
| 15–64 жас              | 64,15 | 5,706,919 | 6,017,015 | 11,723,934 |
| 65 жас және одан үлкен | 7,39  | 479,389   | 871,600   | 1,350,989  |

Дереккөз: Дүниежүзілік банк (барлығының мерзімі көрсетілмеген), 0–14 жас аралығындағы халық (жалпы халық санындағы үлесі, %) — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.0014.TO.ZS?locations=KZ>; 15–64 жас аралығындағы халық (жалпы халық санындағы үлесі, %) — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.1564.TO.ZS?locations=KZ>; 65 жас және одан үлкен жас аралығындағы халық (жалпы халық санындағы үлесі, %) — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.65UPTO.ZS>; 0–14 жас аралығындағы халық, жалпы — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.0014.TO?locations=KZ>; 15–64 жас аралығындағы халық, жалпы — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.1564.TO?locations=KZ>; 65 жас және одан үлкен жас аралығындағы халық, жалпы — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.65UPTO?locations=KZ>; 65 жас және одан үлкен жас аралығындағы халық, ерлер — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.65UPMA.IN?locations=KZ>; 65 жас және одан үлкен жас аралығындағы халық, әйелдер — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.65UPFE.IN?locations=KZ>; 15–64 жас аралығындағы халық, ерлер — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.1564.MA.IN?locations=KZ>; 15–64 жас аралығындағы халық, әйелдер — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.1564.FE.IN?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.1564.FE.IN?locations=KZ&most_recent_year_desc=false); 0–14 жас аралығындағы халық, ерлер — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.0014.MA.IN?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.0014.MA.IN?locations=KZ&most_recent_year_desc=false); 0–14 жас аралығындағы халық, әйелдер — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.0014.FE.IN?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/SP.POP.0014.FE.IN?locations=KZ&most_recent_year_desc=false) (барлығының алынған күні: 11.11.2019)

### Өмір сүру ұзақтығы (2017)

|             |           |
|-------------|-----------|
| Жалпы халық | 72,95 жас |
| Ерлер       | 68,72 жас |
| Әйелдер     | 76,92 жас |

Дереккөз: Дүниежүзілік банк (барлығының мерзімі көрсетілмеген): Туған кезде күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жалпы (жылдар) — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/SP.DYN.LE00.IN?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/SP.DYN.LE00.IN?locations=KZ&most_recent_year_desc=false); Туған кезде күтілетін өмір сүру ұзақтығы, ерлер (жылдар) — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/SP.DYN.LE00.MA.IN?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/SP.DYN.LE00.MA.IN?locations=KZ&most_recent_year_desc=false); Туған кезде күтілетін өмір сүру ұзақтығы, әйелдер (жылдар) — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/SP.DYN.LE00.FE.IN?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/SP.DYN.LE00.FE.IN?locations=KZ&most_recent_year_desc=false) (барлығы алынған күні: 11.11.2019).


## А4-кесте: Қазақстан облыстары

| Облыс               | Халық саны | Әкімшілік орталығы<br>(халы саны)                     |
|---------------------|------------|-------------------------------------------------------|
|                     |            | Нұр-Сұлтан (бұрынғы Астана, астана; 1,078,384)        |
| Ақмола              | 738,587    | Көкшетау (145,161)                                    |
| Ақтөбе              | 869,637    | Ақтөбе (487,994)                                      |
| Алматы              | 2,038,934  | Талдықорған (145,403)                                 |
|                     |            | Алматы (республикалық маңызы бар қала; 1,854,656)     |
| Атырау              | 633,791    | Атырау (269,720)                                      |
| Батыс Қазақстан     | 652,325    | Орал (234,184)                                        |
| Жамбыл              | 1,125,442  | Тараз (357,791)                                       |
| Қарағанды           | 1,378,533  | Қарағанды (497,712)                                   |
| Қостанай            | 872,795    | Қостанай (243,031)                                    |
| Қызылорда           | 794,334    | Қызылорда (239,070)                                   |
| Маңғыстау           | 678,199    | Ақтау (183,097)                                       |
| Павлодар            | 753,853    | Павлодар (333,989)                                    |
| Түркістан           | 1,983,967  | Түркістан (164,746)                                   |
|                     |            | Шымкент<br>(республикалық маңызы бар қала; 1,009,086) |
| Шығыс Қазақстан     | 1,378,527  | Өскемен (331,614)                                     |
| Солтүстік Қазақстан | 554,517    | Петропавл (218,956)                                   |

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (2019), Облыс, қала, аудандар мен аудан орталықтары мен ауылдар бойынша 2019 жылдың басындағы Қазақстан Республикасы халқының саны, Астана, <http://old.stat.gov.kz/getimg?id=ESTAT305821>. (алынған күні: 11.11.2019).




## A1-сызба: Қазақстан Республикасының жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долларымен, 1991–2018



Дереккөз: Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), қазіргі бағадағы жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚШ долларында) — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.CD?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.PCAP.CD?locations=KZ&most_recent_year_desc=false), (алынған күні: 11.11.2019).

## A2-сызба: Қазақстанның нақты ЖІӨ-сінің жылдық өсімі, %, 1991–2018




Дереккөз: Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), ЖІӨ өсімі (жылдық %) — Қазақстан, <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.KD.ZG?locations=KZ>, (алынған күні: 25.10.2019).

## А5-кесте: Жылдық көрсеткіштері бойынша Қазақстанның басты сауда серіктестері

| Экспорт    | Көлемі, мың АҚШ<br>долл. | Импорт   | Көлемі, мың АҚШ<br>долл. |
|------------|--------------------------|----------|--------------------------|
| Италия     | 8,669,344                | Ресей    | 11,472,924               |
| Қытай      | 5,777,684                | Қытай    | 4,692,242                |
| Нидерланды | 4,748,206                | Германия | 1,484,116                |
| Ресей      | 4,515,165                | АҚШ      | 1,253,451                |
| Швейцария  | 3,100,689                | Италия   | 945,266                  |

Дереккөз: Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 2017 жыл бойынша Қазақстанның елдер мен аймақтарға экспорты, <https://wits.worldbank.org/CountryProfile/en/Country/KAZ/Year/2017/TradeFlow/Export>, (алынған күні: 11.11.2019); Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), 2017 жыл бойынша Қазақстан импорты, елдер мен аймақтар бойынша тарифі, <https://wits.worldbank.org/CountryProfile/en/Country/KAZ/Year/2017/TradeFlow/Import>, (алынған күні: 11.11.2019).

## А3-сызба: Қазақстанға келген тікелей шетелдік инвестицияның таза ағыны, млрд. АҚШ доллары



Дереккөз: Дүниежүзілік банк (мерзімі көрсетілмеген), Қазақстанға келген тікелей шетелдік инвестицияның таза ағыны, млрд. АҚШ долларында — Қазақстан, [https://data.worldbank.org/indicator/BX.KLT.DINV.CD.WD?locations=KZ&most\\_recent\\_year\\_desc=false](https://data.worldbank.org/indicator/BX.KLT.DINV.CD.WD?locations=KZ&most_recent_year_desc=false), (алынған күні: 11.11.2019).

## А6-кесте: Тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстандағы сайлаулар

### Президенттік сайлаулар

| ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУЛАР |                  |          |
|------------------------|------------------|----------|
| Кандидаттар            | Мерзімі          | Дауыс, % |
| Нұрсұлтан Назарбаев    | 1 желтоқсан 1991 | 98,80    |
| Нұрсұлтан Назарбаев    | 10 қаңтар 1999   | 81,00    |
| Серікболсын Әбділдин   |                  | 11,90    |
| Нұрсұлтан Назарбаев    | 4 желтоқсан 2005 | 91,15    |
| Жармахан Тұяқбай       |                  | 6,61     |
| Нұрсұлтан Назарбаев    | 3 сәуір 2011     | 95,55    |
| Нұрсұлтан Назарбаев    | 26 сәуір 2015    | 97,75    |
| Қасым-Жомарт Тоқаев    | 9 маусым 2019    | 70,96    |
| Әміржан Қосанов        |                  | 16,23    |
| Дания Еспаева          |                  | 5,05     |

### ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУЛАР

| Партия                                     | Мерзімі                         | Орындар    |
|--------------------------------------------|---------------------------------|------------|
| «Қазақстанның халық бірлігі» партиясы      |                                 | 33         |
| Қазақстан кәсіподақтар федерациясы         |                                 | 11         |
| Қазақстан халық конгресі партиясы          |                                 | 9          |
| Қазақстан социалистік партиясы             |                                 | 8          |
| Қазақстан шаруалар одағы                   |                                 | 4          |
| «Лад» славян қозғалысы                     |                                 | 4          |
| Басқа партиялар мен қозғалыстар            |                                 | 7          |
| Тәуелсіздер                                |                                 | 59         |
| Мемлекеттік тізім (президент тағайындаған) |                                 | 42         |
| <b>Жалпы</b>                               |                                 | <b>177</b> |
| Қазақстан халық бірлігі партиясы           | 9 желтоқсан 1995 — 4 ақпан 1996 | 11         |
| Қазақстан демократиялық партиясы           |                                 | 7          |
| Қазақстан коммунистік партиясы             |                                 | 2          |
| Қазақстан социалистік партиясы             |                                 | 1          |
| Қазақстанның халықтық-кооператив партиясы  |                                 | 1          |
| Қазақстан халық конгресі партиясы          |                                 | 1          |
| Тәуелсіздер                                |                                 | 44         |
| <b>Жалпы</b>                               |                                 | <b>67</b>  |
| Отан                                       | 10–24 қазан 1999                | 24         |
| Қазақстан коммунистік партиясы             |                                 | 3          |
| Қазақстан аграрлық партиясы                |                                 | 3          |
| Қазақстан азаматтық партиясы               |                                 | 11         |
| Қазақстанның халықтық-кооператив партиясы  |                                 | 1          |
| Қазақстан халықтық республикалық партия    |                                 | 1          |
| Үкіметпен байланысты                       |                                 | 20         |
| Бизнес                                     |                                 | 10         |
| Басқа                                      |                                 | 4          |
| <b>Жалпы</b>                               |                                 | <b>77</b>  |

| Партия                                                | Мерзімі                       | Орындар    |
|-------------------------------------------------------|-------------------------------|------------|
| ОТАН                                                  | 19 қыркүйек —<br>3 қазан 2004 | 42         |
| Ақ жол                                                |                               | 1          |
| Қазақстан демократиялық партиясы                      |                               | 1          |
| Асар                                                  |                               | 4          |
| «АИСТ» блогы (Аграрлық-индустриалды жұмысшылар одағы) |                               | 11         |
| Тәуелсіздер                                           |                               | 18         |
| <b>Жалпы</b>                                          |                               | <b>77</b>  |
| Халықтық демократиялық партия (Нұр Отан)              | 18 тамыз 2007                 | 98         |
| Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған кандидаттар      |                               | 9          |
| <b>Жалпы</b>                                          |                               | <b>107</b> |
| Халықтық демократиялық партия (Нұр Отан)              | 15 қаңтар 2012                | 83         |
| Ақ жол                                                |                               | 8          |
| Қазақстан коммунистік халық партиясы                  |                               | 7          |
| Қазақстан халқы Ассамблеясымен сайланған кандидаттар  |                               | 9          |
| <b>Жалпы</b>                                          |                               | <b>107</b> |
| Халықтық демократиялық партия (Нұр Отан)              | 20 наурыз 2016                | 84         |
| Ақ жол                                                |                               | 7          |
| Қазақстан коммунистік халық партиясы                  |                               | 7          |
| Қазақстан халқы Ассамблеясымен сайланған кандидаттар  |                               | 9          |
| <b>Жалпы</b>                                          |                               | <b>107</b> |


Дереккөз: Нохлен Д., Гротц Ф. және Хартманн К. (2001), Elections in Asia: A data handbook, Volume I [Азиядағы сайлаулар: деректер бойынша нұсқаулық, I том], Оксфорд: Оксфорд Университетінің баспасы; ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2006), 'Republic of Kazakhstan Presidential Election 4 December 2005: Final Report' [Қазақстан Республикасының Президент сайлауы, 2005 жыл 4 желтоқсан: қорытынды баяндама], 21.02.2006, <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/18152?download=true>, (алынған күні: 19.11.2019); ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2011), 'Republic of Kazakhstan Early Presidential Election 3 April 2011: Final Report' [Мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасының Президент сайлауы, 2011 жыл 11 сәуір: қорытынды баяндама], 16.06.2011, <https://www.osce.org/odihr/elections/78714?download=true>, (алынған күні: 19.11.2019); ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2015), 'Republic of Kazakhstan Early Presidential Election 26 April 2015: Final Report' [Мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасының Президент сайлауы, 2015 жыл 26 сәуір: қорытынды баяндама], 29.07.2015, <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/174811?download=true>, (алынған күні: 19.11.2019); ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2019), 'Republic of Kazakhstan Early Presidential Election 9 June 2019: Final Report' [Мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасының Президент сайлауы 2019 жыл 9 маусым: қорытынды баяндама], 04.10.2019, <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/434459?download=true>, (алынған күні: 19.11.2019); Парламентаралық одақ (мерзімі көрсетілмеген), 'Kazakhstan Mazhilis (House of Representatives): Historical Archive of Parliamentary Election Results' [Қазақстандық Мәжіліс (Өкілдер Палатасы): парламенттік сайлау нәтижелерінің тарихи мұрағаты], [http://archive.ipu.org/parline-e/reports/2165\\_arc.htm](http://archive.ipu.org/parline-e/reports/2165_arc.htm), (алынған күні: 13.11.2019); ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2000), 'Republic of Kazakhstan Parliamentary Elections 10 and 24 October 1999: Final Report' [Қазақстан Республикасының Парламент сайлауы, 1999 жыл 10 және 24 желтоқсан: қорытынды баяндама], 20.01.2000, <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/14790?download=true>, (алынған күні: 19.11.2019); ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2004), 'Republic of Kazakhstan Parliamentary Elections: 19 September and 3 October 2004. OSCE/ODIHR Election Observation Mission Report' [Қазақстан Республикасының Парламент сайлауы, 2004 жыл 19 қыркүйек және 3 қазан, ЕҚЫҰ\ДИАҚБ-ның сайлаудың бақылау миссиясының қорытынды баяндамасы], 15.12.2004, <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/38916?download=true>, (алынған күні: 13.11.2019); және ЕҚЫҰ\ДИАҚБ (2016), 'Republic of Kazakhstan Early Parliamentary Elections: 20 March 2016. OSCE/ODIHR Election Observation Mission Final Report' [Қазақстан Республикасының мерзімінен бұрын Парламент сайлауы, 2016 жыл 20 наурыз, ЕҚЫҰ\ДИАҚБ-ның сайлаудың бақылау миссиясының қорытынды баяндамасы], 27.06.2016, <https://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/248781?download=true>, (алынған күні: 13.11.2019).

### **А7-кесте: Қазақстанның мұнай-газ өнімін бөлу туралы келісімдер**

| Атауы                   | Қол қойылған күн | Консорциум                    | Үлес мөлшері |
|-------------------------|------------------|-------------------------------|--------------|
| Солтүстік Каспий жобасы | Қараша 1997      | «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК           | 16,88        |
|                         |                  | ENI SpA                       | 16,81        |
|                         |                  | Exxon Mobil Corporation       | 16,81        |
|                         |                  | Royal Dutch Shell plc         | 16,81        |
|                         |                  | Total SA                      | 16,81        |
|                         |                  | CNPC                          | 8,33         |
|                         |                  | INPEX Corporation             | 7,56         |
| Қарашығанақ             | 27 қаңтар 1998   | British Gas (Shell)           | 29,25        |
|                         |                  | ENI                           | 29,25        |
|                         |                  | Chevron                       | 18,00        |
|                         |                  | Lukoil                        | 13,50        |
|                         |                  | «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК           | 10,00        |
| «Дунга» кен орны        | 1 мамыр 1994     | Total E&P Dunga Gmbh          | 60,00        |
|                         |                  | Oman Oil Company Ltd          | 20,00        |
|                         |                  | Partex Kazakhstan Corporation | 20,00        |

Дереккөз: PSA LLP (мерзімі көрсетілмеген), 'Жобалар' [Projects], <http://psa.kz/proekty/>, (алынған күні: 14.11.2019).

#### А4-сызба: Қазақстандағы шикі мұнай өндірісі және мұнай бағасы, 1991–2018 жылдар



Дереккөз: АҚШ-тың энергетикалық ақпараттық басқармасы (мерзімі көрсетілмеген), Халықаралық энергетикалық статистика: жалпы мұнай және басқа сұйықтық өндірісі,  
[https://www.eia.gov/beta/international/data/browser/?iso=KAZH?pa=00000000000000000000\\_00000000000000vg&c=ruvvvvfvvtvvvv/vvvvvvvvvvvsvsu2evvvvvvvvvvvfvc&ct=0&t\\_id=5-A&vs=INTL.53-1-AFG-17D.A&cy=2016&vo=0&v=H&end=2018&vid=1](https://www.eia.gov/beta/international/data/browser/?iso=KAZH?pa=00000000000000000000_00000000000000vg&c=ruvvvvfvvtvvvv/vvvvvvvvvvvsvsu2evvvvvvvvvvvfvc&ct=0&t_id=5-A&vs=INTL.53-1-AFG-17D.A&cy=2016&vo=0&v=H&end=2018&vid=1), (алынған күні: 14.11.2019)



## А8-кесте: Қазақстандағы ар-ождан тұтқындары, қараша 2019

|                 |                   |                    |
|-----------------|-------------------|--------------------|
| Әсет Әбішев     | Мұхтар Жәкішев    | Ескендір Ерiмбетов |
| Кенжебек Әбішев | Руслан Гинатуллин | Серік Жахин        |
| Арон Атабек     | Қайырлы Омар      | Алмат Жұмағұлов    |
| Макс Бокаев     | Игорь Сычев       | Болатхан Жүнісов   |
| Санат Бүкенов   | Сәкен Тұлбаев     |                    |
| Игорь Чуприна   | Ержан Елшібаев    |                    |

Дереккөз: Альянс Тірек (2019), Саяси тұтқындар тізімі, [http://tirek.info/dir/wpbdp\\_category/list01/?fbclid=IwAR1pZaiSSa\\_kGqf83o075Im-OJ490pe3y-lblQ\\_NGFaklClepp1GTU06WqKI&wpbdp\\_sort=field-1](http://tirek.info/dir/wpbdp_category/list01/?fbclid=IwAR1pZaiSSa_kGqf83o075Im-OJ490pe3y-lblQ_NGFaklClepp1GTU06WqKI&wpbdp_sort=field-1), (алынған күні: 14.11.2019) Назар аударыңыз, бұл тізімде 20 есім бар, бірақ төртеуі бұл тізім жарияланғаннан бері қамаудан босатылды.

Қазақстан мынадай халықаралық ұйымдардың мүшесі:

- Азия даму банкі
- Дүлей апаттарға ден қою және қауіп-қатерді азайту жөніндегі Орталық Азия орталығы
- Орталық және Шығыс Еуропа елдері сайлауын ұйымдастырушылар қауымдастығы
- Халықаралық көрмелер бюросы
- Орталық Азия менеджментті дамыту қоры
- Орталық Азия аймақтық ақпараттық және координациялық орталығы
- Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі конференция
- Экономикалық ынтымақтастық ұйымы
- Энергетиканы реттеу органдарының өңірлік қауымдастығы
- Еуропа қайта құру және даму банкі
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
- Жаһандық экологиялық қор
- ЖИТС, туберкулез және безгекпен күрес жөніндегі жаһандық қор
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы
- Бұрынғы Кеңес Одағының жаңа Тәуелсіз Мемлекеттері ғалымдарымен ынтымақтастық дамыту халықаралық қауымдастығы
- Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік
- Халықаралық қайта құру және даму банкі
- Халықаралық азаматтық авиация ұйымы
- Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы
- Ирригация және дренаж жөніндегі халықаралық комиссия

- Халықаралық Қызыл Крест комитеті
- Халықаралық экологиялық құқық кеңесі
- Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол)
- Халықаралық даму қауымдастығы
- Халықаралық электротехникалық комиссия
- Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдарының Федерациясы
- Халықаралық қаржы корпорациясы
- Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры
- Халықаралық еңбек ұйымы
- Халықаралық теңіз ұйымы
- Халықаралық әскери спорт кеңесі
- Халықаралық Олимпиада комитеті
- Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым
- Стандарттау жөнінде халықаралық ұйым
- Халықаралық заңнамалық метрология ұйымы
- Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттік
- Халықаралық ғылыми-техникалық орталық
- Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру ассоциациясы
- Халықаралық статистика институты
- Халықаралық электр байланысы одағы
- Халықаралық сауда орталығы
- Парламентаралық одақ
- Ислам даму банкі
- БҰҰ АИВ/ЖИТС жөніндегі біріккен бағдарламасы
- Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігі
- Қосылмау қозғалысы
- Темір жол ынтымақтастығы ұйымы
- Химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі ұйым
- Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы
- Ислам ынтымақтастығы ұйымы
- Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымының даярлық комиссиясы
- Шанхай ынтымақтастық ұйымы
- Біріккен Ұлттар Ұйымы
- БҰҰ-ның балалар қоры
- БҰҰ-ның сауда және даму конференциясы
- БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасы

- БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхиты үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
- БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы
- БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
- БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
- БҰҰ-ның Елдімекендер жөніндегі бағдарламасы
- БҰҰ өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы
- БҰҰ Халық қоныстану қоры
- Азия және Тынық мұхиты аймағындағы бейбітшілік пен қарусыздандыру мәселелері жөніндегі БҰҰ-ның аймақтық орталығы
- Дүниежүзілік пошта одағы
- Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы
- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
- Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы
- Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым
- Дүниежүзілік жануарлар денсаулығын сақтау ұйымы
- Дүниежүзілік туризм ұйымы
- Дүниежүзілік сауда ұйымы
- Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры

## АННЕТ БОР

Лондондағы Chatham House институтының Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасының ғылыми қызметкері. Оған дейін Кембридж университетінің жанындағы Сидни-Сассекс колледжінің қызметкері болған және Манчестер университеті мен Мюнхенде Азат Еуропа радиосы/Азаттық радиосында Орталық Азияға маманданған сарапшы болып жұмыс істеген. Бор Берклидегі Калифорния университетін бітірген, ал аспирантураны Гарвард университетінде тәмамдаған. Ол — Орталық Азия елдеріндегі саяси даму, заманауи тарих пен энергетика мәселелері бойынша монографиялар мен көптеген мақаланың авторы. Chatham House институтының таңдамалы басылымдарына енгендер: *Turkmenistan: Power, Politics and Petro-Authoritarianism* [Түркіменстан: билік, саясат пен петро-авторитаризм] (2016); *Regional Implications of Afghanistan's Transitions: Pakistan, Kyrgyzstan and Tajikistan* [Ауғанстандағы өтпелі кезеңнің аймақтағы салдары: Пәкістан, Қырғызстан және Тәжікстан] (Гапет Прайспен бірге, 2015); *International Affairs* журналындағы (2004) 'Regionalism in Central Asia: New Geopolitics, Old Regional Order' [Орталық Азиядағы аймақшылдық: жаңа геосаясат, ескі аймақтық тәртіп]. Ол *Nation-building in the Post-Soviet Borderlands: The Politics of National Identities* [Посткеңес аймағындағы мемлекеттік құрылыс: ұлттық бірдейліктер саясаты] (Грэм Смит және т.б. бірге, Кембридж университетінің баспасы, 1998 ж.) кітабының бірлескен авторы. Аннет тұрақты түрде Орталық Азиядағы саяси тәуекелдер мен өзара әрекеттесу стратегиялары мәселелері бойынша бірқатар корпорация мен дипломат үшін брифингтер мен есептер дайындап тұрады.

## БИРГИТ БРАУЭР

Орталық Азия мәселелерін баяндайтын тәуелсіз сарапшы, жазушы, журналист. 17 жыл бойы Қазақстанда, Алматыда тұрып, «Economist», «New York Times», «Bloomberg News», «Associated Press» және т.б. басылымдарға мақалалар жазды. Ол — Соғыс және бейбітшілік институтындағы Кавказ жобасының бұрынғы редакторы. Биргит әлеуметтану бакалавры дәрежесін Гарвард университетінің Жоғары мектебінде, ал журналист және қоғамдық байланыстар магистрі дәрежесін Колумбия округы, Вашингтон қаласындағы Америка университетінде, ал саяси ғылымдар саласындағы философия докторы дәрежесін Бирмингем университетінде алды. Оның докторлық диссертациясы Әзербайжан, Қазақстан мен Ресейдің мұнай салаларына тартылатын тікелей шетел инвестицияларына арналды.

## НАЙДЖЕЛ ГУЛД-ДЭВИС

Chatham House институтының Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасының ғылыми қызметкері. Таиландтағы Махидол университетінде сабақ береді. 2010–2013 жылдар аралығында Орталық және Оңтүстік-шығыс Азия елдерінде халықаралық энергетикалық компанияларда мемлекеттік органдармен жұмыс істейтін бөлімдерде басқарушы лауазымдарда жұмыс істеді. 2000–2010 жылдар аралығында Британияның Сыртқы істер министрлігінде қызмет етті. Сонымен қатар Беларусьте елші, Мәскеуде экономика департаментінің басшысы және Саясатты жоспарлау басқармасының стратегия бөлімінде жоба директоры қызметін атқарды. Кеңес/посткеңес кеңістігіндегі халықаралық қатынастар мен жағдайлар мәселелері бойынша көптеген мақала авторы. Ол бакалавр және магистр дәрежелерін Оксфорд университетінде, ал философия докторы дәрежесін Гарвард университетінде алған.

## НАРГИС ҚАСЕНОВА

Гарвард университетінің Дэвис орталығындағы Ресей мен Еуразия зерттеулер орталығында аға ғылыми қызметкер (Орталық Азия бағдарламасы), ҚМЭБИ университетінің (Алматы, Қазақстан) халықаралық қатынастар және аймақтану кафедрасында қауымдастырылған профессор. Халықаралық ынтымақтастық саласында философия докторы (Нагоя университеті, Жапония). Ол ЕО — Орталық Азия Мониторингтік жобасының консультатив тобының мүшесі, Еуропалық көршілік саясаты мәселелері жөніндегі кеңесте ғылыми кеңес мүшесі, SenECA жобасының (ЕО мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынасты нығайту және белсендендіру) консультатив кеңесінің мүшесі, сонымен қатар «Ашық қоғам» қорларының Еуразия бағдарламасының консультатив кеңесінің мүшесі. Оның зерттеу саласына Еуразия саясаты мен геосаясаты, Қазақстанның сыртқы саясаты, Еуразиядағы мемлекеттік басқару, Орталық Азиядағы ислам және мемлекет пен қоғам арасындағы қатынас, Орталық Азиядағы мемлекет құрылысының тарихы жатады.

## ДЖОАННА ЛИЛЛИС

Қазақстанда тұратын және «Economist», «Guardian», «Independent» басылымдары мен «Eurasianet» сайтына Орталық Азиядағы проблемалар туралы жазатын журналист. «Dark Shadows: Inside the Secret World of Kazakhstan» [Қараңғы көлеңкелер: Қазақстанның құпия әлемі ішінде] (И.Б. Таврис, 2018) кітабының авторы.



## КЕЙТ МАЛЛИНСОН

Chatham House институтының Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасының ғылыми қызметкері; Қазақстандағы саяси тәуекелдер бойынша танылған тәуелсіз сарапшы. Кейт 1987 жылдан бері тоқтаусыз Орталық Азия аймағында жұмыс істеп жатыр. Ол жиырма жылға жуық уақытын Орталық Азия мен бұрынғы Кеңес үкіметінің басқа елдерінде реттеушілік ықпал мен қауіпсіздікті талдау, ішкі және геосаяси оқиғалар мәселелері бойынша шетелдік компанияларға кеңес бере отыра тәуекелдерді басқару бизнесіне арнады. Кейт трансұлттық корпорациялар мен халықаралық қаржы институттары үшін, әсіресе аймақтағы саяси сабақтастыққа қатысты, саяси тәуекелдер бойынша семинарлар мен сценарийлер жоспарлау бойынша практикумдар өткізеді. Кейт «Шекарасыз дәрігерлер» (Médécins Sans Frontières) ұйымының атынан Өзбекстанда (1999–2001), Украинада (2001), Ресейде (1996–1997) адвокация бағдарламаларында жұмыс істеді.

Аймақтағы саяси тәуекелдерді талдау саласындағы жұмысынан басқа, Кейт Орталық Азиядағы бейресми байланыстар мен басқаруды да зерттейді. Ол Сыртқы істер және Достастық істері министрлігі жанындағы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия басқармасындағы Локарно тобының мүшесі. Кейт әлем бойынша конференциялар мен іс-шараларға жиі қатысып, БАҚ-қа оқиғаларға қатысты түсініктемелер беріп тұрады.

## ДЖЕЙМС НИКСИ

2013 жылдың қаңтар айынан бері Chatham House институтының Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасының басшысы. Женева қауіпсіздік саясаты жөніндегі орталықтың ғылыми қызметкері, «UA: Ukraine Analytica» журналының басқармасы құрамында. Оның Chatham House институтының таңдамалы басылымдарына енген жарияланымдары: «The South Caucasus: drama on three stages» [Оңтүстік Кавказ: үш сахнадағы қойылым], «A Question of Leadership: America's Role in a Changed World» [Көшбасшылық мәселесі: өзгерген әлемдегі Американың рөлі] (Робин Ниблетт редакциясымен, 2010); «The Long Goodbye: Waning Russian Influence in the South Caucasus and Central Asia» [Ұзақ қоштасу: Ресейдің Оңтүстік Кавказ бен Орталық Азиядағы әсерінің әлсіреуі] (2012); «Russia's Geopolitical Compass: Losing Direction» [Ресейдің геосаяси компасы: бағытты жоғалту], «Putin Again: Implications for Russia and the West» [Тағы да Путин: Ресей мен Батыс үшін салдар] (2012); «Russian Foreign Policy Towards the West and Western Responses» [Ресейдің Батыс пен Батыс шараларына қатысты сыртқы саясаты], «The Russian Challenge [Орыс ...] (2015); «The Struggle for Ukraine» кіріспесі [Украина үшін күрес] (2017). Оның мақалалары «Guardian», «Times», «Telegraph», «Independent», «Newsweek» басылымдары мен BBC.co.uk, CNN.com сайттарына шыққан. Джеймстің шет тілдері мен халықаралық қатынастар бойынша ғылыми дәрежесі, сонымен қатар, журналистика саласы (1990-жылдардың соңында Мәскеуде) мен банк секторында тәжірибесі бар.

# ДОСЫМ СӘТБАЕВ

Тәуелсіз саясаттанушы және Қазақстандағы саяси реформалар, демократия, сыбайлас жемқорлық пен ашықтық салалары бойынша зерттеулермен айналысатын қазақстандық консалтингтік үкіметтік емес «Тәуекелдерді бағалау тобы» аналитикалық ұйымының (Алматы) директоры. 2017 жылдан бері халықаралық қатынастар бойынша қазақстандық кеңестің мүшесі. 2002–2004 жылдар аралығында Соғыс пен бейбітшілік институтының Қазақстандағы аймақтық бөлімшесінің директоры қызметін атқарды. 1997–2000 жылдар аралығында Қазақстанның даму институтында саяси зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері болды. Досым Қазақстандағы саясат пен халықаралық қатынастар тақырыптарына жазылған көптеген мақала авторы. Ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде саяси ғылымдар кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған.

## АЛҒЫС

Бірнеше автордың қатысуымен пәні кез келген сәтте өзгеруі мүмкін (Назарбаев қолжазбаның алғашқы нұсқасы дайын болғанда отставкаға кетті) баяндама әзірлеу бір автор жазатын монографиямен салыстыруға келмейді. Ол Джинджер Роджерс туралы «Фред Астермен билеп жүріп ол тура Фредтің би паларын орындады, тек керісінше және биік өкшемен» деген әзілді еске түсіреді. Любица Поллакова дәл солай жасады: көптеген сыртқы және ішкі рецензияны жинады, мәтін бойынша құнды ескертулерін білдірді және жалпы процесті қадағалады. Ең әуелі Любицаға алғысымызды білдіреміз.

Авторлар материалдарды түзету мен қысқартуға уақытын бөлген Элейн Конкиевич пен басқа да аноним сыртқы рецензенттерге алғысын білдіреді. Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасы мұны процестің ажырамас бөлшегі деп біледі. Сонымен қатар, Қасымхан Қаппаровқа, Бенджамин Годвин мен Тобиас Воллмерге алғыс айтамыз. Ярослава Барбьери, Джиллиан Ханнас, Адам Ковальски пен Екатерина Алейникованың зерттеуге баға жетпес көмегі тиді. Хелена Хендин баяндаманы орыс тіліне аударды.

Әдеттегідей, Chatham House институтының директоры Робин Ниблеттің конструктив ескертулері «Қысқаша шолуды» аяқтауға мүмкіндік берді.

Chatham House институты бұл баяндаманы тарату мен аударуда көрсеткен қолдауы үшін Ашық қоғам қорларына алғысын білдіреді.

Қорытындылай келе, Chatham House институтының штаттағы және штаттан тыс редакторлары Анна Браунға, әсіресе қазір «Орыс челленджі» мен «Украина үшін күрес» атты еңбектерінен кейін Ресей мен Еуразия зерттеу бағдарламасының ардагері Джейк Стэтхэмге алғысымызды айтамыз. Олардың мәтіннен қаншама сарапшылар оқыған соң да қате табуы — расымен таңғаларлық жағдай. Дегенмен соған қарамастан қате кетсе, ол үшін авторлар жауапты.

## Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасы туралы

Chatham House институтындағы Ресей мен Еуразияны зерттеу бағдарламасы — бұрынғы Кеңес үкіметі елдерін зерттеу және ең үздік талдау және ол аймақтағы оқиғалардың Батыс елдері мен бүкіл әлемге әсері бойынша бүкіл әлемде танылған орталық. Бағдарлама аясында жыл сайын аймақтың үздік ықпалды қайраткерлерімен және аналитиктерімен 50–70 дөңгелек үстел өтеді.

Қазіргі уақытта зерттеулер Ресейдің сыртқы саясаты мен қауіпсіздік саясаты мәселелеріне (соның ішінде Арктика аймағындағы), Америка-Ресей қарым-қатынасы, Украинаның ішкі динамикасы мен посткеңестік кеңістіктегі кең ауқымды қиын шешілетін қақтығыстарға бағытталған.

Кейінгі басылымдар:

- Ukraine's Decentralization Reforms Since 2014: Initial Achievements and Future Challenges [2014 жылдан бері Украинадағы орталықсыздандыру реформалары: алғашқы жетістіктері мен алдағы міндеттері] — Валентина Романова мен Андреас Умланд, қыркүйек, 2019 жыл
- Russia's Military Posture in the Arctic: Managing Hard Power in a 'Low Tension' Environment [Ресейдің Арктикадағы әскери позициясы: «аз шиеленіс» жағдайында қатты күшті басқару] — Матье Буле, маусым, 2019 жыл
- Political Elite Renewal in Georgia, Moldova and Ukraine [Грузия, Молдова мен Украинада саяси элиталарды жаңарту] — Кристина Герасимова, мамыр 2019 жыл
- Russian Ground Forces Posture Towards the West [Ресейдің Батысқа қатысты құрлықтағы әскерінің позициясы] — Чарльз Дик, сәуір, 2019 жыл
- Armenia's Foreign Policy Balancing in an Age of Uncertainty [Арменияның белгісіздік кезеңдегі сыртқы саясаттағы тепе-теңдігі] — Анаит Ширинян, наурыз, 2019 жыл
- Azerbaijan's Relations with Russia: Closer by Default? [Әзербайжанның Ресеймен қарым-қатынасы: әдеттегіше жақындай түсу ме?] — Заур Шириев, наурыз, 2019 жыл
- Moscow Rules: What Drives Russia to Confront the West [Мәскеу ережелері: Ресейдің Батысқа қарсы тұруына не себеп?] — Кейр Джайлс, қаңтар, 2019 жыл
- Are Ukraine's Anti-corruption Reforms Working? [Украинадағы антикоррупциялық саясат қаншалықты тиімді?] — Джон Лаф пен Владимир Дубровский, қараша, 2018 жыл

